Концептуалды метафора теориясы Дж. Лакофф және М. Джонсон есімдерімен тығыз байланысты болып келеді. «Метафора біздің күнделікті өмірімізге, тек тілге ғана емес, ойлау мен іс-әрекетке де енеді» деген ойды баса айта отырып, авторлар метафораның мәні «бір түрдің мәнін басқа түрдің мәні тұрғысынан сезіну және түсіну» деп тұжырымдайды (Lakoff, 1980:3, 5). Бұл аталған зерттеушілер метафораның келесі түрлерін анықтады: 1) құрылымдық метафоралар: «басқа ұғымды құрылымдау үшін нақты анықталған және жоғары құрылымдалған ұғымды қолдануға мүмкіндік береді», мысалы, «Уақыт – ақша», «Дау – бұл соғыс». (Lakoff, 1980:7)

Тілдегі метафоралық өрнек ұғымның метафоралық табиғатына қалай әсер ететіні «Уақыт – ақша» деген метафора арқылы талданады:

Уақытымды алма! Бұл гаджет уақытыңды үнемдейді; Саған уақытым жоқ; Уақытыңды қалай өткіздің/жұмсадың? Бұл менің бір сағат уақытымды алды; Оған көп уақыт жұмсадым; Уақытың біттіп қалды; Уақытыңды есептеуің керек; Біраз уақыт бөлші; Соған уақыт кетіруге тұра ма? Көп уақытың бар ма/қалды ма? Уақытыңды пайдалы іске жұмса; Сырқатанып, көп уақытымды жоғалттым...

Уақыт құнды нәрсе, ресурсы шектеулі, оны бос немесе пайдалы етіп өткіземіз, сақтап немесе жұмсаймыз.

2) бағдарлы метафоралар: кеңістіктегі «жоғарғы-төменгі», «ішкі-сыртқы», «орталық-шеткі» және т.б. қарама-қарсы бағдармен байланысты, мысалы, «Бақыт – жоғары», «Қайғы – төменгі» сияқты оппозициялар (Lakoff, 1980:14)

Кеңістіктегі бағыт-бағдарға орай (жоғары-төмен, іші-сырты, алды-арты, беті-асты, терең-саяз, биік-аласа) бағдарлық метафоралық концептілер де қалыптасқан. Мысалы: бақыт, жақсы көңіл күй жоғарымен (төбем көкке жетті), көңілсіздік, бақытсыздық, қайғы (көңілім түсті) төменмен, болашақ – алдыда, өткен шақ артта, сана – жоғарымен (ұйқыдан тұрды), санасыздық – төменмен (ұйқыға батты), саулық, өмір – жоғарымен, сырқат, өлім төменмен, билік, күш – жоғарымен (мәртебесі биік), бақылау мен күшке бағыну төменмен (әлеуметік жағдайы төмен), көп – жоғарымен (жарияланым саны өсуде), аз – төмен (табысы төмендеуде), жақсылық – жоғары, алдыда (тасы өрге домалады), жамандық – төменмен, арт жақпен (ісі кері кетті), жақсы қасиеттер – жоғары, биікпен (өресі биік), жаман қасиеттер – төменмен (азғындады, күнәға белшесінен батты) мәндес болып беріледі.

Бұдан шығатын қорытынды метафоралар қалай болса солай, еркін құрыла салмайды, оның физикалық, әлеуметтік, мәдени, эмперикалық (байқап, бақылауға, тәжірибеге сүйену) негізі болады.

3) онтологиялық метафоралар: абстрактілі ұғымдарды нақты субъектілердің терминдері арқылы түсіну, мысалы, «Психика – бұл нәзік түсінік», «Психика – бұл машина» т.б. (Lakoff, 1980:25). Метафораны мұндай бағытта қарастыру метафораны тілдік құбылыс ретінде қарастырумен қатар, оны тіл, ойлау және мәдениет ұғымдарының байланысындағы түсінік ретінде ұғынуға жол ашты

Сондықтан метафора ұғымына бір ғана ғылым шеңберінде түсініктеме беру, оның бар мүмкіндіктеріне жан-жақты талдау жүргізу емес. Осыған орай ғылымда бір жағынан, оның алуан салалары сараланып, дифференциация процесі жүріп жатса, екінші жағынан, екі немесе бірнеше ғылымдардың бәріне бірдей ортақ, қатысты мәселелерді бірлесе зерттейтін дербес ғылыми салалар жасалып, интеграция процесі жүріп жатыр. Сондықтан бүгінгі таңда ғалымдар сөз өнері (поэтика, риторика), эстетика, логика, философия, тіл (стилистика, лексикология, психолингвистика) ғылымдары саласында метафораның болмысы мен мән-маңызына жан-жақты зерттеу жүргізуде.

Көптеген адамдар үшін метафора – бұл күнделікті күнделікті қарым-қатынас саласына емес, ерекше тілге жататын поэтикалық және риторикалық экспрессивті құрал болып табылады. Осы орайда тіл – адамдардың өзара түсінісіп, қарым-қатынас жасау құралы ғана емес, табиғаты мен мағынасы күрделі құбылыс. Тілдесу кезінде сөз метафорамен түрленіп ажарланады, бейнелі құралға айналады. Адам қоғаммен, өзге адамдармен қарым-қатынас кезінде әлемді танып, сөзге жаңа мағына, мәтінге соны мазмұн беруге қызмет етеді. Яғни, құбылыстар мен заттардың ұқсастық белгілері негізінде қолданылатын метафоралар – әлем бейнесінің тілдегі үлгісі.

Метафоралардың түрлерін анықтау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі тіл білімінде әр түрлі метафоралардың түрлі нұсқаларын айқындауға арналған көптеген

ғылыми зерттеулер бар. Бұл ретте Е.И. Диброва мынадай жіктеуді ұсынады:

1. Номинативті метафора – бейнелеуді жоғалтқан және тікелей атау ретінде қызмет ететін метафора: орындықтың аяғы, көздің ақуызы, құдық тырнасы.

2. Танымдық метафора – бұл нақты немесе жалпы қасиеттерге қатысты психикалық көрініс: бір уыс – 1) алақан мен бүгілген саусақтар; 2) адамдар туралы: шамалы, аз сан.

3. Бейнелі метафора адамның сезімінің (есту, көру) нақты әлем объектілерімен (тістері інжу-маржан, жанның жылауы) байланысы ретінде пайда болады. Бұл жіктеудің авторы эмоционалды метафораны бейнелі ерекше жағдай деп атайды. Оның пайда болуы үшін құбылыстардың субъективті-эмоционалды ұқсастығы жеткілікті үзік-үзік дыбыстар шығару, түсініксіз сөйлеу (Диброва, 2001:311).

Г.Н.Скляревскаяның тұжырымдамасы бойынша метафоризацияланатын барлық объекті алты семантикалық салаға бөлінеді: 1) заттық; 2) жануар; 3) адам; 4) физикалық әлем; 5) психикалық әлем; 6) абстракция (Скляревская, 1993:67).

Танымдық метафораны зерттеушілердің бірі А.П. Чудинов метафораларды жіктеудің өзіндік нұсқасын ұсынды. Лингвист метафораларды антропоморфты, табиғиоморфты, социоморфты және артефакт түрлерге жіктеп көрсетті.

1) Антропоморфты метафора:

Бұл түрдегі метафоралар әдістемелік процесті модельдеу нәтижесінде пайда болады. Бұған «анатомия», «физиология», «ауру», «отбасы» ұғымдық салаларына қатысты концептер жатады.

2) Табиғиоморфты метафора:

Адам «оқу процесі», «педагогика», «оқыту», «білім беру процесінің қатысушылары» саласының түсінігін тірі және өлі табиғатпен салыстыру арқылы талдайды. Аталған метафоралық модельдер деректер көздеріне «жануарлар әлемі», «өсімдіктер әлемі», «өлі табиғат әлемі» жатады. Осылайша, әдістемелік құбылыстар қоршаған ортаның концептер арқылы ұсынылған.

3) Социоморфты метафора:

Адамдар әлемін әлеуметтік рөлдер басқарады. Тұрғындардың әлеуметтік қабаты бір-бірімен үнемі өзара әрекеттеседі. Осылайша, социоморфты метафора арқылы әдістемелік дискурс пен педагогика әлемін түсіну адамдардың әлеуметтік іс-әрекетінің басқа салаларынан үлгі алу нәтижесінде жүзеге асады. Социоморфты метафораның көздеріне «қылмыс», «соғыс», «театр», «экономика», «спорт», «ойын» т.б. түсініктер жатады.

4) Артефактты метафора:

Бұл түрге оқу процесін, адам жасаған заттар нәтижесінде білім беру процесіне қатысушыларды салыстыру арқылы пайда болған метафоралар жатады (Чудинов, 2003:77).

Отандық филолог ғалым «Б.Х. Хасанов қазақ метафораларын екіге бөледі: «біріншісі –белгілі бір шешеннің сөз саптауынан пайда болған индивидуалдық метафора, екіншісі – халықтық сипат алған дәстүрлі метафоралар. Бірақ екеуінің ашық ара-жігі жоқ, өйткені, жеке авторлар жасаған метафоралар көбіне халықтың дәстүрлі метафоралардың ізімен жасалады және олардың көпшілікке кең таралуы мүмкін».

Адам баласы өзіне қажетті материалдық игіліктерді уақыт озған сайын небір жаңа түрлерін, жаңа үлгілерін өндіріп, жетілдіріп, дамытып отырады. Сонда неғұрлым жетілген зат пен бастапқы қарапайым заттың арасында қызмет бірлігі, белгілі бір жұмысты атқаруы жағынан ортақтық болуы мүмкін. Мұндай жағдайда бұл екеуінің бір атаумен атала беруі заңды нәрсе. Олай болса, тіліміздегі жаңа сөздерді, бар сөздердің мағыналарын кеңею, қолдану әсерінің әртараптануын жаңа құбылыстардың жетістіктерінің қажеттіліктерінен туған өзгерістер деп санаймыз.

Дәстүрлі метафоралар жақсы таныс нәрселер мен құбылыстарды салыстыру арқылы пайда болады. Сондықтан да олар халыққа түсінікті, белгілі болады. Мысалы:

Ошақ бұтын күзетіп отырған қарт анасынан басқа қол ұшын берер ешкімі жоқ;

Қыздар – қыран-топан;

Уәдесінде тұрмай, аяқ астынан айнығаны;

Кірер ауыздағы кіп-кішкентай кабинетте күж қара кісі отыр;

Әйтеуір торай көздің арашығына қуақы күлкі ұшқындады;

Олардың күнделікті қолданылуына байланысты қасиеті солғындап, тұрақты сөз айшығы ретінде жұмсала береді. Дәстүрлі метафоралар сол тілде сөйлейтін халықтың тіршілігі мен тұрмыс күйіне, өмір сүрген ортасына, дүниетанымына тікелей байланысты болады.

Б. Хасанов дәстүрлі метафоралардың фразеологизмдерге, мақал-мәтелдерге, қанатты сөздерге желі болатындығын атап көрсетеді.

«Дәстүрлі метафоралар – меншіктік авторы жоқ халықтық қазына, оны кез келген қаламгер сөзінен табуға болады, олар бірте-бірте бейнелілік қасиеті солғындап, омонимге айна-

луы мүмкін, тіпті тұрақты сөйлеу штампына айналуы мүмкін», – дейді ғалым Б. Хасанов.

Ал индивидуалдық метафора – өмірдің кейбір жағдайларынан берілген субьективті баға, өзіндік тұжырым, бұл метафоралардың авторы болады.

Индивидуалдық метафоралар өзінің айырмашылықтарымен қатар дәстүрлі метафоралардың ерекшеліктерін түгел қамтиды. Бұл оның салыстыру обьектілерін жалпақ қамтитын, диапазонының кеңдігін көрсетеді. Автор дәстүрлі метафоралармен қатар өзіндік жеке қолданыстағы бейнелеуіш метафораларды пайдаланған.

Мысалы: Бар білген-соңына соңына мына сілбу іздің қимылынан сөлекет бірдеңе сезе ме, қалай?;

Мына іш пыстыратын сылбарлық реніш шақырғандай әлденеге ұқсай ма?;

Мамандығына сәйкес бір жұмысқа табан іліктіргесін той жабдығына әзірлене бермек; Қарауытып бүйе аяқтанып алған қалың қас үрпітүрпі;

Ішінен тынып, өз қасіретіне өзі уланып жүр» (10).

«Ежелгі заманнан бері метафора риторикалық тәсіл аясындағы троптардың бірі ретінде ғалымдардың назарын аударды. Ол бастапқыда стилистикалық безендіру, сөйлеу фигуралары сипатында қарастырылды, алайда, XX ғасырда ізденушілер метафораны жаңа көзқараспен зерттей бастады. Дж. Лакофф және М. Джонсон метафоралық ауысуды қолда бар жаңа ақпараттық құрылымдарды қалыптастырудың негізгі ақыл-ой процесі деп түсіндіруді ұсынды Бұл жаңалық адамды, оның ойлауын және шындықты қабылдауды зерттеу басты орынға қойылған антропоөзектік тәсілге көшу нәтижесінде пайда болды» (11).

Ғылыми көзқарастардың өзгеруі нәтижесінде, яғни табиғаттағы заттар мен құбылыстарды санаға ие адамзат қауымымен ұқсастыру негізінде бірте-бірте метафоралар ойлау және ассоциация құралы ретінде қарастырыла бастады. Қазіргі уақытта метафоризация айналадағы шындықты білуге, түсінуге мүмкіндік береді. Бұл жайт адам, оның дүниетанымы іс-әрекеттерімен тығыз байланысты болып келеді. Осы орайда метафораның келесі түрі – антропомофтық метафораның негізін антропометрикалық принцип құрайды.

Ғылыми зерттеудің антропоөзекті парадигмасының негізін салған В.фон Гумбольдт, ол тілді «құбылыстар әлемі мен адамның ішкі әлемі арасында жатқан әлем» деп түсіндірді. Антропоморфты метафора – бұл объективті шындықтың объектілері мен құбылыстары адам формалары мен қасиеттерімен ассоциативті байланыста болатын метафораның бір түрі (Юсупова, 2019: 470). Антропоморфтық метафора адамның барлық биологиялық және психо-интеллектуалдық сипаттамалары және метафоралық термин қалыптасуындағы қайнар көзі болып табылатын оның қызметінің әртүрлі көріністері бар адамды білдіреді. Бұл жағдайда келесі тасымалдау модельдері жүзеге асырылады: «адам денесі» бейнесі: core (ядро) – компьютердің жедел жадысы; «ауру» бейнесі: core cancer – ресурстардың баяу ағып кету процесі; «әрекет» бейнесі: grovel – баяу жұмыс; «адамның сипаттамасы» бейнесі: winner –сәтті бағдарлама, thin client – «жұқа» клиент» (13). Осылайша, антропоморфты метафора сана құбылысы ретінде адамның тіл құралы болуымен қатар, ойлау жүйесі мен әрекетінде де белсенді қолданылады. Өз кезегінде антропоморфты метафора адамды негізгі фактор деген қағидадаға сүйене отырып, ол әлемді тануы мен сипаттауында маңызды рөл атқаратын құрал болып табылады. Антропоморфты метафора қоғамның сан алуан салаларындағы (әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси және т.б.) түрлі өзгерістерді танып білудегі адамның мүмкіндіктерін, білімі мен тәжірибесін айқындап, көрсетеді.

Қазіргі кезде тұлғатану мәселесі, оны сан алуан ғылыми ізденістер аясында зерттеу – антропоөзектік парадигмадағы өзекті мәселелердің бірі. Мәселен, «тілдік тұлға» категориясын лингвамәдениеттану бағытымен сабақтастықта зерттеу оны антропоөзектік (адамтанымдық) саласының іргелі ұғымдарының біріне айналдырды. Осылайша, шығармашылық әрекеттің зерттеу нысаны, яғни тілде көрініс беретін адам тұлғасы маңызға ие болды. Жалпы тіл ғылымы саласында «тілдік тұлға» ұғымының лингвистикалық категория ретінде қалыптасуына антропологиялық тіл білімінің дамуына зор үлес қосқан Ю. Карауловтың теориялық тұжырымдары мен концептуалдық пайымдауларының орны айрықша. Зерттеушінің: «Тілдің шекарасынан аспай, ауқымынан алыстамай тұрып, тілді жасаушы мен тұтынушыға, яғни нақты тілдік тұлға – адамға назар аудармай тұрып, тіл құдіретін түсіну мүмкін емес... адамның әуелі тілін түсініп алмай немесе адамды тілінен танымай тұрып, өзін жете тани алмайсың» деген ой-тұжырымы тілдік тұлға теориясының ғылыми-танымдық негізін

айқындаудың, «тіл тұтынушысының» тұлғалық болмысын танудың бағдары болғаны анық» (Караулов, 2004:42).

Демек, қазіргі лингвистика ғылымындағы антропоөзектік бағыттағы зерттеулердің қарқынды сипатта дамуы тілдік тұлға теориясының қалыптасуына, «тіл тұтынушысының» айрықша болмысын тереңірек тануға, сөз қолданысындағы тілдік бірліктердің лингвокогнитивтік, лингвомәдени, прагматикалық деңгейлерде сипатталуына, яғни жеке тұлғаның өзіндік тілдік әлемін анықтауға зор ықпал етері сөзсіз.

Алайда антропоморфты метафора жайлы егжей-тегжейлі зерттелген жұмыстар өте аз. Өз кезегінде антропоморфты метафораға арналған саяси дискурстағы (Д.С. Малюкова, 2009, Ю.А. Максимова, 2013), геологиялық дискурстағы (В.В. Овсянникова, 2010), инженерлік дискурстағы (У.А. Ульянова, 2013), көркем дискурстағы (Е.А. Бурмакова, 2015) арнайы зерттеулер бар.

Антропоморфты метафора адам тұлғасының сипаттамаларын білдіретін а) моральдық-адамгершілік; ә) зияткерлік; б) эмоционалды-психологиялық; в) физикалық; г) биологиялық; д) саяси және т.б. метафораларға бөлінеді.

Антропоморфты метафораның биологиялық түрі адамның жас ерекшелігіне қарай даму кезеңдері (нәрестелік шақ, ерте сәбилік шақ, мектепке дейінгі балалық шақ, балалық шақ, жеткіншек шақ, жасөспірімдік кезең, жастық шақ және т.б.) циклы секілді фреймдері қамтиды. Өз кезегінде белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды.

Мысалы: соматикалық (дене мүшелері, органдары)

Жас: көздің жасы.

Көздің жасы қайғы-мұңды жуады,

Көздің жасы іштің дертін қуады.

Көздің жасы жанарыңнан мөлтілдеп,

Қамыққанда, зарыққанда шығады (15).

Көз: бұлақтың көзі. Бұлақ көрсең, көзін аш, су – тіршілік көзі [мақал].

– Жас, өте жас адам: уыздай жас, шикі өкпе, тісі шықпаған, сары ауыз балапан. «Қалалық тіршілікке әлі үйрене қоймаған, ауылдың әдебиеттерінен арылмаған, біз жарқын сары ауыз балалардың ортасындағы ең тәжірибесі, білікті адам өкілдерін әскери жүргізу Әділ мен Сатыштың бойға сіңірген әдебиеті (16).

Жалпы, күнделікті өмірде адамның қимыл-әрекеті, ісіне қатысты метафораларды қолдану біздің тілдік қорымызды байытары анық. Көп жағдайда адамдар бір-бірімен тілдесу кезінде сөздердің мағынасына тіпті еш мән берместен қолданатын кездері де болады. Мысалы, адамдардың түрлі әрекеттерін бейнелеп көрсетуде оларды кейбір жануарлардың қасиеттеріне теңеп айту үшін метафоралық атауларды қолдану тән болып келеді.

Біз адамды «арыстаным» деп айтқан кезде, біз оның батылдығына сүйенеміз.

Ал «аюды» еске түсірсек, онда, ең алдымен, өлшемдер туралы ойды ескереміз.

Ал, тұлға тарапына «есек», «қошқар» және тіпті «тауық» ұғымдарын қолдану ақымақтық қылықты айқын сипаттайды.

Ал дене мүшелері атауларын метафорациялау кезінде антропоморфтық метафораның соматикалық белгісі өзекті болып табылады. Көбінесе дене мүшелері (арқа, жота, бел, бас, аяқ) мен ішкі ағзалар (жүрек, ішек, омыртқа) метафоралануға ұшырайды. Мысалы: a lagoon in an island's heart reached through a rock tunnel (BNC) деген сөйлемде аралдың жүрегі – лагунаға жартас туннель арқылы жеттуге болатыны айтылып тұр.

This was the backbone of the island, the slightly higher land that lay beneath the mountain (Golding, 2002:161) Мұнда: Арал омыртқасы (жотасы) деген метафора берілген: Бұл (жота) – аралдың тірегі, таудың етегіндегі жатқан сәл биік жер.

Адамның физикалық қасиеттерімен байланысты антропоморфтық метафоралық белгілер қозғалыс немесе сөйлеу қабілетін қамтиды. Мысалы, the island arose out of the seas (Stevenson, 1963. p. 94) – арал теңіздерден пайда болды/ арал теңізден көтерілді. The astral body of an island risen to greet me from afar (Conrad, 2018:7) – аралдың астральды денесі менімен амандасу үшін көтерілді. In your heart you will hear the island call you (BNC) – Аралдың сені шақырғанын жүрегіңмен сезесің.

Метафораланатын адамның психикалық қасиеттерінің ішінен оның психоэмоциялық жағдайын атап көрсетуге болады. Мысалы: So it wasn't a very happy island right enough (BNC) – Иә, бұл арал өте бақытты арал емес еді.

Метафоралану барысында «адам» сферасынан «зат/жансыз табиғат» сферасына тасымалданатын әдіс антропоморфизм деп аталады. Міне, осылайша метафоризация процестері тұрақты және үздіксіз жүзеге асып отыратын процесс. Адам, қоғам, табиғат және заттар қоғамдағы метафоралық танымның қайнар көзі. Осы орайда антропоморфты метафора – бұл адам

болмысымен ассоциативті байланыста қоршаған шындықты білдіретін әрі тілде өте жиі кездесетін метафораның маңызды түрі. Дамудың бастапқы кезеңінде «Адам → Әлем» моделінің аясында адам қоршаған ортаға байланысты әртүрлі сезімдерді, қасиеттер мен әрекеттерді түсінуге тырысты. Сондықтан бұл модель архаикалық модельдердің бірі ретінде метафоралар тілдік емес материалды түсіну үшін таусылмайтын ресурс болып табылады.

Қорытынды

Қазіргі өмірді метафоралық бейнелер мен салыстыруларсыз елестету қиын. Метафора ұғымының алғашқы анықтамасы мен атқаратын қызметін шамамен 2,5 мың жыл бұрын ұлы ойшыл Аристотель анықтап берген болатын. *Метафора* ғылым тілінде «*ғылыми* танымның формасы, ойлаудың негізгі қажетті қайнар көзі» деген мағынаны білдіреді. Олар әрбір халықтың дүниетанымында, рухани өмірі мен тарихында ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан қымбат мұрасы. Өз кезегінде метафоралар ел тұрғындарының наным-сенімінің, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпының көрінісі ретінде сақталып келе жатқан сөз мәнін өңдеп, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту үшін қолданылатын сөз өрнектері. Сонымен қатар, метафоралар қандай да бір еңбекте берілген мәтінді көркем суреттеу үшін ғана емес, сондай-ақ, автордың тұжырымдарын бейнелеп түсіндіру тәсілі де болып табылады. Осылайша, бүгінгі таңда метафоралар сөз өнері, эстетика, логика, философия, тіл, әдебиет ғылымдары салаларымен қатар, қоғамдық өмірдің әр салаларында (кино, жарнама) белсенді түрде қолданылады. Өйткені дүниені көркем тану метафораның мәнін түсінуге жол ашады. Демек, метафоралар тек көркемдік құрал ғана емес, адамның ақыл-ой деңгейі мен әрекеттерінің қоршаған ортамен үйлесімділікте қалыптасуына мүмкіндік те береді.

Әдебиеттер

Тіл білімі сөздігі. Ред. Э.Д. Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1988. – 544 б.

Большой энциклопедический словарь. Языкознание / гл. ред. В.Н. Ярцева. – Изд-е 2-е. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. – 685 с.

Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Sȯzdīk-Slovar′, 1998. – 320 б.

Телия В.Н. Метафора в языке и тексте. – М.: Наука, 1988. – 176 с.

Скребцова Т. Г. Когнитивная лингвистика: классические теории, новые подходы. – М.: Издательский Дом ЯСК, 2018. – 391 с.

Лакофф Дж. Метафоры, которыми мы живем / Дж. Лакофф, М. Джонсон; перевод с англ. / под ред. А.Н. Баранова. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 256 с.

Диброва Е.И., Касаткин Л.Л., Николина Н.А. и др. Современный русский язык: Теория. Анализ языковых единиц: Фонетика и орфоэпия. Графика и орфография. Лексикология. Фразеология. Лексикография. Морфемика. Словообразование – М.: Академия, 2001 – 544 с.

Скляревская Г.Н. Метафора в системе языка. – СПб.: Наука, 1993. – 152 с.

Чудинов А.П. Метафорическая мозаика в современной политической коммуникации: Монография // Урал.гос. пед. ун-т. – Екатеринбург, 2003. – 248 с.

Сансызбай Ө. «Метафора деген не?» URL: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/21936/ (жүгінген мерзімі 20.07.2022)

Адамовская Т.А. Эволюция научных взглядов на метафору в XX веке. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/evolyutsiya-nauchnyh-vzglyadov-na-metaforu-v-xx-veke (жүгінген мерзімі: 18.08.2022)

Юсупова Л.Г. Метафора с точки зрения антропоморфной семантики // Вестник Башкирского университета. – 2019. – Т. 24. №2.

Антропоморфная метафора в английском компьютерном сленге // https://infourok.ru/antropomorfnaya-metafora-v-angliyskom-kompyuternom-slenge-3604034.html (жүгінген мерзімі Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 264 с.)

Ақылбек Ш. «Көздің жасы» URL: https://bilim-all.kz/olen/17382-Kozdin-zhasy (жүгінген мерзімі 10.08.2022)

Нұржекеев Б. Жолтөбелес: [әңгіме] // Қазақ әдебиеті. – 1983. – 21 январь.

British National Corpus. https://www.english-corpora.org/bnc/ (accessed 21.08.2022)

Golding, W. Lord of the Flies. London: Faber and Faber Limited. 2002. – 225 p.

Stevenson R. L. Treasure Island / R. L. Stevenson. – Moscow: Foreign Languages Publishing House, 1963. – 279 p.

Conrad, J. A Smile of Fortune. – M.: T8RUGRAM, 2018. – 100 p.

References

Adamovskaja T.A. Jevoljucija nauchnyh vzgljadov na metaforu v XX veke. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/evolyutsiya-nauchnyh-vzglyadov-na-metaforu-v-xx-veke (zhүgingen merzimi: 18.08.2022). [The evolution of scientific views on metaphor in the 20th century (accessed: 18.08.2022) (in Russian)

Antropomorfnaja metafora v anglijskom komp'juternom slenge // https://infourok.ru/antropomorfnaya-metafora-v-angliyskom-kompyuternom-slenge-3604034.html (zhүgingen merzimi: 08.08.2022) [Anthropomorphic metaphor in English computer slang] (accessed: 08.08.2022) (in Russian)

Aqylbek Sh. «Kozdin zhasy» URL: https://bilim-all.kz/olen/17382-Kozdin-zhasy (zhүgingen merzimi 10.08.2022) [Tears of the eyes] (accessed: 10.08.2022) (in Kazakh)

Bol'shoj jenciklopedicheskij slovar'. Jazykoznanie (1998) [Big encyclopedic dictionary. Linguistics]/gl. red. V. N. Jarceva. Izd-e 2-e. – M.: Bol'shaja Rossijskaja jenciklopedija, p. 685 (in Russian)

British National Corpus. https://www.english-corpora.org/bnc/ (accessed 21.08.2022)

Chudinov A.P. (2003) Metaforicheskaja mozaika v sovremennoj politicheskoj kommunikacii: Monografija [Metaphorical Mosaic in Modern Political Communication: Monograph] // Ural.gos. ped. un-t. – Ekaterinburg, p.248 (in Russian)

Conrad, J. (2018) A Smile of Fortune. – Moscow: T8RUGRAM, p. 100 (in English)

Dibrova E.I., Kasatkin L.L., Nikolina N.A. i dr (2001) Sovremennyj russkij jazyk: Teorija. Analiz jazykovyh edinic: Fonetika i orfojepija. Grafika i orfografija. Leksikologija. Frazeologija. Leksikografija. Morfemika. Slovoobrazovanie [Modern Russian language: Theory. Analysis of language units: Phonetics and orthoepy. Graphics and spelling. Lexicology. Phraseology. Lexicography. Morphemics. Word formation] – M.: Akademija, p. 544 (in Russian)

Golding, W. (2002) Lord of the Flies. London: Faber and Faber Limited. 225 p. (in English)

Jusupova L.G. (2019) Metafora s tochki zrenija antropomorfnoj semantiki [Metaphor from the point of view of anthropomorphic semantics] // Vestnik Bashkirskogo universiteta. Vol. 24. No. 2 (in Russian)

Karaulov Ju.N. (2004) Russkij jazyk i jazykovaja lichnost'. [Russian language and language personality] – M.: Editorial URSS, 264 p. (in Russian)

Lakoff G.6 Johnson Metaphors we live by (1980) Chicago and London: The University of Chicago Press, 243 p. (in English)

Nurzhekeev B. (1983) Zholtobeles [angime] [Zoltobeles] story // Qazaq әdebieti. 21 janvar'. (in Kazakh)

Salqynbai A., Abaqan E. (1998) Lingvistikalyq tusindirme sozdik. [Linguistic explanatory dictionary] – Almaty: Sȯzdīk-Slovar′, – 320 p. (in Kazakh)

Sansyzbai O. «Metafora degen ne?» [What is a metaphor?] URL: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/21936/ (zhүgingen merzimi 20.07.2022) (accessed: 20.07.2022) (in Kazakh)

Skljarevskaja G. N. (1993) Metafora v sisteme jazyka [Metaphor in the language system]. – SanktPeterburg: Nauka, 152 p. (in Russian)

Skrebcova T. G. (2018) Kognitivnaja lingvistika: klassicheskie teorii, novye podhody [Cognitive linguistics: classical theories, new approaches] – M.: Izdatel'skij Dom JaSK, 391 p. (in Russian)

Stevenson R. L. (1963) Treasure Island. Moscow: Foreign Languages Publishing House, 279 p. (in English)

Telija V.N. (1988) Metafora v jazyke i tekste. [Metaphor in language and text]– M.: Nauka, 176 p. (in Russian)

Til bilimi sozdigi. [Dictionary of Linguistics] (1988) /Red. Je.D. Sulejmenova. Almaty: Gylym, 544 p. (in Kazakh)

ҒТАМР: 16.21.29 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.03

И.Б. Байсыдық[1]*, Н.Ә. Алдабек[2]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: i.baissydyk@gmail.com

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТЫҚ МІНЕЗ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мақалада ұлттық және Шығыс халықтарының мінез атауларының лингвомәдениеттанымдық аспектілері қарастырылады. Автор лингвомәдениеттану ғылымының пайда болу, даму, қалыптасу мәселелеріне назар аударады. Сонымен қатар ұлттық мінез табиғатын көрсетуде және олардың лингвомәдени сипатын ашуда фольклорлық мұралар мен қазақ қаламгерлерінің шығармалары зерделенеді. Сондай-ақ шығыстық мінез-құлық нормаларын танытуда қытай, жапон, монғол халықтарының әдеби жәдігерлері, халықтық мұралары зерттеу мақсатына сәйкес пайымдалады. Мақалада қазақы мінез және Шығыс елдерінің мінез сипатының өзіндік ұқсастықтары мен ерекшеліктері нақты мысалдармен түсіндіріледі.

Қазіргі тіл білімі саласындағы жаңа бағыт саналатын лингвомәдениеттануды ұлттық мінез-құлық атаулары аясында қарастыра отырып, аталған ғылыми пәннің зерттеу нысанын дәйектеу – зерттеудің негізгі мақсатының бірі. Мақалада қазақ және Шығыс елдерінің ұлттық-мәдени кодын білдіретін мінез атауларының лингвомәденитанымдық сипатын ашатын танымдық, этнолингвистикалық әдістер пайдаланылады.

Зерттеу барысында қарастырылған мәселелер салыстырмалы, когнитивті, этнос пен субэтнос лингвомәдениетіне қатысты мақалаларға назар аударуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге автор мәдени кодтың маңыздылығын талдауда мінез атауларының лингвомәдени маңыздылығын, ұлттық вербализацияның ерекшеліктерін отандық, шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдары мен мысалдар арқылы атап көрсетеді.

Автор жекелеген этностарға тән ұлттық мінез атауларын зерттеуде лингвомәдени тәсілді қолданудың артықшылығын ғылыми тұрғыда тұжырымдайды. Ұсынылған материал қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану саласының дамуына азды-көпті ықпал етеді.

Түйін сөздер: лингвомәдениеттану, лингвомәдени көзқарас, ұлттық мінез, шығыстық мінез, этномәдениет.

I.B. Baissydyk[1]*, N.A. Aldabek[2]

[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: i.baissydyk@gmail.com

Linguocultural aspects of national and oriental characters

The article deals with the linguoculturological aspects of the characterological names of national and oriental peoples. The author draws attention to the problems of the emergence, development, and formation of linguoculturological science. In addition, the folklore heritage and works of Kazakh writers are studied in order to reflect the national character and reveal their linguocultural nature. Also, in accordance with the research objectives, presentation of Eastern norms, literary relics, folklore heritage of Chinese, Japanese, Mongolian peoples are considered. The article explains the similarities and peculiarities of Kazakh and Eastern nations' characters using specific examples.

One of the main goals of the research is the consistent study of this scientific discipline's research object, considering linguoculturology as a new direction in modern linguistics within the framework of national behavioral names. The article uses cognitive, ethnolinguistic methods that reveal the linguoculturological features of character names, denoting the national-cultural code of Kazakhstan and the countries of the East.

The problems considered in the course of the research allow us to pay attention to articles related to the comparative, cognitive, linguoculture of the ethnos and subethnos. At the same time, the author emphasizes the linguocultural significance of character in the analysis of the significance of the cultural code, the peculiarities of national verbalization with the help of scientific conclusions and examples of domestic and foreign scientists.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

From a scientific point of view, the author formulates the advantage of using the linguocultural approach in the study of national characters for individual ethnic groups. The presented material more or less contributes to the development of linguoculturology in Kazakh linguistics.

Key words: linguoculturology, linguocultural approach, national character, Eastern character, ethnoculture.

И.Б. Байсыдык[1]*, Н.А. Алдабек[2]

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: i.baissydyk@gmail.com

Лингвокультурологические аспекты национальных и восточных характеров

В статье рассматриваются лингвокультурологические аспекты характерологических названий национальных и восточных народов. Автор обращает внимание на проблемы возникновения, развития, становления лингвокультурологической науки. Кроме того, изучаются фольклорное наследие и произведения казахских писателей, чтобы отразить их национальный характер и раскрыть лингвокультурную природу. Также в изложении норм восточного характера рассматриваются литературные реликвии, народное наследие китайских, японских, монгольских народов в соответствии с целями исследования. В статье на конкретных примерах объясняются сходства и особенности характера казахского и восточного народов.

Рассматривая лингвокультурологию как новое направление в современной лингвистике в рамках национальных поведенческих названий, одной из основных целей исследования является последовательное изучение объекта исследования данной научной дисциплины. В статье используются когнитивные, этнолингвистические методы, раскрывающие лингвокультурологические особенности наименований характера, обозначающих национально-культурный код Казахстана и стран Востока.

Рассмотренные в ходе исследования проблемы позволяют обратить внимание на статьи, относящиеся к сравнительной, когнитивной, лингвокультуре этноса и субэтноса. При этом автор подчеркивает лингвокультурологическое значение характера при анализе значимости культурного кода, особенности национальной вербализации с помощью научных выводов и примеров отечественных, зарубежных ученых.

Автор с научной точки зрения формулирует преимущество использования лингвокультурного подхода при изучении национальных характеров для отдельных этносов. Представленный материал более или менее способствует развитию лингвокультурологии в казахском языкознании.

Ключевые слова: лингвокультурология, лингвокультурологический подход, национальный характер, восточный характер, этнокультура.

Кіріспе

Ұлттық мінез мәселесі қазіргі тарихи және әлеуметтік-мәдени макродинамика үдерісінде ерекше сипатқа ие категориялардың бірі болып саналады. Өйткені ұлттық мінез философия, мәдениеттану, әлеуметтік психология, этнология, этнополитология, әдебиеттану және лингвистика сынды қоғамдық ғылымдарға ортақ зерттеу нысаны ретінде күрделі мәселелерді қамтиды. Себебі ұлттық мінез дегеніміз белгілі бір ұлтқа тән тұрақты этникалық ерекшеліктер мен рухани адамгершілік құндылықтар механизмін көрсететін психо-генетикалық құрылым болып табылады.

Ұлттық мінез хақындағы пікір таластарға қатысты көрнекті орыс ғалымы Д.С. Лихачев: «Ұлттық ерекшеліктер – бұл сенімді факт. Тек белгілі бір халыққа, белгілі бір ұлтқа, белгілі бір елге ғана тән ерекше нышандар болады. Мұның бәрі олардың кейбір ұлттық және жалпы-халықтық мінез-құлықтарының қайталанбас бірегей құрылымымен айқындалады. Ұлттық мінездің, ұлттық даралықтың болуын жоққа шығару халықтар дүниетанымына деген қызығушылықты жояды», – деп жазады (Лихачев, 1990: 3). Демек, ұлттық мінез өзінің тарихи даму кезеңінде этникалық қауым өкілдерінің халықтық болмысын танытатын күрделі феномен.

Олай болса, халқымыздың өзіне ғана тән мінез ерекшеліктері қандай және түбі, тілі ұқсас Шығыс елдерімен қаншалықты ұқсастығы немесе өзгешелігі бар? Ұлттық және шығыстық мінез сипаттарының лингвомәдени корреляциясы қалай көрініс табады? деген өзекті мәселелерге зерттеу мақаламызда жауап іздеуге тырыстық. Ұлттық және шығыстық мінез атауларын лингвомәдениеттану теориясы негізінде қарастыра

отырып, олардың мәдени-танымдық деңгейін контрасты талдаймыз.

Алдымен, жаңаша бағыттың бірі саналатын лингвомәдениеттану турасында айта кетсек. Әртүрлі этнос өкілдерінің мәдениетін, рухани құндылықтарын тілдік деректер арқылы зерттеуді алға қояды. В. фон Гумбольт, Э.Сепир, И.А. Бодуэн де Куртэне сынды ғалымдар еңбегінен бастау алатын аталмыш пән кез келген ұлттың тілін оның тілдік заңдылықтарына ғана емес, сонымен бірге ұлттық дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрпына, халықтық менталитетіне сүйене отырып зерделеуді мақсат етеді. Демек, «Лингвомәдениеттану – бұл белгілі бір мәдениеттің нысандары мен құбылыстарын, ұғымдарын зерттейтін ғылым. Мәдени лингвистиканың зерттеу пәні – белгілі бір ұлтқа тән, мифологияда, аңыздарда, мақал-мәтелдерде және фольклордың басқа түрлеріндегі прецеденттік мәтіндерде бейнеленген әлемдік қабылдау. Зерттеуші В.А. Маслова лингвомәдениеттанудың зерттеу пәні – стандарттар, стереотиптер, символдар, бейнелер, сөйлеу әрекеті мен сөйлеу этикеті» екендігін атап көрсетеді (Arypbekova, 2019: 68). Ал белгілі тілші-ғалым Г. Смағұлова: «лингвомәдениеттану – этномәдени және этнопсихологиялық факторлар мен тілдегі ұлттық мәдени мағына компоненттерін тіл арқылы мәдениеттану бағытында зерделеп, тілдің дәл қазіргі қолданыс қызметін көрсететін ұлттық ерекшелігін ешбір идеологиясыз қазіргі заманға сай келбетін таныту. Бұл орайда тіл – ұлт – мәдениет дейтін үштік (триада) лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны болмақ» (Смағұлова, 2007: 37), – деп бүгінгі қазақ тілтану ғылымындағы линвомәдениеттанудың теориялық бағытын айқындап берсе, Ресей ғалымдары лингвомәдениеттануды тіл, сана және мәдениетті кешенді зерттеуге арналған салыстырмалы психикалық бірлік ретінде қарастырады. Бұл үшжақты модельді аксиологиялық, фактілік, бейнелі деп жіктеп, лингвомәдени тұжырымдаманың аксиологиялық және фактілік компоненттері санада ауызша сақталады, әрі сөйлеуде тікелей жаңғыртылады. Ал бейнелі элемент вербалды емес, ол тек сипатталумен шектелуі мүмкін. Лингвомәдени түсініктер интенсивті түрде қалыптасатын білім саласына жатады. Ол – рухани құндылықтарды білдіретін этикалық, психологиялық, логикалық және діни терминдердің негізі деп тұжырымдайды (Ogneva, Moiseenko, Kutsenko, Yarigina, Kolesnikov, 2015: 209).

Жалпы әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, кез келген өркениет адамдарының бойында олардың ата-бабаларынан бейсаналық мұраны құрайтын мінездік ерекшеліктері болады. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ халқы мен Шығыс елдерінде ұлттық, географиялық және тарихи жағдайларға байланысты дара мінез ерекшеліктері қалыптасқан. Қанша жерден түбі бір түркі жұрты десек те, қазақты өзге түркі халықтарынан даралап тұратын өзіндік мінез сипаттары бар. Мәселен, қонақжайлылық, кеңпейілділік, кішіпейілділік, меймандостық, шыдамдылық, ақкөңілділік, көпшіл болу, т.б. қасиеттер өзге ұлттың бойында ұшыраса бермейтін, тек қазақ халқына ғана тән ұлттық мінез көрсеткіші болып табылады. Қазақтың батыр, ержүрек, философиялық ой-өрісі кең, талантты, төзімді, намысшыл, бауырмал, мейірімді, қонақжай халық екенін шет жұрттар мойындап отыр. Өнердің барлық түрлерінен сөз өнері мен саз өнерін жоғары қойған қазақтың еңсесін биіктетер асыл қасиеттері осылар. Қазақ еркіндікті, әсіресе, ой еркіндігін, жеке басының бостандығын жоғары қоятын халық. Сол сияқты Шығыс елдері мен қазақ ұлты азиялықтарға тән сыртқы ұқсастықтарымен бірге мінез-құлық жағынан да едәуір жақын. Мәселен, қазақтың қанына сіңген салқынқандылық, ұстамдылық, сыпайылық, адалдық «күншығыс халықтарының» ішіндегі жапон этикасының басты қағидасы саналады. Сондай-ақ, қазақ-жапон тілдерінің тарихи-генеологиялық тамырластығы жайында жазылған біршама зерттеулерге қарап, қос елдің мәдени бет-бейнесі ғана емес, лингвистикалық тұрғыдан да өзара ұқсастықтары барына көз жеткіземіз. Ал Оңтүстік Шығыс Азиядағы «аспан асты елі» саналатын қытайлықтар айрықша еңбекқорлығымен, дипломаттық қабілеттерімен, үнемшілдігімен ерекшеленеді. Баян Өлгейде туған ақын, жазушы Бақытбек Бәмішұлы монғол жұртының жалпы көшпелі елдерге тән қырағылық, сезімталдық, жеті өлшеп, бір кесетін сырбаз да салмақты, әлдекімдерге жалтақтауды білмейтін турашылдық сынды сапалық қасиеттерді иеленетіндігін айтады (Бәмішұлы, 2004: 11).

Зерттеу материалы және әдістері

Сонымен лингвомәдениеттану әртүрлі халықтардың тілдері мен мәдениеттерінің өзара әрекеттесуін біртұтас жүйелік тұтастықта қарастыруды мақсат етеді. Яғни, этникалық ұлттардың мәдени құндылықтарын, тілдік деректер мен құбылыстарды толық, әрі объективті түсіндіруге бағытталған лингвомәдениет-

танымның В. фон Гумбольдттың еңбектерінде көрініс тапқан «Тіл – мәдениет» қарым-қатынасын ұлттық (спецификалық) дәстүрлер, тіл, тарих, әдебиет шеңберінде жүйелеп, талдауды көздейді. Халық мәдениетін жан-жақты сараптау лингвомәдениеттанудан ұлт мәдениетін оның тілінде, олардың диалектикалық өзара әрекеттесуі мен дамуын жүйелі түрде көрсетуді, сонымен қатар қазіргі мәдени ойлаудың қалыптасуына ықпал ететін тұжырымдамалық ойларды дамытуды талап етеді. Ал тіл мен мәдениет арасындағы қарым-қатынас проблемаларын шетелде және Ресейде С.Балли, Дж.Вандриес, В. фон Гумбольдт, Э.Сапир, Д.Ворф, Р.О.Жекобсон, А.Н. Афанасьев, Ф.И.Буслаев, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, А.А.Потебня т.б. ғалымдар зерттеген. Ресей ғалымы В. В. Воробьевтің айтуынша, лингвомәдениеттану ғылыми пән ретінде бірқатар ерекшеліктермен сипатталады:

1. Бұл мәдениетті зерттейтін ғылымдар мен филология (лингвистика) арасындағы шектесетін синтездік типтегі ғылыми пән.

2. Лингвомәдениеттанудың негізгі объектісі – мәдениет пен тілдің, оның жұмыс істеу процесінде және бұл өзара әрекеттесуді біртұтас жүйелік тұтастықта түсіндіруді зерттеу.

3. Лингвомәдениеттану пәні – тілдік коммуникация жүйесінде жаңғыртылатын және оның мәдени құндылықтарына негізделген қоғам болмысының ұлттық формалары, «әлемнің тілдік бейнесін» құрайтын барлық нәрсе (Воробьев, 1997: 157).

Демек, зерттеу барысында шетелдік және отандық тілші-ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ұлттық және шығыстық мінез-құлық ерекшеліктері, олардың эталонды лингвомәдени астары нақты мысалдармен дәйектелді. Зерттеу аясында мәдениетті лингвистикалық тұрғыда жаңғырту әдісі, ұлттық этнографиялық болмысты ашуда сипаттамалық, салыстырмалы, саралау сынды дәстүрлі әдістер мен когнитивті тіл біліміне тән «ғаламның тілдік бейнесі» тұжырымы басшылыққа алынды. Сонымен қатар мінез атауларының этномәдени деректерін танытуда индуктивті әдіс пен этнолингвистикалық әдістер қолданылды.

Қазақ және кейбір шығыс тілдеріндегі мінез-құлық атауларына байланысты этномәдени деректерге шолу-талдау жасау үшін сипаттама-аналитикалық, лексикалық және концептуалды талдау, тілдік-мәдени талдау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының материалы ретінде қазақ және шығыс халықтарының мінез атаулары алынды. Ұлттық және кейбір шығыс халықтарының мінез атауларының лингвомәдениеттанымдық аспектілерін қарастыруда біз тілі, діні, ділі, мәдениеті, дүниетанымы ұқсас және өзгешеліктері мен айырмашылықтары бар кейбір шығыс халықтары мен қазақ ұлтының мінез атауларының сипатын салыстыра отырып түсінуге мүмкіндік аламыз. Аталмыш антропоөзекті зерттеу жұмысымыз танымдық ақпараттарды семантикалық талдау арқылы жүзеге асады. Осы арада, біздің нысанымыз шығыс халықтары мен қазақ ұлтының мінез сипатының тарихтағы және бүгінгі таңдағы болмысының, әрі мінез атауларының танымдық деңгейдегі алатын орнын анықтау болып табылады.

Әдебиетке шолу

Ғалымдар сонау Антикалық дәуірден бастап саяси үдерістегі ұлттық сипат пен ұлттық менталитеттің рөлі мен маңыздылығы туралы түрлі пайымдаулар айтты. Ежелгі грек философы Гераклит: «адамның этосы – оның мінезі», – деп адам түсінігіндегі мінез-құлықтың маңыздылығын атап өтті. Геродот, Гиппократ, Плиний ұлттық мінез, сипаттың ерекшеліктерін климаттың, географиялық және тарихи жағдайлардың өзгешеліктерімен байланыстыра қарастыруға тырысты. Жаңа кезеңде этнографияның дамуымен зерттеушілер ұлттық мінез, сипатты талдау үшін этнографиялық дәлелдерді кеңінен қолдана бастады. Ш.Монтескье, Д.Локк қоршаған орта мен климатқа байланысы, қатысы бар «халықтың рухы» туралы жазды.

Әрбір өркениеттің адамдары өздерінің әлеуметтік жағдайындағы айырым-өзгешеліктерге қарамастан, ата-бабаларынан бейсаналық мұраны құрайтын ортақ қасиеттерге ие.

Осылайша, ұлттық мінез, сипат – бұл бір өркениет шеңберінде баяу тұқым қуалайтын жинақтаулармен құрылған сезімдердің, идеялардың, дәстүрлердің, нанымдардың ортақтығы, бұл халықтың психикалық құрылымына белгілі бір бірлік, үлкен күш пен жасампаз күш береді.

Біз Азияда тұңғыш біртұтас мемлекет құрушы, өз заманының аса ірі әскери және мемлекет қайраткері Шыңғысханды еске түсіре отырып, шығыс халықтарының мінезі туралы, Германияның «темірдей қатты канцлері» Отто Бисмаркты еске түсіре отырып неміс ұлтының мемлекеттік сипаты туралы, Уинстон Черчилльді еске түсіре отырып ағылшынның мінезі туралы

айтамыз. Алайда ұлттық мінез, сипат – бұл метафора емес, бұл ұлттың энергиясын айқындайтын жанның ерекше көзқарасының белгісі.

Қазіргі гуманитарлық ғылымдар пәнаралық зерттеулерге бейімделгендіктен психологияның зерттеу пәні саналатын мінез атаулары ана тіліміздің өміршеңқұбылысы ретінде тілбілімінің де зерттеу нысанына айналды. Ұлттық және Шығыс халықтарының мінез-құлық нормаларын халық мәдениетімен, рухани ой-танымымен ұштастыра зерделеу этнолингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану сияқты бірқатар ғылымдардың пайда болуына жол ашты. Аталған ғылым салалары әсіресе, лингвомәдениеттану бүгінгі қазақ тіл білімінің жаңалығы болғанымен, бұл бағыттағы негізгі ой-тұжырымдар, ғылыми пайымдаулар өткен ғасырдың соңында-ақ жазыла бастағанын зерттеу еңбектері көрсетіп отыр. «Лингвомәдениеттану – тіл процестері барысында рухани-материалдық мәдениетте айқындалатын, табиғи ұлттық тілге айналған гуманитарлық пән. Ол мәдениеттің даму, сақталу және де мәдени хабар беру құралы болу функциясын құру және оны түсіндіруіне мүмкіндік береді.

Оның мақсаты – функциялар тәсілдерін зерттеу:

1. Мәдениеттің тілдік концептілерді құрудағы әсері.

2. «Мәдени» мағыналарды тыңдаушы мен сөйлеушінің түсінуі, оның сөйлеу стратегияларына әсері.

3. Тіл иесінің мәдени-тілдік біліктілігі, яғни оның табиғи түрде сөйлем тудыруда қабылдау процестерімен ғана емес, сонымен қатар қалыптасқан мәдени заңдылықтар деңгейінде болуы» [Оспанова, 2018: 21]. Осы айтылған ғылыми тұжырымдар мен ой-пікірлердің негізінде халық мәдениетінің қайнар көздері, рухани мұраларымыз ұлттық тілде көрініс табатындығына көз жеткіздік. Рухани-мәдени мұраларымыз бен арғы-бергі тарихи жәдігерлерімізді қайта тірілтіп, сөйлету ана тілінің құдіреті арқылы іске асатындығы, тіл арқылы мәдениетіміз өзге жұртқа танылатындығы тіл мен мәдениеттің біте қайнасқан ажырағысыз байланысын көрсетеді. Яғни, ұлттық рухани-мәдени нышандарды көрсететін рәміздер тіл арқылы танылады. Демек, тіл мәдениеттен тысқары өмір сүрмейді. Белгілі ғалым И.Н. Сафронованың: «За каждым текстом стоит определенная языковая личность, а поскольку самосодержание понятия языковая личность переплетается с этнокультурными и национальными чертами индивидуальности, то национальная принадлежность и включительность с соответствующую культуры определяют картину мира, тезаурус писателя, отражающийся в языке его произведений» (Сафронова, 1993: 131), – деген пікірі бұл ойымызды бекіте түседі.

Сонымен ұлттық және шығыстық мінез атауларының лингвомәдени сипатын айқындайтын тілдік деректер лингвомәдениеттану мен этнолингвистика пәндеріне ортақ заңдылық болып табылады. Дей тұрғанмен, аталған мәселелерді лингвомәдениттану тұрғысынан зерттеу кең ауқымды міндеттерді атқарады. Өйткені «лингвомәдениеттану енді ғана пайда болған лингвистикалық зерттеу саласы ретінде лингвистиканың әлеуметтік лингвистика мен мәдениеттану секілді екі түрлі ішкі пәнінің бірігуін білдіреді. Лингвомәдениеттану тілдік ұғымдардың қалыптасуындағы мәдениеттің рөлі, тілдің символы мен сөздің мәдени сезімі арасындағы байланыс, тіл мен мәдениеттің өзара әсері, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы сынды көптеген күрделі мәселелермен айналысады. Лингвомәдениеттану мазмұны танымдық құзыреттілік және коммуникативтік компоненттерді қамтиды (Garaeva, 2014: 1013-1014). Сондай-ақ, «В.А.Федоров «Лингвомәдениеттану және оны зерттеу» атты мақаласында лингвомәдени зерттеудің

- тілден мәдениетке

– мәдениеттен тілге деген екі тәсілі бар екендігін атап көрсетеді.

Автор бірінші көзқарасты ғылыми лингвомәдениетке, екіншісін білім беру лингвомәдениетіне жатқызады. Ал лингвомәдени бағыттың қалыптасуы мен дамуы тіл мен мәдениеттің лингвомәдени мазмұны феноменін қоршаған тілдік мәдени кеңістікте тілдік тұлғаның болуының бір түрі ретінде түсінуге ұмтылудан туындайды. Мұнда тіл аудармашы ретінде көрінеді» (Rafael Guzman Tirado, 2018), – деген пікірлерге иек артар болсақ, онда мінез-құлық атауларын лингвомәдениеттаным аспектісінде зерделеу қазақы және шығыстық тілдер арасындағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен мәдени-рухани өркениет қырларын ашуға септігін тигізеді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ ұлтының және шығыс халықтарының мінез атауларының лингвомәдени танымдық аспектілері ғылыми-теориялық жағынан қалай зерттеліп, зерделенгенін қарастырмас

бұрын алдымен ұлттық мінез дегеніміз не, ол қалай, қандай себептермен қалыптасады? Онда ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан тектік-қандық (гендік) қадір-қасиет бола ма? Қазақ және шығыс халықтарының ұлттық мінезі және менталитеті қандай?» деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Ұлттық мінез – әрбір ұлт өкілінің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық, дүниетанымдық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық мінез – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, экономиялық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады.

Менталитет ұғымы да ұлттың мінез-құлқы, ұлттық сипаты дегенге саяды және заман өзгерген сайын, ұлт та, ұлттың мінез-құлқы, менталитеті де өзгереді.

Ұлттық мінез деген тақырыпты ғалымдардан гөрі философ, ақын-жазушылар бір ауыз сөзбен түсіндіріп жатады. Ал, ғылымда, ұлттық мінез бен ұлттық діл ұғымдарын бөлек қарастырады. Яғни, ұлттық діл деп ойлау үлгісін, рухани мінез-құлықты жатқызамыз. Ал, ұлттық мінезге адамның әрекеттік жағын, типтік мінез бітістерін, белгілерін ғана қарастырамыз.

Мінез-құлықты зерттеушілердің алғашқысы Теофраст болған еді. XVIII ғасырда Еуропада да мінез типологиясының зерттеулеріне үлкен мән қойған еді, ал Дж. Ст. Милль мінез-құлықты жеке ғылым ретінде қарастыруды ұсынды. Оны этология деп атауды ұсынды (өйткені Теофраст кезінде мінезді «этос» деп атаған еді. Этология (грек. ethos – әдет-ғұрып, мінез және logos – ілім) – жануарлардың мінез-құлқының биологиялық негіздерін зерттейтін ғылым. Этология ғылымы алғашқыда зоопсихология деп аталып, XX ғасырдың 30-жылдары өз алдына жеке ғылым болып қалыптасты.

Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері, мінез-құлқы және дүниетанымы бар, бірақ зерттеушілер олардың жалпы қабылданған ұлттық стереотиптермен сирек сәйкес келетіндігін анықтады.

Ұлттық мінез туралы айтқанда, мысалы, ағылшындарға тән ұстамдылық, американдықтарға тән дөрекілік, жапондардың еңбекқорлығы бірден ойға оралады. Алайда бұл ұлттық стереотиптер бүкіл бір ұлтты анықтайтын қасиет болуы мүмкін бе?

Психологтар әртүрлі ұлттардың жүздеген мың өкілдеріне сынақ алу жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде олар әр ұлттың өзіндік ерекшелігі бар екенін анықтады. Алайда, бұл ерекшеліктер жалпы қабылданған ұлттық стереотиптермен сәйкес келмеді.

2005 жылы Роберт Мак-Кро жүргізген ең ірі мәдениетаралық зерттеулердің біріне 51 ұлттың өкілдерінен тұратын 12 мыңнан астам студент қатысты. Профильдердің орташа көрсеткіштерін ескере отырып, зерттеушілер белгілі бір ұлттың барлық өкілдеріне тән психологиялық белгілер бар екенін дәлелдеді. Ең жарқын экстраверттер бразилиялықтар, француз тілінде сөйлейтін швейцариялықтар және мальталықтар болды, ал нигериялықтар, марокколықтар және индонезиялықтар осы санаттағы ең аз ұпай жинады. Жаңа тәжірибеге ашықтық неміс тілінде сөйлейтін швейцариялықтарға, даниялықтар мен немістерге, ал ең азы Гонконг қытайларына, Солтүстік ирландиялықтарға және кувейттіктерге тән болды.

Зерттеушілер сонымен қатар басқа үш тұлғалық (нейротизм, адалдық және ізгі ниет) көрсеткіштер бойынша мәдениетаралық айырмашылықтарды тапты.

Әрине, алынған қорытындылардың орташаландырылған екендігін және көптеген индонезиялықтар, мысалы, кейбір бразилиялықтарға қарағанда үлкен экстраверттер болуы мүмкін екенін ескеру қажет.

Сондай-ақ, барлық халықаралық зерттеулер адамның жеке тұлғасын құрайтын бес негізгі қасиеттің ерекшеленуін растады. Зерттеулердің тағы бірінде психологтар тіпті бір ұлттың шеңберінен шығып, ірі географиялық қауымдастықтардың сипатын анықтауға тырысты. Нәтижесінде олар, атап айтқанда, адалдық сияқты мінез-құлық қасиеті африкалықтарға, ал ең азы Шығыс Азиялықтарға тән екенін анықтай алды.

Алайда, әлемдегі ұлттар мінез ерекшеліктерімен ерекшеленсе де, бұл айырмашылықтар жалпы стереотиптермен мүлдем сәйкес келмейді. Мәселен көпшілігіміз британдықтар американдықтарға қарағанда сезімдерді көрсетуде ұстамды деп ойлауы мүмкін. Алайда елуден астам жүргізілген мәдениетаралық зерттеулердің нәтижелері бұл кең таралған пікірді жоққа шығарды.

Бұл орайда әрбір ұлт өкілі өз ұлтына тән нағыз мінез болмысын толыққанды көрсете алмайтынын айта кеткен жөн.

4. At the same time, Russian everyday self-awareness is characterized by the perception of Happiness as a kind of unpredictable element, and, as a consequence, an unreliable element, as evidenced by the following paremiological units: *счастье не лошадь: не везет по прямой дорожке* (happiness is not a horse: no luck along a straight path); *счастье, что трясье: на кого захочет, на того и нападет* (happiness that shaking: whoever he wants, he will attack); *счастье легко на помине не бывает* (happiness does not happen easily at a glance); *счастье вольная пташка: где захотела, там и села и под* (is a free bird: wherever she wanted, she sat down there); *счастье, что волк: обманет, да в лес уйдет* (happiness that the wolf: deceives, but goes into the forest); *счастье – вешнее ведро* (happiness is a spring bucket); *счастье с несчастьем двор обо двор живут* (happiness with misfortune living yard and yard); *счастье без ума – дырявая сума* (happiness without mind – full of holes); *мужик на счастье сеял хлеб, а уродилась лебеда* (the man sowed bread for good luck, but quinoa was born); *легче счастье найти, чем удержать* (it is easier to find happiness than to keep it); *первое счастье не меняют на последнее* (the first happiness is not exchanged for the last) and so on.

Байқасаң, бақыт бір жерде тұрмайды.
Бақыт көктемгі бұлт сияқты,
Ол көрген түстей, ұшқан құстай өте шығады
Бақыттың да басы айналар кез келер,
Мінезі айнып, құлқы сонда өзгерер.
(You will notice that happiness does not live in one place.
Happiness is like a Spring Cloud,
He is very much like a flying bird, as he sees it
And happiness will spin one day and then it will change).

5. Against the background of such ideas about Happiness, it seems quite natural that the Russian people have developed and is reflected in the "phraseological language" a certain "distrust" of Happiness, a cautious attitude to his searches, a kind of "warning" from him: *счастью не вовсе верь, на счастье не надейся* (do not believe in happiness at all, do not hope for happiness) ; *счастью не верь, а беды не пугайся* (do not believe in happiness, and do not be afraid of trouble); *счастье пытать – деньги терять; не отведывай счастья, не купи коня хрома* (happiness torture – to lose money; do not taste happiness, do not buy a horse of chrome*); счастье искать – от него бежать* (to seek happiness – to run from it) and etc.

Бұ бақытқа сенбе,
Келер, кетер демде
Бақыт шыбын сияқты –
Бірде гүлге қонса,
Бірде көңге қонады.
Адам бақтың қонғанын білмейді, ұшқанын біледі.
(Don't believe this happiness,
Come on, Keter is breathing
Happiness is like a fly –
Once planted in a flower,
One day it will settle on manure.
A person does not know that the garden has landed, he knows that he has flown).

6. As a result, in the people around them, the happiness of another person can cause negative feelings: *счастливым быть, всем досадить* (to be happy, to annoy everyone*); где счастье, там и зависть* (where there is happiness, there is envy) and so on.

Бақыттың көзі соқыр: не тазға, не ақылы азға қонады.

(The source of happiness is blind: it either lands on the bald, or on the paid little).

7. It should also be noted that Happiness in Russian self-awareness and phraseological picture of the world is very often opposed to the mind of its owner: *глупому счастье, а умному бог дает* (to stupid happiness, but God gives to the clever); *счастье везет дураку, а умному бог дал* (happiness is lucky for the fool, but God gave the clever one); *счастье без ума – дырявая сума* (happiness without mind – full of holes); *счастье со счастьем сойдется, и то без ума не разминется* (happiness will converge with happiness, and then it will not warm up without mind); *глупому счастье, а умному напасть* (a stupid happiness, but a clever one to attack); *(но, счастье ума прибавляет, несчастье последний отымает; мудреному и счастье к лицу)* (but, the happiness of the mind adds, the latter

takes away the misfortune; tricky and happiness to the face) and so on.

Бақыт белгісі – ғылым мен ақыл.

Бармақтай бақыт қара суды теріс айналдырған ақылдан артық.

Білсе білім, күнде бақыт кісіге,

Үлкен атақ содан келер кішіге.

Ақыл қонбаған жігітке,

Бақытта қонбайды.

Білім – бақтың жібермейтін қазығы,

Білімсіз бақ – әлдекімнің азығы

(The sign of happiness is science and reason.

Happiness with a finger is more than a mind that turns black water into negativity.

Knowledge, happiness every day for a person,

A big name for the younger one.

To the crazy guy,

Happiness does not land.

Education is the key to success,

Uneducated media-someone's food).

8. A characteristic feature of Russian everyday consciousness is the opposition of Happiness and Unhappiness in many cases as dream and reality, past and present:

Счастлив бывал, да бессчастье в руки поймал (I used to be happy, but I caught unhappiness in my hands); *во сне счастье, наяву ненастье* (in a dream, happiness, in reality bad weather); *во снах счастье, а в быль напастье* (in dreams, happiness, but in reality, misfortune) and etc.

Тату үйдің бақыты тасыр,

Араз үйдің ырысы нашар. (there is a lot of happiness in a friendly house, a hostile house is poor).

For Russian language:

1. Quite typical in the language of proverbs and of the Russian people can be considered the comparison of Happiness and Unhappiness as an inseparable whole: *счастье с несчастьем двор обо двор живут (в одних санях ездят)* (happiness and misfortune live yard by yard (they ride in the same sleigh)); *счастье с несчастьем смешалось – ничего не осталось* (happiness mixed with unhappiness – there is nothing left); *счастье ума прибавляет, несчастье последний отымает* (the happiness of the mind adds, the latter takes away the misfortune); *кто в горе руки опускает, тот счастья никогда не узнает* (who his hands in grief, he will never know happiness even) etc.

2. An interesting fact is that in Russian proverbs and sayings, Happiness is often defined through negative rather than comparative constructions with the conjunction "how": *счастье не батрак: за вихор не притянешь* (happiness is not a farm laborer: you cannot pull it for a whim); *счастье не кляп: в руки не возьмешь* (happiness is not a gag: you can't take it in your hands); *в счастье – не в бабки: свинчаткой кону не выбьешь* (in happiness – not in the money: you can't out the game with a lead); *счастье не корова: не выдоить;* (happiness is not a cow: do not milk; *счастье не конь: хомута не наденешь* happiness is not a horse: you can't put on a collar) etc.

3. Also in the ordinary consciousness a number of conditions have become entrenched, without which Happiness is impossible, the most widespread of them are such as friendship, communication, however: *счастлив тот, у кого совесть спокойна* (happy is the one whose conscience is calm); *неволя счастья не дает* (captivity does not give happiness); *седина напала, счастье пропало* (gray hair fell, happiness was gone); *к людям ближе, счастье крепче* (closer to people, happiness is stronger); *кто дружбу водит, счастье находит* (who leads friendship, finds happiness); *гость на порог – счастье в дом* (a guest on the threshold – happiness to the house); *тому будет всегда счастливо, кто пишет нельстиво* (he will always be happy who writes dishonestly); *где правда, там и счастье* (where there is truth, there is happiness) and so on.

4. A small group of proverbs was identified in which Happiness was associated with positive emotions: *где счастье, там и радость* (where there is happiness, there is joy); *нет счастья, не жди и радости* (there is no happiness, do not wait for joy) and so on.

This, in our opinion, may indicate that in the everyday consciousness of the Russian people a complete understanding of Happiness as the fullness and joy of being has not taken shape, which found its expression in the "phraseological language". Most likely, this is due to the difficult living conditions of the serf peasantry and the religious beliefs of the Russian people as a whole.

For Kazakh language:

Happiness is fate, luck and family happiness:

бақыты ашылу; бақытыма қарай Жақсы жұбай – жарым бақыт (happiness is discovery; a good spouse is happiness.)

Азат елін сүйген ұл – бақытты,

Жаңа жұртын сүйген қыз – бақытты.

Бақыт балалы үйге үйір,

Баласыз үйде бақыт тұрмайды

Жақсы әйел – жігітке біткен бақ,

Жақсы жер, жайлы қоныс – алтын тақ

(A son who loves the country is happy, a girl who loves a new family is happy.

Happiness at home with children, Happiness does not live in a house without , a good woman is a garden for a guy, a good place, a cozy settlement – the golden throne).

Happiness – Unity:

Тату үйдің бақыты тасыр, Ұрыс-керіс үйдің ырысы кашар happiness (lives in a friendly house, but poverty lives in a non-friendly house).

Ұрыс бар жерде ырыс тұрмайды (where there is a quarrel there is no happiness).

Татулық – табылмас бақыт (unity is more expensive than gold).

Ынтымақ бар жерде бақыт бар (where there is unity there is happiness).

Happiness is often measured by the courage, courage of a man, by his name:

Бақ келдідеп таспа, Жау келді деп саспа ,

Ер бақыттың қонғанын білмейді, Ұшқанын біледі,

Бағы тайған батырдың еті жара, байы өлген қатынның беті жара

Ер жігіттің аты жақсы болса – бір бақыт, Алған жары жақсы болса – мың бақыт

(A man does not know that happiness has landed, he knows that it has flown,

If a man has a good name – one happiness, if he has a good wife – a thousand happiness)

Happiness is measured by the presence and number of livestock:

Малды жақсы баққаның – өзіңе абырой тапқаның. Малды жаман баққаның – келген бақты қаққаның

Егіниңді ел салысар, Қырманыңды ел салысар, Малыңды ел бағар,

Бақ кеткенде басыңнан, Жоқтан бәле жабысар,

Базар бар да, малың сат, Базар білмес бақ білер.

Conclusion

According to the results of the analysis of the "phraseological language" of the concept "Happiness", it can be concluded that the mirror of Russian paremiology reflects to a greater extent the negative aspects of understanding Happiness, etymologically not conditioned, but traditional for the ordinary Russian mentality, which is largely determined by extralinguistic factors and peculiarities of the Russian cultural and historical development.

The value of "счастье/bakyt/happiness" in the language has a constantly developing vector, in the process of expanding the associative perception of a person and the sphere of contextual connections, the field of sems.

Conclusion: the value of "happiness" has a constantly evolving vector, in the process of expanding the associative perception of a person and the sphere of contextual connections, the field of this.

Prospects: In the modern world, there is an extraordinary interest in the problems of the national mentality and the cultural identity of society, which are manifested in values – multidimensional mental formations that reflect the cultural and historical experience of the people and the peculiarities of their perception of the world, and have a verbal expression. Most of the information about the world comes to a person through the linguistic channel, value studies of phraseological units and proverbs, sayings – this is one of the priority areas of linguistics.

References

Ильин В.В. Аксиология. – М.: Издательство МГУ, 2005. – 216 с.

Гибатова Г.Ф. Аксиология в языке // Вестник ОГУ. 2011. – №2(121). – С. 127-132.

Дробницкий О.Г. Мир оживших предметов. Проблема ценности и марксистская философия. – М.: Политиздат, 1967. – 350 с.

Стерин И.А. Коммуникативное поведение в составе национальной культуры // Этнокультурная специфика языкового сознания. – М., 1996. – С. 97-112.

Багаутдинова Г.А. Аксиологическая лингвистика: языковая ценность языковых единиц и ценности, выражаемые языковыми единицами // III Международные Бодуэновские чтения: И.А. Бодуэн де Куртенэ и современные проблемы теоретического и прикладного языкознания (Казань, 23-25 мая 2006 г.): труды и материалы: В 2 т. / Казан. гос. ун-т; под общ. ред. К.Р. Галиуллина, Г.А. Николаева. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2006. Т. 2. – С. 132-135.

Петровский А.В. Амбивалентность // Большая советская энциклопедия. – 3-е изд. Т. 1. – 1970.

Бирих А.К., Мокиенко В.М., Степанова Л.И. Русская фразеология: историко-этимологический словарь. – М.: Астрель; АСТ: Люкс, 2005. – 926 с.

Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Три лингвистические концепции: лексического фона, рече-поведенческих тактик и сапиентемы / под ред. и с послесловием академика Ю.С. Степанова. – М.: Индрик, 2005. – 1040 с.

Байрамова Л.К. Аксиологизм человеческих эмоций (смех – плач) и его отражение в языке / Л.К. Байрамова, Г.А. Багаутдинова // Филологические науки. – 2006. – № 1. – С. 81-89.

Байрамова Л.К. Интерпретация фразеологизмов в словарях в свете когнитивистики и аксиологии / Л.К. Байрамова // Фразеология и когнитивистика: В 2 т. Т. 1: Идиоматика и познание / Под ред. Н.Ф. Алефиренко. – Белгород, 2008. – С. 298-302.

Байрамова Л.К. Аксиологический словарь фразеологизмов-библеизмов: структура и содержание [Электронный ресурс] / Л.К. Байрамова // Режим доступа: https://hdl.handle.net/20.500.12528/662.

Большой однотомный толковый словарь казахского языка «Қазақ сөздігі». Составители / Н.Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1485 с.

Джусупов Н. Образность и национально-культурная специфика // Высшая школа Казахстана. – 2001. – №1. – С. 181-186.

Пименова М.В. К изучению оценочной семантики / М.В. Пименова // Категория ценности и культура (аксиология, литература, язык): Материалы Всерос. науч. конф. 13-15 мая 2010 г. – Владикавказ: Изд-во СОГУ, 2010. – С. 100-107.

Сабитова З.К., Жанкидирова Г.Т., Скляренко К.С., Шантаева Д.С., Шетиева А.Т. Словарь евразийской лингвокультуры Казахстана: учебный словарь. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 189 с.

Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. – М.: Языки русской культуры, 1997. – 824 с.

Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1986. – 43 с.

Andreyeva Y.A., Nazmieva E.I., Sakhibullina K.A., 2018. Axiological Phraseological Units at Foreign Language Lessons at University as a Reflection of National Mentality // The Journal of Social Sciences Research, Academic Research Publishing Group, pages 308-312:1. https://ideas.repec.org/a/arp/tjssrr/2018p308-312.html.

Onalbayeva A., Baishukurova G. Irgebayeva A. Verbalization of the Concept Family in the Content of School Textbooks on Russian Language and Literature // Review of international geographical education. – № 11(5), Spring, 2021. – Pp. 4450-4456.

Skacheva N.V. Axiological Phraseological Units As Representatives Of Values And Meanings Of The Culture. https://doi.org/10.15405/epsbs.2020.10.05.321.

Zerkina N., Lomakina Y., Kostinac N. Axiological Linguistics and Foreign Language Teaching. https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.07.514.

References

Bagautdinova G.A. (2006) Aksiologicheskaya lingvistika: yazykovaya cennost' yazykovyh edinic i cennosti, vyrazhaemye yazykovymi edinicami [Axiological Linguistics: Linguistic Value of Language Units and Values Expressed by Language Units]. III Mezhdunarodnye Boduenovskie chteniya: I.A. Boduen de Kurtene i sovremennye problemy teoreticheskogo i prikladnogo yazykoznaniya (Kazan', 23-25 maya 2006 g.): trudy i materialy: v 2 t. Kazan.gos. un-t; pod obshch. red. K.R. Galiullina, G.A.Nikolaeva. Kazan': Izd-vo Kazan. un-ta. N.2. Pp. 132–135. (in Russian)

Bajramova L.K. (2006) Aksiologizm chelovecheskih jemocij (smeh – plach) i ego otrazhenie v jazyke [Axiologism of human emotions (laughter – crying) and its reflection in the language]. L.K. Bajramova, G.A. Bagautdinova. Filologicheskie nauki. № 1. Pp. 81–89. (in Russian)

Bajramova L.K. (2008) Interpretacija frazeologizmov v slovarjah v svete kognitivistiki i aksiologii [Interpretation of phraseological units in dictionaries in the light of cognitive science and axiology]. L.K. Bajramova. Frazeologija i kognitivistika. V 2 t. T.1: Idiomatika i poznanie. Pod red. N.F. Alefirenko. Belgorod. Pp. 298-302. (in Russian)

Bajramova L.K. (2013) Aksiologicheskij slovar' frazeologizmov-bibleizmov: struktura i soderzhanie [Axiological Dictionary of Phraseologisms-Bibleisms: Structure and Content] [Elektronnyj resurs]. L.K. Bajramova. Rezhim dostupa: https://hdl.handle.net/20.500.12528/662. (in Russian)

Birih A.K., Mokienko V.M., Stepanova L.I. (2005) Russkaja frazeologija: istoriko-jetimologicheskij slovar' [Russian Phraseology: Historical and Etymological Dictionary]. M.: "Astrel"; AST: Ljuks. 926 p. (in Russian)

Bol'shoj odnotomnyj tolkovyj slovar' kazahskogo jazyka "Қазақ sөzdigi" [Large one-volume explanatory dictionary of the Kazakh language "Kazakh sozdigi"]. (2013) Sostaviteli. N.Uәli, Sh.Құrmanbajұly, M. Malbaқov, R.Shojbekov. Almaty: «Dәuir» baspasy. 1485 p . (in Russian)

Drobnickij O.G. (1967) Mir ozhivshih predmetov. Problema cennosti i marksistskaya filosofiya [The world of living objects. The problem of value and Marxist philosophy]. M.: Politizdat. 350 p. (in Russian)

Dzhusupov N. (2001) Obraznost' i nacional'no-kul'turnaja specifika [Imagery and national-cultural specificity]. Vysshaja shkola Kazahstana. №1. Pp. 181-186. (in Russian)

Gibatova G.F. Aksiologiya v yazyke [Axiology in language] (2011). Vestnik OGU. №2(121). Pp. 127-132. (in Russian)

Il'in V.V. (2005) Aksiologiya [Axiology]: Izdatel'stvo MGU. 216 p. (in Russian)

Petrovskij A.V. Ambivalentnost' [Ambivalence] (1970). Bol'shaya sovetskaya enciklopediya. 3-e izd. T.1. (in Russian)

Pimenova M.V. (2010) K izucheniju ocenochnoj semantiki [To the study of evaluative semantics]. Kategorija cennosti i kul'tura (aksiologija, literatura, jazyk): Materialy Vseros. nauch. konf. Vladikavkaz: Izd-vo SOGU. Pp. 100-107. (in Russian)

Sabitova Z.K., Zhankidirova G.T., Skljarenko K.S., Shantaeva D.S., Shetieva A.T. (2011) Slovar' evrazijskoj lingvokul'tury Kazahstana [Dictionary of Eurasian Linguistic Culture of Kazakhstan]: Uchebnyj slovar'. Almaty: Қazaқ universiteti. 189 p. (in Russian)

Stepanov Ju.S. (1997) Konstanty. Slovar' russkoj kul'tury [Constants. Dictionary of Russian culture]. M.: Jazyki russkoj kul'tury. 824 p. (in Russian)

Sterin I.A. (1996) Kommunikativnoe povedenie v sostave nacional'noj kul'tury [Communicative behavior as part of national culture]. Etnokul'turnaya specifika yazykovogo soznaniya. M. Pp. 97-112. (in Russian)

Telija V.N. (1986) Konnotativnyj aspekt semantiki nominativnyh edinic [The connotative aspect of the semantics of nominative units]. M.: Nauka. 43 p. (in Russian)

Vereshchagin E.M., Kostomarov V.G. (2005) YAzyk i kul'tura. Tri lingvisticheskie koncepcii: leksicheskogo fona, reche-povedencheskih taktik i sapientemy [Language and culture. Three linguistic concepts: lexical background, speech-behavioral tactics and sapientema]. pod red. i s poslesloviem akademika YU.S. Stepanova. M.: Indrik. 1040 p. (in Russian)

Onalbayeva A., Baishukurova G. Irgebayeva A. Verbalization of the Concept Family in the Content of School Textbooks on Russian Language and Literature. Review of international geographical education, 2021. №11(5), Spring. Pp. 4450-4456.

Andreyeva Y.A., Nazmieva E.I., Sakhibullina K.A. Axiological Phraseological Units at Foreign Language Lessons at University as a Reflection of National Mentality. The Journal of Social Sciences Research, Academic Research Publishing Group, 2018. Pp. 308-312:1. https://ideas.repec.org/a/arp/tjssrr/2018p308-312.html.

Zerkinaa N., Lomakina Y., Kostinac N. Axiological Linguistics and Foreign Language Teaching, 2015. https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.07.514.

Skacheva N.V. Axiological Phraseological Units As Representatives Of Values And Meanings Of The Culture, 2020. https://doi.org/10.15405/epsbs.2020.10.05.321.

ҒТАМР 16.21.07 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.05

Гүлғайша Бейісқанқызы

Орталық ұлттар университеті, Қытай, Бейжің қ.
e-mail: gulihaixia520@126.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ *ТҰР* КӨМЕКШІ ЕТІСТІГІНІҢ ЖЕТЕКШІ ЕТІСТІКПЕН ТІРКЕСІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ СЕМАНТИКАСЫ

Көмекші етістіктер көне жазба ескерткіштерден бастап, қазіргі түркі тілдерінің бәрінде кездесетін функционалды көмекшілердің бірі. Мақалада қазақ тіліндегі қалып етістігі деп аталып жүрген көмекші етістіктердің бірі – *тұр* көмекші етістігі негізгі зерттеу нысаны ретінде алынады. Өйткені, қалып етістігі деп атап әрі зерттеулерде бірге қарастырылып жүрген жат (жатыр), отыр, жүр көмекші етістіктерінің грамматикалық мағыналарында ортақтық болғанымен, олардың жетекші етістікпен тіркесу жилігі болсын, грамматикалық мағыналарында болсын өздеріне тән өзгешіліктері де бар. Сондықтан мақалада *тұр* көмекші етістігінің *-а/-е/-й, -п/-іп/-ып, -ғалы/-гелі/-қалы/-келі* көсемше тұлғалы жетекші етістіктермен тіркесу қабілеті нақты сандық мәліметтер арқылы көрсетіледі. Мұнан тыс *тұр* көмекші етістігімен тіркесетін жетекші етістіктерге талдау жасағанда, қазақ тіліндегі лексикалық топтарды негіз етіп қарастырмай, тіл ғылымындағы жаңа бағыттар бойынша яғни осы жетекші етістіктердің лексикасында қимыл-әрекеттің созылыңқы болуы, қайталануы, бірқалыпты дамуы, орындалу барысының болуы сияқты мағыналары негізге ала отырып талдау жасалады және оның қимылдың өту сипатын білдірген кездегі «нәзік» мағыналық айырмашылықтары көрсетіледі. Сонымен бірге *тұр* көмекші етістігінің сөйлемге үстейтін модальдылық мағыналары мен қалыптасып кеткен формаларына да талдау жасалады. Сол арқылы *тұр* көмекші етістігінің өзіне тән грамматикалық семантикасы жан-жақтылы ашылып көрсетіліп, *тұр* көмекші етістігі мен жат (жатыр), отыр, жүр көмекші етістіктері арасындағы айырмашылықтарын байқауға мүмкіндік туғызады.

Түйін сөздер: тұр көмекші етістігі, етістік, көмекші етістік, грамматикалық семантика, көмекші етістік пен жетекші етістіктердің тіркесімділігі, модальдылық мағына.

Gulihaixia Baisihan

Minzu University of China, China, Beijing
e-mail: gulihaixia520@126.com

Collocation of the auxiliary verb tur with the notional verb and its grammatical semantics in the Kazakh language

Auxiliary verbs are functional auxiliary words that have been widely used from the ancient inscriptions to the contemporary Turki. This study focuses on the written usage of the tur- auxiliary verb in Kazakh language, which belongs to a family of certain static and dynamic verbs. Explanations for tur- are frequently merged with zhat (zhatyr) otyr, and zhur on the grounds of their similarities in grammatical meaning, albeit the distinctions in each of their combination potential with notional verbs as well as grammatical meaning. In light of this, this study intends to make a data-based presentation of how Kazakh notional verbs beginning with tur- is used in conjunction with the suffixes *-a/-e/i, /p/-ip/-ïp, -γalï/-geli/-qalï/-keli.* Moreover, this study innovatively adopted a novel linguistic research method, i.e., determining whether the verbs' lexical meaning is continuous, static, repetitive, productive, and bounded, when analyzing the combination features of tur with notional verbs, instead of using the conventional analytical classification by the Kazakh verbs' lexical meaning. In addition to that, this study also systematically describes the subtle differences in the aspectual meaning of tur- as well as the implied mood and fixed expression of its usage in sentences. This research not only depicts the overall characteristics of the auxiliary verb tur but also contributes to distinguishing it from other auxiliary verbs such as zhat (zhatyr), otyr and zhur.

Key words: verbs, auxiliary verbs, grammatical meaning, combined usage of notional and auxiliary verbs, aspect, mood.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Гульгайша Беисхан
Университет Миньцзу Китая, Китай, г. Пекин
e-mail: gulihaixia520@126.com

Спряжение вспомогательного глагола *тұр* с основным глаголом и его грамматическая семантика в казахском языке

Вспомогательные глаголы являются одними из функциональных вспомогательных глаголов, встречающихся во всех современных тюркских языках, начиная с древних письменных памятников. Вспомогательные глаголы являются одними из функциональных вспомогательных глаголов, встречающихся во всех современных тюркских языках, начиная с древних письменных памятников. В статье в качестве основного объекта исследования взят один из вспомогательных глаголов *тұр*. Ведь вспомогательные глаголы *жат (жатыр), отыр, жүр*, которые в исследованиях рассматриваются как правильные глаголы и вместе, имеют общие грамматические значения, но в то же время имеют и свои отличия, будь то частота спряжения с ведущим глаголом или их грамматическая форма. Поэтому в статье показана способность вспомогательного глагола сочетаться с ведущими глаголами в предложном лице *-а/-е/-й, -п/-іп/-ып, -ғалы/-гелі/-қалы/-келі*. Кроме того, при анализе ведущих глаголов, сочетающихся со вспомогательным глаголом *тұр* вместо того, чтобы рассматривать в качестве основы лексические группы в казахском языке, согласно новому направлению в лингвистической науке, анализ основывается на характеристиках действия в лексике. Показаны такие ведущие глаголы, как длительность, повторение, равномерное развитие, наличие хода исполнения и его тонкие семантические различия при выражении переходного характера наклонения. В то же время анализируются модальные значения вспомогательного глагола *тұр*, добавленного к слову, и смешанных форм. Таким образом, характерная грамматическая семантика вспомогательного глагола *тұр* всесторонне раскрывается и позволяет проследить различие между его вспомогательными глаголами *жат (жатыр), отыр и жүр*.

Ключевые слова: глагол, вспомогательный глагол, грамматическая семантика, спряжение вспомогательного глагола и глагола-ведущего, вид, модальное значение.

Кіріспе

Етістік қазақ тіліндегі ең күрделі сөз таптарының бірі. Семантикалық жағынан қимылды, процсесті, әртүрлі өзгерістерді, құбылыстарды білдіреді. Етістіктер толық лексикалық мағынасының сақталу-сақталмауына қарай жетекші етістік және көмекші етістік деп бөлінеді. Жетекші етістік дегеніміз толық лексикалық мағыналы яғни қимылдың атауын білдіретін етістіктер. Көмекші етістіктер грамматикалық дамудың нәтижесінде алғашқы лексикалық мағынасынан айырылып грамматикалық қызметке көшкен етістіктер (Қазақ грамматикасы, 2002. 494, 534, 536). Қазақ тіліндегі көмекші етістіктердің ішінде грамматикалық жағынан да, семантикалық жағынан да ерекше бір тобы – қалып етістіктері. Қалып етістігі деп қазақ тіл білімінде әдетте жат (жатыр), отыр, жүр, тұр – төрт көмекші етістігі айтылады.

Бұл төрт көмекші етістік өзбек, ұйғыр, туа, хакас, алтай, қарақалпақ, түркімен, қарайым, гагауз, түрік қатарлы Алтай тілдері семиясындағы тілдердің барлығында жиі кездеседі. Бұл төрт көмекші етістіктің формаларындағы, функцияларындағы, семантикалық реңктеріндегі «нәзік» айырмашылықтары мен бәріне ортақ ерекшеліктері туралы қазақ тіл білімінде Қ.Жұбанов, А. Байтұрсынұлы, Н.Т. Сауранбаев, С. Аманжолов, Ы. Маманов, А. Ысқақов, М.Оразов, т.б. ғалымдар зеттеу жүргізген. Жақынғы жылдардағы маңызды зеттеулерден М.Жолшаева мен Чжан Динджин қатарлы ғалымдардың зеттеулерін атауымызға болады. М.Жолшаева қалып етістіктері заттың кеңістіктегі қозғалысқа қарама-қарсы қандай да бір көлденең немесе тік қалыпта орналасуды, амал-арекетті және қозғалысты, созылыңқықты білдірумен бірге, осы шақты білдіру семалары барын айта келіп, осы семалардың ішіндегі қалыпты білдіру мен созылыңқықты сема қалып етістігінің мағыналық негізін құрайды дейді (Жолшыбаева, 2011а: 268). Чжан Динджин «Қазіргі қазақ тілінің практикалық грамматикасы» атты еңбегінде бұл көмекші етістіктердің негізгі грамматикалық мағынасы қимылдың өту сипатын білдіру және сөйлемде басқа элементтермен бірге келіп, сөйлемге модальдық мағына үстеу дейді (Чжан Динджин, 2018: 960-970).

Қазақ тіл біліміндегі бұл төрт көмекші етістікке байланысты зерттеулерге үңілгенімізде, олардың грамматикалық дамудың нәтижесінде

пайда болғанын, шақ, қимылдың өту сипаты, модальдылық сияқты категориялармен байланысып жатқандығын байқауға болады. Көмекші етістіктердің грамматикалық семантикасы бұрын-соңды зерттелмей келе жатқан мәселе емес. Мұндағы мақсат, бұл төрт көмекші етістіктің әр қайсысының өзіне тән ерекшеліктерін байқау. Сондықтан, мақалада қалып етістіктерінің бірі – тұр көмекші етістігін зерттеудің обеьктісі етіп алып, тұр көмекші етістігінің қазіргі қазақ тіліндегі жетекші етістіктермен тіркесімділік қабылетін және грамматикалық семантикасын жан-жақтылы зерттеу көзделеді.

Зерттеудің міндеттері. Біріншіден, тұр етістігінің жетекші және көмекшілік ерекшелігіне тоқталу. Екіншіден, тұр көмекші етістігінің *-а\-е\-й, -п\-іп\-ып, -ғалы\ -гелі\қалы\-келі* көсемше тұлғалы жетекші етістікпен тіркесу қабылетіне нақты материал арқылы талдау жасау. Үшіншіден, тұр көмекші етістігімен тіркесетін жетекші етістіктердің ерекшеліктеріне талдау жасау. Төртіншіден, тұр көмекші етістігі көсемше тұлғалы жетекші етістікпен тіркескенде аңғартатын қимылдың өту сипаты мағыналарын талқылау. Бесіншіден, тұр көмекші етістігі сөйлемде басқада тілдік элементтермен бірге келгендегі, сөйлемге үстейтін модальдылық мағынасына талдау жасау.

Материал және әдістемелер

Етістік сөз таптарының ішіндегі грамматикалық категорияға ең бай сөз табы. Етістіктің таза грамматикалық категорияларына сипат, шақ, рай, модаль категориялары жатады. Ал тұр көмекші етістігі шақ, сипат, модаль категорияларымен байланысып жатады. Сондықтан, тұр көмекші етістігінің грамматикалық мағынасына талдау жасамай тұрып, алдымен, осы категориялар туралы мәлімет бере кетуді жөн көрдік. Қазақ тілінде осы шақ үнемі қайталанып тұратын, дағдылы іс-әрекетті, ертеректе басталғанымен, әлі аяқтала қоймаған, жалғасып жатқан іс-әрекетті, сөйлеп тұрған кезде болып жатқан іс-әрекетті және заттың, нәрсенің қалпын, статистикалық күйін білдіреді. Осыған байланысты осы шақ нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ деп екіге бөлінеді. Нақ осы шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған кезде істеліп, болып жатқанын білдіреді. Нақ осы шақ жалаң және күрделі болып бөлінеді. Нақ осы шақтың жалаң түрі отыр, тұр, жатыр етістіктерінің жіктелуі арқылы, күрделі түрі етістіктің *-а\-е\-й, -п\-іп\-ып* көсемше тұлғаларының отыр, тұр, жатыр, жүр көмекші етістіктермен тіркесуі арқылы жасалады делініп жүр. Бірақ *тұр* көмекші етістігінің шаққа қатысы жоқ, жетекші етістікпен тіркесіп келіп, қимылдың қандай қалыпта болып жатқанын ғана білдіреді.

Қимылдың өту сипатын лат. aspect деп атайды. Қазақ тілінде бұл сөз көрініс, түр, сипат деп те аталады. Қимылдың өту сипатына қатысты білімдердің негізін салушы Комри, қимылдың өту сипатына былай деп анықтама береді: Aspects are different ways of viewing the internal temporal constituency of a situation (Комри, 1967: 3). Міне, бұдан қимылдың өту сипаты дегеніміз қимылдың уақытқа қатысты сипатын білдіретін морфологиялық, сөз жасамдық, синтаксистік, лексикалық, лексика-грамматикалық, т.б тілдік құрамдардың жиынтығы екендігін байқауға болады.

Етістіктер мен қимылдың өту сипаты арасындағы байланыс ертеден бері тіл ғылымы мамандарының назарын аударып келеді. Уақыт пен қимыл-әрекеттің байланысын негіз ете отырып, етістіктерді Уильям Крофт, Зено Вендлердің (1967) топқа бөлу негізінде: қалыпты білдіретін етістіктер (state), қозғалысы білдіретін етістіктер (activities), қимыл-әрекеттің аяқталуын білдіретін етістіктер (achievements), нәтижелікті білдіретін етістіктер (accomplishments), қайталамалы нәтижелікті білдіретін етістіктер (cyclic achievements) және жасалу үстіндегі нәтижелікті білдіретін етістіктер (runup achievements) деп алты топқа бөледі (Крофт, 2012: 2-25-27). Бұл топқа бөлудегі етістіктердің мағыналық ерекшелігіне талдау жасайтын болсақ, мұнда қимыл-әрекеттің басталу, аяқталу, жалғасуы, қайталауы, күшеюі, бағыттылығы, лезділігі, бұрыннан бар қалыпы және нәтижелігі негіз етілген. Қазақ тіл білімінде қимылдың өту сипаты дербес грамматикалық категория ретінде XX ғасырдың екінші жартысында зерттеле бастаған. М. Жолшаева қазақ тіліндегі аспектуалды семантиканың мазмұны мен формасына арнайы зерттеу жүргізіп, қалып етістіктерді көсемше тұлғалы негізгі етістіктерге тіркесіп, көмекшілік қызметте қолданғанда, негізінен аспектуалдық семантиканы білдіретінін айтады.

Етістік грамматикалық категорияларға, сонымен қатар, модальдылық реңктерге бай күрделі сөз табы. Модальдылық (лат.modalis модальды, лат. modus шама, тәсіл) айтылған пікірдің шындық болмысқа, сонымен бірге оған сөйлеушінің әр түрлі субъективтік бағасын

білдіретін функционалдық, семантикалық категория (Қалиев, 2012:188). Модальдылық объективті және субъективті модальдылық деп екіге бөлінеді. Объективті модальдылық ашық райдың үш шағында көрінетін реалды іс-әрекетті де, қалау, бұйрық, шартты райлар формасымен қажеттілік, тілек, күмән тәрізді модаль мәнді сөздер арқылы білдіретін ирреалды іс сапаны да білдіреді. Субъективті модальдылыққа сөйлеушінің сөйлемде айтылған ойды құптауы, құптамауы, сенуі, жорамалдауды, т.б белгілері күшейту, экспрессивті бағалау тұрғысында беріледі. Сөйлемдегі модальдылықтың негізгі көрсеткіштері рай категориясы, модаль сөздер мен демеулер болады. Бірақ функционалды грамматикада модальдылық мәселесі мен көмекші етістіктердің қатысы да зерттеу обьектілерінің бірі болып табылады.

Мақалада «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2011) негізінде *тұр* жетекші етістігінің лексикалық мағынасына талдау жасалады. «Қазақ тіліндегі етістікер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігінен» (Құралұлы, 2008: 4-246) 5000 жетекші етістікті алып, оларға *-а\-е\-й, -п\-іп\-ып, -ғалы\-гелі\-қалы\-келі* тұлғалы көсемшенің қосымшаларын жалғап, *тұр* көмекші етістігімен тіркесімділік қабылеті нақты сандық мәлімет арқылы көрсетіледі. Қазіргі таңда қолданылып жүрген функционалды грамматиканың теориялық негіздері арқылы *тұр* көмекші етістігінің грамматикалық семантикасы яғни қимылдың өту сипатына қатысты әртүрлі мағыналық ерекшелікері мен тұлғасына ішкерлей талдау жасап, сөйлемге үстейтін модальдылық мағыналары мен қалыптасқан формалары көрсетіледі.

Әдебиеттерге шолу

Етістік категорияларының ішінде көмекші етістік функционалды көмекшілер тобына жатады. *Тұр* жетекші етістігінің төмендегідей лексикалық мағыналары бар. 1. Аяғын тік басып, бір орында болу. 2. Отырған орнынан көтерілу. 3. Белгілі бір жерді мекендеу, өмір сүру; болу. 4. Ұйқыдан оянып, төсегінен басын көтеру. 5. Белгілі бір сөздермен тіркесіп келіп, түзілу, жасалу, құралу мағыналарын білдіреді. 6. Кейбір сөздермен тіркесе айтылып орналасу, жайласу мағынасын білдіреді.7. Бөгелу, тоқтау, кідіру. 8. Болу, бар болу (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 484). Ал *тұр* көмекші етістік қызметін атқарғанда, көсемше тұлғасында келген жетекші етістіктермен тіркесіп, оларға әртүрлі грамматикалық мағына үстейді. *Тұр* көмекші етістігі туралы зерттеулер әдетте *жат (жатыр), отыр, жүр* көмекшілерімен бірге қарастырылады.

М. Оразов «Қазақ тіліндегі қалып етістіктер» атты еңбегінде түркі тілдеріндегі қалып етістіктерінің қолдану жиілігі мен аясы бір дәрежеде емес, қазақ тілінде бұл төрт етістік шақтық мағына береді, бірақ оларды бірінің орнына бірін қолдана беруге болмайды, кез келген контексте синоним бола алатын да сөздер емес дейді (Оразов, 1980: 31). Дегенмен, дәстүрлі грамматикада яғни жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ тілі» оқулықтарында көбінесе бұл төрт етістікті осы шақ категориясымен бірге қарастырып, нақ осы шақ мағынасын береді делініп жүр (Бектұров, 2006: 129).

А. Ысқақов «Морфология» атты еңбегінде көмекші етістіктер мен аналитикалық формант-тарға талдау жасап, «*-п тұр* форманты жетекші етістікке қимыл-амалдың өзгеріссіз, бір қалыппен я үнемі болатынын немесе дағдылы бір қалыптағы күйін аңғартатын рең қосады. Ал *-й тұр* форманты жетекші етістікке амалдың белгілі бір мезетке дейін жалғаса беруін я істеле беруін білдіретін мағына үстейді дей келіп, амал-әрекеттің даму кезеңін, өту сипатын білдіруге дәнекер болады» деп тұжырымдайды (Ысқақов, 1991: 261-265).

Ы. Маманов *тұр* көмекші етістігі мен *отыр, жат, жүр* көмекші етістіктерін қимылдың созылыңқығын білдіретін көмекші етістіктер тобына жатқызады (Маманов, 2014: 73). М. Жолшаева «Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика» деген еңбегінде қалып етістіктерді профессор М. Оразовтың етістіктерді лексика-семантикалық топтарға жіктеу негізінде, әрбір қалып етістіктерінің тіркесімділігіне тоқталады. «*Тұр* көмекші етістігі сөйлеу, эмоционалды қарым-қатынас, субъективті ойлау, сезіну, амал-әрекет, қалып-сапа, қозғалыс, дыбыс-сес, бейнелеу және табиғат құбылыстарына қатысты жетекші етістіктермен тіркеседі, тек өсіп-өну етістікерімен тіркеспейді. *Тұр* көмекші етістігі көсемше тұлғасында келген жетекші етістік білдіретін қимылдың жасалу кезеңінде екендігін, қимылдың созылыңқығын, қимылдың жол-жөнекей, немқұрайды, дағдылы қайталануын білдіреді» дейді (Жолшаева, 2011б: 135-137).

Чжан Динджин «Қазіргі қазақ тіліндегі көмекші сөздер» деген еңбегінде қазақ тіліндегі көмекші сөздерді 6 топқа бөліп, көмекші етістіктерді көмекші сөздердің тобына жатқызады. «Әрі *тұр* көмекші етістігі созылыңқы

сипат мағынасын білдірумен бірге, басқа да грамматикалық мағыналар береді» дейді (Чжан Динджин, 2002: 268-292).

Тұр көмекші етістігінің басқа да түркі тілдерінде сәйкесті формасы бар, әрі олардың да өздеріне тән зерттеу бағыттары мен көзқарастары қалыптасып үлгірген. Мысалы, ұйғыр тілінің маманы Литив Тохути «Қазіргі ұйғыр тілінің референттік грамматикасы» атты еңбегінде *тұр* көмекші етістігін созылыңқы сипат көмекші деп атайды (Тохути, 2012: 210). Ал Акму Сяньмуси *тұр* көмекші етістігі ағылшын тіліндегі *be* формалы көмекші етістікке (copula) ұқсас қызмет атқарады деген байымдауларды айтады (Сяньмуси, 2016: 23). Жалпы түрік тілдерін зерттеуші, профессор Ларс Юхансон «Түрікі тілдері» деген еңбегінде түрік тілдеріндегі жетекші етістік пен көмекші етістіктердің тіркесіне тоқталып, соңындағы көмекші етістік лексикалық мағынасынан айырылып, жетекші етістікке грамматикалық мағына үстейді. Өзбек тілі *yiylab yubar-* (жылай бастау), ұйғыр тілі *oqup kör-* (оқып көр), түрік тілі *yazip dur-* (жазып тұр) деген мысалдарда көмекші етістік алдындағы жетекші етістік білдіретін қимыл-әрекеттің созылыңқы не созылыңқы емес екенін, қайталану не қайталанбауын, қысқа мезетте орындалу-орындалмауын білдіреді дейді (Юхансон, 2006: 42).

Нәтижелер мен талқылар

Міне, жоғарыдағы байымдаулардан *тұр* көмекші етістігіне қатысты алғашқы зерттеулер оны шақ категориясымен байланысты деп келсе, соңғы қазақ тілі мен түрік тілдеріндегі зерттеулер оның негізінен қимылдың өту сипатын білдіреді деп қарайтынын, деседе, қазақ тіліндегі *тұр* етістігінің грамматикалық семантикасы тек сипат категориясымен ғана байланысты емес, модальдылық мағынаны беруге де қатысатынын, *тұр* көмекші етістігі туралы зерттеулердің әлі күнге дейін түбегейлі емес екендігін, әліде ішкерілей зерттеуді қажет ететіндігін көріп алуға болады. Сондықтан, *тұр* көмекші етістігінің жетекші етістікпен тіркесімділігі мен грамматикалық семантикасын терең зерттеу үшін, мақалада алдымен *тұр* етістігінің көсемше тұлғасында келген жетекші етістікпен тіркесу қабылетін тексеру мақсатында «Қазақ тіліндегі етістікер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігінен» (2011) бес мыңға жуық негізгі етістікке, көсемшенің *-а\-е\-й, -п\-іп\-ып, -ғалы\ -гелі\-қалы\-келі* қосымшаларын жалғап, *тұр* көмекші етістігімен тіркесімділігіне тексеру жүргізгенімізде, *тұр* көмекші етістігі жалпы 1680 жетекші етістікпен тіркесіп келген, оның ішінде *тұр* етістігінің *п\-іп\-ып* көсемше тұлғалы жетекші етістікпен тіркесу жиілігі ең жоғары (барлығы 1192 жетекші етістікпен тіркескен), ал, *-ғалы\ -гелі\ -қалы\-келі* көсемше тұлғалы жетекші етістікпен тіркесу жиілігі екінші орында болған (барлығы 389 жетекші етістікпен тіркескен). Салыстырмалы түрде айтқанда, *а\-е\-й* көсемше тұлғалы жетекші етістікпен тіркесімділігі ең төмен болған, не бәрі 64 жетекші етістікпен тіркескен. Нақты санды мәлімет төмендегі 1-суретте көрсетілгендей:



1-сурет – *п\-іп\-ып,а\-е\-й, ғалы-гелі\-қалы\-келі* тұлғалы жетекші етістіктерімен тұр көмекші етістігінің тіркесімділігі

Жоғарыдағы нақты санды мәліметтен *тұр* көмекші етістігі негізінен *п\-іп\-ып* көсемше тұлғалы жетекші етістіктермен тіркесіп келетінін байқауға болады. Енді *тұр* көмекші етістігі қандай ерекшелігі бар жетекші етістіктермен тіркеседі деген сұрауға келсек, қалып етістіктерінің жетекші етістіктермен тіркесімділігіне қатысты зерттеулер көбінесе етстіктің лексикалық топтарымен болған тіркесімділігін тегіз етеді де, *тұр* көмекші етістігі тек өсіп-өну етістігінен тыс, етістіктің барлық лексикалық топтарымен тіркеседі де-

ген тұжырым айтылады. Бірақ өсіп-өнуге байланысты етістіктіктермен тіркесетін жағдай да кездеседі. Мысалы, *қорада сиыр туғалы тұр* деген сөйлемде, ту етістігі өсіп-өнуге байдланысты әрі қимылдың нәтижесін білдіріп, бұл тіркесте енді басталғалы тұрған, бірақ әлі орындалмаған қимылды білдіргендіктен, *тұр* көмекші етістігі тіркесіп келіп тұр. Дегенмен мұндай етістіктердің саны көп емес. Мақалада зерттеуге тіркескен *тұр* көмекші етістігімен тіркесетін жетекші етістіктердің ортақ ерекшелігіне талдау барысында, жетекші етістіктің лексикасында қимыл-әрекеттің созылыңқы болуы, қайталануы, бір қалыпты дамуы, орындалу барысының болуы сияқы ерекшеліктері маңызды рөл атқарады. Мысалы, *біліп тұр, ән айтып тұр, келіп тұр* деген тіркестерде, *біліп тұр* бір қалыпты білдірсе, *ән айтып тұр* дегенде айту қимылының жалғасып жатқанын, ал *келіп тұр* дегенде келу қимылының үздік-создық қайталанып жалғасатынын білдіреді. Ал *ол өлді, мен жеңдім, аяғым сынды* деген тіркестердегі етістік *өл, жең, сын* қимыл-әрекеттің нәтижесін білдіретіндіктен, олардың соңынан *тұр* көмекші етістігі келмейтінін байқаймыз. Міне бұдан *тұр* көмекші етістігі барлық етістікпен дерлік тіркесе бермейтінін, оның тіркесімділігі жетекші етістік білдіретін қимыл-амалдың лексикалық мағынасында қимылдың созылыңқы болуы, қайталануы, қимылдың нәтижелі болмауы, бір қалыпта дамуы, орындалу барысы сияқты ерекшеліктерге байланысты екенін байқауға болады. *Тұр* көмекші етістігі өзі тіркесетін жетекші етістікке және сөйлемге төмендегідей грамматикалық мағыналар үстейді.

Біріншіден, қимылдың өту сипатын яғни созылыңқы сипатты білдіреді.

1) (Созылыңқы іс-қимыл, амал-әрекетті білдіретін) жетекші етістік *-п\-іп\-ып тұр* формасында келіп, іс-қимыл амалдың белгілі мерзім ішінде жалғасын тауып, созылыңқы болып жатқанын білдіреді. Мысалы, *олар сезіп тұр, теледидар қойылып тұр.* Бұл мысалдарда *тұр* көмекшісі сезу және қойылу қимылының жасалу үстінде екенін әрі жалғасып жатқанын, созылыңқы қалыпын білдіріп тұр.

2) (Қайталанатын іс-қимыл, амал-әрекетті білдіретін) жетекші етістік *-п\-іп\-ып тұр* формасында келіп, іс-қимыл амалдың белгілі мерзім ішінде қайталануын білдіреді. Мысалы, *біздің үйге келіп тұрыңыз. Бұл жерде көктемде боран соғып тұрады.* Бұл екі сөйлемде келу және соғу қимылы бір қалыпта жалғаспағанымен, ұдайы қайталанатынын білдіреді.

3) (Қысқа мерзім ішіндегі іс-қимыл, амал-әрекетті білдіретін) жетекші етістік *-п\-іп\-ып* немесе *-а\-е\-й тұр* формасында келіп, іс-қимыл амалдың қайталануын білдіреді. Мысалы, *көлігіңізді беріп тұрсаңыз? Әкем қазір келеді, сіз күте тұрыңыз.* Бұл сөйлемдерде беру және күту қимылы тек шектеулі қысқа уақыт ішінде болатынын білдіреді.

4) (Қысқа мерзім ішіндегі іс-қимыл, амал-әрекетті білдіретін) жетекші етістік *а\-е\-й тұр* формасында келіп, іс-қимыл, амалдың алдын ала жоспармен емес, қысқа мерзім ішіндегі жолжөнекей, немқұрайды жасалғанын білдіреді. Мысалы, *олар келгенше, біздің үйге бара тұр. Жаңбыр тоқтағанша, кітап оқи тұр.* Мұндағы бару қимылы олар келгенше, оқу қимылы жаңбыр тоқтағанша, яғни шектеулі қысқа мерзім ғана жалғасуын білдіреді. (Созылыңқы не нәтижелі іс-қимыл, амал-әрекетті білдіретін) жетекші етістік *-ғалы\-гелі-қалы\-келі тұр* формасында келіп, іс-қимыл амалдың басталу үстіндегі кезеңін білдіреді. Мысалы, *олар кеткелі тұр. Үй құлағалы тұр.* Бұл мысалдардағы кету және құлау нәтижелі қимыл болғанымен, соңынан *-келі\-қалы тұр* келіп, қимылдың орындалуға аз қалғанын, бірақ әлі басталмағанын, басталу алдында тұрғанын білдіріп тұр.

Екіншіден, сөйлемде өзінің тұрақты формалары қалыптасып, сөйлемге белгілі бір модальдылық мағынаны үстейді.

Сабақтас құрмалас сөйлемде бағыныңқы сыңарының баяндауышы *-п\-іп\-ып* немесе *а\-е\-й тұрып* формасында келіп, алдыңғы бағыныңқы сөйлемдегі жағдай шындық екенін, соңғы басыңқы сөйлемдегі жағдай онымен қайшы келетіндіктен, сөйлеуші оны орынсыз деп білетінін аңғартады. Мысалы, *менде ақша жоқ екенін біліп тұрып, сен төле дейсің бе? Өзің бастық болып тұрып, кетіп қалсаң болмайды.*

Сөйлем соңында ... *да\де тұрады* формасында келіп, белгілі бір іс-қимыл амалдың сөйлеушінің еркінен тыс болғандығын яғни өзі меңгере білмейтін жағдайда болып жатқандығын білдіреді. Мысалы, *қарным ашады да тұрады. Ұйқым келеді де тұрады*.

Қорытынды

Тұр көмекші етістігі дыбыстық жақтан өзіне сәйкес келетін жетекші етістік формасы бар, грамматикалық дамудың нәтижесінде лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық қызметке өткен, грамматикалық мағынасы мол көмекші етістіктердің бірі.

Зерттеушілер алғашқы зерттеулерде оны шақ категориясымен байланыстырса, кейін оның шақ ұғымымен қатсы жоқ екені дәлелденіп, көбінесе *п\-ip\ып, а\-е\-й, ғалы\-гелі\-қалы\-келі* тұлғалы жетекші етістіктің соңынан келетіні белгілі болды. Сонымен бірге, оның *-п\-ip\-ып, а\-е\-й, -ғалы\-гелі\-қалы\-келі* тұлғалы жетекші етістікпен тіркесімділігін тексергенімізде, ол жиыны 1680 жетекші етістікпен тіркесіп келген. Мұның ішінде *п\-ip\-ып* тұлғалы жетекші етістікпен тіркесімділігі ең жоғары болған. *Тұр* көмекші етістігімен тіркесетін жетекші етістіктердің ортақ ерекшелігі, олардың лексикалық мағынасында созылыңқық, қалыптық, бір қалыпты даму, қайталану және қимылдың орындалу барысы сияқты мағыналарының болуы шешуші рөл атқарады. *Тұр* көмекші етістігі *-а\-е\-й, -п\-ip\-ып, -ғалы\-гелі\-қалы\-келі* тұлғалы жетекші етістікпен тіркесіп келіп, іс-қимыл амалдың белгілі ұзақ не қысқа мерзім ішінде жалғасын табуын, созылыңқығын, қайталануын, жол-жөнекей, немқұрайды жалғасуын, басталу үстіндегі кезеңін білдіреді. Сабақтас құрмалас сөйлемде *-п\-ip\-ып* немесе *-а\-е\-й тұрып* формасында келіп, алдыңғы бағыныңқы сөйлемдегі жағдай шындық екенін, соңғы басыңқы сөйлемдегі жағдай онымен қайшы келетіндіктен, сөйлеуші оны орынсыз деп білетінін аңғартады. Бұлардан тыс, ... *да\де тұрады* формасында келіп, белгілі бір іс-қимыл амалдың сөйлеушінің еркінен тыс болғандығын яғни өзі меңгере білмейтін жағдайда болып жатқандығын білдіреді. Яғни сөйлемдерге сәйкесті модальдылық мағынаны да үстейді.

Әдебиеттер

Акму. Сянмуси. Ұйғыр тілі лексика жүйесінің етістік құрылымы туралы зерттеу. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2016. – 23 б.

Бектұров Ш. К. Қазақ тілі. – Алматы: Атамұра. – 2006. – 129 б.

Жолшаева М. Аспектуалды семантика: Форма және мазмұн: филол. ғыл. докт. ...дис.: 10.02.02. – Алматы: 2011. – 268 б.

Жолшаева М. Қазақ тіліндегі етістіктер және Аспектуалды семантика. – Алматы: 2011. – 135-137 бб.

Комри, Б. Аспект. Кембридж: Кембридж университет баспасы. –1967. – 3 б.

Крофт, Виллиан. Етістіктер: Аспект және себеп-салдарлық құрылым. – Ұлыбритания: Оксфорд университет баспасы. 2012. – Б. 2, 25, 27.

Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б. 494, 534, 536.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі –14-том. – Алматы: Арыс, 2011. – 428 б.

Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы: Фирма Орнак, 2012. – 188 б.

Құралұлы А. Қазақ тіліндегі етістікер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Өнер, 2008. – Б. 4, 246.

Литив Тохути. Қазіргі ұйғыр тілінің референттік грамматикасы. – Бейжің: Қытай әлеуметтік ғылымдар баспасы, 2012. – 210 б.

Маманов Ы. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 73 б.

Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктер. Алматы: Мектеп, 1980. – 31 б.

Чжан Динджин. Қазіргі қазақ тіліндегі көмекші сөздер. – Бейжің: Минзу баспасы, 2002. – 286 б.

Чжан Динджин. Қазіргі қазақ тілінің практикалық грамматикасы. – Бейжің: Орталық ұлтар университеті баспасы, 2018 – Б. 960, 970.

Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфлогия. – Алматы, 1991. – 261-265 бб.

Юхансон Л. – Ксато Е. А. Түркі тілдері. – Лондон және Нью-Йорк: Рутлеж, 2012. – 42 б.

References

Akmu Senmusi (2016) Wei Wu Er Yu Biao Yu Xi Dong Ci Jie Gou Yan Jiu [The Predicative Copula Structure of Uyghur]. Beijing: Ethnic Publishing House, p. 23. (in Chinese)

Bekturov Sh. K. (2006) Qazaq tili [Kazakh language]. Almaty: Atamura, p. 129. (in Kazakh)

Comrie, B. (1967) Aspect. Cambridge: Cambridge University Press, p. 3. (in English)

Croft, Willian (2012) Verbs: Aspect and Causal Structure. UK. Oxford University Press, pp. 2-25-27. (in English)

Qazaq adebi tili sozdigi, 14-tom [Dictionary of the Kazakh literary language, volume 14]. (2011). Almaty: Arys, p. 428. (in Kazakh)

Iskakov A. (1991) Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language]. Morphology. A.: pp. 261-265. (in Kazakh)

Johanson, Lars & Eva A. Csato (2006) The Turkic Languages, London and New York: Routlege, p. 42. (in English)

Kaliyev G. (2012) Til bilimi terminderining sozdigi [Dictionary of linguistic terms]. Almaty: Firma Ornak, p. 188. (in Kazakh)

Qazaq gyramanikasy [Kazakh grammar]. (2002) Astana, pp. 494, 534, 536. (in Kazakh)

Kuraluly A. (2008) Qazaq tilindegi etistikter men soz tirkesterining tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of verbs and phrases in the Kazakh language]. Almaty: Oner, pp. 4-246. (in Kazakh)

Lytif Totti (2012) Xian dai Wei wu er yu Can kao Yu Fa [Modern Uyghur reference grammar]. Beijing: China Social Sciences Press, p. 210. (in Chinese)

Mamanov Y. (2014) Qazaq til bilimi maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: Abzal-Ai, p. 73. (in Kazakh)

Orazov M. (1980) Qazirgi qazaq tilindegi qalyp etistikter [Form verbs in the modern Kazakh language]. Almaty: Mektep, p. 31. (in Kazakh)

Zhang Dingjing (2002) Xian Dai Ha Sa Ke yu Xu Ci [Modern Kazakh function words]. Beijing: Nationalities Publishing House, p. 286. (in Chinese)

Zhang Dingjing (2018) Xian Dai Ha Sa Ke Yu Shi Yong Yu Fa [Practical Grammar of Modern Kazakh]. Beijing: Minzu University of China Press, pp. 960-970. (in Chinese)

Zholshaeva M. (2011) Aspektwaldy sementika□Forma zhane mazmun [Aspectual semantics: Form and content]: philol. PhD thesis : 10.02.02. Almaty. p. 268 (in Kazakh)

Zholshaeva M. (2011) Qazaq tilindegi etistikter zhane aspektwaldy sementika [Verbs in the Kazakh language and aspectual semantics]. Almaty. pp. 135-137. (in Kazakh)

ҒТАМР 16.21.31 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.06

Ә.Ә. Бияздықова

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: biyazdykova@mail.ru

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ОРЫНБОР МЕКТЕБІНДЕ БІЛІМ АЛУЫ

Мақала Ахмет Байтұрсынұлының Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебінде білім алуындағы белгісіз беттерді сараптауға, білім берген ұстаздарының есімдерін және оқыған пәндерін анықтауға арналған. Олардың А. Байтұрсынұлының болашақтағы қазақ тілінің ұлы реформаторы, ұлт қайраткері, әдебиетші-тілші-ғалым болып қалыптасуына негіз болғандығы айғақталады. Зерттеудің мақсаты да ұлы қайраткер дүниетанымындағы «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деген киелі қағиданың пайда болып, оның дамуына, жүзеге асуына себепші болған сабақ берген ұстаздары, білім алған пәндері мен араласқан адамдарының ықпалы қаншалықты дәрежеде болғаны анықталады. Шетелдік және отандық зерттеушілердің талдаулары мен тұжырымдарынан деректер келтіріле отырып, А. Байтұрсынұлының Орынбор мектебінде білім алуы нақты мысалдармен дәлелденеді. Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебінің тарихы, мектепті басқарған меңгерушілер, пән мұғалімдері туралы тың пікірлер айтылады. Сонымен қатар Ресей құрамына кірген халықтардың тілін, мәдениетін орыстандыру саясатына қызмет еткен А.В. Васильев, А.И. Тарнавский, Н.И. Ильинский сынды миссионерлердің еңбектері талданады. Олардың Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебіндегі қызметі мен еңбек жолдары жайлы тың деректер айтылады. Сондай-ақ мақалада талданатын барлық тарихи, тілдік деректер А. Байтұрсынұлының кейінгі ғылыми еңбектерімен салыстырыла талданып, нақты тұжырымдармен дәйектеледі. Мақаланың ғылыми және практикалық маңыздылығы А. Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын, туындыларын зерттеушілер үшін құнды.

Түйін сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебі, төте жазу, әдебиеттану, тіл білімі, латын графикасы.

A.A. Biyazdykova

Kazakh National Academy of Arts named after T. Zhurgenov, Kazakhstan, Almaty
e-mail: biyazdykova@mail.ru

A. Baitursynov's education at Orenburg school

The article examines information, unknown to a wide audience about Akhmet Baitursynov's education at the Orenburg Russian-Kazakh Teacher's School, his teachers and the subjects studied by him, as well as their role in shaping the personality of the great reformer of the Kazakh language, a figure of a great nation, a literary critic, a linguist. The purpose of the study was to determine the influence of teachers, disciplines and people involved in the development and implementation of the sacred principle of the great figure "The people live for today, and I live for the future generation". Citing the analyses and conclusions of foreign and native researchers, the author of the work proves by concrete examples that A. Baitursynov was educated at the Orenburg school. The history of the Orenburg Russian-Kazakh Teacher's School, directors who led the school, subject teachers are discussed. The works of such missionaries as A.V. Vasilyev, A. I. Tarnavsky, N. I. Ilyinsky, who served in the policy of Russification of the language and culture of the people who became a part of Russia, are also analyzed. New facts about their work and career in the Orenburg Russian-Kazakh teacher's school are being investigated. Also, all the historical and linguistic data analyzed in the article are compared with A. Baitursynov's subsequent scientific works and are confirmed by concrete conclusions. The scientific and practical significance of the article is of value to researchers of A. Baitursynov's life and creative work.

Key words: A. Baitursynov, Orenburg Russian-Kazakh Teacher's School, writing, literary studies, linguistics, Latin alphabet.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

А.А. Бияздыкова
Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова, Казахстан, г. Алматы
e-mail: biyazdykova@mail.ru

Образование А. Байтурсынова в Оренбургской школе

В статье рассматриваются неизвестные широкой аудитории сведения об обучении Ахмета Байтурсынова в Оренбургской русско-казахской учительской школе, его педагогах и предметах, изучаемых им, а также их роль в формировании личности великого реформатора казахского языка, деятеля великой нации, литературоведа, ученого-лингвиста. Целью исследования было определить влияние преподавателей, дисциплин и людей, причастных к разработке и реализации сакрального принципа великого деятеля «Народ живет сегодняшним днем, а я для будущего поколения». Приводя анализы и выводы зарубежных и отечественных исследователей, автор работы на конкретных примерах доказывает получение образования А. Байтурсыновым в оренбургской школе. Обсуждается история Оренбургской русско-казахской учительской школы, директора, руководившего школой, учителей-предметников. Также анализируются труды таких миссионеров, как А.В. Васильев, А.И. Тарнавский, Н.И. Ильинский, служивших в политике русификации языка и культуры народов, которые вошли в состав России. Исследуются новые факты об их работе и карьере в Оренбургской русско-казахской учительской школе. Также все анализируемые в статье исторические и лингвистические данные сопоставляются с последующими научными работами А. Байтурсынова и подтверждаются конкретными выводами. Научная и практическая значимость статьи представляет ценность для исследователей жизни и творчества А. Байтурсынова.

Ключевые слова: А. Байтурсынов, Оренбургская русско-казахская учительская школа, письменность, литературоведение, языкознание, латиница.

Кіріспе

Қазақ халқының қоғам қайраткері, ағартушы, тілші ғалым, әдебиеттанушы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтіп, мерекеленіп жатыр. Қазақ халқы үшін ұлт ұстазына айналған ұлы тұлға есімі бүгінде тек Қазақстанмен шектеліп қалмаған. Түркі халықтары мен Ресейдің өзіне XX ғасырдың басында-ақ танымал болып үлгерген ол батыс ғалым-ғұламаларының арасында білімі терең, жан-жақты дамыған тілші әрі әдебиетші ғалым ретінде мойындалған.

Ахмет бала кезінде, яғни 1882-1884 жылдар аралығында ауыл молдасынан мұсылманша сауат ашқан (Дулатов, 1922). А.Байтұрсынұлы өз «Өмірдерегінде» де: «1882-1884 жылдар аралығында сол кездегі сауаты бар адамдардан үй жағдайында, кейде ауыл мектебінде қазақша сауат аштым» дейді (Байтұрсынұлы, 2013а: 37). Ғалымның өзі айтқан «қазақша сауат ашу» – X ғасырдан бері түркі халықтарында қолданылып келген араб графикасы, яғни арабша жазу. Қазақ сөздері, мәтіндері, жеке туындылар осы араб графикасымен жазылған. Ахмет Байтұрсынұлы кейін осы араб графикасын негізге ала отырып, қазақтың төл әліпбиін жасап шықты.

Молданы шақырып, үйде бала оқыту қазақ отбасыларында кеңінен таралған. Нақтырақ айтқанда, үйде білім алу. Үйде білім алу – мектаб немесе мектеб деп аталды. Сол кездерде бұлардың екі түрі болған: стационарлық, яғни, ауқатты байлар молдаларды мұғалім ретінде шақырып, бала оқыттырған; екіншісі – жылжымалы шаруашылықты жүргізудің көшпенділік әдісіне негіздеп бала оқыту. Шамалауымызша, жас Ахмет жылжымалы мектепте оқыған, себебі естелігінде оларды көпше түрде «сол кездегі сауаты бар адамдардан» деп көрсетеді (Байтұрсынұлы, 2013а: 37). Молда-мұғалімдер оқушылардың ата-аналарының есебінен күн көрген. Оларда ешқандай оқыту бағдарламасы болмаған. Молда-мұғалімдердің де арасында сауаттылары және қалай оқыту керек екендігін білмеген дүмше молдалары да болды. Молдалардың көбі татар ұлтынан болды. Олардың барлығына дерлігі балаларға араб алфавитін, Құран сүрелері мен аяттарын жаттатқызған.

1885 жылы Ахметтің отбасы қайғыға ұшырайды. Әкесі ағаларымен бірге уезд басшысына және беделді офицерге (сардарға) қарсы күреске шығып, түрмеге жабылады. Осы оқиғаның салдарынан 1886 жылы әкесіне, ағалары мен жолдастарына 15 жылдық каторгалық жұмыс деген үкім шығарылып, бүкіл мал-мүлкі тәркіленеді (Байтұрсынұлы, 2013а: 37). Ахметтің отбасы асыраушысыз және күндерін көрусіз қалады. Кейін Ахмет Байтұрсынұлы Семей түрмесіне жабылған кез-

де ұмытылмас осы қайғысы жайлы «Анама хат» өлеңінде: «Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам» деп жазады.

Ахметтің әкесінің Ерғазы есімді ағасы жазасын өтеп шыққан соң орыс тілін білу керек деген пікірмен өзінің інілері Аспандияр мен Ахметті мектепке оқуға береді. Себебі Ахметтің әкесі мен ағаларының сот үрдісі кезінде уезд басшысынан қорыққан аудармашы сотталушының сөздерін толық және нақты жеткізбеген. Осыдан барып, Ахаңның ағасы Ерғазы орыс тілін білу керектігін түсінеді. Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы 1886 жылы Торғай уезіндегі екі кластық орыс-қазақ училищесіне оқуға түседі.

Ахмет Байтұрсынұлы туралы зерттеулерде оның өмірбаянындағы дәл осы білім алған кезеңіне көп көңіл аударылмайды. Зерттеуші-авторлардың кейбіреулері Ахмет Байтұрсынұлы білім алған «Торғай уездік екі класстық орыс-қазақ училищесі» деген тіркестердегі «екі класстық» деген сөз тіркесін екі жылдық білім алу (кейбір мақалаларда солай деп жазылады да) деп ойлайды. Ондай қысқа мерзім оның өмірінде сондайлық қомақты із қалдыруы мүмкін емес. Сол кезде уездік училищелерде білім алу екі емес, алты жылдық болған. Бұл жайында Ахмет Байтұрсынұлының мұнда 1886-1891 жылдар аралығында оқығандығы туралы дәлел нақтылайды. I класстың оқу курсы 4 жылға созылған, сол себепті оқушылар онда екі бірізді бөлімге бөлінген; ал II класстың оқу курсы 2 жылға созылған. Әр класстар мен бөлімдерге арналған оқу материалдары қарапайымнан күрделіге қарай дамытылып беріліп отырған. Осындай оқыту жағдайында училищені бітірушілер курсты бітіргенге дейін аяқталған және жүйелі білім шеңберін алып шығады. Торғай орыс-қазақ училищесіндегі оқыту жүйесі өзіндік ерекшелігімен және икемділігімен ерекшеленді. Бұндағы оқу жарты жыл сайынғы семестрлік жүйені еске түсіреді.

Қазақтардың орысша білім алуы өздігінен бастау алмаған. Ресей патшасы Александр II-ші 1864 жылдың 14 шілдесінде «Халықтық бастауыш училищелер туралы Жарлыққа» қол қояды. Ресейдегі бұл реформаны жасаған халық ағарту министрі А.В.Головнин болған. Халықтық мектептер туралы бұл Жарлық патша отаршылдығындағы ірілі-кішілі елдердегі бастауыш мектептердің жаппай пайда болуына әкелді. Бұл мектептің ресми атауы «Халық ағарту министрлігі ведомоствосындағы бір класстық халық училищесі» деп аталды. Кейін бір класстық деген атау екі класстық болып өзгереді. Бұл Ресей патшалығының орыстандыру саясатының ең негізгі құралы болды. Сөйтіп патша әкімшілігінің орыс емес халықтарды қинап орыстандыруы, исламмен күрес, педагог-миссионерлердің мұсылман мектептерін жауып, оның орнына қазақ-орыс мектептерін ашуға деген ниеттері осылайша басталған еді. Көптеген зерттеулерде қайталанғандай (қайталанады да) ондай мектептердің мақсаты – «отаршылдық әкімшілік» үшін ұлттық кадрларды даярлау болған (Галиуллина, 2012). Алайда күшпен ешкім өз балаларын орыс мектептеріне жазбаған. Ауылдан шығып, азаматтық қызметке талпынудағы ең жалғыз жол екендігін түсінген ата-аналар өздері таңдау жасаған.

Уездік (қалалық) училищелер бастауыш пен орта білім берудің аралығындағы звено болды. Түлектердің алдында мынадай таңдаулар болды: алғашқы класстық чин (кіші чиновник) дәрежесіндегі азаматтық қызметке түсу, гимназияда немесе шынайы училищеде оқуын жалғастыру немесе мұғалімдік институттың (мектептің) бірінші класына тапсыру. Ы.Алтынсарин негізін қалаған Торғай уездік екі класстық орыс-қазақ училищесін аяқтаған түлектердің ішінде Байқадам Қаралдин алғашқы жолды таңдады, ал Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы соңғысын таңдады. Сонымен қатар бұл мектепте ғалым-экономист, «Алаш» қозғалысының мүшесі Тел Жаманмұрынов, А.Байтұрсынұлының мұраларын зерттеуші Елдес Омаров білім алған. Ал 1891 жылы Қостанай екі класстық училищесін алғашқы қазақ журналы «Айқапты» жарыққа шығарған, жазушы, ақын, публицист Мұқаметжан Сералин үздік аяқтаған. Бұлардың бәрі Ы.Алтынсарин ашқан мектептердің түлектері болды (Encyclopedia of Modern Asia, 2002: 221).

Алашордашылардың балалық шағы XIX ғасырдың соңғы ширегінде Ресейдегі Ұлы реформалардың пайда болған уақытына дәл келді. 1864 жылы жарияланған ең алғашқы Мектептік деп аталатын білім берумен байланысты реформа империядағы, әсіресе Ресей құрамына кірген ұлттарға бастауыш білім беруге мықты серпін болды. Осыған орай Ахмет Байтұрсынұлының училищедегі білім алуы уақыт бойынша Торғай облысындағы алғашқы қазақ педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің белсенді қызмет еткен жылдарына (1864-1889), сонымен қатар В.В. Катаринский, А.В. Васильев, А.Е. Алекторов, И.И.Крафт секілді ағартушы чиновниктердің қызмет еткен уақыттарына сәйкес келді.

Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебіне келер болсақ, мектеп Ы.Алтынсарин бастамасымен 1883 жылдың 10 сәуірінде алдымен Орскіде ашылған. Бірақ одан кейін өрт шығуына байланысты 1889 жылы Орынборға, бұрынғы татар мұғалімдік мектебінің ғимаратына, нақтырақ айтқанда Орынбор шекара комиссиясы жанындағы қазақ балаларына арналған мектепке көшіріледі. Бір кезде мұнда Ы.Алтынсариннің өзі де білім алған және бүгінгі күні бұл ғимаратқа (Советская, 7) ескерткіш тақта орнатылған.

А. Байтұрсынұлының 1891-1895 жылдары білім алған уақыттары туралы бағалы дереккөз ретінде А.В.Васильевтің «Торғай облысындағы орысша білім берудің тарихи очеркі және оның қазіргі жағдайы» атты еңбегін атауға болады. Мұнда аталған мектепке жеке бір тарау арналған (Васильев, 1896: 192-205). Очерк 1896 жылы жарық көрді және онда дәл Байтұрсынұлы оқыған кезең туралы ақпарат беріледі. Оның есімі Торғай облысынан шыққан 14 түлектің ішінде аталады (Васильев, 1896: 195).

Оқуға тапсыратын сәтте Байтұрсынұлының жасы 19-да болған.

Мынадай құнды дерекке тоқталайық. Ол – М.Дулатұлының ғалымның 50 жылдық мерейтойына арнап, 1922 жылы жазған «Ахмет Байтурсунович Байтурсунов» атты биографиялық очеркі. М.Дулатұлы өз очеркінде: «Ахмет Байтұрсынұлы үлкен қиыншылықтармен және мұқтаждықпен Торғай училищесі курсын аяқтап, 1891 жылы оқуын жалғастыру үшін Орынборға баруды ойлайды. Ломоносов секілді А.Байтұрсынұлы да кездейсоқ жол тосушылармен бірге Орынборға жетеді де, қазақ мұғалімдер мектебіне оқуға түседі. Орынбордағы төрт жыл мен жыл сайынғы демалыстағы еліне оралу және Орынборға қайтадан қайту ол үшін қиын жағдайларда өтеді. Алайда А.Байтұрсынұлының өзінің тұрақты, шыдамды табиғаты материалдық қажеттіліктің жетіспеушілігі сынды кездескен қиындықтарға қарсы тұрып, «ептеп-септеп күн көре» отырып, ол 1895 жылы мұғалімдер мектебіндегі курсын аяқтайды» делінеді (Дулатов, 1922), (Arch Tait, 2022).

Міржақып Дулатұлы Байтұрсынұлының мұғалімдер мектебіне келуі туралы әңгімені «осымен Ахмет Байтұрсынұлының мектептегі білім алуы аяқталады. Ары қарай ол европа әдебиетін оқи отырып, өз бетімен білім алумен айналысады» деп аяқтай келіп, дәл оқуы туралы ешнәрсе жазбайды (Дулатов, 1922). Ал А.Байтұрсынұлының өз «Өмірдерегінде»: «Аталған училищенің курсын бітіргеннен кейін, Орынбор қазақ мұғалімдер мектебіне оқуға түстім, онда 1891-1895 жылға дейін оқыдым. Бұл мектепті бітіргендер 6 жыл мұғалім болып жұмыс істеуге міндетті» (Байтұрсынұлы, 2013а: 37) деген фактіні келтіріп қана кетеді. Сол себепті мақаланың мақсатында айтылғандай, Ахаң білім алған мектептегі оқу үрдісін көз алдымызға келтіру, қандай мұғалімдерден сабақ алғандығы және қандай пәндер оқытылғандығын қарастыру қажетпіз.

Материал және әдістер

Мәселені нақтырақ айқындау мақсатында жоғарыда аталған А.В.Васильевтің еңбегіне шолу жасайық. А.Байтұрсынұлы осы мектепке оқуға түскен жылдан бір жыл өткен соң, 1892 жылдан мектепте орыс балалары да оқи бастады. Осы кезден бастап оларға арнап оқу жоспарына Құдай Заңы және шіркеулік ән салу пәндері енгізіледі. Осы кезден бастап қазақ оқушыларының саны біртіндеп азая бастайды. Егер 1889 жылы мектепте 47 қазақ баласы оқыса, 1896 жылы 45 баланың жалпы санынан 30 болған, ал 1913 жылы 20 бала – барлығы 70 оқушы қалған. А.В.Васильевтің белгілеуіндей, «қазақ және орыс тәрбиеленушілері жалпы тату тұрды, орыстарды енгізу кейбір қазақтардың адамгершілік жақтан әлсіреуіне әкеп соқты деп анықтайды» (Васильев, 1896).

Бірақ Орынбор мұғалімдер мектебіндегі білім алу ақысыз болды, тәрбиеленушілердің күн көрісі қазыналық есептен бөлініп тұрды. Бюджеттен бөлінген 18113 рубль 15 тиын қаржы мұғалімдер құрамы мен тәрбиеленушілердің күнкөрісінің бір жылдық шығындарын құрады. Өндіріс пен оқушылардың жалпы күн көрісіне, – деп жазады Васильев, – мектепте әрқашан ең көп көңіл бөлінеді. Тек аптасына екі күн (сәрсенбі және жұма күндері) балық тағамдары, ал басқа күндері ет тағамдары дайындалды. Күні бойғы күн тәртібімен таныса отырып, тек сабақ барысы ғана емес, намаздармен (таңғы және кешкі) қоса, гимнастикалық жаттығулар, қол еңбегі мен ойындар өткізумен қатар, оқушыларды күніне бес рет тамақтандырып отырды. «Ақ нанмен» ішкен екі жеңіл шайдан басқа толыққанды таңғы ас, түскі ас және кешкі ас болды (Васильев, 1896: 194).

Сонымен қатар, А.В. Васильев өз еңбегінде жыл сайын мектеп пайдаланатын аз ғана қазыналық шәкіртақы берілгендігін айтады. Алайда бұл шәкіртақыға білім алушылар жақсы оқу, тәртіпті болу сынды жоғары талаптарға сай

болғанда ғана қол жеткізетіндігін ескертеді (Васильев, 1896: 193).

Тарихи деректерді талдай отырып, Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебіндегі оқыту қай тілде жүргізілді, қандай пәндер және ол пәндерден кімдер сабақ бергендігіне шолу жасайық. Татар мұғалімдер мектебі мен орыс мұғалімдер семинарияларына арналған бағдарлама бойынша оқыту орыс тілінде жүргізілді. Алтынсарин мектеп аша отырып, алғашқы кезекте педагогикалық ұжымды Н.И. Ильминскийдің миссионерлік Қазан мұғалімдер семинариясы түлектерінен жинақтады. Бірағымен де, А.В.Васильев атап көрсеткендей, «ерекше христиандық заң оқуға деген қажеттілік» тек қана мектепке орыс тәрбиеленушілерін ала бастаған кезден басталды, яғни бұл саясат 1892 жылдан бастау алған. Ал «мұсылмандық» сенімдегі мұғалім мектеп пайда болған сәттен бастап оқу мекемесінің штатында болды, бұл қызметті М.Баранқұлов атқарды. Қазақ тілі мектептің тек орыс оқушыларына ғана «сөйлеу және практикалық жолмен» оқытылды, және Васильев болашақ орыс-қазақ мектептерінің мұғалімдері үшін бұл тілді оқудың қажеттілігіне қатты көңіл бөлді (Васильев, 1896: 194), (R.Kindler, 2018: 237).

Мұғалімдер мектебінің қалыптасуынан бастап оның әр кезеңдерінде қазақ мұғалімдері сабақ берді: Бергали Бақтыкерейұлы Бақтыкереев, Ғұбайдулла Әлбекұлы Әлбеков, Төлеген Иманғазиұлы Иманғазиев және Батырша Сұлтанкерейұлы Есмұқанов (Моргунов, 2016). XIX ғасырдың 80-жылдары Орынбор қазақ мұғалімдер мектебіндегі оқытушылық қызметте Қазан университетінің түлегі, заңгер дипломын алған Сүйінішқалиев болды (Васильев, 1896: 143). Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін тәмамдаған П.Крылов есімді мұғалім тілдерді үйренуден сабақ берді. Сонымен қоса, ол Торғай облысы қазақтарының тұрмысын зерттеумен айналысты. Кейін ол Уфа губерниясындағы Қазан оқу округіндегі, Торғай облысы Пермь губерниясындағы мектабтар мен медреселерге қарайтын инспектор қызметін атқарды (Васильев, 1896).

Ахмет Байтұрсынұлына сабақ берген ұстаздарға келетін болсақ, болашақ ұлт қайраткеріне орыс тілінен 1884 жылдан осы мектепте жұмыс істеп келе жатқан екі педагог сабақ берді. Алғашқы екі сыныпта – Юркевич, ал үшінші-төртінші сыныпта – Шустиков, ол тарихтан да сабақ берді. Математика пәнінің мұғалімі Лебенский болды, география мен геометриядан Кирпишиков сабақ берді. Бұл сабақтармен қатар таза жазу және суреттен – Бочаров, гимнастикадан – Дорман деген мұғалімдер болды. Оқушылардың әртүрлі конфессионалды құрамының есебінен ән салу сабағын Федотов жүргізді. Ән салудан аптасына бір сабақ тек орыс оқушыларымен шіркеулік ән айту болса, екіншісі – қазақ балаларымен бірге салатын ән – дүнияуи ән болды. Басқа мұғалімдер семинариясында маңызды болып саналған бұл пәннің Орынбор мектебінде мұғалімнің еңбекақысы аз, яғни жылына 80 рубль ғана төленгендіктен бұған қатты көңіл бөлінбегендігін Васильев өз жазбасында уайыммен жазады (Васильев, 1896: 198). Васильевтің өзі Орынбор рухани семинариясында жұмыс істеген кезеңдерінде ән салған. 1894 жылы «мақсатына жетпей қалған» станокті шеберлік сабағының орнына қол еңбегі сабағын енгізеді және ол түстен кейін жүргізілді. Қол еңбегі сабағының бағдарламасына бақша жұмысы мен ауылшаруашылығы бойынша сабақтар енгізілді. Орынбор оқу округі қамқоршысының ходатайствосы бойынша қалалық Дума Орал өзенінің бойындағы босаған жерлерді Рухани семинарияға уақытша қолдануға береді.

Сонымен қатар, тағы да бір жаңадан практикалық медицинадан қысқаша мәліметтері бар тазалық курсы енгізіледі. Бұл курс III және IV класстарда 3 апталық сағат көлемінде жүргізілді. Орыс-қазақ училищесі мұғалімдерінің арнайы жағдайын ескере отырып, жергілікті жердегі тұрғындардарда ешқандай медициналық көмектің болмауы себебінен Орынбор мұғалімдер мектебі осы пәнді өзінің бағдарламасына енгізеді. Тәрбиеленушілер анатомия мен физиологияны өтеді, адамдарда кездесетін жалпы және жұқпалы аурулармен танысады, айырықша айтқанда, олардың таралу жолдары мен күресу амалдарын оқып танысты. Одан басқа оқушылар уланған кезде, газбен уланғанда, суға кеткенде және күн өткенде қандай алғашқы көмек көрсету керектігінің әдістерін үйренеді. Шешекті емдеу және шешекке қарсы егуге ерекше көңіл бөлінді. А.Байтұрсынұлы білім алған кезең аралығында бұл курсты, Н.А. Аделбаеваның жазуынша, мектеп емшісі емес, медицина докторы Атласов жүргізген дейді (Адельбаева, 2013).

Әдебиетке шолу

Бұл мақалада мектепті ұйымдастыру мен оның қызмет етуінде ерекше рөл атқарған оның инспекторы, кейін Орынбор губерниясындағы халық училищелерінің директоры болған

штаттық кеңесші Александар Иванович Тарнавскийдің еңбегін айтпай кетпеуге болмайды. Оның сан қырлы қоғамдық және саяси қызметі әлі де толық зерттелмеді. Ол сол кездегі халықтық училищелер жүйесін басқарушы В.И. Фармаковскийдің «бай мұмылмандардың жинаған қаржыларына мұғалімдер семинариясын» ашу туралы өтінішін алдыға тарта отырып, Алтынсариннің орыс-қазақ мұғалімдер мектебін құруына қолдау көрсеткен. Гимназияның, шынайы училищелердің, мұғалімдер семинариясының, қалалық және ауылдық екі класстық училищелердің дамымаған класстарына Тарнавский тамаша орыс жазушыларының шығармаларынан, оны портреттермен және көптеген суреттермен безендіре отырып, «Хрестоматия» құрастырып шықты. Ол Петербургте жарық көрді және бес рет қайтадан басылып шықты. Орынбор газеттерінің бірінде ол алдын ала мұғалімдерден сауалнама жинастырып, приходтық, қалалық және ауылдық училищелердің жұмыскерлерінің бюджеті туралы үлкен екі беттік мақала жариялайды. Мұғалімдер бюджетінің мардымсыздығының себептері туралы жасаған қорытындысы бүгінгі таңда да өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Тарнавский «Н.И. Ильинскийге хат» басылымына мақала жазады. Бірнеше жыл орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімі істерінің билеушісі болады. Орыс-жапон соғысы кезінде губернияның қалалары мен ауылдарын аралап, лекция оқиды. 1905-1907 жылдар аралығындағы революция кезеңінде «17 қазандағы Орынбор одағы» атты октябристер партиясындағы Орынбор бөлімі ұйымдастырушыларының бірі болды. (Купенова, 2013).

А.И. Тарнавский Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебіндегі инспекторлық, яғни директор қызметін 1891-1893 жылдары атқарды. Бұл мерзім А.Байтұрсынұлы оқыған жылдарға сәйкес келеді. Ол мектептегі оқу және тәрбие жұмысына көп жаңалықтар қосты. А.И. Тарнавскийдің қызықты бір шарасы туралы зерттеуші кездейсоқ біліп қалғандығын жазады: «Ресей мемлекеттік кітапханасы каталогынан «Орынбор қазақ мұғалімдер мектебі оқушыларының Мәскеуге сапары: мектеп инспекторы А.Тарнавскийдің алғысөзімен жазылған оқушылардың естеліктері мен әсерлері – Орынбор: Ефимовский–Мировицкийдің тип–әдеб. 1893. –63с.» Өкінішке орай, техникалық себептерге байланысты құжатты қарау уақытша жабық, сол себепті біз онымен таныса алмадық» – дейді автор (История западного отделения Алаш-Орды, 2012: 318-330). Егер бұл 1893 жылы болса, осы сапарға А.Байтұрсынұлы да қатысуы мүмкін. Кешегі қазақ ауылдары тұрғындарының Мәскеуге жасаған экскурсиялары қандай әсер қалдырғандығын әзірге тек болжауға ғана болады.

А.В. Васильевтің очеркінен біз А.И.Тарнавскийдің болашақ мұғалімдерге ең қажет пәндер – педагогика мен дидактикадан сабақ бергендігін байқаймыз. Автор А.И.Тарнавскийдің теориялық сабақтар жүргізумен қатар, оқыту әдістемесінен де дидактикалық жаттығулар жүргізгендігін мысалдар келтіре отырып талдайды. Қазіргі тілмен айтқанда, бұл мектеп жанындағы бастауыш училище базасында жүзеге асқан педагогикалық тәжірибе болып табылады. Әр сабақтың алдында нақты конспект құрастырылды. Оқушылар кезектесіп сабақ жүргізді. Әр сабақта инспектордан (ол кезде мектеп директорын инспектор деп атаған) бөлек сыныптың барлық оқушылары өздерімен бірге оқитын жолдастарының сабақ беру үрдісіне қатысып, сабақ беру кезіндегі қажетті мәліметтерді жазып алып, келесі талқылауда айту үшін ондағы ескертулерді жазып отырған. Мұндай форма қазіргі педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына жақсы таныс. Барлық сондай сабақтар жыл бойы 150-ден 170-ке дейін берілді. Бұл «оқытудағы жақсы дағды және тәжірибені өңдеу үшін нақты жеткілікті сан», – деп қорытындылайды Васильев өз талдауын (Васильев, 1896: 197).

Нәтижелері және талқылама

Инспектор Тарнавский тұлға және педагог ретінде оқушыларының есінде, оның ішінде, Байтұрсынұлының есінде терең із қалдырмауы мүмкін емес. Соның арқасында оқушылар кейін өзінің практикалық қызметінде қолдана алатын педагогикалық шеберліктің шыңына жетті. Атап айтар болсақ, А.Байтұрсынұлының әліпби жасаудағы, оқулық құрастырып, оқу құралдарын шығарудағы әдістемелік шеберліктері, танымал болған білімді қарапайымнан күрделіге қарай түсіндіру сынды әдістерін енгізуі мен қолдануы Тарнавский шеберлігінің әсері деп айтуға болады. Жоғарыда Васильевтің талдауында келтірілгендей, оқушылардың өздерінің сабақ өткізуі жылына 150-ден 170-ке дейін болса, онда балалар аптасына 5 реттен сабақ өткізіп тұрған.

Кейін, Байтұрсынұлы оқу бітірген соң, мектептегі оқу пәндерінің саны арта бастайды: химия мен минерология бойынша

қысқа мәліметтер енгізіледі, жаратылыстану пәндерінің өткізілу жүйесі реттеледі. Зоология 1-сыныптың бірінші жарты жылдығынан II-сыныптың екінші жарты жылдығына ауыстырылды. Себебі оны оқыту ботаниканы өткеннен кейін бірізді жалғастыру керек болды. Сонымен қатарлас орыс тілі мен математиканың бағдарламасы кеңейтілді. Оқу жоспары орыс әдебиеті тарихының қысқа курсымен, әдеби шығарма теориясымен толықтырылды, ал арифметика курсы – алгебраның мәліметтерімен толықты. Соңында мектептің III және IV сынып тәрбиеленушілері физиканы өте бастады [5].

Қазақ мұғалімдер мектебі ақырындап министрлік мұғалімдер деңгейіне жоғарылап келе жатты, бірақ оның гимназия ретіндегі ресми танылуы және соған сәйкес штатындағы барлық қадамдары сәттілікпен аяқталмады (Моргунов, 2016).

Васильев өзінің очеркінде мынадай салыстыруды келтіреді: Қазан мұғалімдер семинариясы 150 тәрбиеленушіге есептелген, Закавказдық – 100, Түркістан мен Иркутскінің әрқайсысы 70-ке жуық, Сібір мұғалімдер мектебі –120 тәрбиеленушіге, ал Орынбордікі мектепке 25-ке жуық қазыналық стипендиант ала алмады. Есептердің бірінде оны қазақ мұғалімдерінің тырбиған тәлімбағы деп атайды (Моргунов, 2016). Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебінің пайда болуы кезінен бастап, 90-ға жуық бастауыш училищелердің мұғалімдері даярланған.

Мұғалімдер мектебі түлектерінің арасынан жарқын тұлғалар аз болған жоқ. 1894 жылы мектепті Т.Иманғазиев аяқтайды. Ізінше ол Орынбор мұғалімдер мектебі жанындағы бастауыш училищеде қазақ тілінің мұғалімі болып жұмыс істеді. Тағы бір түлек – Нұрғали Құлжанов Орал және Торғай облыстарындағы орыс-қазақ мектептерінде меңгеруші болды. XX ғасырдың басында ол Семей семинариясында мұғалім болып жұмыс істеді, осында ол колледж секретары дәрежесін алады. Мектеп түлегі Ғабдуали Балғымбаев өзінің карьерасын болыстық мектепке жетекші болудан бастап, кейін Торғай уезі халық училищесінің инспекторы болады (Моргунов, 2016). Алаш қозғалысының белсенділерінің бірі – Ғалымжанов Файзолла Ғалымжанұлы 1916 жылы мектепті аяқтап, «Қазақ» редакциясында жұмысын бастайды, революциядан кейін ҚАССР Халық ағарту коммисариатында қызметкер болды.

ҚазАССР-нің бірінші кеңестік Халық ағарту комиссариатының құрамында алашордашы Молдағали Жолдыбаев (1887-1938) жұмыс істейді. Ол Орынбор мұғалімдер мектебін 1910 жылы бітіреді, одан кейін бастауыш мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Кеңес билігі орнағаннан кейін Жолдыбаев оқу-әдістемелік кеңестің төрағасы болып тағайындалады, 1922 жылы – ҚАССР Халық ағарту коммисариаты жанындағы ғылым, баспа және әдебиет орталығының төрағасы болып сайланады. Ол да А.Байтұрсынұлы секілді оқулықтар мен оқу құралдарын құрастырумен айналысады, педагогика мәселелеріне арналған 50-ге жуық мақалалар жариялайды, ал 1927 жылы А.Байтұрсынұлы қызмет еткен Академиялық орталық төрағасы қызметіне ауысады.

Тағы бір Халық ағарту коммисариаты мен Академиялық орталықтың қызметкері, бұрынғы Алашорда үкіметін құруға қатысушы – Елдес (Илдес) Омаров 1911 жылы Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін бітіреді. Ол алғашқы болып А.Байтұрсынұлы әліпбиіне толық зерттеу жасайды (Труды Общества по изучению Киргизского края, 1922). Әлеуметтік саясат, оқу-ағарту, тіл білімі мәселелері бойынша мақалалар жазады, физика мен геометрия бойынша қазақ тіліндегі оқулықтарды, қазақ мектептері үшін орыс тілінің грамматикасы бойынша оқулықтар жазады. Елдес Омаров математикалық терминдердің тезаурусын қалыптастыруда үлкен еңбек сіңірді. (Ұлттық Энциклопедия, 1998).

Кеңес билігі кезінде бұл мектеп Орынбордағы Қазақ халыққа білім беру институты болып аталды. Енді бұл білім ордасына А.Байтұрсынұлы, А.Кенжин және Е.Омаров оқытушы болып қайта оралады. Институт Орынбордан Алматыға Қазақ педагогикалық институты болып көшеді. Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтында тек орта білімі болу себебінен А.Байтұрсынұлы профессор қызметінде жұмыс істейді. 1937 жылғы «Тұтқынның анкетасындағы» «білімі» деген графаға ол «орта» деп жазады, ал А.Кенжин – «Орынбор мұғалімдер мектебін бітірген» деп жазады (Тугай, 2017: 76).

Қорытынды және тұжырымдама

Ахмет Байтұрсынұлының Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебінде білім алуын, ондағы оқыту үрдісін, ұстаздық еткен мұғалімдердің қызметін, оқытылған пәндердің мазмұнын талдап, сараптап қорытындылай келе, Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебі берген орта білім деңгейінің жоғары болғандығы соншалық, онық түлектері университет бітір-

мей-ақ педагогикалық және ағартушылық қызметті сәтті жалғастыра берген деген тұжырымға тоқталамыз. Жоғарыдағы талдаулардан ұлт ұстазының мектеп қабырғасында оқыған әр пәнін асқан ыждағаттылықпен бойына сіңіре білгендігін байқауға болады. Мектеп қабырғасында оқып жүріп-ақ орыс тілін сауатты меңгеріп алған. Орыс тілін оқып, орыс тілінде білім алуы оның кейін И.А.Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударуына, әлем әдебиетін оқып, онымен танысып, «Әдебиет танытқыш», «Әдебиет тарихы» еңбектерін жазуына үлкен көмегін тигізген (Байтұрсынұлы, 2013б). «Әдебиет тарихы» еңбегі жоғалып кеткен. Халқымыздың дыбыс үндестігін ескере отырып, араб графикасы негізінде жаңа әліпби – төте жазуды жасауына, оны қалай оқыту керектігін түсіндіріп беретін «Тіл жұмсар», «Баяншы», «Оқу құралы» (Байтұрсынұлы, 2013в). атты оқулық, әдістемелік құралдарды, «Тіл – құралды» жазуына алғашқы және басты себепші болған – мектеп қабырғасында алған білімі мен мектепте білім берген ұстаздарының әсері. А.Байтұрсынұлының жалғыз өзі осы алған білім дәрежесімен үлкен бір университет ұжымы тындыратыннан да көл-көсір, ұшан-теңіз міндетті атқарып кеткен. Жоғарыда өзі толтырған саулнамада айтып кеткендей, білімі «орта» бола тұрса да, ұлтының болашағы үшін тынбай еңбек еткен (Smagulova K., 2022). А.Байтұрсынұлының мектеп қабырғасында алған білімі оның болашақта баспа ісін қолға алып, баспахана ашуына, «Қазақ» газетін шығаруына, ол газетке өзі жанашыр болып, оның қатесінен бастап жарыққа шығуына дейін басы-қасында жүруіне, халқы үшін үйренуге де, жазуға да қолайлы жаңа әліппе құрастыруына, тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы ғалым болуына, аудармашы, түркітанушы, ұлты сыйлайтын қоғам қайраткері, ұлт ұстазы деген ғажап атқа жетуіне негіз болған.

Әдебиеттер

Галиуллина С.Д. Персональный состав попечителей Оренбургского учебного округа // Вестник Томского государственного университета. – №356. Март 2012. – С. 58-61.

Encyclopedia of Modern Asia. – 2002. 592: pp. 221-222.

Васильев А. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. – Оренбург: Издательство Тургайского областного статического комитета, 1896. – 226 с.

Дулатов М. Ахмет Байтурсунович Байтурсунов (биографический очерк) // Труды Общества по изучению Киргизского края. – Вып. III. Оренбург. – 1922. – С.10-14.

Arch Tait. Akhmet Baitursynuly and Alash. – London, 2022.

А. Байтұрсынұлы шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. 6-том. Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.

Моргунов К.А. Становление системы казахского образования в Оренбургской губернии и на территории оренбургских казахов // Этнопанорама. – 2016. №1-2. – С. 102-116.

Адельбаева Н.А. Очерки по истории школьного образования в Казахстане в XIX – начале XX веков: монография. – Уральск: Редакционно-издательский центр ЗКГУ им. М. Утемисова, 2013. – 178 с.

Купенова Г.Ы. Оренбургский учебный округ в истории реформирования школы во второй половине XIX века // Педагогическое мастерство: материалы III Международной научной конференции. – М.: Буки-Веди, 2013. – С. 23-25.

Автобиография Кенжина А.К. // История западного отделения Алаш-Орды: сборник документов и материалов / под общ. ред. М.Н. Сдыкова. Т. 1. – Уральск: Западно-Казахстанский центр истории и археологии, 2012. – С. 318-330.

Омаров Ил. Ученая деятельность А.Б. Байтурсунова // Труды Общества по изучению Киргизского края. Оренбург. – Вып. III. – 1922. – С. 7-9.

Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия. 3 том. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998. – 720 б.

Тугай Т.И. Оренбургский путь Ахмета Байтурсунова. – Оренбург: ООО ИПК «Университет», 2017. – 188 с.

А. Байтұрсынұлы шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.

А. Байтұрсынұлы шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.

Kindler R. Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan. – 2018. – P. 360 [377].

Smagulova K. https://cabar.asia/en/echo-of-alash-orda-in-the-21st-century-influence-and-connection-with-modernity // Echo of Alash-Orda in XXI Century: Influence and Connection with Modernity. 03.02.2022.

References

A.Bajtursynuly shygarmalary (2013) 1-tom [Works of A. Baitursynov. Collection of works in six volumes]. Volume 1 (in Kazakh).

A.Bajtursynuly shygarmalary (2013) 2-tom [Works of A. Baitursynov. Collection of works in six volumes]. Volume 2 (in Kazakh).

A.Bajtursynuly shygarmalary (2013) 6-tom [Works of A. Baitursynov. Collection of works in six volumes]. Volume 6 (in Kazakh).

Adel'baeva N.A. (2013) Ocherki po istorii shkol'nogo obrazovanija v Kazahstane vXIX – nachale XX vekov: monografija [Essays on the history of school education in Kazakhstan in the XIX – early XX centuries: monograph] (in Russian).

Arch Tait. Akhmet Baitursynuly and Alash. London. 2022. pp. 30 (In English).

Avtobiografija Kenzhina A.K. (2012) Istorija zapadnogo otdelenija Alash-Ordy: sbornik dokumentov i materialov, pod. obshh. red. M.N.Sdykova [The history of the western branch of the Alash-Orda: a collection of documents and materials; under the general editorship of M.N.Sdykov] (in Russian).

Vasi'ev A. (1896) Istoricheskij ocherk russkogo obrazovanija v Turgajskoj oblasti i sovremennoe ego sostojanie [Historical sketch of Russian education in the Turgay region and its current state] (in Russian).

Galiullina S.D. (2012) Personal'nyj sostav popechitelej Orenburgskogo uchebnogo okruga [Personal composition of the trustees of the Orenburg Educational District] (in Russian).

Dulatov M. (1922) Ahmet Bajtursunovich Bajtursunov: biograficheskij ocherk. Trudy Obshhestva po izucheniju Kirgizskogo kraja [Akhmet Baitursunovich Baitursunov: biographical sketch. Proceedings of the Society for the Study of the Kyrgyz Territory] (in Russian).

Encyclopedia of Modern Asia, Editors David Levinson, Karen Christensen. 2002. 592: pp. 221-222 (In English).

Kindler R. Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan. Pages 360 [377]. 2018. (In English).

Kupenova G.Y. (2013) Orenburgskij uchebnyj okrug v istorii reformirovanija shkoly vo vtoroj polovine XIX veka [Orenburg Educational District in the history of school reform in the second half of the nineteenth century] (in Russian).

Qazaqstan (1998) Ulttyk Jenciklopedija [Kazakhstan. National Encyclopedia] (In Kazakh).

Morgunov K.A. (2016) Stanovlenie sistemy kazahskogo obrazovanija v Orenburgskoj gubernii i na territorii orenburgskih kazahov. Jetnopanorama [Formation of the Kazakh education system in Orenburg province and on the territory of Orenburg Kazakhs. Ethnopanorama] (in Russian).

Omarov Il. (1922) Uchenaja dejatel'nost' A.B.Bajtursunova. Trudy Obshhestva po izucheniju Kirgizskogo kraja [Scientific activity of AB Baitursunov. Labor of the Society for the study of the Kyrgyz region] (in Russian).

Smagulova K. https://cabar.asia/en/echo-of-alash-orda-in-the-21st-century-influence-and-connection-with-modernity. Echo of Alash-Orda in XXI Century: Influence and Connection with Modernity. 03.02.2022. (In English).

Tugaj T.I. (2017) Orenburgskij put' Ahmeta Bajtursunova [Orenburg way of Akhmet Baitursunov] (in Russian).

ҒТАМР 16.21.07 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.07

Г.С. Ешнияз*[1], М.С. Жолшаева[2], Л.Т. Алимтаева[3]

[1]Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті, Қазақстан, Алматы қ.
[2] Сулейман Демирель атындағы университет, Қазақстан, Алматы қ.
[3]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: yeshniyaz@gmail.com

МОДАЛЬДІЛІК КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Мақалада күрделі семантикалық категория саналатын модальділікке қатысты типология жасау және оның ұстанымдары қарастырылады. Кез келген сөйленімге модальдік реңк тән болып келеді. Модальдік мағына сөйлемнің бейтарап негізі саналатын пропозицияға түрлі қосымша мағына үстеп, қарым-қатынасты жандандыруға ықпал етеді. Сөйленім іс-әрекеттің іске асуының мүмкіндігін болжайды, міндеттілігін, қажеттілігін анықтап, сөйлем субъектісінің сөйленімде берілген іс-әрекетті орындай алуға қабілетінің бар-жоғын, қалауын және басқа да түрлі үстемелі мағыналармен зерделенеді. Осы сөйленім реңкінің әр алуандығы және бұл реңктердің субъектінің көзқарасына тәуелділігі модальділік категориясының өзектілігі мен күрделілігін анықтайды. Сондықтан модальділік категориясының мәнін дұрыс тану мен түсіну сала мамандары үшін ғана емес, тілді тұтынушылар үшін де маңызды. Философия мен логикадан бастау алып, лингвистикада жалғасын тапқан модальділік категориясына қатысты өзекті мәселелердің бірі – модальділік категориясының типологиясы. Бұл еңбекте мақала тақырыбына қатысты отандық және шетелдік тіл біліміндегі зерттеулер жан-жақты талданып, аталған категорияның теориялық негізін анықтау мақсаты қойылды. Жасалған талдаулар негізінде модальділік категориясының мазмұны, субъкатегориялары көрсетіліп, осы саладағы типологиялық, салыстырмалы-салғастырмалы талдаулар мақалаға ғылыми теориялық негіз болды. Зерттеу барысында сипаттама, талдау, қорыту, салыстыру әдістері қолданылды. Нәтижесінде, модальділік категориясы сөйлем пропозициясына үстелген мағыналық реңктер ретінде түсіндіріліп, олар қажеттілік және мүмкіндік ұғымдары тұрғысынан зерделенді. Модальділіктің ішкі және сырқы, эпистемологиялық модальділік түрлері ажыратылып, олар қажеттілік және мүмкіндік парадигмалары негізде жіктелді.

Түйін сөздер: модальділік, ұстаным, типология, объективті модальділік, субъективті модальділік, субкатегория.

G.S. Yeshniyaz[1]*, M.S. Zholshayeva[2], L.T. Alimtayeva[3]

[1]Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty
[2]Suleiman Demirel University, Kazakhstan, Almaty
[3]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: yeshniyaz@gmail.com

Typology of modality category

The article studies the typology and the domain of one of the complex linguistic categories – modality. Our speech is glossed with a modal meaning. Modal meaning is defined as an overlaying meaning added to the proposition which is considered as the most neutral base of a sentence and enlivens our communication. Speech can predict the possibility, obligation and necessity of the action fulfillment and examine the ability, and desire of the subject of the sentence to perform the action given in the sentence including other overlaying meanings. The diversity of these connotations of speech and the dependence of them on the subject determines the relevance and complexity of the category of modality. Therefore, it is of paramount importance to understand the essence of modality not only for linguists, but also the language users. Despite the fact that studies of modality hacks back to philosophy and logic, there are still relevant issues which require attention in the field. One of those topical issues is typology of modality. The article aims to examine foreign and local scientific works on modality and identify the theoretical architecture of modality category. In the result of our analysis, the scope and subcategories of modality were defined, and typological, cross-linguistics analysis served as a theoretical base for the article. The descriptive, analytical and comparative methods of linguistics were used in the study. As a result of the study, we define the category of modality as an overlaying meaning to the proposition and analyze it using necessity and possibility concepts. Distinguishing in-

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

ternal and external modality, as well as epistemological modality types, we classify them on the basis of necessity and opportunity paradigms.

Key words: modality, scope, typology, objective modality, subjective modality, subcategory.

Г.С. Ешнияз[1]* , М.С. Жолшаева[2], Л.Т. Алимтаева[3]

[1]Университет Международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы

[2] Университета имени Сулеймана Демиреля, Казахстан, г. Алматы

[3]Казахский национального университета имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: yeshniyaz@gmail.com

Типология категории модальности

В статье исследуется типология и предметная область одной из сложных лингвистических категорий – модальности. Наша речь наполнена модальным значением. Модальное значение определяется как дополнительное значение, добавленное к пропозиции, которое считается наиболее нейтральной основой предложения и оживляет наше общение. В речи мы можем предсказать возможность, обязанность и необходимость совершения действия и определить способность, желание субъекта предложения совершить данное в предложении действие, в том числе и другие накладывающиеся значения. Разнообразие этих речевых коннотаций и зависимость их от субъекта определяет актуальность и сложность категории модальности. Поэтому понимание сущности модальности имеет первостепенное значение не только для лингвистов, но и для пользователей языка. Несмотря на то, что исследование модальности берет свое начало от философии и логики, все еще остаются актуальными вопросы, требующие внимания в этой области. Одной из таких проблем является типология модальности. В статье ставится задача изучить зарубежные и отечественные научные работы по модальности и выявить теоретическую основу категории модальности. В результате нашего анализа были определены объем и субкатегории модальности, а теоретической базой статьи послужил типологический, кросс-лингвистический анализ. В исследовании использовались описательный, аналитический и сравнительный методы языкознания. В результате исследования мы определяем категорию модальности как наложенные значения на пропозицию и анализируем его с использованием понятий необходимости и возможности. Выделяя внутреннюю, внешнюю модальности, а также эпистемическую модальность, мы классифицируем их на основе парадигмы необходимости и возможности.

Ключевые слова: модальность, сущность, типология, объективная модальность, субъективная модальность, субкатегория.

Кіріспе

Модальділік – күрделі семантикалық категория және бірнеше зерттеу еңбегіне нысан болуына қарамастан оның табиғатын тануға қатысты ғылыми пайымдауларда әлі де бірізділік жоқ. Байби мен Перкинс атап көрсеткендей, модальділік категориясына нақты анықтама беру мүмкін емес (Bybee & Perkins, 1994:176). Мұндай қорытынды жасаудың өзіндік себептері бар: модальділік категориясының негізгі мәні мен болмысын анықтаудағы бірізді тұжырымның болмауы, бірқатар ғалымдар модальділікті субъектілікпен бір деп таныса, енді бір тобы модальділіктің субъективті және объективті болмысын теңестіре қарастыруы; модальділік мағынасының кең ұғымда түсінілуі және оның шегінің нақты анықталмауы; модальділіктің семантикалық мазмұн аясында қамтылатын мағыналар мен ол шеңберден тыс қалатын мағыналық реңктердің айқындалмауы; модальділік категориясының бірқатар еңбектерде түрлі субкатегориялардың жиынтық мағынасы тұрғысынан анықталуы. Бұл айтылған жайттар модальділік категориясының табиғатын тануды қиындата түседі. Перкинс модальділік мағынасының құрылымын анықтауды «әр адамның бір бәлішті түрліше кесу» әрекетімен теңестіре қарайды (Perkins, 1983:10). Ал Ф.Науце модальділіктің нақты, дұрыс типологиясының болуы мүмкін еместігін айта келе, дегенмен зерттеу жұмысының мақсатына сай келетін типология жасауға болатындығын ескертеді (Nauze, 2008:12).

Модальділік категориясы, көбінесе, ортақ мағыналы категориялар немесе ұғымдарды біріктіретін гиперкатегория ретінде анықталады. Солай бола тұра, гиперкатегория құрамына енетін категорияларға байланысты қолданылатын терминдерде бірізділік жоқ. Нәтижесінде бір субкатегория түрлі терминдермен аталып жүрсе, керісінше, мағына жағынан

айырмашылыққа ие болып келетін категорияларды атауға бір термин қолданылады. Мәселен, батыс тіл білімінде модальділік категориясы үш *динамикалық* (ағыл. dynamic), *деонтикалық* (ағыл. deontic) және *эпистемологиялық* (ағыл. epistemic) аспектіден қарастырылады. Фон Райт эпистемологиялық модальділікті «білу пайымы», деонтикалық модальділікті «міндеттеме пайымы» деп анықтаса, динамикалық модальділікке «қабілеттілік пен икемділікті» білдіретін ұғымдарды жатқызады (G. Von Wright, 1951:4). Модальділікке қатысты бұл жіктеме лингвистикада кең қолданылады.

Тіл білімінде эпистемологиялық модальділіктің семантикасы сөйлеушінің айтылған ойдың ақиқаттығына сенімділік деңгейін көрсетеді. Ал деонтикалық, әсіресе динамикалық модальділік мағыналарын анықтауда бірізді тұжырым жоқ. Сонымен қатар, зерттеушілер арасында модальділікті *объективті* және *субъективті* деп ажыратып, түрлі субкатегорияларды осы екі макрокатегориядан тарату үрдісі де бар.

Қазақ тіл білімінде модальділік категориясы алғашқы кездері жеке категория ретінде емес, осы категорияның тұрпат межесін құрайтын жеке тілдік бірліктер тұрғысынан зерттелді. Мәселен, Е. Жанпейісов (1959) және Қ.Мамаділов (1996) зерттеулеріне модальді етістікті құрылымдар мен олардың мағыналары нысан болса, О.Төлегенов (1968) еңбегінде рай категориясы модальділік категориясының көрсеткіштері ретінде талданады және бұл зерттеу жұмыстарында тілдің формальды жағына басымдық беріліп, тіл белгілі бір құрылымдардан тұратын жүйе ретінде қарастырылады. Тілтанымдағы бір ғана модальділік категориясының эпистемологиялық және бейэпистемологиялық модальділік тұрғысынан түсіндірілуі, объективті және субъективті модальділік деп қарастырылуы аталған категория типологиясына қатысты түрлі ұстанымдардың басшылыққа алынғанын байқатады. Десек те, тілдік категорияның толыққанды сипатын тануда көрсетілген бағыттағы зерттеулерді талдап, типологиясын көрсету модальділік категориясының табиғатын толық әрі жан-жақты түсіну үшін маңызды. Категорияның мазмұн межесінің айқын болуы сөйлеуші мен тыңдаушы (автор мен оқырман) арасындағы коммуникативтік қатынастың мақсатқа жетуін қамтамасыз етсе, аударма саласы үшін түпнұсқа мәтіндердің дәлдігін сақтауға оң ықпалын тигізеді.

Материал және әдістер

Мақалада тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік зерттеу еңбектеріндегі теориялық пайымдаулар талдау материалдары ретінде нысанға алынды. Олар түсіндіру, сипаттау, талдау және қорыту, салыстыру, салғастыру әдіс-тәсілдері арқылы зерделеніп, тиісті тұжырымдар жасалды. Нәтижесінде модальділік категориясын сөйлем пропозициясына үстелген қосымша мағынаны ретінде интерпретацияланды. Модальділіктің ішкі және сыртқы түрлері ажыратылып, атап айтқанда, модальділік категориясына қатысты екі бағыттағы зерттеулер талданды.

Әдебиеттерге шолу

Модальділік категориясының типологиясына қатысты еңбектерді топтастыра отырып қарастыруға болады. Бұл топтау модальділікке қатысты типология жасаудағы ұстанатын бағыттарға қатысты болып келеді. Жалпы модальділік категориясы зерттеу жұмыстарында екі бағытта қарастырылады. Бірінші топ өкілдері модальділікті үш субкатегорияға сараланса, екінші топ модальділіктің объективті және субъективті сипатын бірінші орынға қояды. Ал үшінші топ осы көрсетілген екі бағытты біріктіре отырып, модальділікті екі өлшем тұрғысынан зерттейді: бағалау нысаны және бағалау аймағы (Hengeveld Kees, 2001:1190]. Алғашқы бағыт өкілдері модальділік категориясын үшке саралап қарастырады: эпистемологиялық, деонтикалық және динамикалық модальділік. Бұл бағыттағы топтың өкілдерінен Палмер (1986; 1990; 2001), Байби және Перкинс (1994), Дж. Коутс (1983), Аувера мен Плунгиан (1998) еңбектеріне талдау жасалып, ондағы модальділік типологиясына қатысты тұжырымдар өзара салыстырылды. Екінші бағыттың өкілдері бұл категорияның типологиясына жасауда модальділікке объективтілік және субъективтілік белгілерді негіз етіп алады. Осыған сәйкес модальділік түрлерін субъективті модальділік және объективті модальділік деп ажыратады. Үшінші топтың өкілдері алғашқы екі бағытты біріктіре отырып, модальділікті бағалау нысаны және бағалау аймағы тұрғысынан қарастырады. Бұл орайда Хенгевельдтің (2001) еңбектеріндегі тұжырымдар талданып, салыстырмалы қорытынды түйіндер жасалды.

Нәтижелер мен талқылау

Модальділік категориясының типологиясына қатысты екі түрлі жіктеме бар. Біріншісі – эпистемологиялық, деонтикалық және динамикалық модальділік; екінші субъективті және объективті модальділік. Алғашқы бағыттың өкілдерінің бірі Палмер модальділік категориясының негізін субъективтілік деп анықтап, модальділіктің өзін «сөйлеуші ойы мен көзқарасының грамматикалануы» деп таниды, модальділіктің екі түрін көрсетеді: эпистемологиялық және деонтикалық модальділік. Эпистемологиялық модальділік семантикасына сөйлеушінің пропозицияға қатысты тұжырымын және «өз ойын негіздеген ақпаратты» жатқызады. Деонтикалық модальділікті рұқсат беру, міндеттеу және уәде беру немесе қорқыту мағыналарына ажыратады (Palmer, 1986). Модальділіктің ұсынылған екі түрінде де тұжырым мен міндеттілік сөйлеушіден шығады. Палмер динамикалық модальділік сөйлеушімен байланыссыз деп санап, онда субъективтілік рөнтің болмауына байланысты модальділік мағына қатарына енгізбейді. Алайда ғалым өзінің “Modality and English modals” еңбегінде жіктемесін қайта қарап, модальділікті үшке бөледі: *эпистемологиялық, деонтикалық* және *динамикалық* модальділік. Модальділіктің бұл үш түрі мүмкінділік пен қажеттілік мағыналары тұрғысынан байланыстырылып, іштей сараланады: эпистемологиялық мүмкіндік және эпистемологиялық қажеттілік; деонтикалық мүмкіндік және қажеттілік; динамикалық мүмкіндік пен қажеттілік (Palmer, 1990). Мысалы, 1А және 1Б мысалдары эпистемологиялық және деонитикалық мағынаға ие, 1А мүмкіндік деңгейін білдірсе, 1Б қажеттілік деңгейін көрсетеді: 1А) *Meruert may be there now. It is possible that Meruert is there – Меруерттің сол жерде болуы мүмкін* (эпистемологиялық мүмкіндік); *It is possible for Meruert to be there – Мерует сол жерде бола алады* (деонтикалық мүмкіндік). 1b) *Meruert must be there now. It is necessary that Meruert is there – Меруерт сол жерде болуы керек* (эпистемологиялық қажеттілік); *It is necessary for Meruert to be there – Меруерт сол жерде болуы қажет* (деонтикалық қажеттілік). Палмер сұраулы сөйлемдерде және рұқсат сұрау мағыналарында деонтикалық мағына сөйлеушіден емес тыңдаушыдан бастау алады деп, модальділікті субъектіге емес, дискурсқа бағытталған деп тұжырымдайды. Бұл тұжырым автордың ‘Mood and modality’ жұмысында ұстанған модальділіктің субъективтілік болмысына қайшы келеді. Алайда Палмер соңғы еңбектерінің бірінде модальділіктің субъективтілік болмысын жоққа шығарып, «модальділік іс-әрекетті сипаттайтын пропозицияның статусымен байланысты» анықтайды (Palmer, 2001:1).

Модалділік категориясының зерттелу тарихында динамикалық және деонтикалық модальділікті бірге қарастырылуының өзіндік ұзақ тарихы бар. Бұл жайында Н.Р.Хофманн (1976), Н.Дженкис (1972:25), Р.Д.Хаддлстон (1976:85), Е.Е. Суестер (1982:484) еңбектерінде айтылған. Негізгі модальділік деп атай отырып, динамикалық және деонтикалық модальділікті бірге қарастыратын Дж. Коутс модальділік категориясының табиғатын түсіндіруде модаль мәнді етістіктерге функционалды-семантикалық өріс теориясы тұрғысынан келеді. Оның пайымдауында, өріс ядросында негізгі модальді мағына орналасса, периферияда жалпы модальдік мәні көрініс табады. Мысалы, ағылшын тіліндегі *may* негізгі модальділік мағынасында өріс ядросына «рұқсат беру» мағынасы орналасса, перифереяда жалпы «мүмкіндік» мағынасы көрініс береді (Coates, 1983:13). Ғалым модальді етістік мағыналары өзара байланысты үзіктерден тұратындығын айта келе, Палмер ұсынған әр мағынаны бөліп қарастыру ұстанымын қолдамайды (Coates, 1983:20-21). Бұл зерттеу эмперикалық мысалдарға негізделгенмен, модальділік категориясына анықтама берілмейді, модальдік мағына модаль мәнді етістіктердің мағыналары жиынтығынан тұрады деген қорытынды жасалады.

Байби және Перкинс динамикалық және деонтикалық модальділікке өзгеше атау ұсынады: *агенске бағытталған модальділік* және *сөйлеушіге бағытталған модальділік*. Агенске бағытталған модальділік «баяндауышта берілген іс- әрекетті агеністің іске асыруына қолайлы ішкі және сыртқы жағдайлардың болуын білдіреді» (Bybee & Perkins, 1994:132). Сөйлеушіге бағытталған модальділікте сөйлеуші тыңдаушыға шарт қояды. Мұнда агенске бағытталған модальділік Палмер ұсынған динамикалық модальділік мағынасына сәйкес келеді және қабілеттілік, мүмкіндік және қажеттілік мағыналарын қамтиды. Сонымен қатар, аталған модальділік мағынасына ғалым «баяндауышта берілген іс-әрекетті агенстің орындауына итермелейтін сыртқы, қоғамдық жағдайлардың болуын» білдіретін міндеттілік мағынасын да жатқызады. Сөйлеушіге

бағытталған модальділік деонтикалық модальділік мағынасымен сәйкес келеді және іштей императив, пермиссив, прохибитив, оптатив, хортатив деп сараланады, авторлар өз тарапынан бағыныңқы сөйлемде болатын бағыныңқы модальділік пен эпистемологиялық модальділікті қосады (Bybee & Perkins, 1994:177). Модальділікке қатысты бұл типологияда мынандай екі жайт байқалды: а) ұсынылған жіктеуде агенске бағытталған міндеттілік пен сөйлеушіге бағытталған міндеттіліктің аражігі ашылмаған. Біздіңше, агенске бағытталған міндеттілікте іс-әрекеттің іске асуына сыртқы фактор ықпал етсе, сөйлеушіге бағытталған міндеттілікте сөйлеуші итермелеуші фактор болады да, жалпы қажеттілік сыртқы және ішкі қажеттілікті қамтиды; ә) ал императив, пермиссив, прохибитив, оптатив, хортатив мағыналарын негізгі иллокуция деп таныған жөн сияқты, себебі «иллокуция сөйлемді сөйлеу актісінің бір түрі ретіне қарастырса, модальділік сөйлеу актісінің мазмұнын түрлендірумен байланысты» (Hengeveld Kees, 2001:1190).

Байби мен Перкинстің ойын толықтыра отырып, Аувера мен Плунгиан “Modality’s semantic map” атты мақалаларында модальділік категориясына өз көзқарастарын ұсынады. Аталған ғалымдар модальділікті «екі баламалы таңдаудан яғни, мүмкіндік және қажеттілік мағынасынан тұратын парадигма» ретінде анықтап, бұл категорияны төрт түрге жіктейді: ішкі модальділік, сыртқы модальділік, деонтикалық және эпистемологиялық модальділік (Auwera & Plugian, 1998:80). Бұл модальділік түрлері мүмкіндік және қажеттілік деңгейлеріне бөлінеді. Ішкі мүмкіндік модальділігінде сөйлемде көрсетілген іс-әрекетті орындауға сөйлем субъектісінің қабілеттілігі мүмкіндік берсе, сыртқы мүмкіндік модальділігінде мүмкіндік субъектіден тыс факторлардан туындайды. Ішкі қажеттілік модальдігінде субъектінің ішкі қажеттілігі іс-әрекетті жүзеге асыруға итермелесе, сыртқы қажеттілік модальділігінде субъектіден тыс жағдайлар пропозицияда көрсетілген іс-әрекеттің жүзеге асуына алғышарт болады. Деонтикалық модальділік сырқы модальділіктің субкатегориясы ретінде қарастырылады. Себебі «мүмкіндік туғызушы немесе қажеттілік туғызатын жағдайлар субъектіден тыс яғни, басқа адамдар, көбінесе сөйлеуші және/немесе қоғамдық немесе этикалық қағидалар субъектіге іс-әрекетті жүзеге асыруға рұқсат береді немесе міндеттейді» (Auwera & Plugian, 1998:81). Эпистемологиялық модальділікте мүмкіндік және қажеттілік деңгейлері сөйлеушінің өзі айтқан ойына сенімділігінің деңгейі ретінде көрсетіледі.

Аувера және Плунгиан зерттеуінде модальділік категориясының жіктеуі нақты және анық, сонымен қатар мүмкіндік және қажеттілік парадигмаларымен шектеледі.

1-кесте – Аувера және Плунгиан ұсынған модальділік түрлерінің жіктемесі

<table>
<tr><td colspan="4">Мүмкіндік</td></tr>
<tr><td colspan="3">Бейэпистемологиялық мүмкіндік</td><td rowspan="3">Эпистемологиялық мүмкіндік (сенімсіздік)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ішкі мүмкіндік (динамикалық, қабілеттілік)</td><td colspan="2">Сыртқы мүмкіндік</td></tr>
<tr><td>бейдеонтикалық мүмкіндік</td><td>Деонтикалық мүмкіндік (рұқсат беру мағынасы)</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Ішкі қажеттілік</td><td>Бейдеонтикалық қажеттілік</td><td>Деонтикалық қажеттілік (міндеттеу мағынасы)</td><td rowspan="3">Эпистемологиялық қажеттілік (айқындық)</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сыртқы қажеттілік</td></tr>
<tr><td colspan="3">Бейэпистемологиялық қажеттілік</td></tr>
<tr><td colspan="4">Қажеттілік</td></tr>
</table>

Модальділік категориясының типологиясына келесі бір топ зерттеушілер оны төмендегідей екі түрге бөледі: *субъективті модальділік* және *объективті модальділік*. Субъективті модальділік сөйлеушінің пікіріне қатысты болса, объективті модальділік сөйлеуші пікірінен тыс болады. Модальділікке қатысты объективтілік және субъективтілік термині Лайонез (1977) еңбегінде қолданылғанымен, жіктеу Халлидей (1970) зерттеуінен басталып, Хенгевельд (2001), Г.А.Золотова (1973), Верстрит (2001) зерттеулерінде жалғасын тапты. Мәселен, модальділік категориясына берілген мына анықтамаға назар аударайық: 1)

пропозиясияның ақиқат шындыққа жанасымдылығы; 2) сөйлем субъектісінің пропозицияда берілген іс әрекетке қатысы (яғни, субъект іс әрекетті жасай алады, жасауы керек немесе жасағысы келеді); 3) сөйлеушінің пропозицияда айтылған ойға сенімділік деңгейі (Золотова, 1973:93-97). Мұндағы алғашқы екі қатынас объективті модальділіктің мазмұнын құраса, үшіншісі субъективті модальділік болып табылады. Дегенмен, ғалымдар модальділіктің объективті және субъективті түрлерін субъектіге қатыстылық өлшеміне қоса, қосымша өлшемдер ұсына отырып ажыратады.

Модальділіктің объективті және субъективтілік түрлерін алғаш көрсетушінің бірі Халлидей бұл категорияны функционалды аспектіден қарастырып, «модальділік» және «модуляция» терминдерін ұсынып, аражігін ашып көрсетеді. Ол модальділікті тілдің коммуникативтік, яғни « сөйлеушінің қоғам мүшесі және тұлға ретінде коммуникацияға түсу» қызметімен байланыстырады (Halliday, 1970:325). Модуляция тілдің когнитивтік қызметі, «мазмұн элементін» беретін тіл қызметімен байланысты болады (Halliday, 1970:326). Осылайша модальділік «сөйлеушінің мүмкінділік пен ықтималдылықты болжауы. Бұл болжам сөйлем мазмұнынан тыс және сөйлеуші көзқарасын, сөйлеушінің «мәлімдеуші» ретіндегі өзі айтқан ойға көзқарасын білдіреді деп анықтайды (Halliday, 1970:349). Бұл модальділікке берілген анықтамада эпистемологиялық модальділік те қамтылған. Ал «модуляция» сөйлем мазмұнын құрайтын жартылай модальділік ретінде қарастырылып, «сөйлем субъектісінің сөйлемде берілген іс әрекетке қатысын білдіреді» деп анықталған (Halliday, 1970:349). Модуляция Палмер ұсынған динамикалық модальділікті, атап айтқанда, қабілеттілік пен қалау мағынасын және деонтикалық модальділікті қамтиды. Халлидейдің көзқарасы бойынша модальділік пен модуляция қызмет ерекшеліктерімен қатар шақ, болымсыздық, етіс категорияларымен қатысы тұрғысынан және сөйлемде түрлі сипатталуымен ерекшеленеді. Модальділік пропозиция мазмұнынан тыс болғандықтан шақ, болымсыздық, етіс категориялары әсерінен де тыс. Алайда, модуляция шақтық өзгеріске түседі, болымды болымсыздық мағыналарына ие бола алады. Сондай-ақ, модуляциядағы қабілеттілік мағынасы үнемі өздік етіс формасында болса, міндеттілік/рұқсат беру мағыналары өзгелік етіс формасын қабылдайды.

Лайонез Халлидей ұсынған жіктемені теріске шығарып, эпистемологиялық модальділіктің субъективті ғана болмайтынына тоқталады. Субъективті және объективті эпистемологиялық модальділік сөйлеушінің ойының негізделу сапасына қарай ажыратылады. Объективті эпистемологиялық модальділікте сөйлеушінің ойы санауға болатын дерекке не мәліметке негізделсе, субъективті модальділікте сөйлеушінің ойы «жеке көзқарасына, естігеніне» негізделеді (Lyons, 1977:799).

Модальділік категориясының объективті және субъективті түрлерін бөліп көрсететін Верстрит өз жіктеуін үш грамматикалық шартқа негіздейді: 1) субъективті және объективті модальді етістіктердің шартты сөйлемнің бағыныңқы бөлімінде қолданылу ерекшеліктері; 2) модальді етістіктердің сұраулы сөйлемдерде қолданылу ерекшеліктері; 3) модальді етістіктердің шақпен қатынасы. Бірінші шарт бойынша объективті және субъективті модальділік айырмашылығы бағыныңқы сөйлемнің модальді етістік мағынасына әсері арқылы анықталады. Субъективті модальділік бағыныңқы сөйлемде қолданылғанда, ол сөйлем сөйлеушісінің ойын емес, алдыңғы сөйлемде айтылған ойды қайталайды (Verstraete, 2001: 1518). Объективті модальділік бағыныңқы сөйлемде ешқандай өзгеріссіз қолданылады, яғни шартты сөйлем құрылымы модальділік мағынаға әсер етпейді. Нәтижесінде, қабілеттілік және қалау мағыналары үнемі объективті модальділік мағынаға ие болса, эпистемологиялық модальділік субъективті мағынада тұрады. Алайда деонетикалық модальділік мағынасының мәртебесін анықтау қиындық туғызады, себебі ол объективті және субъективті мәнге ие, яғни деонтикалық модальді етістік алдыңғы сөйлемде айтылған ойды қайталайды, кейде сөйлеушіден тыс қажеттілікті білдіреді. Екінші белгі бойынша объективті және субъективті модальділік сұраулы сөйлемдегі қызметі арқылы ерекшеленеді: «субъективті модальділік мағынасы сұраулы сөйлем құрылымы әсерінен тыңдаушыға бағытталса, объективті модальділік мағынасы өзгеріссіз қалады» (Verstraete, 2001:1521). Екінші белгі нәтижесі бойынша деонтикалық модальділік объективті және субъективті модальділік түріне жатады. Үшінші белгі шақ пен модальділік арақатынасына негізделген. Ғалым объективті модальділік шақтық мағынаға ие, алайда субъективті модальділік шақ мағынасынан тыс

болатындығын айтады. Жоғарыда талданған екі белгі бойынша үнемі объективті мағынаға ие қабілеттілік және қалау мағыналары өткен шақта өткен шақтағы қабілеттлік пен қалауды білдірсе, эпистемологиялық модальділік өткен шақ формасында сөйлеушінің өткен шақта жасаған болжамын емес, сенімсіздік мағынасын білдіреді. Деонтикалық мағынаға келер болсақ, жалпы қажеттілік пен мүмкіндікті білдірсе, өткен шақ мағынасына ие болады, егер қажеттілік мен мүмкіндік сөйлеушіден туындаса, сөйлеушінің осы шақтағы қалауын білдіреді. Сондықтан деонтикалық модальділік объективті және субъективті сипатқа ие болып келеді. Верстрит ұсынған жіктеме кесте түрінде төменде көрсетілді.

2-кесте – Эпистемологиялық, деонтикалық және динамикалық модальділіктің субъективті-объективті сипаты

Модальділік түрі	Субъективті	Объективті
Эпистемологиялық	+	_
Деонтикалық	+	+
Динамикалық (қабілеттілік және қалау мағынасы)	_	+

Жоғарыда талқыланған Халлидей мен Лайонездің модальділікті объективті және субъективті түрлерге жіктеуінің айқындауды қажет ететін тұстары көп. Верстрит, бұл жіктемені қайта қарастырып, объективті және субъективті модальділік түрлерін нақты белгілер арқылы ажыратты. Алайда деонтикалық модальділіктің сипаты толық анықталған деп айту қиын.

Жалпы модальділік категориясының типологиясын жасауда жоғарыда талданған екі бағытты біріктіре отырып, модальділікті бағалау нысаны және бағалау аймағы тұрғысынан қарастырады. Бағалау нысаны сөйлемнің модальділік мағынасына ие бөлігін құрайды және бұл бағыттың өкілі Хенгевельд осы өлшемге сәйкес модальділіктің үш түрін бөліп көрсетеді: 1) субъектіге бағытталған модальділік; 2) іс-әрекетке бағытталған модальділік; 3) пропозцияға бағытталған модальділік. Субъектіге бағытталған модальділік «іс әрекет субектісі (қасиеттері) мен іс әрекеттің іске асу мүмкіндігі арасындағы қатынасты сипаттаса», іс-әрекетке бағытталған модальділік «сөйлеуші тұжырымынан тыс мүмкіндіктің және жалпы міндеттеулердің болуын сипаттайды», пропозцияға бағытталған модальділік сөйлеушінің пропозицияға субъективті көзқарасын білдіреді (Hengeveld, 2001:1193-1996). Екінші өлшем, бағалау аймағы бағалаудың қай тұрғыдан жасалуымен байланысты. Хенгевельд модальділікті екінші өлшем бойынша бес түрге ажыратады: 1) факультативті модальділік: ішкі және жүре пайда болған қабілеттілік мағыналарымен байланысты; 2) деонтикалық модальділік (заңды түрде, әлеуметтік тұрғыдан, моральды) рұқсат берумен байланысты; 3) қалау модальділігі тілек, ықыласпен байланысты; 4) эпистемологиялық модальділік ақиқат шындық туралы біліммен байланысты; 5) сөйлемде берілген ақпарат көзімен байланысты (эвиденшл) модальділік (Hengeveld, 2001:1193).

3-кесте – Модальділік түрлерінің синтезі

Нысан / Аймақ	Субъект	Іс-әрекет	Пропозиция
Факультативті модальділік	+	+	-
Деонтикалық	+	+	-
Қалау	+	+	+
Эпистемологиялық	-	+	+
Сөйлемде берілген ақпарат көзімен байланысты (эвиденшл)	-	-	+

Ғалымның жоғарыда ұсынған жіктеуі бойынша факультативті және деонтикалық модальділік объективті модальділік түріне жатса, эвиденшл субъективті модальділік болып табылады. Алайда эпистемологиялық және қалау модальділік мағыналары субъективті және объективті болып келеді. Ғалым осылайша модальділік категориясының семантикалық құрылымын анықтайды. Сонымен қатар, автор жоғарыда көрсетілген модальділік мағыналары тілде грамматикаланған формалар арқылы сипатталатынын айтады. Хенгевельд ұсынған модальділік жіктеуінде Лайонез, Халлидей және Верстрит жіктеулеріндегідей кей модальділік түрлері объективтілікпен қатар субъективтілік болмысқа ие.

4-кесте – Объективті және субъективті модальділік түрлерінің салыстырмалы жиынтығы

Автор	Объективті модальділік	Субъективті модальділік
М.А.К. Халлидей	қабілеттілік қалау деонтикалық	эпистемологиялық
Дж. Лайонез	эпистемологиялық	эпистемологиялық
Дж.С. Верстрит	Деонтикалық-динамикалық (қабілеттілік және қалау)	эпистемологиялық -деонтикалық
К. Хенгевельд	факультатив (қабілеттілік және жалпы мүмкіндік) деонтикалық қалау эпистемологиялық	қалау эпистемологиялық эвиденшл

Кестеде көрсетілгендей қабілеттілік мағына үнемі объективтілік болмысқа ие болса, деонтикалық және қалау мағыналары, көбіне, объективті модальділік түріне жатқызылады. Ғалымдар эпистемологиялық модальділікті субъективті модальділік құрамында қарастырады. Дегенмен эпистемологиялық модальділікте сөйлеуші пропозицияның ақиқат шындыққа жанасымдылығын өз білімі мен көзқарасына негіздейді. Сондықтан эпистемологиялық модальділікке субъективтілік тән, яғни объективті емес деп санаймыз.

Тіл қарым-қатынас құралы болғандықтан, оның барлық мүмкіндіктері сөйлеуде толық көрінеді. тілді бұл қырынан, функционалды бағытта зерттеу маңызды және ғылыми зерттеу парадигмасының антропоцентрлік ұстанымына сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі модальділік категориясын функционалды бағытта С. Құлмановтың еңбегінде қарастырылған. Оның «Модальділік категориясының функционалды-семантикалық өрістері» атты мақаласында модальділік категориясының мынадай түрлері көрсетілген: міндеттілік модальділігі “сөйлеу мезгіліне қатысты келер шақта жүзеге асырылуы/асырылмауы тиіс реалды емес, потенциалды жағдаяттар” деп анықталады (Құлманов, 2011:525). Бұл ұсынылған «міндеттілік модальділігі» мазмұны ішкі және сыртқы қажеттілік модальділіктерінің мазмұнымен сәйкес. Алайда автор міндеттілік модальділік мазмұнына деонтикалық модальділікті қоспайды; «айқындық модальділік» эпистемологиялық және эвиденшл модальділігімен мәндес және “сөйлеушінің көзқарасы тұрғысынан сөйлем мазмұнының ақиқат болмысқа сәйкестік дәрежесін білдіретін тілдік құралдар арқылы білдірілетін категория (Құлманов, 2011:551); «қалаулық модальділігі» сөйлеушінің қалауын, ынтасын көрсетіп, қазақ тілінде қалау рай мен оптатив райлары арқылы беріледі (Құлманов, 2011:580); «бұйрықтық модальділігі» болашақта іске асырылу керек іс- әрекетті білдіреді, қажеттілік, көбінесе, сөйлеуші тұрғысынан туындайды. Автор анықтамасында бұйрықтық модальділік мағынасы бір жағынан деонтикалық қажеттілік пен мүмкіндік мағынасымен сәйкес келеді. Себебі істі орындауға рұқсат беретін де, міндеттейтін де сөйлеуші болып табылады. Сонымен қатар, бұйрықтық модальділік өтініш және кеңес беру мағыналарын қамти отырып, сөйлеушінің қалауын білдіреді. «Мүмкіндік модальділігінің» семантикалық құрылымы мен қазақ тілінде берілу жолдары да С.Құлмановтың кандидаттық диссертациясында жан-жақты зерттелген. Ғалым мүмкіндік модальділігін “бір нәрсенің жүзеге асырылу/асырылмай мүмкіндігі” (Құлманов, 2006:51] деп анықтап, мүмкіндік модальділігінің семантикалық құрылымын жіктеуде Е.И. Беляева жұмысын негізге алады. Бұл тұста айта кететін бір жайт, С.Құлманов мүмкіндік модальділігі мазмұнына

ішкі және сыртқы мүмкіндік модальділгі және деонтикалық мүмкіндік мағыналарын біріктіреді. Автордың зерттеуі бай эмпирикалық мысалдарға негізделген, автор модальділік категориясының мүмкін деген берілу жолдарын, грамматикаланған және грамматикаланбаған тіл бірліктерін қоса қарастырған. Осы тұста бұйрықтық модальділігімен байланысты мына жайтты айтып өткіміз келеді. Бұл модальділік мазмұны "міндеттілік", "қалау" және "мүмкіндік" модальділік мағыналарымен астасып жатыр. Бұл аталған модальділік мағыналарын беретін ортақ категорияның болуымен, яғни бұйрық рай қызметімен байланысты. Бұйрық рай деонтикалық мағынамен қатар сырқы қажеттілік пен мүмкіндік мағыналарын және сөйлеушінің іс-әрекетке бағытталған жоғары деңгейдегі қалауын білдіреді.

Қорытынды

Қорыта келе, шетел тіл білімінде модальділік қажеттілік және мүмкінділік ұғымдарымен тығыз байланысты қарастырылады. Сонымен қатар, модальділік субъективтілік сипаты жағынан да түсіндіріледі. Модальділік категориясын зерттеуге арналған жұмыстарға шолу жасау нәтижесінде модальділік категориясының сипаты мен мағыналық түрлерін анықтауда талас туғызатын тұстардың бары анықталды. Біріншіден, «модальділік» ұғымына берілген анықтама. Бұл сұраққа жауап беруде Байби мен Фличманның еңбегін негізге алып, модальділік категориясына былайша анықтама береміз: «Модальділік міндеттілік, қалау, болжау, ықтималдылық, сенімсіздік, уағыз, таңғалу сияқты түрлі семантикалық мағыналарды қамтиды. Бұл семантикалық мағыналардың негізгі қызметі сөйлем пропозициясының ең бейтарап қалпына қосымша, үстемелі мағына қосу болып табылады» (Bybee& Fleishman, 1995:2). Екіншіден, модальділік мағынасының шекарасын анықтау. Жоғарыда айтылғандай, жалпы эпистемологиялық модальділік сипаты модальділік категориясы ауқымында жан-жақты анықталған, ол сөйлеушінің пропозицияның ақиқат шындыққа жанасымдылығына көзқарасын білдіреді.

Әдебиттерге жасалған талдаулар деонтикалық және динамикалық модальділіктің толық анықталмағанын көрсетті. Деонтикалық және динамикалық мағыналарды Аувера мен Плунгианның модальділікке берген анықтамасын негізге ала отырып анықтауға болады. Төмендегі кестеде модальділік категориясының болмысын зерделеуге қажет модальділік категориясының типологиясы көрсетілді.

5-кесте – Модальділік типологиясы

<table>
<tr><td colspan="4">Мүмкіндік</td></tr>
<tr><td colspan="3">Бейэпистемологиялық мүмкіндік</td><td rowspan="3">Эпистемологиялық мүмкіндік (сенімсіздік)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ішкі мүмкіндік (динамикалық, қабілеттілік)</td><td colspan="2">Сыртқы мүмкіндік</td></tr>
<tr><td>бейдеонтикалық мүмкіндік</td><td>Деонтикалық мүмкіндік (рұқсат беру мағынасы)</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Ішкі қажеттілік</td><td>Бейдеонтикалық қажеттілік</td><td>Деонтикалық қажеттілік (міндеттеу мағынасы)</td><td rowspan="3">Эпистемологиялық қажеттілік (айқындық) Эвиденшл</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сыртқы қажеттілік</td></tr>
<tr><td colspan="3">Бейэпистемологиялық қажеттілік</td></tr>
<tr><td colspan="4">Қажеттілік</td></tr>
</table>

Сонымен, сөйлем пропозициясына үстелген қосымша мағынаны, яғни модальділікті қажеттілік және мүмкіндік ұғымдары тұрғысынан түсіндіру маңызды. Модальділіктің ішкі және сыртқы, сондай-ақ, эпистемологиялық модальділік түрлері қажеттілік және мүмкіндік парадигмалары негізде сараланды. Ішкі мүмкіндік модальділігі сөйлем субъектісінің қабілеттілігімен байланысты болса, ішкі қажеттілік модальдігінде субъектінің ішкі қажеттілігі әрекетті жүзеге асыруға итермелейді. Сыртқы мүмкіндік модальділігінде іс-әрекеттің жүзеге асуына мүмкіндік жасайтын фактор сөйлем субъектісінен тыс, яғни ол сөйлеушіден шығуы

мүмкін немесе жағдайға байланысты болуы мүмкін. Сыртқы қажеттілік модальділігінде іс-әрекеттің жүзеге асуын сөйлеуші немесе жағдай қажет етеді. Эпистемологиялық мүмкіндік сөйлеушінің өз ойының ақиқат шындыққа жанасымдылығына сенімсіздігін білдірсе, эпистемологиялық қажеттілікте өз ойын қандай да бір дерекке немесе білімге негіздегендіктен жоғары сенімділік көрінеді.

Әдебиеттер

Bybee J., & Perkins R. Mood and modality. In The evolution of grammar: Tense, aspect, and modality in the languages of the world. – Chicago: University of Chicago Press, 1994.

Perkins M. Modal expressions in English. – London: F. Pinter, 1983.

Nauze F. Modality in Typological Perspective: Ph.D. thesis. −Amsterdam, Netherlands, 2008.

Von Wright G. An Essay on modal Logic. −Amsterdam: North-Holland Publishing Company, 1951.

Жанпейсов Е. Сөйлем модальділігі және оның қазақ тілінде берілу жолдары // Вестник Казахской Академии Наук ССР, 1959. −Выпуск. 1-2(8-9).−167-170 бб.

Мамаділов Қ.А. Қазіргі қазақ тіліндегі модальдік конструкциялар: филол. ғыл. кандид.... дисс. −Алматы, 1996.

Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальдық және мақсат мәнді жәй сөйлемдер типтері.−Алматы: Мектеп, 1968. – 163 б.

Hengeveld K. Illocution, mood and modality, in Wiegand, H.E. and Steger.H. (eds) Handbücher zur Sprach – und Kommunicationswissenschaft. −Berlin,New York: Walter der Gruyter6 2001.−Pp. 1190-1201.

Palmer F.R. Mood and modality. −London: Cambridge university Press, 1986.

Palmer F.R. Modality and the English modals. −London and New York: Longman,1990.−P. 220.

Palmer F.R. Mood and modality. −London: Cambridge university Press, 2001.

Coates J. The semantics of the modal auxiliaries. −London: Croom Helm, 1983.

Van Der Auwera, J. & Plugian V.A. Modality's semantic map. // Linguistic Typology.−1998.−Vol. 2. −P. 79-124.

Hofmann N.R. 'Past tense replacement and the modal system', in McCawley, J.D. (ed.) Syntax and Semantics 7, Notes from the linguistic underground.−New York: Academic Press, 1976.

Jenkins L. Modality in English Syntax.−Indiana: Indiana University Linguistics Club, 1972. −114 p.

Huddleston R.D. An introduction to English transformational syntax. −London: Longman, 1976.

Sweetser E.E. Root and epistemic modality: causality in two worlds // Berkeley Linguistic Society Papers. −1982.−Vol 8. – Pp. 162-185.

Lyons J. Semantics. −Cambridge: Cambridge University Press, 1977.

Halliday M.A.K.Functional diversity in Language as Seen from a Consideration of Modality and Mood in English // Foundations of Language.−1970.−Vol.6. −Pp. 322-361.

Золотова Г.А. Модальность в системе предикативных категорий // Otazky slovanske syntaxe. – Brno, 1973. – С. 93-97.

Verstraete J.C. Subjective and objective modality: Interpersonal and ideational functions in English modal auxiliary system. // Journal of Pragmatics. −2001. −Vol.33.−Pp. 1505-1528.

Құлманов С. Модальділіктің функционалды-семантикалық өрістері. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. − Алматы, Dike Press, 2011.−225-265 бб.

Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальділігінің функционалды-семантикалық өрістері: филол. ғыл. кандид.... дисс. −Алматы, 2006.

Bybee J., & Fleishman S. Introduction. In Modality in grammar and discourse. −Amsterdam: J. Benjamins, 1995.

References

Bybee J., & Perkins R. (1994) Mood and modality. In The evolution of grammar: Tense, aspect, and modality in the languages of the world. −Chicago: University of Chicago Press.

Bybee J., & Fleishman S. (1995) Introduction. In Modality in grammar and discourse. −Amsterdam: J. Benjamins.

Coates J. (1983) The semantics of the modal auxiliaries. −London: Croom Helm.

Jenkins L. (1972) Modality in English Syntax.−Indiana: Indiana University Linguistics Club. −114 p.

Hofmann N.R. (1976) Past tense replacement and the modal system, in McCawley, J.D. (ed.) Syntax and Semantics 7, Notes from the linguistic underground. −New York: Academic Press.

Huddleston R.D. (1976) An introduction to English transformational syntax. −London: Longman.

Halliday M.A.K. (1970) Functional diversity in Language as Seen from a Consideration of Modality and Mood in English // Foundations of Language. −Vol.6. −Pp. 322-361.

Hengeveld K. (2001) Illocution, mood and modality, in Wiegand, H.E. and Steger.H. (eds) Handbücher zur Sprach –und Kommunicationswissenschaft.−Berlin,New York: Walter der Gruyter. −Pp. 1190-1201.

Lyons J. (1977) Semantics. −Cambridge: Cambridge University Press.

Mamadilov Q.A. (1996) Qazirgi qazaq tilindegi modal'dik konstrukciyalar: filol. gyl. kandidat…. disser. [Modality constructions in modern Kazakh language: thesis for the degree of candidate of philology sciences]. −Almaty, Kazakhstan (in Kazakh).

Nauze F. (2008) Modality in Typological Perspective: Ph.D. thesis −Amsterdam, Netherlands.

Perkins M. (1983) Modal expressions in English.−London: F. Pinter.

Palmer F.R. (1986) Mood and modality. −London: Cambridge university Press.

Palmer F.R. (1990) Modality and the English modals. −London and New York: Longman.−p. 220.

Palmer F.R. (2001) Mood and modality. −London: Cambridge university Press.

Qulmanov S. (2006) Qazaq tilindegi mümkindik modaldiliginiŋ funkcïyonaldï-semantikalïq öristeri: diss … kand.filol. nauk [Functional-semantic field of possibility modality in Kazakh]−Almatï. −Pp. 1-155. (in Kazakh).

Qulmanov S. (2011) Modaldiliktin funkcïyonaldï-semantikalïq öristeri. Malbaqov M. (Redaktor) Qazaq tilinin funkcionaldi grammatikasi [Functional-semantic fields of modality. In M. Malbaqov (Ed), Functional grammar of Kazakh language]. −Almaty: Dike Press, 2011.−Pp. 225-265 (in Kazakh).

Tölegenov O. (1968) Qazirgi qazaq tilindegi žalpï modal'dïq žäne maqsat mändi žay söylemder tiypteri [Modality and types of clauses of purpose in Kazakh] −Almatï: Mektep.−p. 163. (in Kazakh).

Sweetser E.E. (1982) Root and epistemic modality: causality in two worlds // Berkeley Linguistic Society Papers.−Vol 8. – Pp. 162-185.

Von Wright G. (1951) An Essay on modal Logic. −Amsterdam: North-Holland Publishing Company.

Van Der Auwera, J. & Plugian V.A. (1998). Modality's semantic map. // Linguistic Typology. −Vol. 2. −Pp. 79-124.

Verstraete J.C. (2001) Subjective and objective modality: Interpersonal and ideational functions in English modal auxiliary system. // Journal of Pragmatics. −Vol.33. −Pp. 1505-1528.

Žanpeysov E. (1959) Soylem modal'diligi jane onin qazaq tilinde berilu zholdari [Sentential modality and its means of expression in Kazakh]. // Herald of Kazakh SSR Science Academy. −Vol. 1-2(8-9). −Pp. 167-170.

Zolotova G. A. (1973) Modalnost' v systems predikativnych kategorii [Modality in the predicative category] – Otazky slovanske syntax. – Brno – Pp. 93-97 (in Russian).

IRSTI 16.01.21 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.08

N.B. Kaldybekova[1*], A.A. Zagidullina[1], A.S. Seidikenova[2]

[1]Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: nazerkekaldybekova.13@gmail.com

THE IMPLEMENTATION OF MANIPULATIVE INFLUENCE IN INDIRECT COMMUNICATION

This article reveals the problem of indirect communication through the implementation of verbal manipulative influence in political discourse. Indirect communication can be classified as one of the most dynamic areas of modern linguistic research.

Increasingly, indirect ways of expressing communicative meanings are associated with the implementation of verbal manipulative influence.

Our understanding of verbal manipulation in political discourse comes from the understanding of language as a tool of thinking, a tool for obtaining knowledge about a person, culture and society, and discourse as a social practice, being determined by social structures, simultaneously creates and reproduces them.

The relevance of the topic of this article is due not only to the constant interest in political discourse both in the scientific community and in society as a whole, but also by a number of factors indicating the need to study this type of discourse as a kind of indirect communication in close connection with the discursive practices of verbal manipulation.

The verbal manipulation is considered in the article within the framework of pragmalinguistics as a psychological impact, as well as through the prism of cognitive linguistics. The article presents the results of the analysis of the pre-election and subsequent public speeches of D. Trump and H. Clinton in order to identify verbal manipulative influence, at the phonetic (acoustic analysis of sound and spectral analysis of tone, carried out using the PRAAT program), morphemic-morphological and lexical levels.

Key words: indirect communication, manipulation, verbal influence, discourse, political discourse.

Н.Б. Қалдыбекова[1*], А.А. Загидуллина[1], А.С. Сейдикенова[2]

[1]Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті, Қазақстан, Алматы қ.
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: nazerkekaldybekova.13@gmail.com

Жанама коммуникациядағы манипуляциялық әсердің жүзеге асырылуы

Мақалада саяси дискурстағы жанама коммуникация мәселесі сөйлеу манипуляциялық әсерінің жүзеге асырылуы арқылы айқындалады. Жанама коммуникация заманауи тілдік зерттеулердің ең белсенді бағыттарының біріне жатады.

Соңғы уақытта коммуникативті мағынаны білдірудің жанама тәсілдері сөйлеу манипуляциялық әсерінің жүзеге асырылуымен байланысты.

Саяси дискурстағы сөйлеу манипуляциялық әсері туралы біздің түсінігіміз тілді ойлау құралы, адам, мәдениет және қоғам туралы білім алу құралы ретінде түсінуден, ал дискурсты әлеуметтік құрылымдардан туындайтын және оны тудыратын әлеуметтік тәжірибе ретінде түсінуден туындайды.

Бұл мақала тақырыбының өзектілігі ғылыми қоғамдастықта да, жалпы қоғамда да саяси дискурсқа деген тұрақты қызығушылық ғана емес, сонымен қатар дискурстың аталған түрінің жанама коммуникацияның сөйлеу манипуляциялық әсерімен тығыз қарым-қатынасын зерттеудің қажеттілігін көрсететін факторлармен де байланысты.

Мақалада сөйлеу манипуляциясы прагмалингвистика аясында психологиялық әсер ретінде, сонымен қатар когнитивтік лингвистика тұрғысынан да қарастырылады. Мақалада Д.Трамп пен Х.Клинтонның сайлауалды және кезекті көпшілік алдында сөйлеген сөздерін фонетикалық (дыбыстың акустикалық талдауы және үннің спектралды талдауы), морфемді-морфологиялық және лексикалық деңгейлерде сөйлеу манипуляциялық әсерін анықтауға бағытталған талдау нәтижелері ұсынылған.

Түйін сөздер: жанама коммуникация, манипуляция, сөйлеу әсері, дискурс, саяси дискурс.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Н.Б. Калдыбекова[1*], А.А. Загидуллина[1], А.С. Сейдикенова[2]
[1]Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: nazerkekaldybekova.13@gmail.com

Реализация манипулятивного воздействия в непрямой коммуникации

Настоящая статья раскрывает проблему непрямой коммуникации через реализацию речевого манипулятивного воздействия в политическом дискурсе. Непрямая коммуникация может быть отнесена к наиболее активным направлениям современных лингвистических изысканий.

Все чаще непрямые способы выражения коммуникативных смыслов связывают с реализацией речевого манипулятивного воздействия.

Наше представление о речевом манипулятивном воздействии в политическом дискурсе исходит из понимания языка как орудия мышления, инструмента получения знаний о человеке, культуре и обществе, и дискурса, как социальной практики, которая, будучи детерминирована социальными структурами, одновременно создает и воспроизводит их.

Актуальность темы настоящей статьи обусловлена не только постоянным интересом к политическому дискурсу как в научном сообществе, так и в обществе в целом, но также рядом факторов, указывающих на необходимость исследования данного вида дискурса как разновидности непрямой коммуникации в тесной связи с дискурсивными практиками речевого манипулирования.

Речевая манипуляция рассматривается в статье в рамках прагмалингвистики как психологическое воздействие, а также через призму когнитивной лингвистики. В статье представлены результаты анализа предвыборных и последующих публичных выступлений Д. Трампа и Х. Клинтона на предмет выявления речевого манипулятивного воздействия, на фонетическом (акустический анализ звука и спектральный анализ тона, проведен посредством программы PRAAT), морфемно-морфологическом и лексическом уровнях.

Ключевые слова: непрямая коммуникация, манипуляция, речевое воздействие, дискурс, политический дискурс.

Introduction

The relevance of this article is due to the need to identify and describe the specifics of manipulative speech influence at the phonetic, morhemic-morphological and lexical levels in political discourse. The results of the analysis are, in turn, a contribution to the development of a systematic, scientifically based set of complementary methods for studying manipulation using the conceptual apparatus of linguistics, contribute to the deepening of ideas about language as a means of constructing social reality and a tool for influencing public opinion.

The article seeks to identify the features of the implementation of speech manipulative influence in indirect communication on the material of political discourse.

The formulated goal dictates the solution of the following tasks:

- to define the phenomenon of indirect communication and manipulative influence;
- to analyze the pre-election and subsequent public speeches of D. Trump and H. Clinton to reveal the means of verbal manipulative influence in indirect in indirect communication;
- to establish the specifics of manipulative speech influence at the phonetic, morphemic-morphological and lexical levels;
- to establish a manipulative effect at the phonetic level, conduct an acoustic analysis using the PRAAT program.

The object of the study is the pre-election discourse of US presidential candidates D. Trump and H. Clinton during the election campaign (2015-2016), as well as their following public remarks.

This article discusses discursive aspects of the use of speech manipulation in indirect communication employing linguistic tools and speech techniques at the phonetic, morphemic-morphological, and lexical levels.

The importance of this paper rests in the fact that it offers a method for studying verbal manipulation in indirect communication that may also be applied to other discourses based on different linguistic bases.

Literature review

In this work under indirect communication, we follow the definition given by V. V. Dementiev: “It

is a substantially complicated communication, in which the understanding of the utterance includes meanings that are not contained in the utterance itself, and requires additional interpretive efforts on the part of the addressee" (Dementiev 2006: 376).

The essential features of indirect communication, in the sources we used, are:

1) complicated interpretative activity of the addressee (we are talking about indirect ways of expressing speech intentions by the speaker, which are decoded by the listener as a result of the logical operation of implication, taking into account the context, pragmatic information, background knowledge");

2) non-conventionality (if conventional implicatures are derived on the basis of the meanings of the words and constructions used in them and are associated with different types of presuppositions, then non-conventional implicatures are not part of the conventional meanings of linguistic forms, when decoding which, it is necessary to rely on the parameters of the communication situation;

3) situational conditioning (the use of language and speech means of different levels in a particular communicative situation to solve certain communicative tasks);

4) creativity (speech creation, occasional formations, anomalies, jokes, anecdotes, pun-reinterpreted statements, playful-ironic speech acts, within the framework of Grice's principle of cooperation).

Manipulative speech impact, which is the subject of this article, is among speech acts of non-conventional contextual nature.

Literally, "to manipulate" means to use the hands to handle an object (from Latin *manus,* hand). It should be noted that the category of manipulation in the discursive process can be considered quod different attitudes of research.

In the works of E. L. Dotsenko, manipulation is defined as "a type of psychological influence used to achieve a one-sided gain through the hidden motivation of another to perform certain actions" (Dotsenko 1997: 344). Nevertheless, the utterances in the speeches are usually choosen by the manipulator intentionally, so the manipulated is not able to guess the true meaning of the message nor the content.

The analysis of different definitions given by E. L. Dotsenko made it possible to itemize seven signs of manipulation:

1) psychological influence;

2) being under manipulation in order to fulfill one's desire to win;

3) the desire to get a biased win;

4) the covert being of the manipulation (both the fact of the impact and its direction);

5) the use of addressee's psychological weeknesses;

6) advancing presentation;

7) the use of different skills to realize manipulative actions.

According to the features, mentioned above, the manipulation was considered as a variety of psychological impact, the expert implementation which gives on to the concealed anticipation of other person's intentions that do not match with his current desires (Dotsenko 1997:344).

In their works, I. A. Sternin, O. N. Bykova, A. A. Lyubimova refer to manipulation within the framework of pragmalinguistics, and put forward the following definitions of this phenomenon:

1) manipulating the addressee to persuade him to do something (describe information, to be engaged in an act, convert the actions) unintentionally to his own desire, opinion, or purpose (Sternin 2001: 172);

3) the kind of language manipulation used for covert introduction into one's mind, existing at the moment (Bykova 1999);

3) a hidden influence on the listener in order to fullfill a certain effect (Lyubimova 2004: 66)

Many foreign researchers dealing with the pragmatic side of the language, one way or another, also touch upon the problem of language manipulation. In particular, K Mankeltow and D. Over (Mankeltow; Over 1990: 276) correlate manipulation with problems of meaning derivation ("cognitive information processing is perturbed when dealing with words with vague, not understandable, vacuous meaning or whose content is inappropriate with regard to the context").

M. Taillard (Taillard 2000:145) and R. Blass (Blass 2002) develop in detail the pragmatic aspects of manipulative communication and analyze the relationship between informative and manipulative intentions.

According to L. de Saussure, manipulation is "the use of a technique or strategy without which the speaker could not change the mind and behavior of the recipient" (L. de Saussure 2005: 58). According to L. de Saussure, manipulation is a case of covertly transmitted information, because if the recipient recognized the speaker's manipulative intention, the latter would not be able to achieve the goal. Manipulation also blocks the recipient's ability to think rationally, which allows the manipulator to control the process of emergence of certain beliefs in the addressee.

In the studies of the theorist of critical discourse analysis T.A. van Dijk defines manipulation as "a communicative and interactional practice based on the exercise of control by the manipulator over other people, usually against their will and against their interests" (van Dijk 2001: 359). Taking into account these definitions, we highlight the main characteristics of linguistic manipulation:

- hidden nature of the impact;
- the presence of interest on the part of the manipulator;
- focus of achieving a goal that meets the interests and intentions of the manipulator;
- impact on the listener, most often against his will interests.

Three types of manipulation are taken into account within the context of cognitive linguistics: manipulation of short- term memory information processing mechanisms, manipulation of episodic memory mental models, and manipulation of social cognition, including social representations and sociocultural knowledge.

1. Manipulation of information processing mechanisms in short- term memory.

Since information processing in short- term memory involves different forms of analysis (phonetic, phonological, morphological, syntactic and lexical operations) aimed at providing effective understanding, each of these processes happening in short-term memory can be influenced through various means. If dominant groups aim to facilitate the understanding of information that does not contradict their interests, and make it difficult to understand information that is undesirable for them, they will use this form of manipulation.

2. *Manipulation of mental models in episodic memory.*

The object of manipulation is long- term memory, which inclines knowledge, attitudes, ideologies. Part of long- term memory is personal memories that define various types of experiences (Neisser and Fivush 1994:141), or representations that are traditionally associated with long-term memory (Tulving 1983:89).

Manipulation aims at creating, activating, and applying the required mental models. In order to limit the recipient's understanding of the discourse will be in opposition to the manipulator's objectives, the manipulator must develop the proper mental models in the recipient.

3. Manipulating social cognition: social representations and sociocultural knowledge.

In consonance with T.A. van Dijk, the most influential form of manipulation is aimed at forming and modifying socially important abstract beliefs or "social representations" (Moscovici 2001:234), which include knowledge, attitudes and ideologies, since they are more solid than personal mental models. Social representations are acquired across the generalization and abstraction of mental models formed by different classifications of discourse. The manipulation of sociocultural knowledge makes it possible to one to impact social values, which are used to assess events or people, as well as to authorize or denounce actions and deeds(van Dijk 2001:96).

Taking into account these characteristics, we propose a definition of the concept of manipulation, which will be used in this article.

Manipulation is a type of hidden influence carried out in the interests of the speaker and aimed at introducing new knowledge, opinions, beliefs into the recipient's model of the world or revising existing ones through various strategies. By manipulative speech influence, we understand the type of speech influence that makes the individual act in accordance with the interests of the manipulator. As a person has a mindset that permits him to achieve his own interests, the manipulator (addressee) is forced to enterprise such features as human thinking as making conclusions and checking information for compliance with reality, and the different emotions too (L. de Saussure 2005:58).

The exploitation of aspects of the human psyche and language devices for manipulative ends is known as speech manipulative influence.

It should be emphasized that manipulation differs from the other speech influence types, such as phatic, informational, and suggestion. Argument-based persuasion refers to an influence on a person's awareness by an appeal to her own critical reasoning. Contrary to manipulation, informative and phatic effects are characterized by openness and aren't necessarily intended to further a cause that isn't in the recipient's best interests (the recipient may feel the need to obtain information or establish contact with the speaker).

Materials and methods

The study uses the following research methods: cognitive- conceptual method, pragmalinguistic method, discursive analysis, contextual analysis, descriptive method.

We used the PRAAT acoustic sound analysis program to determine how speech manipulation was implemented at the phonetic level and to calculate the formant speeches of D. Trump and H. Clinton. This program authorizes to examine, reconstruct

and inspect the speech signals, also creating a first-rate illustrations for research.

PRAAt encompasses the following types of analysis:

- Spectral analysis (acoustic characteristic (frequency, sound power, the ability to edit audio segments, the ability to print a spectrogram);
- Tone analysis (formant analysis (acoustic index in speech recognition, (spectrogram, tone contour, formant contour, power).

Results and discussion

Political discourse differs from other types of discourse in that it aims to divulge the political manipulation, which is defined as " hidden control of people's political consciousness and behavior in order to force them to act (or remain inactive) against their own interests while creating the appearance of free choice" (Pugachev, Solovyov 2002:156).

It should be mentioned that political discourse has a great pragmatic potential. It can influence the listener by manipulating his awareness because it contains a political figure' stated and implicit goals.

Political manipulation involves the following actions:

1) The introduction of desired content into the public consciousness under the guise of objective information;

2) Impact on sensitive areas of the public consciousness that arouse fear, anxiety, hatred, and other negative emotions:

3) The implementation of both openly and covertly stated plans, the accomplishment of which the manipulator associates with public support for his position (Amelin 2001: 25).

Examples from D. Trump and H. Clinton's electoral speeches in the area of the "problem of immigration were chosen in this respect to explore the issue of speech manipulation in political discourse in order to identify speech actualizers that can generate the desired perlocutionary effect (Polyakova 2019: 114).

Following the analysis, instances of speech manipulation implementation were taken into consideration, including a complex of manipulative language techniques used at the phonetic, morphemic- morphological, and lexical levels.

- Implementation of speech manipulative influence at the phonetic level

"This will be a little bit different. This won't be a rally speech, per se. Instead, I'm going to deliver a detailed policy address on one of the greatest challenges facing out country today, illegal immigration"

(https:// www.donaldgtrump. com/ policies/ foreign- policy –and-defeating –isis)



Figure 1 – Phonetic analysis of D. Trump's speech

As we can see, the phonetic pattern of D. Trump's speech has a peculiar phonetic design. This segment of the speech is the beginning of D. Trump's address on illegal immigration. The speaker needs to capture the attention of the listener from the first words, which is facilitated by the assonance of the vowel [i] in lexemes that, expressing a new semantic message (a little bit different), are able to interest the audience. Having fully captured the attention of the electorate, the candidate places the semantic accents he needs, resorting to phonetic means. Thus, the willingness to provide a detailed plan of immigration policy is expressed using lexemes with alliteration of the consonant sound [d]. This phonetic technique gives speech a special sonority and confidence. The peak of the speaker's message is crowned with the assonance of the vowel [i], which places emphasis on especially significant lexemes (illegal immigration) located at the end of the introductory part of the address, which emphasizes the main theme of the politician's speech.

"Today, on a very complicated and very difficult subject, you will get the truth.

The fundamental problem with the immigration system in our country is that it serves the needs of wealthy donors, political activists and powerful politicians"

(https:// www.donaldgtrump. com/ policies/ foreign- policy – and- defeating – isis)



Figure 2 – Phonetic analysis of D. Trump's speech

The above example demonstrates the possibilities of an integrative impact on the consciousness of the electorate at the phonetic, lexical and syntactic levels. The rhythm of the speech is supported by the alliteration of consonants [v], [p] in lexically significant units (*very, powerful, politicians*). The repetition of the adverb *"very"* with synonymous attributes (*complicated, difficult*) enhances the effect of the impact, the purpose of which is to focus the audience's attention on the problem of immigration. Listening to D. Trump's speech, one can notice the intonational emphasis placed on the word *"truth"*. Undoubtedly, this lexeme has a powerful manipulative potential, is able to attract the attention of the audience and make them ready to hear the truth in D. Trump's speech, whatever it may be.

"I'm against large scale raids that tear families apart and sow fear in communities"

(http://www.vox.com/a/ hillary- clinton- interview)



Figure 3 – Phonetic analysis of H. Clinton's speech

This example is taken from H. Clinton's speech on the problem of immigration and reflects criticism of the position of her opponent D. Trump, whose election program proposes the deportation of illegal immigrants. The assonance of diphthongs [ei] / [iə] and the alliteration of the consonant [f] can be considered as a means of implementing a manipulative effect at the phonetic level: the selected lexemes have a sound design that is harmonious for listening to and carry the main semantic message of the speaker. The lexemes *"against large scale raids", "tear families apart", "sow fear"* reflect H. Clinton's personal position von the issue of immigrants and their families. The use of idioms (*tear families apart, sow fear*) with a phonetically emphasized fear component should awaken the parental instinct in the audience and cause a feeling of fear.

Since the speaker's primary objective is speech manipulation, these techniques draw the listener's attention to lexemes that are particularly important from the standpoint of the statement's meaning.

- Implementation of speech manipulative influence at the morphemic-morphological level

Morphemic are often used to manipulate the audience. Let us consider examples of morpheme-level means used pragmatically to achieve a certain goal in the speeches of D. Trump and H. Clinton.

"Countless innocent American lives have been stolen because our politicians have failed in their duty to secure our borders and enforce our laws like they have to be enforced. Countless Americans who have died in recent years would be alive today if not for the open border policies of this administration and the administration that causes this horrible, horrible thought process"

(https:// www.donaldjtrump.com/policies/ foreign-policy-and-defeating-isis)

In this example, D. Trump accuses President B. Obama and his government of failing to fulfill their obligations to protect the country's borders and strengthen laws in this area, which led to the death of many Americans. The drama of the situation is emphasized by the anaphoric repletion of the attribute with the negative affix "-less" (*countless*), as well as the attribute with the prefix " in" (innocent) in combination with the lexeme " American". Talking about the countless Americans who died because of immigrants should make the electorate seriously think about the problem of immigration in a country where immigrants are favorably received.

"Approximately half of new illegal immigrants came on temporary visas and then never, ever left"

(https:// time. Com/4355797/ Hillary- Clinton-Donald- trump- foreign- policy- sspeechtranscript)

In the above example, D. Trump points to the real situation with illegal immigrants who, with only a temporary visa, remain in the country forever. The morpheme means of promotion here is the negative prefix "il-" (*illegal*), which contributes to the hyperbolization of the description and enhances the manipulative effect. Such tactics of the candidate are intended to cause a sense of fear for their safety among US citizens and force them to reconsider their views on immigration policy.

"*It is certainly the case that immigration has been and continues to be good for our economy. Immigrants start businesses at a faster rate; they seem to grow those businesses more successfully: they do fill certain gaps in skills and knowledge that are good for the overall economy*"

(https: www. vox. com/a/ hillary- clinton-interview)

H. Clinton, speaking is defense of immigrants, justifies their life in the United States, pointing to the benefits that the state receives through immigration. First, regarding the problem of immigrants, the candidate uses a large number of cognate lexemes with the stem "*migrate*" in different word forms (*immigration, immigrants*). The success of immigrants in business is characterized by a combination of adverbs "*more*" and " *success+ full+ ly*". The use of the bimorphemic lexeme "*overall*" allows the candidate to reassure the electorate of the importance of immigrant activities for the American economy.

Despite the limited range of morphemic tools at their disposal in the English language system, D. Trump and H. Clinton are adept at using prefix and suffix morphemes to influence political outcomes.

- Implementation of speech manipulative influence at the lexical level

the English language has a rich repertoire of lexical means and methods of manipulative influence that a speaker can resort to in order to create a planned perlocutionary effect.

"*We are importing Radical Islamic Terrorism into the West through a failed immigration system – and through an intelligence community held back by our president*"

(https:// www. donaldjtrump. com/ policies/ foreign- policy- and- defeating- isis)

In the example, D. Trump links the spread of radical Islamic terrorism with an ill- conceived immigration policy. At the same time, the speaker severely criticizes the passivity of B. Obama, who, realizing the scale of the existing threat, does not

take steps to prevent or eliminate it. The impact is realized through the use of associated lexemes (*Radical Islamic Terrorism, immigration system*). The US immigration system in the candidate's appeal takes on a sharply negative connotation (*a failed immigration system*) and is characterized as unsuccessful and a failure. The feeling of fear and uncertainty about one's own security, evoked in the recipient, is also supported by the associated lexeme "*into the West*", denoting the direction of the spread of the terrorist threat.

"We agree on the importance of ending the illegal flow of drugs, cash, guns, and people across our border, and to put the cartels out of business"

The example demonstrates lexical means of change that can have a speech impact on the audience. D. Trump focuses on the importance of resolving the issue of stopping the illegal flow of drugs and weapons, and illegally crossing US borders. His intention is provided by a complex of lexemes-associates and lexemes-nominators (*illegal flow of drugs, cash, guns, and people*), the enumeration of which occurs according to the principle of growth. The combination of the action verb "end" with the associate lexeme "importance" is capable of manipulating the consciousness of the electorate, inspiring hope to stop the entry of illegal workers, as well as the importation of dangerous goods across us borders.

"The little girl I met in Las Vegas who is living in fear that her parents are going to be deported, she's got stomachaches and all kinds of physical ailments. And she should be a kid and she should be enjoying school and learning and deciding what she's going to do. So I do think we have to very understanding and accepting of the human stories that are behind these statistics that people like Donald Trump throw around"

(http;//www.vox.com/a/hillary-clinton-interview)

In the example, D. Trump's opponent plays on the emotions of the audience, trying to evoke feelings of empathy, compassion for illegal immigrants. For example, such nominating lexemes as *fear, deported, stomachaches and all kinds of physical ailments* appeal to the feeling of compassion. H. Clinton calls for sympathy and understanding for such stories and uses nominating lexemes (*understanding, accepting*) in his speech as contextual synonyms. At the same time, H. Clinton expresses a critical assessment of the position of his opponent. She accuses him of being too keen on immigration statistics, and characterizes his statements using the phrasal verb *throw around*, which emphasizes H. Clinton's disregard for the competitor's position.

"Our country's motto is e pluribus unum: out of many, we are one. Will we stay true to that motto?"

The use of the expression, of Latin origin *e pluribus unum* (these words belong to Cicero)< which in translation means "Out of many – one" calls the people of America to unit, that together they are stronger. Also in this segment of the speech, H. Clinton uses a rhetorical question, trying to evoke a feeling or patriotism, thereby enhancing the perlocutionary effect.

There are a lot of connotative units, modal lexemes, and ideologically specific terminology in candidates' pre-election statements. In D. Trump's speeches, there is propensity to frequently use lexemes that create existing and potential threats that emply intimidation tactics, appealing to the fear response, as well as destructive lexemes that serve the purpose of manipulation, emphasizing the decisiveness, confidence in victory, and purposefulness of D. Trump in the fight against external threats. H. Clinton concentrates on the words *"empathy", "compassion"* and *"creation"* arousing the feelings of pity, security, and hope for the future.

Conclusion

The examined speeches demonstrate how meanings that are not directly present in them, such as dread, anxiety, panic, hatred, and depression, along with compassion and trust, emerge in the thoughts of listeners.

An investigation of instances of verbal manipulation in indirect communication revealed a variety of manipulative linguistic techniques used at the phonetic, morphemic-morphological, and lexical levels.

It was possible to describe the characteristics of the phenomenon under study as a type of speech impact intended to introduce new knowledge, opinions, and beliefs into the recipient's model of the world and/or modify existing ones through indirect speech acts thanks to the method of studying linguistic manipulation.

The strategy utilized in the paper worked well enough to explain the mechanisms that cause manipulative influence. The article supports the idea that a manipulative attitude can be successfully used if the author can foresee how a speech would affect a large audience by creating a psychological chain of anticipated behavioral responses.

The expanding knowledge of linguistic manipulation's prevalence in a variety of human endeavors and the pressing need to create safeguards against manipulative effects account for the rise in interest in language manipulation research over the past few decades. In this regard, the study of linguistic manipulation appears to be a significant and promising area, allowing us to deepen our understanding of the social phenomena and processes that are reflected in and influence language.

Since the influencing function in political speech is continually expanding and the tools of manipulation alter with the emergence of each new leader, research in this area should undoubtedly continue.

References

Дементьев В. В. Непрямая коммуникация: монография. – М.: Гнозис, 2006. – С. 376.

Доценко Е. Л. Психология манипуляции: феномены, механизмы и защита. – М.: ЧеРо, 1997. – С. 344.

Стернин И. А. Введение в речевое воздействие. – М.: Воронеж, 2001. – С.172.

Быкова О.Н. Языковое манипулирование. URL: http://library. krasu.ru/ft/ft/_articles/0070503.pdf (дата обращения: 02.05.2016).

Любимова А.А. Интерпретация текста и языковое манипулирование в текстах современных западных средств массовой информации. Вопросы интерпретации текста. Лингвистика и история литературы. – М.: МАКС Пресс, 2004. – С. 66.

Mankeltow K., Over D. Inference and Understanding: A Philosophical and Psychological Perspective. – London and New York: Routledge, 1990. – 276 p.

Taillard M. Persuasive communication: the case of marketing // UCL Working papers in linguistics / Ad Neeleman and Mary Pearce, 2000. – 145 p.

Blass R. Manipulation in the Speeches and Writings of Hitler and the NSDAP / R. Blass // Paper delivered at the International Conference on Manipulation in the Totalitarian Regimes of the XXth Century, Ascona, Switzerland, Sept. 29th – Oct. 3rd, 2002.

de Saussure L. Manipulation and Cognitive Pragmatics: Preliminary Hypotheses. / Louis de Saussure // Manipulation and Ideologies in the Twentieth Century: Discourse, Language, Mind / L. de Saussure, P. Schulz. – Amsterdam – Philadelphia: John Benjamins, 2005. – 58 p.

Van Dijk T.A. Multidisciplinary CDA: A Plea for Diversity // Methods of Critical Discourse Analysis / R. Wodak, M. Meyer. – London: Sage, 2001. – 95 p.

Neisser U., Fivush R. The Remembering Self: Construction and Accuracy in the Self-Narrative. – Cambridge: Cambridge University Press, 1994. – 141 p.

Tulving E. Elements of Episodic Memory. – Oxford: Oxford University Press, 1983. – 89 p.

Moscovici S. Social Representations: Explorations in Social Psychology. – New York: New York University Press, 2001. – 234 p.

Пугачев В.П., Соловьев А. И. Введение в политологию. – М.: Аспект Пресс, 2005. – С. 156.

Амелин В.Н. Выборы – институт свободы или институт подавления. Избирательные технологии или избирательное искусство. – М.: Российская политическая энциклопедия, 2001. – С. 25.

Полякова А.А. Средства речевой манипуляции в американском предвыборном дискурсе. – М.: Уфа, 2019. – С. 114.

References

Amelin V.N. (2001). Vybory – institut svobody ili institut podavleniya. Izbiratel'nye tekhnologii ili izbiratel'noe iskusstvo [Elections – an institution of freedom or an institution of suppression. Electoral technologies or electoral art]. Rossijskaya politicheskaya enciklopediya. 25 p. (in Russian)

Blass R. (2002). Manipulation in the Speeches and Writings of Hitler and the NSDAP / R. Blass // Paper delivered at the International Conference on Manipulation in the Totalitarian Regimes of the XXth Century, Ascona, Switzerland, Sept. 29th – Oct. 3rd.

Bykova O.N. (2016). Yazykovoe manipulirovanie. [Linguistic manipulation]. URL: http://library. krasu.ru/ft/ft/_articles/0070503.pdf (data obrashcheniya: 02.05.2016). (in Russian)

de Saussure L. (2005). Manipulation and Cognitive Pragmatics: Preliminary Hypotheses. Louis de Saussure. Manipulation and Ideologies in the Twentieth Century: Discourse, Language, Mind. L. de Saussure, P. Schulz. Amsterdam – Philadelphia: John Benjamins. 58 p.

Dement'ev V. V. (2006). Nepryamaya kommunikaciya: monografiya. [Indirect communication:monograph]. M.: Gnozis. 376 p. (in Russian)

Docenko E. L. (1997). Psihologiya manipulyacii: fenomeny, mekhanizmy i zashchita [Psyhology of manipulation: phenomena, mechanisms and protection]. M.: CHeRo. 344 p. (in Russian)

Lyubimova A.A. (2004). Interpretaciya teksta i yazykovoe manipulirovanie v tekstah sovremennyh zapadnyh sredstv massovoj informacii. Voprosy interpretacii teksta. Lingvistika i istoriya literatury. [Text interpretation and linguistic manipulation in modern Western media texts. Questions of text interpretation. Linguistics and history of literature.]. M.: MAKS Press. 66 p. (in Russian)

Mankeltow K., Over D. (1990). Inference and Understanding: A Philosophical and Psychological Perspective. London and New York: Routledge. 276 p.

Moscovici S. Social Representations: Explorations in Social Psychology. New York: New York University Press, 2001. 234 p.

Neisser U., Fivush R. (1994). The Remembering Self: Construction and Accuracy in the Self-Narrative. Cambridge: Cambridge University Press. 141 p.

Polyakova A.A. (2019). Sredstva rechevoj manipulyacii v amerikanskom predvybornom diskurse [Means of speech manipulation in American pre-election discourse.]. M.: Ufa. 114 p. (in Russian)

Pugachev V.P., Solov'ev A. I. (2005). Vvedenie v politologiyu [Introduction to political science]. M: Aspekt Press. 156 p. (in Russian)

Sternin I. A. (2001). Vvedenie v rechevoe vozdejstvie [Introduction to speech influence]. M.: Voronezh. 172 p. (in Russian)

Taillard M. (2000). Persuasive communication: the case of marketing. UCL Working papers in linguistics / Ad Neeleman and Mary Pearce. 145 p.

Tulving E. (1983). Elements of Episodic Memory. Oxford: Oxford University Press. 89 p.

Van Dijk T.A. (2001). Multidisciplinary CDA: A Plea for Diversity. Methods of Critical Discourse Analysis / R. Wodak, M. Meyer. London: Sage. 95 p.

ҒТАМР 16.21.47 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.09

Қ.К. Кенжалин*, Ә.Қ. Таңсықбай

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.
*e-mail: kenkk@mail.ru

«БАСЫ – БАПАН, АЯҒЫ – САПАН» МӘТЕЛІНДЕГІ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР

Қазақ тілі лексикасындағы динамикалық өзгерістер мәселесі соңғы жылдары ерекше өзектілікке ие болып отыр. Көптеген зерттеушілер көнерген сөздерді терең және жан-жақты зерттеу сөзсіз қызығушылық тудыратынын айтады, өйткені бұл сөздер тілдің сөздік құрамының дамуына әсер етеді. Үнемі жаңа сөздермен толықтырылатын тіл белгілі бір себептерге байланысты қажет болмай қалған сөздерден бас тартады. Ал бұл сөздерді тілде сақтап қалатын – мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер. Олар көнерген сөздер үшін саркофаг іспеттес. Бұл мақалада «Басы – бапан, аяғы – сапан» мәтелінде сақталған «бапан» және «сапан» көнерген сөздеріне талдау жүргізіледі. Қазақ тіл білімінде аталған сөздердің беретін мағынасына, этимологиясына қатысты пікірлердің бұрыс екені сөз болады. Тілдік талдау нәтижесінде «бапан» сөзінің – қамыстың басы, ал «сапан» сөзінің – қамыстың сабағы екеніне көз жеткізіледі. Қазақ тілінің деректері қырғыз тілі және басқа да түркі тілдерінің деректерімен салыстырылады. Зерттеудің мақсаты – мақал-мәтелдер құрамындағы көнерген сөздерді жеке алып қарастырудан гөрі, мәнмәтін аясында зерттеудің тиімділігін көрсету. Осы мақсатқа сәйкес аталған мәтелдегі көнерген сөздердің шығу төркінін және мағынасын анықтауға талпыныс жасалды.

Түйін сөздер: көнерген сөз, мақал, мәтел, этимология, паремиология.

K.K. Kenzhalin*, A.K. Tansykbai

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana
*e-mail: kenkk@mail.ru

Archaisms in the proverb «Basy – bapan, ayagi – sapan»

The problem of dynamic changes in the vocabulary of the Kazakh language has become particularly relevant in recent years. Many researchers note that a deep and comprehensive study of obsolete words is of undoubted interest, since these words affect the development of the vocabulary of the language. The language, which is constantly updated with new words, also refuses words that have become unnecessary for certain reasons. And what keeps these words in the language-proverbs and sayings, phraseological units. They are similar to sarcophagi for obsolete words. This article analyzes the obsolete words «bapan» and «sapan», preserved in the proverb «Basy – bapan, ayagi – sapan». In Kazakh linguistics, opinions about the meaning and etymology of these words are erroneous. As a result of the language analysis, it was determined that the word «bapan» is the fluffy top of the reed, and the word «sapan» is the stem of the reed. The data of the Kazakh language is compared with the data of the Kyrgyz and other Turkic languages. The aim of the study is to show the effectiveness of the research in the context, and not in the individual selection of obsolete words in the composition of proverbs and sayings. In accordance with this goal, an attempt was made to determine the origin and meaning of obsolete words in this proverb.

Key words: archaisms, proverbs, sayings, etymology, paremiology.

К.К. Кенжалин* , А.К. Тансыкбай

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана
*e-mail: kenkk@mail.ru

Устаревшие слова в поговорке «Басы – бапан, аяғы – сапан»

Проблема динамических изменений лексики казахского языка приобретает особую актуальность в последние годы. Многие исследователи отмечают, что глубокое и всестороннее изучение устаревших слов представляет несомненный интерес, так как эти слова влияют на развитие словарного состава языка. Язык, который постоянно пополняется новыми словами, также отказывается от слов, которые стали ненужными по определенным причинам. Сохраняют подобные слова в языке пословицы и поговорки, фразеологизмы. Они схоже с саркофагами для устаревших слов. В данной статье проводится анализ устаревших слов «бапан» и «сапан»,

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

сохранившихся в поговорке «Басы – бапан, аяғы – сапан». В казахском языкознании мнения относительно значения, этимологии данных слов являются ошибочными. В результате языкового анализа определилось, что слово «бапан» – это пушистый верх камыша, а слово «сапан» – это стебель камыша. Данные казахского языка сопоставляются с данными кыргызского и других тюркских языков. Цель исследования – показать эффективность исследования в контексте, а не в индивидуальном отборе устаревших слов в составе пословиц и поговорок. В соответствии с этой целью была предпринята попытка определить происхождение и значение устаревших слов в данной поговорке.

Ключевые слова: архаизмы, пословица, поговорка, этимология, паремиология.

Кіріспе

Тіл – қарым-қатынастың маңызды құралы, ойды жеткізу құралы. Сонымен қатар тіл ұлттық мәдениеттің айнасы ретінде әрекет етеді. Тілде бар кейбір сөйлемдер тіпті бірнеше ғасыр уақыт өткеннен кейін де өз мағынасын (туралы, астарлы) сақтап қалған және әлі де қолданылып жүр. Бұл сөйлемдер әдеттегі сөйлемдерден айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл сөйлемдер қандай да бір халықтың басынан кешірген оқиғаларына не жағдайларына қатысты бағзы заманда туындаған. Егжей-тегжейлі түсініктеме берер болсақ – бұл өткен оқиғалардың нәтижелерінен туындаған, тиісті уақытта берілген ақыл-кеңестерді көрсететін үлгі түріндегі сөйлемдер. Бұл түсініктеме халық даналығы боп саналатын мақал-мәтелдерге қатысты берілген. Мақал-мәтелдердің маңызы зор, себебі мақал-мәтелдер халықтың болмысын бейнелейді. Мақал-мәтелдер өте алуан түрлі. Біз оларды өмірдегі түрлі оқиғалар мен жағдайларға қатысты қолдана аламыз. Мақал-мәтелдер – ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан асыл мұра.

Мақал-мәтел тілдік бірлік ретінде ықшам болуымен ерекшеленеді. Әдетте бір-екі сөйлем түрінде қысқа да нұсқа қандай да бір ой, мән беріледі. Мақал-мәтелдер – халықтың өмірлік тәжірибесіне негізделген дана ойларды жинақтайтын, сақтайтын туындылар. Мақал-мәтелдер халықтың келбетін, оның үміті мен ұмтылысын шынайы және жанды сипаттайды. Олар көркемдік ресімделудің нәзіктігімен таң қалдырады. Мақал-мәтелдер мысалында түрлі дәуірлерде адамдарды өмірдің қай қырлары толғандырғанын, ұлттық ой түрлері қалай ерекшеленетінін байқауға болады. Кейбіреулер үшін ойдың қысқаша түрі тәрбиенің немесе мәдениеттің бөлігі болса, енді біреулер үшін бұл тек квинтессенциалды рефлексия, белгілі бір өмірлік құбылысқа деген көзқарасты сәтті білдіретін қорытынды формула. Мақал-мәтелдер белгілі бір халықтың мәдениетінің бөлігі бола отырып, кеңістіктік, уақыттық, себеп-салдарлық қатынастарды, адам мен қоғам арасындағы байланысты көрсетеді. Олар халықтың бай тарихи тәжірибесіне, еңбек қызметіне, тұрмысы мен мәдениетіне байланысты идеяларды бейнелейді.

Мақал-мәтелдердің жалпы мағыналары метафоралық аспектіге ие. Олар халықтың мінез-құлқын, әдеттерін, өмір салтын көрсетеді және, әлбетте, тәрбиелік сипатқа ие. Мақал-мәтелдер халықты моральдық мінез-құлықтың барлық жағдайларында сақ болуға шақырады. Олардың басты ерекшелігі – олардың заманға сай болуы, мағыналардың тәрбиелік аспектісі, қысқалығы, тұрақтылығы, әртүрлі жағдайларда мағыналардың өзгергіштігі т.б.

Мақал-мәтелдер тіл білімі, лингвомәдениеттану және этнолингвистика, лингвофольклористика үшін үлкен қызығушылық тудырады, өйткені олар ұлттық сананың маңызды стереотиптерін қайта құруға мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдердегі көнерген сөздерге этимологиялық талдау жасау арқылы жекелеген мақал-мәтелдердің бастапқы, архаикалық мәні жайлы болжамдар жасауға болады. Сәйкесінше бұл тілдік талдау арқылы халықтың көне танымы жайлы құнды ақпарат алуға болады. Бұл – тек тіл білімі үшін ғана емес, осыған қоса тарих, этнология, философия т.б. түрлі ғылымдар үшін құнды қайнар көз.

Мақал-мәтелдердің тілі – шынайы халықтық сөйлеудің керемет үлгісі, белгілі бір халықтың тарихы мен этнографиясының негізгі көздерінің бірі. Олар сөйлеу тілінің бөлігі бола отырып, халықтың ой-өрісін толық бейнелейді, фольклорда ерекше орын алады және ежелгі дәуірден бастау алады. Халық арасында қолданыс тауып, олар әртүрлі сипаттағы (рухани-адамгершілік, философиялық, тұрмыстық т.б.) жаңа өмірлік бақылаулармен толықтырылады. Белгілі бір халықтың фольклорлық тілін зерттеу оның тілінің тарихын зерттеу үшін, әдеби тілдің қазіргі жағдайына тән көптеген құбылыстарды білу үшін үлкен маңызға ие. Мәселен, мақал-мәтелердің құрылымдық және мағыналық

тұрақтылығына байланысты олардың құрамында қазіргі әдеби тілдегі сөздердің көнерген тұлғалары, мағыналары және де қазіргі тіл иелері үшін түсініксіз, ұмыт болған жекелеген сөздер де сақталады.

Халық ауыз әдебиетінде кездесетін, даму барысында жоғалған тілдің архаикалық құбылыстарының қабаты халықтың тілін, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін зерттеуде құнды дереккөз бола алады (Darbasova S., Ilyina N., 2022: 1). Мақал-мәтелдер – халық даналығының сақтаушысы, әрі тасымалдаушысы. Бұл тілдік бірліктер мәдени ақпаратты я тура, я ауыспалы мағына арқылы беруі мүмкін. Кейбір мақал-мәтелдер түрліше түсіндіріледі, түсініледі. Бұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, бұл жоғарыда айтылып өткендей, мақал-мәтелдің ауыспалы мағынаға ие болу мүмкіндігіне байланысты бірнеше интерпретацияға ие болуы. Екінші себебі – оның құрамындағы кейбір сөздердіңмағынасын білмеуімізге, я дұрыс түсінбеуімізге байланысты. Соңғы жайдай, әдетте, көнерген сөздерге қатысты туындайды.

Көнерген сөздер сөздер негізінен халық ауыз әдебиеті жанрларында, соның ішінде мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, дастандарда сақталғанын айта кеткен жөн (Madiyorova V.Q., 2021: 362). Мақал-мәтелдер құрамында мағынасы күңгірт тартқан сөздердің көп кездесетіні мәлім. Бұл мақал-мәтелдің фразеологиялық тіркес ретіндегі құрылымдық тұрақтылығына және паремиологиялық бірлік ретіндегі қызметіне, «өміршеңдігіне» т.б. тілдік ерекшеліктерге байланысты. Мақал-мәтелдердегі архаизмдер көбінесе тілдің басқа бөліктеріне қарағанда әлдеқайда ұзақ сақталады (Mohamed E-A-A., 2021: 141). Мақал-мәтелдердегі көнерген лексикалық және құрылымдық элементтер көп жағдайда оларды тұрақты түрде жасалатын сөйлемдерден айрықшалайтын белгі ретінде қызмет етеді (Grzegorz S., 2001: 187). Құрамында көнерген сөзі бар мақал-мәтелдің мәнін әр адам әрқалай түсінуі мүмкін. Егер мақал-мәтелдің жалпы мәнін дұрыс білсе, ондағы көнерген сөздің мағынасын топшылап, болжап түсіне алуы мүмкін. Сонымен қатар мақал-мәтелдің құрамындағы барлық сөздердің, оның ішінде көнерген сөздердің де мағынасын білген жағдайда, мақал-мәтелді де түсінуге мүмкіндік бар. Мақал-мәтел уақыт өте келе түп мағынасына қоса жаңа мәнге ие болуы мүмкін. Өйткені ол – қатып қалған цемент емес, ол да қоғам талабына сай өзгеріс үстінде болады. Көнерген сөздерге этимологиялық талдау жасау арқылы жекелеген мақал-мәтелдердің бастапқы, архаикалық мәні жайлы болжамдар жасауға болады. Сәйкесінше, халықтың көне танымы жайлы құнды ақпарат алуға болады.

Әдебиетке шолу

Көрнекті ғалым Ә. Қайдар «Қазақ тілі этимологиясынан этюдтер» мақаласында тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер құрамында жеке-дара алғанда тұлға жағынан да, мағына жағынан да тілдегі басқа сөздермен байланыстыруға, этимологиясын анықтауға қиындық туғызатын сөздердің баршылығын айтады. Бұның екі себебін көрсетеді: біріншісі – бұндай сөздердің қолданылу аясы тек тұрақты тіркеспен, мақал-мәтелмен шектеледі де, тілдегі қолданылу жиілігі азаяды, екінші себебі – олардың морфологиялық, фонетикалық өзгерістерге ұшырауы (Қайдар Ә., 2014: 193). Біз бұл пікірімен келісе отыра, қазақ тіліндегі осындай құбылысқа мысал келтірмекшіміз.

Қазақ тілінде берекесіз, аяқсыз қалған іске қатысты «Басы – бапан, аяғы – сапан» деген мәтел қолданылады. Ол бірде теңеу мәндегі фразеологизм, бірде паремиологиялық бірлікке жататын мәтел ретінде қолданылады. Бұл жерде оның нақты қандай тілдік бірлік екені аса маңызды емес, өйткені фразеологиялық және паремиологиялық бірліктердің өзара байланысы – әлі де зерттеуді талап ететін жеке бір мәселе. Біз үшін маңыздысы – бұл тұрақты тіркес құрамында сақталған көнерген сөздердің мағынасын ашу, шығу тегін анықтау.

«Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі)» еңбегінде бұл тіркестің мағынасын «басталуы жақсы, аяқталуы нәтижесіз, берекесіз» (Уәли Н., Құрманбайұлы Ш. т.б., 2013: 195) деп береді. Бұдан өзгеше пікіріді Ә. Нұрмағамбетов ұсынады. Ғалымның пікірінше бұл тіркестің мағынасы – «басын алысқа айдап, аяғын тоз-тоз етіп, таратып жіберу» (Нұрмағамбетов Ә., 1994: 41-42). Бұл түсіндірмені беруде қырғыз тілінің деректеріне сүйенеді. «Басы», «аяғы» сөздері тура мағынасында емес, «алды», «соңын» деген ауыспалы мағынада қолданылып тұрғанын ескертеді де,қазақ тіліндегі бұл фразеологиялық тіркес қырғыздың «башы кеткен бапанға, аяғы кеткен сапанға» дегеннің ықшам түрі деп есептейді. *Бапан, сапан* сөздерінің қырғыз тілінде беретін мағынасы деп былай көрсетеді: «*бапан* – алыс, қиыр шет, *бапанға кет* – өте алыс, қиыр шетке жүріп кету, *сапан* – тарап,

тозып кету» (Нұрмағамбетов Ә., 1994: 41-42). Сөйтіп,алғашқысы сын есім, екіншісі етістік қызметін атқарып тұр деп тұжырымдайды. *Сапан* сөзінің түбірі «сап» екендігінің дәлелі ретіндетүрік тіліндегі *сапмак* – «тарау, ыдырау» тұлғасын көрсетеді. Бұл этимологиялық болжамға алдағы уақытта тоқталып өтеміз.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер

Зерттеуге материал ретінде «Басы – бапан, аяғы – сапан» мәтелінде сақталған «бапан» және «сапан» көнерген сөздері алынды. Зерттеу барысында этимологиялық сөздіктер қолданылды. Зерттеуде дәстүрлі сипаттама, жинақтау, салыстырмалы әдістер пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Ә. Нұрмағамбетовтың ізімен қырғыз тілінің деректеріне мән берсек, шынымен де *бапан* сөзінің «алыс, қиыр шет»мағынасында қолданылуына көз жеткіземіз. Мысалы, «Манас» дастанында *«Артын **Бапан** айдаптыр, Андалааган кыргыздын»* (Манас, 1958: 32), *«**Бапанга** кетти **башыбыз»*** (Манас, 1958: 111) деген жолдар бар. 1985 жылғы басылымның соңында «Бапан: *башы бапан, аягы сапан* – чексиз алыс таркаган» (Манас, 1958: 260) деген түсініктеме беріліп кетеді. «Қырғыз тілінің фразеологиялық сөздігінде» келесі мысалдар келтірілген: *«Бытыранды, чачыранды, баш аламан, ар кайсы жакка андаалап, самсыган, азып-тозгон. Катын бала, мал-мүлк менен эч кимдин жумушу жок, дүрдүккөн элдин **башы бапан, аягы сапан*** («Ала-Тоо»). *Эми андагы элдин көргөн күнүн айтпа, **башы бапан, аягы сапан*** (Элебаев)» (Институт языка и литературы имени Ч. Айтматова НАН КР, 2015: URL). Лексикограф ғалым К. Юдахин «тарату, әлдекімді қандай да бір жерге айдап салу»деген мағынағақоса «көп нәрсені уәде етіп, нәтижесі көңілден шықпаған кез» (разбазарить так, что и концов не сыщешь) мағынасын көрсетеді (Юдахин К.К., 2019: 710). Соңғы мағынаға қарай бейімделіп өзгеруі қазақ тілінде кездеседі.Мәселен, «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде»: «Бапан (Сем., Үрж.) мықты, жүйрік. *Сәрсенбаев **сапансың**, Бос сөзге сен **бапансың*** (Сем., Үрж.)» (Қалиев Ғ., Нақысбеков О. т.б., 2005: 125). Бұл сөздікте *бапан*-ның ауыспалы мағынасы беріліп тұр. Бұны тұрақты тіркестің бейімделіп өзгертілген нұқсасының мысал ретінде берілуінен байқаймыз. Сөздің тура мағынасына келер болсақ, оны Б. Тоқанұлының «Қазақ тіліндегі көне сөздердің түсіндірме сөздігінен» кездестіреміз: «Бапан – қамыстың ұшындағы үлпілдек ұлпа» (Тоқанұлы Б., 2012: 12). Сондай-ақ, бұл сөздің қазақ тілінде қамыс өсімдігіне қатыстылығы «Орфографиялық сөздікпен» расталады: «бапан (өс.), *бапанға, қамыстың бапаны*» (Уәли Н., Күдеринова Қ. т.б., 2012: 124). Қазақ тілінде аталмыш сөздің «қамыстың ұлпасы» және ауыспалы «мықты» мағынасынан басқа мағынада қолдылуы лексикографиялық еңбектерде тіркелмеген, яғни бұл сөздің қырғыз тіліндегі «алыс, қиыр шет» мағынасы қазақ тілінде жоқ.

Қырғыз тіліндегі *«башы **бапан**, аягы сапан»* мен «***бапанга** кетти башыбыз»* екеуіндегі *бапан*ды омоним сөз деп есептеген жөн. Алғашқысы «қамыстың басын» білдірсе, екіншісі – «шөл, қыр, айдала» мағынасын беретін қазақтың *жапан/жабан* (Қалиев Ғ., Нақысбеков О. т.б., 2005: 220) сөзі. Шығу төркіні – парсылық *йабан* (пустыня, степь, безлюдное место) (Оздоев И., Мациев А., 1962: 118). Қырғыз тілінде *жапан* сөзі адамға, жан-жануарлар мен өсімдіктерге қатысты «жабайы» (дикий, некультивированный) мағынасын беретіні белгілі, ал мекенге қатысты атауы – *биябан* (Юдахин К.К., 2019: 151). Қазақ тілінде «шөл дала, түз, сахара» мағынасын беретін осыған ұқсас *баябан* (Уәли Н., Құрманбайұлы Ш. т.б., 2013: 210) сөзі бар. Айтайын дегеніміз, *баябан, биябан, жабан, жапан* сөздерінің төркіні бір және қырғыз тіліндегі *«**бапанга** кетти башыбыз»* мысалындағы *бапан*да сол тізімде қарастырылғаны жөн. Оның «қамыстың ұлпасына»түк қатысы жоқ. Ал қамыстың ұшындағы ұлпаны білдіретін сөздің шығу төркіні – құмық тіліндегі *баббахан* деп топшылаймыз. Бірқатар тілдерде бақбақ өсімдігін ұқсас тұлғамен атайды: шешен., ингуш. *баппа* (Оздоев И., Мациев А., 1962: 346), қарашай-балқар. *баппахамт* (Гочиява С.А., Суюичев Х.И., 1989: 117) т.б. Х.Р.Сельмурзаеваның көрсетуінше: *баппа* «одуванчик» <құмық. *баббахан* «одуванчик» (Сельмурзаева Х.Р., 2012: 31). Қазақ тілінде *бапан* сөзі *бапа* нұсқасында да қолданылатынын ескерген жөн: «Бапа (Қост.: Жанг., Торғ.) қамыстың басындағы үкісі, ұлпасы. *Қамыстың басы **бапалап** қалған екен* (Қост., Жанг.). *Қамыстың **бапасы** аяғының шуашы бар адамға пайдалы болады* (Қост., Торғ.)» (Қалиев Ғ., Нақысбеков О. т.б., 2005:125). Осы деректерге сүйене отыра, қазақ тілінде бұл сөздің шығу тегін былайша топшылаймыз: қаз. *бапа/бапан* «қамыстың ұлпасы» <шешен-ингуш. *баппа* «одуванчик» <құмық. *Баббахан*

«одуванчик». Қамыстың ұшындағы қоңыр түсті ұлпа мен бақбақ «одуванчик» екеуінің үлпілдек екенін ескерсек, бұндай құбылыстың болуы әбден мүмкін. Бұл сөздің шығу төркінін әлі де нақты іздестіру қажет.

Ә. Қайдар «Қазақтар: ана тілі әлемінде» этнолингвистикалық сөздігінде *бапан*-ға «қамыстың ұшындағы үлпілдек қоңыр ұлпа» (Қайдар Ә., 2013: 500) деп анықта беріп, «Халық даналығы» еңбегінде *«Басы – бапан, аяғы – сапан»* мәтелін былайша түсіндіреді: «1. «Басы қамыстың үлпегіндей, яғни, шашы дудардай үлкен де, аяғы түренді ағаш соқадай – сапандай көстиген» адамға, қатысты айтылған теңеу; 2. ауыс.басы әдемі,көркем болып келіп,аяқ жағы ұсқынсыз, рабайсыз нәрсеге айналған нәрсе, іс» (Қайдар Ә., 2004: 242). Ғалым бұл жерде *сапан* сөзін ағаш соқа атауы деп қарастырады. Соқаны білдіретін *сапан* қазақ тілінде *сабан* тұлғасында ғана диалектілік сөз ретінде тіркелген: «Сабан зат. жерг. Соқа», «Сабан айдау. жерг. Жер жырту» (Уәли Н., Құрманбайұлы Ш. т.б., 2013: 1095). Дегенмен, бұл сөздің қазақ тілінде *сапан* тұлғасында ауызекі сөйлеу тілінде кездесуі мүмкін, өйткені б-п дыбыстық алмасуытүркі тілдеріне тән. Осыған қоса, *сапан* тұлғасы чуваш тілінде т.б. түркі тілдерінде соқа атауы боп қолданылады.Бұл сөздің этимологиясына көшпес бұрын, бұған қатысты тағы бірнеше пікірді келтірген абзал.

Қазақ тілі диалектологиясының дамуына үлес қосқан ғалым Ж. Досқараевтің пікірінше*«Басы бапан, аяғы **сапан**»* мәтеліндегі *сапан* – түркмен, азербайжан тілдерінде тас лақтыру үшін қолданылатын ескі жабайы құрал атауы. Ғалым мәтелге келесідей түсініктеме береді: «бір нәрсенің басы, сыртқы тұлғасы сияқты болып көрінсе де, аяғы сапан сияқты (алысқа лақтырған тастай боп) бытырап, жоқ болып кетеді» (Досқараев Ж., 1955: 24). Бұл пікірді Г. Өтемісова «Қазақ тіліндегі көнерген аталымдар лұғаты» еңбегінде қостай отырып, дәл осы мағынаны білдіретін *«Басы таудай, аяғы қылдай»* деген мәтелді мысал келтіреді (Өтемісова Г.Ж., 2012: 42).

Қазақтіліндегіөсімдікәлемініңлингвомәдени бейнесін қарастырған зерттеуші А. Шормакова Ә. Қайдардың *бапан*, Ә. Нұрмағамбетовтың *сапан* сөзіне берген анықтамаларына сүйеніп, қамыстыңұшындағы үлпілдек қоңыр түсті ұлпаның еш кәдеге жарай бермейтініне байланысты бұл тұрақты тіркестің беретін мағынасын«аттандап басталып, берекесіз аяқталған іс» (Шормакова А.Б., 2020: 108) деп береді. Мәтел түсіндірмесі дұрыс берілгенімен, байланысы жоқ анықтамаларды бір мәнмәтінде қолданғаны түсініксіз. Бұл алдыңғы мысалдарға да байланысты: «Басы – қамыстың басы», ал «аяғы» – ағаш соқа, я тас лақтыратын қару, я алыс болғаны ма?

Бапан мен *сапан* әдетте егіз жүретін сөздер. Ә. Нұрмағамбетовтың сөзімен айтсақ, бір-біріне «өмір серігі болып келген» (Нұрмағамбетов Ә., 1994: 41) сөздер. Тіпті тұрақты тіркесті бұзып қолданылған жағдайда да бірге жүреді. *«Сәрсенбаев **сапансың**, Бос сөзге сен **бапансың**»* мысалы осыған дәлел. Біздің пайымдауымызша, *бапан* мен *сапан*-ның қатар жүруінің себебі – екеуі де бір өсімдіктің белгілі бір бөліктерінің атауы болуында. Біріншісінің қамыстың ұшындағы үлпілдек ұлпа екені еш дау туғызбайды, ал *сапан*-ның қамыстың сабағы екенін Б. Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» білеміз: «Сапанзат. Қамыстың сабағы. *Ұшқыр торы атпен жортқан Ұрқия **сапанын** бел ортасына дейін қалыңқар басқан үкілі сары қамыстың жанынан жалғыз өте берді* (С.Жүнісов, Ақан сері, 211)» (Қалиев Б., 2014: 492). Демек, біз талдап отырған мәтелге «басы – қамыстың ұшындай, аяғы – қамыстың сабағындай» деп қарасақ болады. Бұл пікірді қырғыз тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін құрастырушы ғалым К. Сейдакматов та қуаттайды: «*«Басы – бапан, аяғы – сапан»* деген жердегі *бапан* сөзі айтылады, бірақ оның мәнісі қырғыздар үшін түсініксіз. Мұндағы *бапан* сөзі қазақ тілінде «қамыстың басы» деген мәнді береді. Шындығында, қамыстың басы бапыйып тұрғанмен, сабағы кәдімгі сабан сияқтанып тұрады. Сондықтан *«басы – бапан, аяғы – сапан»* деген жердегі сөз қамысқа байланысты келіп шыққан десе болады. Бірақ бұл ауыспалы мәнге ие болып, жақсы басталып, аяқталмай қалған іске қарата айтылады. Мұндағы сапан сөзі *бапан* сөзіне қарата лайықтанып өзгеріп, *м* дыбысы *п* дыбысына өтіп кеткен *саман* деген сөз деп білу керек» (Сейдакматов К., 1988: 46). Бұл тұста екі жорамал жасауға болады: немесе *саман* сөзі *бапанға* ыңғайланып *сапан* деп өзгергеннен кейін «қамыстың сабағы» мағынасын иеленді немесе ол бұған дейін де *сапан* күйінде бұл мағынада қолданылып жүрді. Түркі жазба ескерткіштерінде қамысқа қатысты *sapan* тұлғасын кездестірмедік, тек «солома» мағынасын беретін *saman* (Махмуд ал-Кашгари, 2005: 390) тұлғасы тіркелген. Сондықтан бірінші болжам ақиқатқа жақынырақ деп ойлаймыз.

Аталған мәтелде ғалымдардың ұсынған «сап» негізді етістіктің (Ә. Нұрмағамбетов),

ағаш соқа (Ә. Қайдар), тас лақтыратын көне құрал (Ж. Досқараев), сабан (К. Сейдакматов) атауларының шығу тегі әр түрлі. Этимологиялық дерек қорларына сүйеніп, біз бұл сөздердің этимологиясын қарастырып көрейік.

Ең алдымен, Ә. Нұрмағамбетовтың мәтелдегі *сапан* сөзін «тарап, тозып кету» (Нұрмағамбетов Ә., 1994: 41) деп түсіндіргенін жаңсақ пікір деп білу керек. Яғни, осында *sapan*<*sap* емес. Түрік тілінде *saptak* (тарау, ыдырау) етістігінің шығу тегі «жолдан кету, ауып кету» мағынасын беретін пратүркілік **sap-* болуы мүмкін екені рас. С. Старостин бойынша тілдердегі сәйкестік келесідей: «пратүрк. **sap-:* 1. «жолдан кету, ауып кету»; 2. «бұрма жол»; 3.«айла, тәсіл». Қазақ., түрк., тат., әзірб., ғаг. *sap-*, чув. *sup-*(1),ортатүрк. *sap-*(ауытқу), *sapaq* (2), түрк. *sap-*(3) (Старостин С.А., 2013: URL). «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде» көрсетілген мағыналары:

1. жолдан бұрылу – түрік., ғаг., чуваш.; ауып кету;

2. жол беру – ғаг.,тат. (*йул, сап-*), чув.;

3. өзгерту – түрк. (*гүррүңи башға сап-* «әңгімені басқа жаққа бұру»);

4. адал жолдан таю – түр.;

5. ақылдан алжасу – тат. (*ақылдан сап-* «ақылдан алжасу»), чув.;

6. бір нәрсеге құмарлық – чув. (Этимологический словарь тюркских языков, 2003: 211).

Қазақ тілінде бұл мағынада *sapan* (*sap+an*?) тұлғасы кездеспейді. Зерттеушінің бұл сөзге қатысты ұсынған этимологиялық болжамын дәлелдейтін тілдік деректер табылмады. Сонымен қатар, мәтелге зер салатын болсақ, оның бұл мәнмәтінде жоғарыда келтірілген мағынада қолданылмағанын айқын аңғарамыз.

Сабан (жерг.)– соқа– жер жырту үшін қолданылатын ауылшаруашылық құралы (Уәли Н., Құрманбайұлы Ш. т.б., 2013: 1156). Қазақ тілінде *сабаншы* (соқашы, соқаайдаушы, егінші), *сабантой* (егінді орып, бастырып болғаннан кейін өткізілетін той-мереке, қызық-думан) сөздеріне негіз болды. *Sapan* (соқа)<пратүрк. **sa(r)pan*(соқа). Қарахан.: *saban* (МК), түрік.: *saban*, татар.: *saban*, ортатүрк.: *saban* (IM, AH), sapan (Pav. C.), ұйғ.: *sapan,*әзірб.: sapan, чуваш.: *sorban,*қазақ.*: saban*, ноғай.: *saban,*башқ.: *haban,*балқ.: *saban*, ғағауыз.: *saban*, қарайым.: *saban,*салар.: *sovan* “соха” (ССЯ), құмық.: *saban, sarapan* (Старостин С.А., 2013: URL). Яғни, сөздің даму барысында түбірдегі *r* дыбысы түсіп қалған. Біздің ойымызша, Ә. Қайдардың ұсынған түсіндірмесінде *сапан* омонимінің «ағаш соқа» мағынасын таңдауы бұрыс, өйткені ол мәнмәтінде орынсыз, мағынасы жағынанкеліңкіремейді.

«Тас атуға арналғанкөне құрал, қол қаруы» (Уәли Н., Құрманбайұлы Ш. т.б., 2013: 1101) мағыналы *sapan* тұлғасының шығу төркіні нақты анықталмаған. Түркі тілдеріндегі бұл сөздің сәйкестіктері: қазақ. *сақпан,* тат. *сабан* (*сабан ташы* құрамында), құм. *сарпан,* түрік. диал. *sappan,* әз. *сапанд*, әз. диал. *сахман,* башқ. *хақман* т.б. Беретін мағыналары: түрік. диал. басқа түркі тілдерінде – 1. «праща», сондай-ақ 2. «рогатка», 3. «кнут», ал түрік. диал. – 4. «противовес» (Этимологический словарь тюркских языков, 2003: 212). Үшінші мағына қазақ тіліне тиесілі – «длинный ремень (у пастуха), который при махании издает звук, подобный выстрелу из пугача – каз.; орудие, которым отпугивают птиц, садящихся на посев – каз диал.» (Этимологический словарь тюркских языков, 2003: 212). Бұл сөздің шығу тегі «махать, качаться» әрекетін білдіретін праалтайлық **sep`a (~ -o),*«махать, развеивать, взбалтывать» мағынасын беретін пратүркілік **sapi-* тұлғасы болуы мүмкін (Старостин С.А., 2013: URL). Қазақ тілінің лексикографиялық еңбектерінде «тас лақтыратын» *сапан*-ның тек *сақпан, сақман* (Уәли Н., Құрманбайұлы Ш. т.б., 2013: 1101) тұлғалары тіркелген. Мәтелде sapan тұлғасында сақталған десек, онда: sapan «праща» < пратүрк. **sapi-*«махать» <праалт. **sep`a*«махать». С. Левитская бұдан басқа «күзетші» мағынасындағы *сақман* тұлғасынан шығу мүмкіндігі жайлы: «Сақман (сақманщик) обычно бывает вооружен пращей для отпугивания хищных птиц», (Этимологический словарь тюркских языков, 2003: 212) – дейді, алайда «сапан, сапқан> сақпан, сақман» этимологиялық болжамын растайтын жазба деректердің жоқтығын айтады. Ғалымшағатайлық *sapï* мен *sap* (нить) тұлғалары арасындағы байланысты анықтау қажеттігін алға тартады (Этимологический словарь тюркских языков, 2003: 212).

Sapan «қамыстың сабағы»<*saman*«дәнді және ірі бұршақтыдақылдарды бастырғаннан кейін қалатын құрғақсабағы» (Уәли Н., Құрманбайұлы Ш. т.б., 2013: 1095) <практүрк. **siāpan* «солома», «колючка». Көнетүрк.: *saman* (OUygh.), қарахан.: *saman* (МК Cigil), түрік.: *saman*, ортатүрк.: *saman* (Pav.C.,Ettuhf., Houts.),өзбек.: *somon*, ұйғ.: *saman*, әзірб.: *saman*, туркмен.: *sāman*, қазақ.: *saban*, ноғай: *saman*, құмық.: *saman* т.б. (Старостин С.А., 2013: URL). «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде» сөздің дыбыстық өзгерісі былай сипатталады: «Интервокальное **p* – заканомерно озвончает-

ся после первично долгого гласного и назализуется по ассимиляции с последующим носовым» (Этимологический словарь тюркских языков, 2003: 199). *«Басы – бапан, аяғы – сапан»* мәтілінде мағынасы жағынан келетін,нақтырақ айтқанда бұл мәнмәтінде басқа сөздермен логикалық байланыс құрап тұрған (бапан – қамыстың басы, сапан – қамыстың сабағы; *басы, аяғы* сөздерінің берілуі) сөз – осы деп пайымдаймыз.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдердің мәдени ақпаратты ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдаушы, оны сақтаушы екені анық. Дегенмен мәдени ақпаратты, тіпті жалпы ақпаратты дұрыс, толық қабылдау үшін айтылған сөздердің мағынасын, кейде ауыспалы мағынасын, мәнмәтінін түсіну – міндетті шарт. Егер белгілі бір мақал-мәтелдің құрамында тіл иесі үшін түсініксіз сөздер бар болса, онда ол мақал-мәтелдің мәнін толық түсінбеуі мүмкін. Түсініксіз сөз деп тұрғанымыз бұл, көп жағдайда, көнерген сөздер боп саналады. *«Басы – бапан, аяғы – сапан»* мәтелі басы әдемі, көркем болып келіп, аяқ жағы ұсқынсыз, рабайсыз нәрсеге айналған, аяқталмай қалған нәрсені, істі сипаттайды. Бұл – белгілі бір істі жақсы бастаса, оны соңына дейін дұрыстап атқаруға шақыратын мәтел. Сөздердің мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестерде ғана сақталып, қолданысының азаюы, сондай-ақ дыбыстық, мағыналық өзгеріске ұшырауы біз қарастырған мысалда көрініс тапты. Құрамындағы *бапан* мен *сапан* сөздерінің көнерген сөз болуына және мағыналарының мәнмәтіннен тыс қарастырылуына байланысты әр түрлі түсіндірмелер берілді. Осындай көнерген сөздерге талдау жүргізгенде оларды мәнмәтін аясында қарастырудың тиімділігі анықталды. Мақал-мәтелдерді құрастырудың басты қағидаларының бірі қарама-қайшылық екенін ескерсек, бұл мәтелде бір-біріне қарама-қайшы: *бас – аяқ, бапан – сапан* сияқты ұғымдардың бар болуы түсінікті болады. Егер осындағы сапан сөзін басқаша түсіндірсек, онда жалпы мәтелдің логикасына нұқсан келеді деп есептейміз. Қарама-қайшылық – бұл әлемнің физикалық және интеллектуалдық қабылдауында үнемі қызмет ететін негізгі категориялардың бірі, өйткені адам қабылдауда тұрақтыдан гөрі өзгергіштікті жақсы қабылдайды. Мақал-мәтелдер – халықтың қоршаған ортаны қабылдауының, оны қорытып ой шығаруының нәтижесі, сондықтан халық даналығын, оның интеллектуалдық тәжірбиесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде тиянақтылық таныту керек.

Аталған мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен AP08855980 «Қазақ тілінің тарихи сөздігі» атты гранттық жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер

Darbasova S., Ilyina N. Proverbs and sayings collected by A.E. Kulakovsky: language analysis as a source of ethnocultural information // SHS Web of Conferences. – 2022. – №134. – Pp. 1-8. https://doi.org/10.1051/shsconf/202213400042

Madiyorova V.Q. Analysis of archaic words in the structure of english and uzbek proverbs // EPRA International Journal of Research and Development (IJRD). – 2021. – №6. – Pp. 360-362.

Mohamed Entesar Alsir Abu-ALgasim. Semantic Problems of the Usage of Archaic Morphological Features: Surat Al-Humza (Traducer) as a Mode // International Journal of Linguistics, Literature and Translation (IJLLT). – 2021. – №4. – Pp. 138-141. https://doi.org/10.32996/ijllt.2021.4.2.17

Grzegorz S. Archatc lexis in polish proverbs // “And Gladly Wolde He Lerne and Gladly Teche”: Studies on Language and Literature in Honour of Professor Dr. Karl Heinz Göller. [Электрон.ресурс]. – 2001. – Pp. 187-193. – URL: https://www.researchgate.net/publication/339500471_Archaic_Lexis_in_Polish_Proverbs

Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Сардар, 2014. – 256 б.

Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.

Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.

Манас. Биринчи бөлүк. I китеп. – Фрунзе: Кыргызмамбас, 1958. – 343 б.

Кыргыз тилинин фразеологиялык сөздүгү / Институт языка и литературы имени Ч. Айтматова НАН КР. – Бишкек [Электрон.ресурс]. – 2015. –URL:https://el-sozduk.kg/slovari/frazeologicheskiy-slovar-kyrgyzskogo-yazyka-2015/

Кыргызча-орусча сөздүк: 40 000 сөз. / Түз.: К.К. Юдахин. – 4-бас. – Бишкек: Полиграфбумресурсы, 2019. – 1092 б.

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Ydербаев және т.б. –Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.

Тоқанұлы Б. Қазақ тіліндегі көне сөздердің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Molia & DOS, 2012. – 60 б.

Орфографиялық сөздік / Құраст.: Н.Уәли, Қ.Күдеринова, А.Фазылжанова, Ж.Исаева, Н.Әміржанова, А.Әмірбекова. – 6-бас. – Алматы: Дәуір, 2013. – 720 б.

Курысжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. –«Тюркско-арабского словаря». – Алма-ата: Наука, 1970. – 225 б.

Оздоев И., Мациев А., Джамалханов З. Ингушско-чеченско-русский словарь / Чечено-Ингушский научно-исследовательский институт истории, языка и литературы. – Грозный: Чечено-ингушское книжное издательство, 1962. – 213 с.

Гочиява С.А., Суюичев Х.И. Карачаево-балкарско-русский словарь: около 30 000 слов/Карачаево-Черкесский н.-и. ин-т., филол. иэкономики. – М.: Рус.яз., 1989. – 832 с.

Сельмурзаева Х.Р. Кумыкские заимствования в чеченском языке: Монография. – Грозный: издательство ЧГУ, 2012. – 132 с.

Қайдар Ә. Қазақтар: ана тілі әлемінде. –Алматы: Сардар, 2013. – Т.3. – 608 б.

Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Толғанай Т, 2004. – 560 б.

Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері: (лексика). – Алматы: Қазақ ССР ғылым Академиясынын баспасы, 1955. – 156 б.

Өтемісова Г.Ж. Қазақ тіліндегі көнерген аталымдар лұғаты. − Алматы, 2012. –192 б.

Шормакова А.Б. Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің лингвомәдени бейнесі: филос. док. дәр. алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 2020.– 154 б.

Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.

Сейдакматов К. Кыргыз тилинин кыскача этимологиялык сөздүгү. – Фрунзе: Илимə, 1988. – 330 б.

Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.

Старостин С.А. Вавилонская башня (Проект этимологической базы данных) [Электрон.ресурс]. – 2013. –URL:https://starling.rinet.ru/cgi bin/response.cgi?single=1&basename=%2fdata%2falt%2fturcet&text_number=1484&root=config

Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы Л, М, Н, П, С. – М.: Наука, Восточная ... литература РАН, 2003. – 446 с.

Старостин С.А. Вавилонская башня (Проект этимологической базы данных) [Электрон.ресурс]. – 2013. –URL:https://starling.rinet.ru/cgi-bin/response.cgi?single=1&basename=%2fdata%2falt%2fturcet&text_number=+574&root=config

Старостин С.А. Вавилонская башня (Проект этимологической базы данных) [Электрон.ресурс]. – 2013. – URL: https://clck.ru/TQiCr

Старостин С.А. Вавилонская башня (Проект этимологической базы данных) [Электрон.ресурс]. – 2013. – URL: https://starling.rinet.ru/cgi-bin/response.cgi?single=1&basename=%2fdata%2falt%2fturcet&text_number=+392&root=config

References

Darbasova S., Ilyina N. Proverbs and sayings collected by A.E. Kulakovsky: language analysis as a source of ethnocultural information // SHS Web of Conferences. – 2022. – №134. Pp. 1-8. https://doi.org/10.1051/shsconf/202213400042

Doskaraev Zh. Kazak tilinin zhergilikti erekshelikteri: (leksika) [Local features of the Kazakh language: (vocabulary)] (Almaty, Qazaq SSR gylym Akademiyasynyn baspasy, 1955, 156 p.). (in Kazakh)

Etimologicheskij slovar tyurkskih yazykov: Obshchetyurkskie i mezhtyurkskie osnovy na bukvy L, M, N, P, S [Etymological dictionary of the Turkic languages: Common Turkic and inter-Turkic bases for the letters L, M, N, P, S] (Mosvka, Nauka, Vostochnaya ... literatura RAN, 2003, 446 p.). (in Russian)

Gochiyava S.A., Suyuichev H.I. Karachaevo-balkarsko-russkij slovar: okolo 30 000 slov [Karachay-Balkar-Russian dictionary: about 30,000 words] (Moscow, Rus.yaz., 1989, 832 p.). (in Russian)

Grzegorz S. Archatc lexis in polish proverbs // “And Gladly Wolde He Lerne and Gladly Teche”: Studies on Language and Literature in Honour of Professor Dr. Karl Heinz Göller. [Electronic resource]. – 2001. – Pp. 187-193. – URL: https://www.researchgate.net/publication/339500471_Archaic_Lexis_in_Polish_Proverbs

Kaidar A. Gylymdagy gumyr. Kazak tili etimologiyasynyn gylymi-teoriyalyk negizderi [Life in science. Scientific and theoretical foundations of the etymology of the Kazakh language] (Almaty, Sardar, 2014, 256 p.). (in Kazakh)

Kaidar A. Kazaktar ana tili aleminde [Kazakhs: in the world of their native language] (Almaty, Sardar, 2013, V. 3, 608 p.). (in Kazakh)

Kaidar A.T. Halyk danalygy (kazak makal-matelderinin tusindirme sozdigi zhane zertteu) [Folk wisdom (Explanatory Dictionary and research of Kazakh proverbs and sayings)] (Almaty, Tolganaj T, 2004, 560 p.). (in Kazakh)

Kaliev B. Kazak tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] (Almaty, Memlekettik tildi damytu instituty, 2014, 728 p.). (in Kazakh)

Kazak sozdigi (Kazak tilinin birtomdyk ulken tusindirme sozdigi) [Kazakh Dictionary (one-volume Large explanatory Dictionary of the Kazakh language)] (Almaty, Dauir, 2013, 1488 p.). (in Kazakh)

Kazak tilinin aimaktyk sozdigi [Regional Dictionary of the Kazakh language] (Almaty, Arys, 2005, 824 p.). (in Kazakh)

Kuryszhanov A.K. Issledovanie po leksike starokypchakskogo pismennogo pamyatnika XIII v. – «Tyurksko-arabskogo slovarya» [Research on the vocabulary of the Old Kypchak written monument of the XIII century – «The Turkic-Arabic Dictionary»] (Alma-ata, Nauka, 1970, 225 p.). (in Russian)

Kyrgyz tilinin frazeologiyalyk sozdugu [Phraseological dictionary of the Kyrgyz language] (Bishkek, Institut yazyka i literatury imeni Ch. Ajtmatova NAN KR, 2015) [Electronic resource] Available at: https://el-sozduk.kg/slova0ri/frazeologicheskiy-slovar-kyrgyzskogo-yazyka-2015/

Kyrgyzcha-oruscha sozduk: 40 000 soz [Kyrgyz-Russian dictionary: 40,000 words] (Bishkek, Poligrafbumresursy, 2019, V.4, 1092 p.). (in Kyrgyz)

Madiyorova V.Q. Analysis of archaic words in the structure of english and uzbek proverbs // EPRA International Journal of Research and Development (IJRD). – 2021. – №6. – Pp. 360-362.

Mahmud al-Kashgari. Divan Lugat at-Turk (Almaty, Dajk-Press, 2005, 1288 p.). (in Turkish)

Manas. Birinchi boluk. I kitep [Manas. The first part. 1-book] (Frunze, Kyrgyzmambas, 1958, 343 p.). (in Kyrgyz)

Mohamed Entesar Alsir Abu-ALgasim. Semantic Problems of the Usage of Archaic Morphological Features: Surat Al-Humza (Traducer) as a Mode // International Journal of Linguistics, Literature and Translation (IJLLT). – 2021. – №4. – Pp. 138-141. https://doi.org/10.32996/ijllt.2021.4.2.17

Nurmagambetov A. Bes zhuz bes soz [Five hundred and five words] (Almaty, Rauan, 1994, 304 p.). (in Kazakh)

Orfografiyalyk sozdik [Spelling dictionary](Almaty, Dauir, 2013, V. 6, 720 p.). (in Kazakh)

Otemisova G.Zh. Kazak tilindegi konergen atalymdar lugaty [Explanatory Dictionary of archaic names in the Kazakh language] (Almaty, 2012, 192 p.). (in Kazakh)

Ozdoev I., Maciev A., Dzhamalhanov Z. Ingushsko-chechensko-russkij slovar[Ingush-Chechen-Russian Dictionary](Groznyj, Checheno-ingushskoe knizhnoe izdatelstvo, 1962, 213 p.). (in Russian)

Seidakmatov K. Kyrgyz tilinin kyskacha etimologiyalyk sozdugu [Short Etymological dictionary of the Kyrgyz language] (Frunze, Ilima, 1988, 330 p.). (in Kyrgyz)

Selmurzaeva H.R. Kumykskie zaimstvovaniya v chechenskom yazyke [Kumyk loanwords in the Chechen language] (Groznyj, izdatelstvo ChGU, 2012, 132 p.). (in Russian)

Shormakova A.B. Kazak tilindegi osimdik aleminin lingvomadeni beinesi [Linguocultural image of the plant world in the Kazakh language] (Almaty, 2020, 154 p.). (in Kazakh)

Starostin S.A. Vavilonskaya bashnya (Proekt etimologicheskoj bazy dannyh) [The Tower of Babel (Etymological Database Project)] [Elektronic resorse] Available at: https://starling.rinet.ru/cgi-bin/response.cgi?single=1&basename=%2fdata%2falt%2fturcet&text_number=1484&root=config

Starostin S.A. Vavilonskaya bashnya (Proekt etimologicheskoj bazy dannyh) [Elektronic resorse] Available at: https://starling.rinet.ru/cgi-bin/response.cgi?single=1&basename=%2fdata%2falt%2fturcet&text_number=+574&root=config

Starostin S.A. Vavilonskaya bashnya (Proekt etimologicheskoj bazy dannyh) [Elektronic resorse] Available at: https://clck.ru/TQiCr

Starostin S.A. Vavilonskaya bashnya (Proekt etimologicheskoj bazy dannyh) [Elektronic resorse] Available at: https://starling.rinet.ru/cgi-bin/response.cgi?single=1&basename=%2fdata%2falt%2fturcet&text_number=+392&root=config

Tokanuly B. Kazak tilindegi kone sozderdin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of archaisms in the Kazakh language] (Almaty, Molia & DOS, 2012, 60 p.). (in Kazakh)

ҒТАМР 16.01 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.010

Г.Т. Мұхамеджанова

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Петропавл қ.
e-mail: gulmira_mukhamedzhanova@list.ru

ЛИНГВОДИДАКТИКАДАҒЫ АССОЦИАТИВТІ ЭКСПЕРИМЕНТ ТӘСІЛІ

Орта мектепте қазақ тілін оқытудың әдістемесін жетілдіру – күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі. Қазіргі қоғамда білім берудің жаңа бағыттарына сәйкес жалпы білім беретін мектеп оқушыларына қазақ тілінің тілдік құралдарын меңгерту әдістемесін жетілдіру мәселесі де өзекті сипатқа ие болды. Өйткені ұлттық санада қалыптасқан қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдар – ұлт тілінің аса маңызды бөлігі, адамның тұрмысындағы, салты мен дәстүріндегі барша мәдени құндылықтар үнемі тілдік құралдардан көрініс беріп отырды. Қазақ тілтанымы мен әдебиеттану ғылымында «тілдік құралдар» және «көріктеуіш құралдар» терминдері қатар қолданылады. Белгілі бір ұғымды нақты беретіндіктен, көрсетілген терминдік аталымдар біздің мақаламызда кең дәрежеде қолданылады. Қазіргі жаһандану заманында, көптілділік орныққан қоғамда, ақпараттар ағыны жеке адамға жоғары деңгейде әсер етіп отырған кезеңде көріктеуіш құралдар туралы мағлұматты тереңдету және олардың ұлт – тіл – мәдениет тұтастығынан туындайтын лингвомәдени ерекшелігін зерделеу – қазақ тілінің басқа тілдермен бәсекелестігін жоғары деңгейге көтеруге үлес қосатын маңызды фактор. Сол себепті оны сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үшін, әсіресе, орта білім беру жүйесінде көріктеуіш құралдарды оқытудың, танытудың арнайы әдістемелік бағдарламалары жетілдірілуі тиіс. Ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін тексеру эксперимент арқылы жүзеге асырылады. Мақалада орта мектепте «Қазақ тілінің тілдік құралдары» атты таңдау пәнін меңгертудің ерекшеліктері, оқушылардың тілдік санасында көріктеуіш құралдардың орнығу деңгейін көрсететін ассоциативті эксперимент нәтижесі талданды.

Түйін сөздер: тапсырмалар, оқыту, ассоциативті эксперимент, стимул-сөз, реакция-сөз, көріктеуіш тілдік құралдар, жалпы білім беретін мектеп.

G.T. Mukhamejanova

M. Kozybayev North Kazakhstan University, Kazakhstan, Petropavlovsk
e-mail: gulmira_mukhamedzhanova@list.ru

The method of associative experiment in linguodidactics

Improving the methodology of teaching the Kazakh language in secondary school is one of the important issues on the agenda. In modern society, the issue of improving the methods of mastering the language means of the Kazakh language by students of secondary schools in accordance with the new directions of education is also becoming relevant. After all, all cultural values in everyday life, customs and traditions of a person have always been reflected in linguistic means – the most important part of the national language-the colorful linguistic means of the Kazakh language that have developed in the national consciousness. In Kazakh linguistics and literary studies, the terms “linguistic means” and “expressive means” are used in parallel. Since it concretizes a specific concept, these terminological names are widely used in our article. An important factor contributing to the increase in the level of competition of the Kazakh language with other languages is the deepening of information about expressive means and the study of linguistic and cultural specifics arising from the integrity of the national language culture in a modern globalizing society, when the flow of information affects the personality at a high level. Therefore, in order to preserve it and transmit it from generation to generation, special methodological training programs and demonstrations of landscaping tools should be improved, especially in the secondary education system. The effectiveness of the proposed methodological system is tested experimentally. The article analyzes the features of mastering the elective subject in secondary school “Language means of the Kazakh language”, the results of an associative experiment reflecting the level of fixation in the linguistic consciousness of students of visual means.

Key words: tasks, teaching, associative experiment, stimulus-word, reaction-word, expressive language means, comprehensive school.

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Г.Т. Мухамеджанова
Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Казахстан, г. Петропавловск
e-mail: gulmira_mukhamedzhanova@list.ru

Метод ассоциативного эксперимента в лингводидактике

Совершенствование методики обучения казахскому языку в общеобразовательной школе является одним из важных вопросов повестки дня. В современном обществе становится актуальным вопрос совершенствования методики обучения средств казахского языка учащихся общеобразовательных школ в соответствии с новыми направлениями образования. Поскольку сформировавшиеся в национальном сознании декоративные языковые средства казахского языка являются очень важной частью национального языка, в языковых средствах всегда отражались все культурные ценности народного быта, обычаи и традиции. В науке казахском языкознании и литературоведении термины «лингвистические средства» и «декоративные средства» используются одновременно. Приведенные названия терминов широко используются в нашей статье, так как четко передают определенное понятие.

В современную эпоху глобализации, в обществе, где утвердилось многоязычие, в период, когда поток информации оказывает высокое воздействие на личность, углубление сведений о наглядных пособиях и изучение их языковых и культурных особенностей, вытекающих из целостности национально-языковой культуры, является важным фактором, способствующим поднятию конкуренции казахского языка с другими языками на более высокий уровень. Поэтому для его сохранения и передачи из поколения в поколение, особенно в системе среднего образования, следует совершенствовать специальные методические программы обучения и внедрения наглядных пособий. Эффективность предложенной методической системы проверена экспериментально. В статье проанализированы особенности изучения факультативного предмета «языковые средства казахского языка» в старшей школе, результаты ассоциативного эксперимента, показывающие уровень закрепления изобразительных средств в языковом сознании учащихся.

Ключевые слова: задания, обучение, ассоциативный эксперимент, стимул-слово, реакция-слово, выразительные языковые средства, общеобразовательная школа.

Кіріспе

Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару (https://adilet.zan.kz/kaz/). Қазақ тіл білімі өзінің сан қырлы өрнек, бояуы арқылы ұлттық-мәдени құндылықтардың күшін арттырып жатыр. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, тіл біліміндегі көріктеуіш құралдардың пайда болуының өзі тіл танымындағы лингвомәдени сипаттың басымдылығын танытады. Айналадағы құбылыстарды сезіну, түсіну одан қорытынды шығару процестерінің барлығы да осы көріктеуіш құралдардың қызметі арқылы жүзеге асады. Көріктеуіш құралдардың қайқайсысы болмасын, ұлттық қорды, сөз байлығын дамытушы рөл атқарады. Қазақ халқымыздың болжауынша, ұлттық рухани ерекшелігіне, ұлттық мәдениеттің ықпалынан туындаған көріктеуіш құралдардың меңгерту деңгейі әлі толық ашылмаған (Мұхамеджанова, 2016:13).

Оның басты ерекшелігі – қоғамдағы құбылыстардың сан алуан көңіл-күйі мен ой-сезімінің қабылдауына, ойлау жүйесіне байланысты дамуында. Бейнелі, мәнерлі жеткізу өнері көне заманнан-ақ басталып, жаңғыру әрекетінің негізінде жалғасын табуда. Көп жағдайда бейнелі сөздердің басым көпшілігі кәсіп пен тұрмыс-тіршіліктің әсерінен тұрақтайды. Оған ең біріншіден табиғат, қоғам, екіншіден, географиялық орта әсер етеді. Міне, осылардың әсерінен ұлттық дағды, ұлттық ойлау еркіндігі, сөйлеу қалпы анықталады. Ал, көркем әдебиетте осы аталғандарды қолдану, көріктеуіш тәсілдердің сырын түсіндіреді. Тарихи түсініктерге жүгінсек, тіл біліміндегі көріктеуіш құралдар өзінің тарихи таным-түсінігін ежелгі грек ойшылдары Цицерон, Аристотель, Гермоген және Теофраст еңбектерінен бастау алады. Олар кез келген тілдің сөздік қорынан ойып орын алатын тілдік механизмдер болып табылады. Сол үшін де, тілдік құралдардың ғылыми-теориялық негізі, ұлттық-мәдени танымы көріктеуіш құралдардың зерттелу тарихынан хабар береді. Сонымен қатар мектеп оқушыларын

лингвомәдени құзыреттілікке ие тілдік тұлға ретінде қалыптастырудың мәні зор. Бұл да екінші мәселенің бірі. Зерттеу нысаны кезінде ұлттық мәдениетімізді тану мақсатында, сөздік қордың аздығын байқауға болады. Шығармада берілген көріктеуіш құралдардың мағынасын ажырата алмай, басқа сөздердің мағынасымен шатастырып отырады. Көркем шығармаларды оқу барысында автордың берген тілдік ерекшелігін ескеріп, әр сөздің мағынасын аша білу керек деген тұжырым пайда болады. Сол себепті ұлттық-мәдени сипаттарды жоғары дәрежеде меңгерген, қазақ тілін жоғары біліктілікпен қолдана алатын болашақ жеке тұлғаны қалыптастыру үшін қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдарды жалпы орта білім беру жүйесіне енгізуге үшін таңдау пәнінің оқу бағдарламасы, тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі әзірленді. Әдістемелік жүйенің аса маңызды бөлігі эксперимент болып есептеледі. Өйткені білім мазмұнының тиімділігі мен ұтымдылығын анықтау эксперимент нәтижелеріне тәуелді. Эксперимент барысында зерттеуші қарастырып отырған тақырыптың ұтымдылығы дәлелденеді. Ұсынылып отырған эксперимент қорытындысы жалпы білім беретін мектептерде қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдарды меңгертудің тиімділігін айғақтайды.

Материал және әдістер

Жұмыс барысында зерттеудің кешенді теориялық әдістері салыстыру, саралау, жинақтау, жүйелеу, лингвомәдени талдау, лингвистикалық талдаудың этимологиялық әдісі, эксперимент, математикалық статистика әдістері қолданылды.

Ассоциативті эксперимент – тәжірибелік психологиядағы ұтымды тәсілдердің бірі, оның әдістемесі алғашқы рет клиникалық психиатрияда диагностика және психотерапия құралы ретінде пайда болды. Ассоциациялар сана мазмұнын зерттеудің тиімді тәсілі болып табылады. Ассоциативті эксперимент адамның есте сақтау қабілетін, лексиконын, сөйлеуді туындату мен қабылдауды, әртүрлі тілдер иелерінің тілдік санасының ұлттық-мәдени ерекшелігін зерттеудің де тиімді құралы ретінде қолданылады (De Deyne, S., Storms G.: 2008, 213-231).

XX ғасырда құрылымдық лингвистиканың шеңберінде; түрлі тілдердегі кең көлемдегі лингвистикалық материалдарды сипаттауда үшін; психолингвистика мен мәдениеттанудың қалыптасуымен байланысты ассоциацияларды зерттеу басқаша сипат алды. Бірліктер ассоциациялық талдау теориясында ассоциативтік құрылым ұғымы – арасында ассоциация бар екі нысан бар. Минималды ассоциативтік құрылым жұп сөзден тұрады: S → R. Олардың арасындағы бағыт ассоциативтік байланысты көрсетеді. Бір стимул сөзге тұтас реакция сөздердің тізбегі алынуы мүмкін.

Сонымен қатар ассоциативті эксперимент жадыны, лексикон мен сөйлеуді тудыру мен қабылдауды, түрлі тілдерді тұтынушылардың тілдік санасындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктерді зерттеуде қолданылатын тиімді құралдардың бірі болып табылады. Ассоциациялар сана мазмұнын зерттеудің тиімді тәсілі болып табылады. Ассоциативтік тәжірибе адамның есте сақтау қабілетін, лексиконын, сөйлеуді туындатуды және қабылдауды, әртүрлі тілдер иелерінің тілдік санасының ұлттық-мәдени ерекшелігін зерттеудің де тиімді құралы болып табылады (Горошко, 2003: 95).

Зерттеудің мақсатына сәйкес жүргізілген эксперименттің бақылау кезеңінде оқушылардың тілдік санасындағы ұлттық-мәдени тілдік бірліктердің мазмұндық көлемін және осымен байланысты ассоциативті өрісті анықтау мақсатында еркін ассоциативтік сауалнама жүргізілді. Сауалнамада стимул ретінде қалыптастырушы кезеңде ұсынылған оқу бағдарламасында қамтылған көріктеуіш құралдар берілді.

Ассоциация теориясында талдау бірлігі ретінде ассоциативтік құрылым – араларында ассоциация туындайтын екі нысан мойындалады. Минималды ассоциативті құрылым ретінде стимул-реакция сөздерінің жұбы алынады: S → R. Орталарындағы стрелка ассоциативтік байланыстың бағытын көрсетеді. Бір стимул-сөзге реакция-сөздердің толық тізбегі алынуы және онда алдыңғы реакциялар кейінгілерге қосымша стимул болуы мүмкін. Аралық стимулдар ассоциациялану үдерісін бағыттайды, тізбекте алғашқы және соңғы емес, шектес орналасқан сөздер ғана ассоциативті байланысқа түседі. Ассоциативтік эксперименттің екі түрі бар:

1) Еркін ассоциативтік эксперимент, онда стимул-сөз берілген кезде реакция-сөздің формалды, семантикалық ерекшеліктерін шектемей, еске бірінші түсетін реакция-сөзбен жауап беру ұсынылады;

2) Бағытталған ассоциативтік эксперимент, тәжірибені жүргізуші қосымша нұсқау беру арқылы (мысалы, тек сын есіммен жауап беру) реакцияларды шектейді (Szalay L.B., Deese J., 1978: 99).

Еркін ассоциативті эксперимент топтағы сөздер арасындағы байланысты зерттеуге жағдай жасайды. Сөздің психологиялық мәнін зерттеу үшін индивидке еркін жауап беру мүмкіндігі беріледі. Еркін ассоциативті эксперимент белгілі бір топтағы сөздер арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік береді. Сөздің психологиялық мағынасын анықтау үшін индивидтің еркін жауап беруіне мүмкіндік жасау керек. «Бұл, әсіресе, біз «жай ғана сөзді» зерттеудің шеңберінен шығып, еркін ассоциацияда пайда болатын сөздер арасындағы байланыстың алғышарттарын анықтауға ұмтылғанда маңызды болып табылады. Олар, өз кезегінде, сөз мағынасындағы психологиялық репрезентацияны анықтайды» (Горошко, 2005: 33-35).

Еркін ассоциативті тәжірибе материалын өңдеу нәтижесінде ассоциативтік нормалар алынады. Көп жағдайда, стимул-сөзге қатысты туындаған алғашқы реакция ескеріледі. Жаппай еркін ассоциативтік тәжірибе нәтижесінде берілген стимул-сөзге қатысты реакциялардың жиынтығы анықталады. Белгілі стимулға алынған реакциялардың жиынтығы жиілігі бойынша реттеледі: алғашқы орынға ассоциативті тәжірибеге қатысушыларының көбі атаған реакция қойылады, ал соңғы орынға тәжірибенің бір қатысушысы көрсеткен реакция орналастырылады. Стимулға қатысты реакцияларды осылайша жиілік бойынша орналастыру стимулдың ассоциативтік өрісі деп аталады. Ассоциативтік өрістің ортасында – жиі кездесетін реакциялар, ал периферияларында (немесе «соңында») – бір рет кездескен реакциялар беріледі. Шетелдік психолингвистикалық дәстүрде «ассоциативтік өріс» терминінің орнына реакцияларды «бөлу» термині жиі қолданылады. Ассоциативтік нормалар берілген стимул-сөз семантикасының тіл иелерінің саналары үшін өзекті болып табылатын ерекшеліктері көрініс беретін стандартты анықтайды. Ассоциативтік нормалар негізінде стимул-сөздің семантикалық және өзге де сипаттамалары, ассоциациялану стратегиясының заңдылықтары және реакция типологиясы зерттеледі.

Ассоциативтік нормалар белгілі тіл және мәдениеттің ерекшелігі болып табылатын лексикалық бірліктердің «ассоциативтік бейнесін» ыңғайлы формада береді. Әртүрлі тілдердің ассоциативтік нормаларын салғастыру жиі қолданылатын стимулдардың бір типтік реакция беретіндігіне қарамастан, жалпы «бейненің» әртүрлі екендігін көрсетті. Тілдік бірліктердің мәдени ерекшеліктерін, аталмыш сөзге топтастырылған жинақтау үшін релевантты емес семантикалық байланыстарды шынайы анықтаудың әдісі – ассоциативтік тәжірибе екендігін ғалымдар дәлелдеп отыр. Сондықтан зерттеу жұмысының қорытындысы осы эксперименттің түрін қолдану арқылы тексерілді.

Әдебиеттерге шолу

Әдістемелік жүйенің маңызды құраушы бөлімі көріктеуіш құралдарды меңгертудің тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін жасау болып табылады. Орта мектептердің 11-сынып оқушыларына тілдік құралдары меңгертудің әдістемелік жүйесін әзірлеу барысында көптеген әдескер-ғалымдардың еңбектері қарастырылды. Жаттығулар – «білім, дағды, іскерлікті қалыптастырудың, бекітудің жолы» (Бейсенбаева, 2005). Әдіскер жаттығуға төмендегідей талаптар қояды:

1. Жаттығудың негізгі мақсатын, оның нәтижесін білу;
2. Жаттығудың дұрыс қатесіз орындалуын қадағалау;
3. Жаттығудың саны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы;
4. Жаттығулардың негізінде бірізділік, жүйелілік ұстанымдарының сақталуы (Бейсенбаева, 2005: 49).

Оқушылардың сөз мәдениетін дамытуға арналған әдістемелік жұмыстарға сүйенсек, жаттығулар мен тапсырмалардың көптеген түрін береді. Н. Құрманованың еңбегінде жаттығулар жіктелімі берілген. Олар жаттығулардың түріне, тәсіліне, типіне, мақсатына қарай жіктелген:

- Мақсатына қарай: тілдік, сөйлесім, репродуктивтік, аспектілік, кешенді, рецептивтік, табиғи-коммуникативті, бақылау және т.б;
- Оқу материалы табиғатына қарай: диалогтық тілдегі және монологтық тілдегі жаттығулар;
- Сөйлеу қызметі түріне қарай: айтылым, оқылым, жазылым, тыңдау;
- Орындалу тәсіліне қарай: ауызша, жазбаша, бір тілдік, екі тілдік, сыныптық, индивидуалдық, топтық және т.б.
- Сөйлеу формасына қарай: ауызекі сөйлеу тілі, жазбаша тіл жаттығулары;
- Тілдің аспектілеріне қарай: фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік (Құрманова, 2004: 56).

А. Әбілқаев жаттығудың тілді оқыту үдерісінде қажетті де құрамды бөлігі болып табылатынын айта келіп, жаттығулардың бірнеше түрін

(құбылыстарды тану және оны ұқсас, сондай-ақ басқа өзгеше құбылыстардан бөліп алу; есте сақтау – бекіту; құбылыстарды топқа жіктеу; белгілерді бөлу және топтау; құбылыстарды салғастыру; ұғымдарды қалыптастыру, жинақтау; грамматикадан, орфография мен сөйлеу дағдыларынан алынған білімді практикада қолдану) береді (Әбілқаев, 2009). Р. Рахметова жаттығуларды қатысымдық дағдыны қалыптастыру жаттығулары, танымдық дағдыны қалыптастыру жаттығулары, шығармашылық қабілетті жетілдіру жаттығулары деп бөледі (Рахметова, 2010: 77).

Әдістемелік кешеннің тиімділігі ассоциативті эксперимент арқылы жүзеге асырылды. Эксперимент арқылы адамның есте сақтау қабілетін, лексиконын, сөйлеуді туындату мен қабылдауды, әртүрлі тілдер иелерінің тілдік санасының ұлттық-мәдени ерекшелігін зерттеудің де тиімді құралы ретінде қолданылады. Ассоциация сана мазмұнын зерттеудің тиімді тәсілі болып табылады. 1980 ж. Гальтон мен 1924 ж. Фрейд ассоциацияларды зерттеу өзге әдістер арқылы анықтауға келмейтін сананың мазмұнын ашуға мүмкіндік беретінін атап көрсеткен болатын (Овчинников, 1994: 9).

Нәтижелер мен талқылаулар

Білім беру тәжірибесінің бағдарламасын дайындау барысында біз ана тілін оқыту үдерісіндегі көріктеуіш құралдарды зерттеудің барлық аспектілерін қамтуға тырыстық. Жоғары сынып оқушыларын тәжірибелік оқытуды ұйымдастыру өзара байланысты келесі бағыттарды қарастырады: 1) әртүрлі стильдегі мәтіндердің (әсіресе көркем және публицистикалық) барлық деңгейіндегі тілдік бірліктердің эстетикалық әлеуетін бақылау; 2) тілдің эстетикалық құндылығы туралы түсінік қалыптастыру (оның бейнелілігінің және көріктілігінің негіздерін анықтау); 3) білім алушылардың эстетикалық сөйлеу әрекетін жүзеге асыру.

Осылайша, көркем көріктеуіш құралдарымен жұмыс жасау үшін жаттығулар мен тапсырмаларды таңдау барысында келесі факторлар ескерілді: тілдік құбылыстарды зерттеуде функционалды бағыттылықты жүзеге асыру қажеттілігі; ана тілін оқытуда заманауи дидактикалық және лингводидактикалық бағыттарға сүйену; тұлғаға бағдарланған және саналы коммуникативтік, олар оқытудың зерттеу қызметін жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылады.

Оқушы тілдің эстетикалық құндылығын сезінетіндігі айқын. Аталмыш үдеріс субъективті, шығармашылыққа толы және оның нәтижесі оқушының «адамгершілік-зияткерлік жігеріне» байланысты (Юрков, 2012: 11). Сондықтан тілдік тұлғаның дамуын қамтамасыз етіп, оқушыны танымның және пәндік қызметтің субъектісі ретінде қарастыратын тұлғаға бағытталған ыңғайды тәжірибелік оқытудың дидактикалық негізі деп есептейміз.

Білім алушылардың ана тілінің эстетикалық қызметін сезінуі көбіне оқушының оның бейнелілігі мен көріктілігінің тілдік негіздерін түсіндіре алу қабілетімен анықталады. Ал білім алушының эстетикалық сөйлеу қызметінің сәттілігі олардың сөйлеу дағдыларын жетілдіру, оны эстетикалық сөйлеу нормаларымен салыстыра отырып бағалау қажеттілігінің қалыптасу деңгейімен тікелей байланысты. Сондықтан саналылық пен коммуникативтіліктің лингводидактикалық ұстанымдары тәжірибелік оқытудың жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін дайындаудың әдіснамалық негізі болуы тиіс, аталмыш ұстанымдарға сай, қатынасты оқыту тіл туралы мәліметтер жүйесін саналы танумен, оқушының танымдық қабілеттерінің дамуымен шектеседі (Кучина, 1993: 38).

Саналы-коммуникативтік, тұлғаға бағытталған және функционалды ыңғайлар әдістемесінде тапсырмалар жүйесі тілдік құбылыстарды пайдаланудың грамматикалық және сөйлеу табиғатын ескеруі тиіс. Оған оқу-тілдік және коммуникативтік біліктерді қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар енгізілуі қажет.

Жоғарыда айтылған әдіскер ғалымдардың әдістемелік жүйесін ескере отырып, орта мектептегі таңдау (11-сынып) пәніндегі тілдің көріктеуіш құралдарын меңгерту барысындағы жаттығулар мен тапсырмалар түрлерін ұсынамыз.

1. Оқу-тілдік біліктерді (танымдық, біліктілік, аналитикалық) қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар.

Танымдық тапсырмалар тілдік және сөйлеу құбылыстарын тану бойынша біліктерді қалыптастырады. Тапсырманың аталмыш түрі сөйленісті ұйымдастыруда тілдік құбылыстың рөлін анықтайды.

Тілдің біліктілік құралдарымен жұмыс жасау барысында келесі тапсырмалар берілуі мүмкін:

мәтіннен метафораны (эпитет, оксюмарон, кейіптеу) көшіріп алыңыз. Оның мәтіндегі рөлі қандай?

кестенің соңғы «троптар» бөлімін өз мысалдарыңызбен толтырыңыз.

аталмыш мәтінде тілдік көріктіліктің қандай құралдары қолданылған?

салыстырудың қандай тәсілдермен берілгендігін анықтаңыз.

мәтіннен көркем бейнеліліктің тілдік және фонетикалық құралдарын табыңыз.

лингвистикалық терминді және көркем бейнеліліктің құралын сәйкестендіріңіз.

Топтастыру тапсырмалары тілдік құбылыстарды топтарға бөлу білігін қалыптастырады. Тапсырмалардың осы типін орындау барысында мәтінді талдау (екі мәтінді салыстыру) байланыстыру сөйленісін ұйымдастырудағы тілдік құбылыстар тобының рөлін анықтайды. Топтастыру тапсырмаларын пайдалану, мысалы, мәтіннің белгілі стильдік боямасын білдіру барысында бір деңгейдегі (бір топтағы) тілдік құралдардың мүмкіндіктерін анықтауға, бейне құру үшін қажетті мәндерді жеткізуге, мәтіннің негізгі ойын беруге жол ашады.

Тілдің көріктеуіш құралдарымен жұмыс жасау кезіндегі топтастыру тапсырмаларынан мысалдар келтірейік:

публицистикалық стильдің лексикалық белгілерін көрсетіңіз;

мәтін мазмұнының эмоционалды-экспрессивті жағын ұйымдастыруда фонетикалық бірліктердің рөлі қандай?

аталмыш мәтіндегі стилистикалық фигуралардың қызметін анықтаңыз;

троптар мен стилистикалық фигураларды не біріктіреді және алшақтады?

алғашқы мәтінді мазмұндамасымен (жазбаша баяндау) салыстырыңыз. Қайсысының эмоционалдылығы, көркемділігі басым, себебін анықтаңыз;

мәтін көріктілігіне қандай тыныс белгілер көмектеседі.

Жаттығулардың аралық классификациялық-аналитикалық типіне мәтіннің деңгейлі лингвоэстетикалық талдауын жатқызуға болады:

мәтіннің фонетикалық-интонациялық ерекшеліктерін, оның дыбыстық құралдарының тәсілдерін анықтау;

сөз құрудың экспрессивтік құралдарын талдау;

лексикалық бейнелік құралдардың сипаттамасы;

мәтіннің бейнелеуіштік сипатын үстейтін грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) құралдарды талдау;

мәтіннің графикалық, орфографиялық және пунктуациялық ресімделу ерекшеліктерін бақылау;

талданатын мәтінге өз қатынасын білдіру.

Аналитикалық тапсырмалар аналитикалық біліктерді қалыптастыруға бағытталады: құбылыстың оқыған белгілерін талдауды, әртүрлі жіктеуді жүзеге асыру. Аналитикалық тапсырманы орындау барысындамәтіндіталдау«байланыстысөйленісті құру барысында онда қолданылатын тілдік құралдардың жиынтық рөлін анықтау немесе әртүрлі негіздегі белгілі грамматикалық формаларды талдау» мақсатын көздейді.

Тілдің көріктеуіш құралдарымен жұмыс жасау барысында келесі тапсырмалар берілуі мүмкін:

мәтінге лексикалық талдау жүргізіңіз.

аталмыш мәтінде тілдің, халық шығармашылығы стилінің қандай ерекшеліктерін көреміз?

берілген мәтінде қандай көріктеуіш құралдар қолданылған? Олардың поэтикалық бейне жасаудағы рөлі қандай?

көркем бейнелеудің қандай құралдары арқылы автор қуаныш сезімін жеткізеді?

сөздіктердің, анықтамалықтардың материалдарын, өз бетіңізбен жинаған мысалдарды пайдалана отырып, әңгімелеуге дайындалыңыз.

поэтикалық мәтінді толық талдаңыз.

Көркем стильдегі шағын мәтін таңдаңыз және аталмыш мәтіннің көріктеуіш ерекшеліктерін сипаттайтын бірнеше сұрақ дайындаңыз.

Соңғы типтегі тапсырмалар тұлғаның танымдық аналитикалық қабілеттерін дамытуға бағыталған, өзін бағалау және өзіне талдау жасау дағдыларын, рефлексия қабілеттерін қалыптастырады, аталмыш қабілет оқушыға өз қызметін ой талқысынан өткізіп, шешім жолдарын, оның мәнін, алынған нәтижелерді, меңгерілетін материалдың маңыздылығын түсінуге көмектеседі.

2. Коммуникативтік біліктерді қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар.

Бұл топ екі типті тапсырманы қамтиды: автордың мәтінде тілдік құралдарды **таңдауын негіздей алу білігін** қалыптастыратын; өз сөйленісін құру барысында мазмұнды жеткізу үшін тілдік құралдарды **таңдау білігін** қалыптастыратын тапсырмалар.

Алғашқы типтегі жаттығулардың мақсаты – тілдік бірліктерді көріктеуіш функциялары арқылы қабылдау және олардың рөлін автордың ойын жеткізу барысында, поэтикалық бейнені құру, автор ұстанымын білдіру кезінде негіздеу.

Тапсырмаларға мысал келтірелік:

берілген үзіндіде үтірдің, сызықшаның, көп нүктенің қызметі қандай? Тыныс белгілерінің қайсысы мәтіннің көріктілігіне септігін тигізеді?

автор неліктен сөйлемді жеке бөліктерге бөлген? Осы стилистикалық тәсіл қалай аталады? Автор ұстанымын жеткізудегі олардың рөлі қандай? Аталмыш мәтін неге риторикалық сұрақпен аяқталған?

Екінші типтегі тапсырмаларға (тілдік құралдарды таңдаудың коммуникативтік білігін қалыптастыратын) еркін және шығармашылық диктанттар, мазмұндама, шығарма жатады. Аталмыш түрдегі тапсырмалардың мақсаты – автор ойына сай тілдік бірліктерді бейнелеуіш-көріктеуіш функциялары арқылы қайта жаңғырылатын мәтінде қолдану және жаңа мәтінде пайдалану.

Қайта жаңғыртылатын мәтінді қолдану бойынша аталмыш зерттеу үшін мейлінше маңызды тапсырма типі – мазмұндама. Мазмұндама бейнелік ойлауды дамытады, тілді эстетикалық функциясы арқылы меңгеруге мүмкіндік береді, өйткені сөйлеуде тіл бірліктері ақпараттық ғана емес, көріктеуіш мағынаға ие болады. Өзгенің мәтініндегі көріктілікті бақылау және көріктеуіш құралдарды өз сөзінде пайдалану – бейнелік ойлауды жаттықтырады.

Таңдау пәнін өткізу барысында мұғалім шешуі тиіс әдістемелік тапсырмалар берілген:

- шағын формалы мәтінді таңдау – жазушының шығармашылық ерекшелігі, тілдік, бейнелік-көріктеуіш құралдарды таңдаудағы индивидуалдылығы, жанрлық ерекшеліктер, тақырыптың өзгешелігі мейлінше анық көрінетін шығарма үзіндісі. Сәтті таңдалған мәтін оқу пәні ретіндегі қазақ тіліне жағымды мотивация қалыптастырып, сабақты қызықты әрі есте қаларлықтай өткізуге мүмкіндік береді.

Жұмыс формасын таңдау, оны мынадан көруге болады: 1) алғашқы материалды ұсыну тәсілінен (тыңдап немесе көріп қабылдау); 2) жеткізу толықтығынан (егжей-тегжейлі немесе қысқаша баяндау); 3) шығармашылық үлестен (мәтінді жеткізу элементтерімен).

Үйрету мақсатындағы шағын мазмұндаманың мәтінді тілдік талдау тұрғысындағы түрін анықтау. Біздің жағдайымызда бұл – тілдік бірліктердің көріктеуіштік ерекшеліктерін талдау және оларды автор ойын жеткізу барысында қолданудың мақсаттылығы. Аталмыш жағдайда жазушының тілдік бірліктерді саналы таңдағандығына, кездейсоқтық еместігіне көз жеткізу үшін сөздер мен конструкцияларды параллель нұсқалармен алмастыруға болады.

Білім алушылардың мәтін астарына назар аударуын қамтамасыз ету. Аталмыш тапсырманың орындалуы мазмұнды (мәтіннің терең мәнін) саналы жеткізуден көрінеді және білім алушының интерпретациялық біліктеріне арқа сүйейді. Осы тапсырманы сәтті орындауға алғашқы мәтін мен есте сақтап жазған мәтінді салыстырмалы талдау көмектеседі. Оқушыларға алғашқы мәтін және салғастыру үшін тапсырмалар беріледі:

түпкі мәтін мен өзіңіздің мәтініңіздегі негізгі ойларды салғастырыңыз;

сөйлемдер мен сөздерді санап, түпкі мәтін мен өзіңіздің мәтініңіздегі деректерді салыстырыңыз;

автор қолданған және өз нұсқаңыздағы лексиканы, сөз формаларын, синтаксисті сапалы түрде талдаңыз;

мәтіндердің сәйкестігі туралы қорытынды жасаңыз.

Жұмыстың аталмыш түрі мұқият тыңдауға, мәтінді түсінуге және мазмұндауға, білім алушылардың сөйленіске тұлғалық қатынасын қалыптастыруға, тілдің эстетикалық құндылығын сезінуге мүмкіндік береді.

Оқытушының тағы бір міндеті оқушыларға ***өз бетімен жұмыс жасау*** барысында әртүрлі шығармалардың миниатюраларына немесе үзінділеріне мән беріп, оқып, есте сақтау қабілеті бойынша жазып және алғашқы мәтінмен салыстыру кеңестерін беру болып табылады. Бұл жағдайда нәтиже маңызды стимул болады: түпкі мәтінмен салыстыру барысында жазбаны жедел тексеру.

Тілдік құралдарды таңдаудың коммуникативтік білігін қалыптастыратын жаттығулардың ең күрделі түрлі – шығарма. Қазіргі кезде оқу әрекетінің осы өнімді түрі білім алушыларда коммуникативтік құзіреттің келесі құрамдас бөлімдерін қалыптастыруға бағытталған:

ойды, адресатты және қатынас жағдайын ескере отырып, белгілі тақырыпқа шығарма жазу үшін материал жинау және оны жүйелеу білігі;

сөйлеудің әртүрлі типіндегі және стиліндегі мәтіндерді құру білігі;

мәтіндегі ақпаратты қабылдай алу білігі;

қабылданатын мәтіннің тілдік формасын талдау білігі;

өз ұстанымын қалыптастыра алу және қалыптастыру білігі;

байланысқан сөйленісті композициялық дұрыс ресімдеу білігі;

сөйлеу барысында сөздік байлығын және ана тіліндегі грамматикалық формалар мен конструкциялардың алуан түрін пайдалана алу білігі;

орфографиялық және пунктуациялық біліктерді;

қазіргі әдеби тілдің нормаларын меңгеру;

мәтіндерді жетілдіру және түзету, тілдік, мазмұндық қателіктер мен кемшіліктер тауып, оларды жөндеу білігі.

Ұсынылып отырған әдістемелік жүйе мен қалыптастыру экспериментінде қолданылған жұмыстардың нәтижесін бағалау үшін қорытынды эксперимент іске асырылды. Эксперименттің қорытынды кезеңінде еркін ассоциативті эксперимент жасалды. Еркін ассоциативтік экспериментке Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Назарбаев зияткерлік мектебінің, Дарынды балаларға мамандырылған мектеп-интернатының 11 «а», 11 «ә», 11 «б» сынып оқушылары, барлығы 136 оқушы қатысты.

Зерттеудің мақсатына сәйкес жүргізілген ассоциативті эксперименттің қорытынды кезеңінде оқушылардың тілдік санасындағы ұлттық-мәдени тілдік бірліктердің мазмұндық көлемін және осымен байланысты ассоциативтік өрісті анықтау мақсатында еркін ассоциативтік сауалнама жүргізілді. Сауалнамада стимул ретінде қалыптастырушы кезеңде ұсынылған оқу бағдарламасында қамтылған көріктеуіш құралдар берілді.

Бақылау және эксперименттік топтардағы респонденттердің сауалнама нәтижелері төмендегідей (сурет 1):



1-сурет – «Оймақтай» теңеуіне байланысты бақылау және эксперименттік топтардан алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші

1. Оймақтай – теңеу. «Оймақтай» – «кішкентай, титтей, құртақандай» деген мағынаны береді (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2009: 630). Мысалы: *Аузы да онша оймақтай емес, сөйлегенде дымыға беретін болғандықтан, ернін жымырыңқырап, бір сорып қояды* (Ж. Аймауытов).

Бақылау тобындағы оқушылардың *«оймақтай»* деген теңеу бойынша жауаптарының сандық көрсеткіштері мынадай: *кішкентай – 15; оймақ – 9; биттей – 8; ине-жіп – 6; үлкен – 5; домалақ – 3; сақина – 1.*

Эксперименттік топ оқушылары аталған стимул сөзге мынадай жауаптар ұсынған: *кішкентай –31; ұсақ – 8; биттей –7; домалақ – 3.*

«Оймақтай» теңеуіне алынған реакциялардың бақылау және эксперименттік топтар бойынша пайыздық салыстырмалы көрсеткіші төмендегідей:

Сауалнама нәтижесінде алынған жауап нұсқалары бойынша бақылау тобындағы респонденттердің 15-і *кішкентай* деген жауапты ұсынған, бұл – беріліп отырған теңеудің дәл мағынасы, ал *оймақ* деген жауап нұсқасын берген оқушылар сөздің түбіріне назар аударған. Сонымен қатар оқушылардың 17%-ы ұсынған *биттей* деген сөз эксперимент жүргізілген аймақта қолданылатын диалект сөз ретінде кең таралған, дегенмен *биттей* сөзі – *кішкентай* деген мағынада жұмсалады. Оқушылардың 12,8%-ы *ине-жіп* жауабын *оймақтың* атқаратын қызметімен байланыстырған, бұл ретте ұсынылған стимулдағы *-тай* деген теңеу жасаушы жұрнаққа назар аударма ған. Респонденттердің 5-еуі *үлкен* деген жауапты ұсынған, мұнда теңеудің мағынасына қатысты қарама-қарсы реакцияны байқауға болады. *Домалақ* және *сақина* жауаптарын ұсынуда оқушылар *оймақтың* сыртқы пішінін басшылыққа алған. Бұл жауапты ұсынғандардың саны – 3 және 1.

Ұсынылған тәжірибелік оқу бағдарламасын игерген эксперименттік топ оқушыларының

жалпы жауап нұсқалары бір мағыналас болып келді. Атап айтқанда, *кішкентай* – 63,3 %, *ұсақ* – 16,3%, *биттей* – 14,3%. Оқушылардың басым көпшілігі дұрыс жауап ұсынған. Ал *домалақ* деген жауапты ұсынғандардың саны – 3. Бұл реакциялар стимул сөздің формасына байланысты туындағандығын байқауға болады.

Бақылау және эксперименттік топтардың жауап нұсқаларын салыстырғанда, алдыңғысындағы *оймақ, ине-жіп, үлкен* реакцияларының қате екендігін көруге болады, ал эксперименттік топтағы ұсынылған жауаптардың басым көпшілігі теңеудің дұрыс мағынасын бере алған және бұл олардың теңеуге қатысты білім деңгейлерінің барынша көтерілгендігін көрсетеді.

2. Бауыр еті – метафора. Қазақ тілінде «баласы, өте жақын, қымбаттысы» деген мағынада жұмсалады (Кеңебаев, 2007: 134).

«Бауыр еті» деген стимул сөзге бақылау тобындағы оқушылардың ұсынған жауаптары және олардың сандық көрсеткіштері мынадай: *туысы – 17; тамақ – 9; баласы – 8;өкпе-бауыр – 6; жан досы – 4; медицина – 2; жауап жоқ – 1.*

Ұсынылған стимул бойынша эксперименттік топтағы респонденттердің ұсынған реакциялары мынадай: *баласы – 45; жақыны – 2; бауыры – 1; туысы –1.*

«Бауыр еті» метафорасы бойынша алынған реакциялардың бақылау және эксперименттік топтардағы салыстырмалы пайыздық көрсеткіші төмендегідей (сурет 2):



2-сурет – «Бауыр еті» метафорасына байланысты бақылау және эксперименттік топтардан алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші

Сауалнамада ұсынылған келесі стимул – **«бауыр еті»** метафорасы. Бақылау және эксперименттік топтардың жауаптары олардың метафораға байланысты білім деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берді. Мәселен, бақылау тобында *«бауыр еті»* дегеннің дұрыс мағынасы – *баласы* деген жауапты ұсынғандардың саны – 8. Бұл қатысқандардың 17%-ын құрайды. Ал оқушылардың басым көпшілігі ұсынған *туысы* және *жан досы* деген жауаптар олардың ұсынылған тіркестің дәл мағынасын білмейтіндігін және коммуникативтік актіде қолданбайтындығын дәлелдейді. Сондай-ақ метафораның мағынасына мүлде қатысты емес *тамақ, өкпе-бауыр* және *медицина* деген жауап нұсқаларының болуы оқушылардың көріктеуіш тілдік құралдарды толыққанды меңгермегендігін танытады.

Эксперименттік топтағы респонденттердің 45-і аталған метафораның тура мағынасын берген, ал *жақыны, бауыры* деген жауап нұсқаларын ұсынуда қазақ дүниетанымында *бауыр* сөзі адамның туыстық қатынасқа байланысты мағынада жұмсалатындығы туралы оқушылардың түсінігі қалыптасқанын дәлелдейді.

3. Дала кемесі – перифраз. Зерттеу еңбектеріне сүйенсек, «дала кемесі – түйе» деген мағынада жұмасалады (Жеребаева, 2008: 6).

Сауалнамада ұсынылған перифраз – *«дала кемесі»* деген стимул бойынша бақылау тобынан алынған реакциялардың сандық көрсеткіші мынадай болды: *түйе – 12; су көлігі – 9; кеме – 9; өзен – 6; жазық дала – 5; жер – 3; жауап жоқ – 3.*

Эксперименттік топтағы оқушылар *«дала кемесі»* деген стимул сөзге мынадай жауаптар ұсынды: *түйе –43; ат – 3; кеме – 2; теңіз – 1.*

«Дала кемесі» перифразы бойынша бақылау және эксперименттік топтардан алынған жа-

уап нұсқаларының салыстырмалы пайыздық көрсеткіші мынадай (сурет 3):

«Дала кемесі» тіркесіне байланысты алынған жауап нұсқаларын салыстыру барысында, екі топтың нәтижелерінде айтарлықтай айырмашылық байқалды. Мәселен, аталған перифразаның мағынасын аша білген, яғни *түйе* деген дұрыс жауапты ұсынғандардың бақылау тобындағы саны – 12 оқушы болса, эксперименттік топта 43 оқушы осы жауапты көрсеткен, бұл бақылау тобында – 25,6%, ал эксперименттік топта – 87,8 %. Кейбір оқушылардың ұсынылған стимулға қатысты реакциялары тіркестің әр компонентіне негізделген, бұған с*у көлігі, кеме, өзен, жазық дала, жер* жауаптар дәлел бола алады.



3-сурет – «Дала кемесі» перифразына байланысты бақылау
және эксперименттік топтардан алынған жауаптардың пайыздық көрсеткіші

Қорытынды

Ассоциативті экспериментте жүзеге асырылған таңдау пәнінің білім мазмұны эксперименттік топтағы оқушылардың қазақ тіліндегі тілдің көріктеуіш құралдарының лингвомәдени сипаты туралы білімдерін таразылап, нәтижесін шығаруда ұтымды болды. Эксперимент нәтижелері ұсынылған әдістемелік жүйенің ұтымдылығын дәлелдеуге ықпал етті. Жалпы эксперимент қорытындысы бойынша төмендегі **нәтижелерге** қол жеткіздік:

1. Анықтау экспериментінің нәтижесі оқушылардың көріктеуіш тілдік құралдар туралы жалпы түсініктерінің бар екендігін, алайда олардың басым көпшілігі «метафора мен эпитетті» ғана атап көрсетті. Тіпті, перифраза мен қайталамалар секілді тілдік құралдар аталмады. Көріктеуіш тілдік құралдардың түрлерін, ерекшеліктерін ажырата алмады. Яғни оқушылардың әлі де болса, образды, көркемдеп сөйлеуде, өз ойын нақты жеткізуде сөз байлықтарының тапшылығы, сөзді мағынасына байланысты таңдап қолдана білу дағдыларында, сондай-ақ сөз қолдануындағы стильдік қателердің жіберулі секілді олқылықтар анықталды.

2. Көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту айтылған олқылықтарды болдырмауға ықпал етеді. Тілден алған білімін өз тәжірибесінде қолдана алып, пікір білдіруде, өз ойын жеткізуде қолдана білу икемдіктері жетіле түсті.

3. лингомәдени сипаттағы мәтіндер тілдік құралдар туралы тілдік білімді ғана емес, ана тілін одан әрі танып-білуге деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізді.

4. Көріктеуіш құралдарды меңгерту үздіксіз білім беруде жүйелі түрде меңгертілсе, тілді қолданудың мәртебесі артып, оқушылардың сөз мәдениетінің деңгейі көтерілді. Жоғары сынып оқушысының сөйлеу мәдениеті мен аялық білімін жетілдіруге, тілдік дағдысын қалыптастыруға септігін тигізетінін дәлелдеді.

5. Оқытудағы интерактивтік әдістер еш кедергісіз еркін пікірін білдіруге, сыныптастарымен етене араласып, қарым-қатынасқа түсуіне, сонымен қатар белгілі бір мәселеге сыни көзбен қарап, өз бетінше немесе ұжымда бірлесіп отырып, шешімін табуға итермелейді.

6. Қазақ тіліндегі тілдік көріктеуіш құралдарды игертудің оқушылардың білімі мен білігін, қабілеті мен дағдысын, лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлін анықтауға мүмкіндік туғызды. Жоғары сынып

оқушыларына қазақ тілінің тілдік көріктеуіш құралдарының лингвомәдени сипатын қосымша таңдау пәні бойынша меңгертудің ұтымдылығын байқатты. Оқушылардың білім деңгейі мен құзыреттілігін арттыру мақсатында қолданылған әдістер мен жұмыстар жоғары нәтижеге жеткізетінін анықтап берді.

7. Өткізілген еркін ассоциативтік эксперимент көріктеуіш тілдік құралдардың эксперимент тобындағы оқушылардың тілдік санасында біршама орныққанын көрсетеді. Ұсынылған стимул сөздер оқушылардың ассоциативтік өрісінің кеңдігі мен мағына тұтастығын дәйектейді.

Бұл мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті тарапынан 2021-2023 жылдарға арналған ШЖК AP09259495 «Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру жағдайында көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (орта білім беру жүйесі бойынша» гранттық жобасымен қаржыландырылған.

Әдебиеттер

https://adilet.zan.kz/kaz/

Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Інжу-Маржан, 2009. – 293 б.

Бейсенбаева З. Жоғары оқу орнында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2005. – 323 б.

Горошко Е. И. Языковое сознание: гендерная парадигма (монография). – М.-Харьков: ИД ИНЖЭК, 2003. – 437 с.

Горошко Е.И. Проблемы проведения свободного ассоциативного эксперимента // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. – 2005. – №3 (12). – С. 53-61.

Жеребаева Л.Р. Қазақ тіліндегі тілдік перифраздардың мағынасы мен қызметі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2008. – 24 б.

Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.

Кучина Т.И. Развитие художественного мышления подростков средствами литературы: автореф. ... канд. пед. наук. – М., 1993. – 18 с.

Мақала мемлекеттік тілді білетін телевизия мамандарының жұмыс барысында қазақ тілін кәсіби деңгейде қолдану көрсеткіштерін анықтау мақсатында жасалған сауалнама нәтижесін талдау арқылы телевизиялық журналистика тілінің ескерілмей жүрген лингвистикалық мәселелерін, термин қолданысының жай-күйін, сала мамандарының шет тілден енген сөздерге қатысты ой-пікірлерін анықтауды көздейді. Осы мақсатта Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен еліміздің облыс орталықтарында жұмыс істейтін телевизия мамандарының қатысуымен ерікті түрде сауалнама жұмысы ұйымдастырылды және жүргізілді.

Қазақ тілінде ғана ақпарат таратын мемлекеттік және коммерциялық телеарналардағы телеоператордан бастап, журналист, редактор, продюсер, режиссер деңгейіндегі әртүрлі қызмет атқарып жүрген мамандар жұмыс үдерісінде қазақ тілін қаншалықты қолданатыны, монтаж жұмыстары, түсірілім кезінде терминдерді, кәсіби лексиканы төл тіліміздегі баламасымен немесе шет тілінен енген /орыс, ағылшын, латын/ сөздерді қаз-қалпында айтудың негізгі себептері мен одан туындайтын салдарды анықтауға арналған кешенді лингвистикалық зерттеудің бір бөлігі ретінде әзірленген сауалнама сапалық әрі сандық талдаулармен ерекшеленеді.

Көрсетілген мақалада кәсіби мамандар қатысқан сауалнама деректеріне талдау жасалып, тележурналистика терминдерінің орыс және қазақ тілдерінде қолданылу көрсеткіштерінің себептері тұжырымдалады.

Түйін сөздер: телевизия, термин, тележурналистика, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика.

M.Ye. Taubaldiyev*, M.K. Mambetova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: meirambekt@gmail.com

Statistical analysis of the use of TV journalism terms

The article presents the analysis of the results of the survey among television specialists who speak the state language, determining the indicators of the professional use of the Kazakh language in the work and identifying the linguistic problems of the language of television journalism that are not taken into account, the state of the term use, the opinion of industry experts regarding the words entered from foreign languages. For this purpose, a voluntary questionnaire with the participation of television specialists was organized in the cities of Astana, Almaty, Shymkent and regional centers of the country.

The questionnaire characterized by qualitative and quantitative analysis was developed as part of a comprehensive linguistic study to determine the main causes and consequences of pronunciation of terms, professional vocabulary during editing, shooting with an equivalent in the native language or words from a foreign language (Russian, English); the questionnaire helps to determine to what extent the Kazakh language is used in the process of work by professionals working in various positions, from cameramen to journalists, editors, producers, directors of state and commercial TV channels broadcasting only in Kazakh.

The article analyzes the data of the questionnaire, in which professionals participated, and it formulates the reasons for the use of TV journalism terms in Russian and Kazakh.

Key words: television, term, TV journalism, psycholinguistics, sociolinguistics.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

М.Е. Таубалдиев*, М.К. Мамбетова
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
*e-mail: meirambekt@gmail.com

Статистический анализ употребления терминов тележурналистики

В данной статье проводится анализ результатов анкетирования специалистов телевидения, владеющих государственным языком. Цель исследования – определив показатели профессионального использования казахского языка в работе, выявить не учитываемые лингвистические проблемы языка телевизионной журналистики, состояние употребления терминов, мнение специалистов отрасли относительно слов, вошедших с иностранных языков. С этой целью был организован и проведен добровольный опрос с участием специалистов телевидения, работающих в Астане, Алматы, Шымкенте и областных центрах страны.

Анкета, разработанная в рамках комплексного лингвистического исследования для определения основных причин и последствий произношения терминов, профессиональной лексики при монтаже, съемке с эквивалентом на родном языке или слов из иностранного языка (русский, английский, латинский), насколько казахский язык используется в процессе работы профессионалами, работающими на различных должностях, от телеоператоров до журналистов, редакторов, продюсеров, режиссеров государственных и коммерческих телеканалов, вещающих только на казахском языке, характеризуется качественным и количественным анализом.

В статье делаются выводы на основе результатов анкетных данных, в которых приняли участие профессионалы, формулируются причины употребления терминов тележурналистики на русском и казахском языках.

Ключевые слова: телевидение, термин, тележурналистика, психолингвистика, социолингвистика.

Кіріспе

Жыл өткен сайын мемлекеттік тілдің қолданыс аясы кеңейіп келеді. Тек әлеуметтік-тұрмыстық деңгейде ғана емес, өндіріс, медицина, медиа саласында қазақ тілінің қарым-қатынастық қызметі күшейгені байқалады. Әсіресе ұлттық идеологияның іргетасы саналатын телевизиялық журналистика саласында ілгерілеу айқын көрініс береді. Алайда қазақ тілінде ақпарат тарататын медиа ресурстардың жұмыс үдерісіндегі кәсіп «тілі», терминологиясы, салалық ұғымдар мен атауларды беруде әртүрлі қиындық барын жоққа шығара алмаймыз. Бүгінде айрықша беделге ие, «төртінші билік» деген бейресми мәртебесі бар БАҚ-тың, әсіресе телевизиялық журналистиканың терминдері түрліше айтылып және жазылып жүргені рас.

2021 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар. Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда», – деп атап көрсетуінің әрі саяси, әрі мәдени-әлеуметтік мәні бар (Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, 2021: https://www.akorda.kz). Осы орайда жылдар бойы қалыптасқан, ақпараттық технологияның дамуына байланысты пайда болған шет тілдерден енген терминдерді жаңаша қарау, тың зерттеулер негізінде ғылыми тұрғыда, сөз формасы мен мазмұнын үйлестіріп, «шекпен жауып, өзіне қайтарудың» тиімді тетігін үйлестіру-ұйымдастыру жұмыстарының ғылыми негізінің жетілдіру қажеттілігі туындайды.

«ТНС Гэллап Медиа Азия (TNS Gallup Media Asia)» зерттеу компаниясының мәліметтеріне сүйенсек, еліміздегі рейтингісі жасалатын 24 арнаның ішінде үздік ондыққа енетін екі телеарна бар: «Қазақстан» ұлттық телеарнасы және «Хабар» телеарнасы (ТНС Гэллап Медиа Азия (TNS Gallup Media Asia) зерттеу компаниясының ресми сайты, 2021: https://kantar.kz/about-us/o-kompanii).

«Qazaqstan» ТРК техникалық әлеуеті республика аумағының 100 пайызын қамтиды, көршілес Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Моңғолия және Шыңжан-Ұйғыр автономиялы ауданы өңірлеріне хабар таратуға мүмкіндік беріп отыр. «Қазақстан» ұлттық арнасы 100 пайыз мемлекеттік тілде хабар таратады («Qazaqstan» ТРК сайты, 2021: https://rtrk.kz/kz/about/).

Сонымен қатар тәуліктік хабар тарату көлемі 20 сағатты қамтитын, көрсетілімдердегі бағдарламалардың 90 %-ы әлеуметтік маңызды тақырыптарды қозғайтын, тәуліктік хабар

таратудың 55 %-ы жоғары мемлекеттік тілде жүзеге асырылатын, эфирден көрсетілетін бағдарламалардың 75 %-ы телеарнаның төл туындыларынан құралған «Хабар» арнасы болып табылады («Хабар» АҚ ресми сайты, 2021: https://khabar.kz/kk).

Осы екі арнада жұмыс істейтін қызметкерлер үдеріс барысында жұмыс тілі ретінде көп жағдайда орыс тілін таңдайтыны байқалады. Сондықтан өзінің төл телевизия туындыларын жасау үшін аппаратты-студия блоктармен, бейнемонтаж-эфир студиясымен, камералық жылжымалы телевизиялық құрылғымен жұмыс барысында қазақ тілінің не себепті басымдық алмайтынын, кәсіп тілінің әркелкі жұмсалу себептерін анықтау мақсатында аталмыш екі арнада жұмыс істейтін мамандардың сөйлеуі (речь) зерттеу нысаны ретінде алынды.

Материалдар мен әдістер

Телевизиялық журналистика терминдері жөніндегі зерттеу мақаласын әзірлеу барысында жалпы ғылыми әдістер, нақтырақ айтсақ, бақылау әдісі, сипаттау әдісі, жүйелеу әдісі, лексика-семантикалық топтау, лингвостатистикалық және құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысы онлайн форматтағы *сауалнама* негізінде жасалды. Біріншіден, Астана, Алматы және Шымкент қалалары мен еліміздің он төрт облысының баспасөз ақпарат құралдары өкілдерінен құралған «Қазақ журналистері» чат-тобының мүшелері (жалпы саны – 256 адам), «Хабар» арнасының «Таңғы хабар» жобасы мен «Қазақстан» арнасынан көрсетілген «Дарын» шығармашылық жобасы мамандары ерікті түрде қатысты. Сауалнамаға қатысушылардың жұмыс кестесі мен демалыс күндері ескеріле отырып, зерттеу сегіз апта бойы жүргізілді.

Сауалнама *https:docs.google.com/forms* онлайн-сервисінде ұйымдастырылғанын айта кеткеніміз жөн. Сауалнаманың нәтижесі объективті болуы үшін, телевизия саласында тәжірибесі бар мамандарға басымдық берілді. Себебі телевизиялық журналистика «дыбыс – бейне – сөз» үштағанынан тұратын синкретті сала болғандықтан, кино, IT, музыка, тіл, әдебиет және т.б. салалардың терминдері, сөз тіркестері, техника атаулары, жұмыс үдерісіндегі сөз қолданыстары әр бағытта, әр мағынада жұмсалады, сала мамандарының ой-пікірлері тілдік санадағы өзгерістерді, тілдің әлеуетін, ұғым мен атаудың ара-жігін анықтауға, мазмұн мен форма бірлігін жүйелеуге, лексикалық бірліктерді жіктеуге, талдауға мүмкіндік берері сөзсіз. Сондай-ақ ішкі мазмұны мен графикасы сәйкес келмейтін шет тілден енген кейбір сөздерге қатысты ұсыныс-пікірлерін білу мақсатында «өз нұсқаңыз» деген тармақша берілді.

Сауалнамаға қатысқандардың саны – 71 адам. Жас ерекшелігі: 18 жас пен 56 жастан жоғары (1-суреттен көруге болады):



1-сурет – Сауалнамаға қатысушылардың көрсеткіші

Сауалнамаға қатысушыларға 50 сұрақ қойылды. Әр жауап объективті болуы үшін анонимді түрде жауап алынды. Алдымен жас ерекшеліктері сұралды. Содан соң телевизия саласында ер мен әйелдің үлес салмағын анықтау әрі көзқарас пен мәселеге қатысты таңдауын білу мақсатында олардың жынысы да есепке алынды. Телевизия саласы, негізінен, шығармашылық

жұмыс, ой еңбегі болғандықтан, сала мамандары тек қана арнаулы оқу орындарының түлектері болып есептелмейді, көп жағдайда адамның қарым-қабілеті, қызығушылығы мен дарынына байланысты қызмет атқарады. Сондықтан білім деңгейін әрі телевизия саласындағы кәсібін / маманданған бағытын/ білу маңызды болды. Бұл өз кезегінде, термин сөздің уәжін, мәнін, ұғымын анықтауда маңызды фактор болып саналады.

Сауалнама нәтижесі бір аймақ не қаламен шектелсе, зерттеу қорытындысын объективті талдауға да кері әсерін тигізері сөзсіз. Сондықтан респонденттерден жұмыс істеп отырған облыс/ қаласы да сұралды. Сауалнамаға қатысқан 71 респонденттің 57,7 %-ы 26-35 аралығындағы азаматтар болса, 12,7 %-ы 36-45 жас аралығындағы, 16,9 %-ы 46 мен 55 жас аралығындағы азаматтар, ал қалғаны – 12,7 %-ы 18-25 жас пен 56 жастан жоғары азаматтар. Байқағанымыздай, 26 мен 35 жас аралығындағы азаматтардың үлес салмағы басым. Жалпы сауалнамаға қатысушылардың 56,3%-ы әйелдер болса, 43,7%-ы ерлер болды (2-сурет).

«Кәсібіңіз қандай?» деген сұраққа агроном, журналист, мұғалім, инженер, редактор, тележүргізуші, құқық қорғау маманы, оқытушы т.с.с. мамандықтардың тізбесін байқадық. Айта кететін бір мәселе, бұл жердегі «құқық қорғау, агроном, инженер» дегендер қатысушылардың бастапқы мамандығына қатысты дипломдары жөніндегі мәліметтер болып табылады. Сауалнамаға қатысқан 71 адамның 18,3 %-ы журналистика факультетінде оқыса, 7 %-ы оқытушы /педагогика саласын бітірген, 2,8 %-ы – филология факультетінің түлектері. Әрі қарай пайыздық көрсеткіштер төмендей береді (құқық қорғау маманы, бала дәрігері, агроном т.б.) (3-сурет):

Сауалнамаға қатысқандардың арнаулы орта білімдісі – 5,2 %, жоғары білімдісі – 95,8 %.

Респонденттерге «Қай өңірде/аймақта тұрасыз?» деген сұрақ қойылды. Нәтижесі мынадай: Алматы қаласы – 29,6 %, Астана қаласы – 7 %, Шымкент қаласы – 1,4 %, Атырау облысы – 11,3 %, Жамбыл облысы – 4,2 %, Алматы облысы – 2 %, Шығыс Қазақстан облысы – 2 %, Ақтөбе облысы – 2 %, Маңғыстау облысы – 2 %, Павлодар облысы – 1,4 % т.с.с. Барлық облыстың статистикалық көрсеткішін санамалап шығуды мақсат етпедік, тек сауалнаманың сандық нәтижесі үшін пайыздық көрсеткіші жоғары негізгі өңірлерге тоқталдық. Байқағанымыздай, Алматы қаласы көш бастап тұр. Бұл, әрине, мәдениет пен руханияттың орталығы болғандықтан, басқа аймақпен салыстырғанда, миллион халқы бар мегаполистегі ақпарат саласының салмағын, ақпарат айдынындағы бәсекелестік ортаның деңгейін көрсетеді (4-сурет).



2-сурет – Сауалнамаға қатысқан ер мен әйелдердің үлесі



3-сурет – Сауалнамаға қатысушылардың мамандығы



4-сурет – Сауалнамаға қатысқан аймақтардың көрсеткіші

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі уақытта тілдің лексикалық қабаттарының түрлі деңгейлерінде елеусіз қалып жатқан сөздерді ғылым тіліне айналып, ұлттық сипатының мән-мазмұнының айтарлықтай өзгеруіне үлес қосып жатқан қазақ тележурналистика саласы әр аспектіде жүйелі түрде кешенді зерттеліп жатыр. Академик Ш. Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы» еңбегінде БАҚта жаңадан еніп жатқан тілдік оралымдар, жаңа сөздер мен терминдерге қатысты тың мәліметтер беріп, мысалдар келтіреді, ұлттық терминологияның эволюциясына кеңірек тоқталады (Ш. Құрманбайұлы, 2014: 55).

Профессор Б. Қалиев «Қазақша термин жасау мәселесі» еңбегінде ұлттық терминологияның ескерілмей жүрген тұстарын атап өтіп, өз тұжырымдарын ұсынады (Б. Қалиұлы, 2014: 12-17).

Сонымен қатар С. Масғұтов, К. Қабылғазы, Қ. Тұрсын, Г. Ибраева, Қ. Әбжанов зерттеу еңбектерінен тележурналистика теориясы мен тарихына, телешығармашылық терминдерінің даму, қалыптасу кезеңдеріне, зерттеу әдіс-

тәсілдеріне, телеэкран терминдеріне қатысты бұрын-соңды айтылмаған деректерді табуға болады. Сондай-ақ теледидар «тіліне» қатысты анықтамалықтар мен сөздіктер құрастыру бойынша Қ. Тұрсын, Ж. Нұсқабайұлы, Д. Баймолда, Р. Ахмет ізденістерінде телевизия, масс-медиа саласының ауқымды мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Жаһандану дәуірінде тележурналистиканың технологиялық саласының трансформациялануы оның «тіліне» ұдайы әсер етіп, аясын кеңейте береді. Бұл – заңды құбылыс. Сандық технологияның өндірістік тәжірибемен ұштасып, тележобалардың көрнекілігі мен безендірілуінің сәт сайын жаңарып-жаңғыруы, инновациялық ақпараттық жүйелер арқылы сапалы таралымы тележурналистика саласының кәсіби лексикасына, терминологиясына елеулі өзгеріске ұшыратты, бұл, өз кезегінде, қайта қарастыруды, мәселені шешудің жаңа міндеттерін жүктейді.

Сонымен қатар телевизиялық журналистикаға тікелей қатысты болмаса да, көтеріліп отырған мәселені жүйелеуге, талдауға, сараптауға мүмкіндік беретін, жетілдірілген әдістәсілдерді тиімді пайдалануға бағыттайтын әрі тың теориялық мазмұндағы терминологиялық зерттеу еңбектері де аз емес. Түгел тізімдеп, толық тоқталып жатуды жөн көрмедік, тек кейбірін атап өтсек: А. Азаматова «Метаязык лингвистики» еңбегінде лингвистика саласындағы терминологиялық номинация, метатіл, терминжасам мәселелері прагматикалық, лексикографиялық, семантикақұрылымдық аспектіде қарастырылады (А.Азаматова, 2008: 200), А. Ахметбекова «Лексикографические и метатекстовые характеристики терминологической дефиниции» монографиясында термин сөздердің негізгі айырым белгілерін жүйелеп, терминологиялық дефиниция мәнін ажыратып көрсетсе (А. Ахметбекова, 2018: 89), А. Сиротинина «Специфика состава молодой терминосистемы на примере терминологии перфузиологии» (А. Сиротинина, 2017: 24-34) мақаласында терминжүйенің төлсипатының негізгі ерекшеліктеріне тоқталады.

С. Шеловтың көзқарасына сүйенсек, алдағы уақытта терминографияның негізгі міндеттері онтологиялық деңгейлер бойынша ғылыми білімнің негізгі ұғымдары, ұғымдардың страфикатталуы, яғни бірінші және екінші деңгейдегі терминдерді бөлу көрсету, сөздік мақалаларды қалыптастыру тәртібін қарастыру (Әліпби тәртібі бойынша сызықтық реттілік немесе тұжырымдамалық құрылым бойынша беру), филологиялық сөздікте терминологиялық және кәсіби бағыттағы лексиканы түсіндіру, зерттеу терминнің жалпы негізде жұмыс істеуі тұрғысынан жіктелетінін айтады (Шелов, 2018).

Зерттеу жұмысы барысында терминдерді біріздендіру мәселесі күні бүгінге дейін шешімін таппай отырғаны, мемлекеттік тілдің жұмыс үдерісіндегі рөлі, ғылыми-зерттеу жұмыстарында ескерілмей жүрген деректер анықталды. Бір айта кетерлігі, сауалнамаға қатысқан ер азаматтардан гөрі, әйелдердің үлес салмағы басым. Демек, бұл әйелдердің қазіргі уақытта телевизия саласында, эфир-монтаждау жұмыстарына белсенді араласатынын және осы салаға айрықша қызығушылық танытатынын көрсетеді.

Тіл білімін зерттеуші Б. Шустер терминжүйені когнитивті лингвистика, прагматика тұрғысынан зерттеу керектігін айтады, оның ішінде социометрия секілді заманауи тәсілдерді қолдану қажеттігін атап өтеді. Тілдің коммуникативтік қызметін зерттейтін тілшіғалымдардың зерттеу пәні терминдердің прототиптер немесе фреймдер, олардың әлеуметтік қызметі мен семантикалық «шиеленісі», диахрондық жағынан алғанда, сантүрлі тұрақты лексикалық бірліктердің қолданысы, терминология және детерминология үдерістерінің жаңа тұжырымдамасы болады (Шустер, 2019).

Сонымен бірге сауалнама нәтижесі көрсеткендей, сала мамандарының жұмыс барысында орыс не ағылшын тіліндегі терминдерді, оралымдарды, тіркестерді қолдану көрсеткіші бірте-бірте «қазақылану» үдерісі жүріп жатқанын айтуға тиіспіз. Десе де, орыс тілінің коммуникативтік қызметі басым екенін жоққа шығара алмаймыз. Бұл, әрине, ақпарат құралдарының техникалық сипаттамасы мен жаңа технологияны үйлестіру-ұйымдастыру жұмыстарының, техникалық бағыттағы ақпарат көздерінің, ең алдымен, орыс тілінде ұсынылатынымен тікелей байланысты болса керек.

Зерттеуші Й. Усманов мәтіннің түсініксіздігін терминологияны стандарттау арқылы азайтып, жалпы ғылыми терминологияның негізгі мәселелеріне және оларды шешудің басым әдістеріне баса назар аударады (Усмонов, 2020). В. Дубичинскийдің мақаласы қазіргі уақытта терминография шешетін мәселелердің негізгі спектрін ашады, қазіргі терминография теориясының маңызды мәселелерін қарастырады; терминологиялық сөздіктерді құрудың негізгі түрлері мен кезеңдері, терминологияны стандарттаудың әліпбилік, әліпбилі-ұялы және идеографиялық қағидаттарына, оқу тер-

минографиясына және терминографиялық компьютерлендіруге назар аударады (Дубичинский, 2020).

Дегенмен қазіргі қазақ тілінің қолданыс аясы, ұлттық терминологияны қалыптастыру мәселесі телевизиялық журналистика мамандарын ойландыратыны анық байқалады. Белгілі бір уақыттан соң, орыс тілінен калькаланған қазақ тіліндегі сөздердің әлеуеті күшейе түсіп, белсенді түрде қолданылып, бірте-бірте шет тілдегі нұсқасын ығыстыра бастайтынын аңғардық (мәселен, просмотр – қаралым, рейтинг – көрсеткіш).

«Termincom.kz» ғылым, білім, техника мен экономика, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасы қазақ терминологиясын жүйелеудің жаңа талаптарын жүзеге асыру, терминдерді және атауларды қазақ тілінің нормаларына сәйкес реттеу, терминологиялық атауларды қолдану тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстары сұранысқа ие екенін көрсетіп отыр. Әсіресе уақыттың өзі кейінгі кездері қолданысқа енген терминдерді электрондық базаға енгізу, саралау, бекіту жұмыстарын жүйелі әрі жедел түрде іске асыруды талап етіп отыр (бриф, подкаст, барабан, плашка т.с.с. қарастырылмаған).

Сауалнама қорытындысы мемлекеттік тілдің телевизиялық журналистикадағы көрерменнің телеөнім «тілі» миссиясынан бөлек, техникалық-инженерлік және монтаждау, түсірілім жұмыстары үдерісіндегі коммуникативтік қызметті де толық атқара алатынына толық көз жеткіздік.

Телевизиялық журналистика терминдері көбінесе орыс тіліндегі бір құрамды не көп құрамды сөздердің /терминдердің/ қазақ тілінде де сол құрамдарын әрі мағыналарын сақтап аудару тәсілі /калька/ жиі кездеседі.

Жалпы сауалнамаға қатысушылардың дені түпнұсқа тілдегі терминдердің өте белсенді қолданыстағы кейбір нұсқаларды өзгеріссіз күйде қолдануды құптаса да, көп жағдайда қазақ тіліндегі баламасына басымдық беріп, жұмыс үдерісінде кеңінен қолдануға деген ұмтылыстары зерттеу жұмысының негізгі әрі оң нәтижесі деп есептейміз.

Зерттеу жұмысының жоспарына сәйкес алдағы уақытта «Хабар» арнасының тікелей эфирінен көрсетілетін қазақ тілді аудиторияға арналған «Таңғы хабар» ақпараттық-танымдық бағдарламасының түсірілімі аясында бір айы көлемінде шығармашылық топтың жұмыс тілін бақылау, аталмыш тележоба шығармашылық ұжымының эфир кезінде жазып алынған аудиожазба үлгілеріне талдау жасау, қазақ тілді хабарды әзірлеуші мамандардың орыс және қазақ тіліндегі терминдерді, тіркестерді, кәсіби сөздерді қолдану т.с.с. статистикасын анықтау мақсаты көзделіп отыр. Сол арқылы осы зерттеу жұмысының нәтижесімен біріктіре отырып, кешенді түрде тұжырым жасауды мақсат етіп отырмыз. Қысқаша түйіндесек:

- Шет тілден енген терминдер көбінесе калька әдісі негізінде жасалған;
- Салалық сөздіктерде бекітілген терминдер жұмыс үдерісінде белсенді қолданылмайтыны белгілі болды;
- Бір ұғымды, бір мәнді білдіретін терминдердің «бейресми» жарыспалы нұсқалары да бірінің орнына бірі жұмсалатыны анықталды;
- Кәсіби сөздер, жаргон, арго т.б. термин ретінде танушылық байқалады;
- Телевизиялық журналистика мамандары жұмыс үдерісіндегі қазақ тілін жұмыс тіліне түбегейлі айналдыруға айрықша ынталы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының өкілеттігін күшейту бағытындағы жұмыстар қолға алынуға тиіс;
- жаңа терминдерді дер кезінде тіркеу, бекіту т.с.с. жұмыстарын жүйелеу қажет әрі арнаулы сала сөздіктерін түзуде сол саланың мамандарына басымдық беру керек;
- БАҚ мен тілші-ғалымдардың жылына бір рет басын қосып, талқылау шараларын тұрақты түрде ұйымдастыру маңызды;
- Кино, ТВ, телевизия мамандарын даярлайтын оқу орындарына әдебиет, қазақ тілі пәндерін оқытуды міндеттеу керек;
- «Termincom.kz» электрондық базасын жетілдіріп, барлық платформада қолжетімділігін арттыру қажет.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Телевизия дәуірдің үні, замана ағысының айнасы болғандықтан, кез келген инновациялық-технологиялық өзгерістерден тыс қала алмайды. Экономикалық әлеуеті, ғылыми қуаты жоғары өндіруші елден енген техника, технология тұрмысқа ғана емес, тілге де орасан зор өзгеріс әкелуде. Сәт сайын еніп жатқан терминдерді тіркеп, ұлттық тілдегі баламасын ұсынып отыру әсте мүмкін емес. Десек те, жаңадан енген кірме сөздерге, терминдерге қосамжарланып, жарыса қолданылып жүрген нұсқалар жиі кездеседі. Сауалнамаға қазіргі

қазақ телевизиялық журналистикасында жарыса қолданылып жүрген лексикалық бірліктер іріктеліп алынды.

Сауалнамада берілген «Подкаст» сөзінің қай нұсқасын қолдайсыз?» деген сұраққа респонденттердің 49,3 %-ы «подкаст» сөзін таңдаса, «үнхабар» сөзі 49,3 %-ы көрсеткен. Демек, ақпарат кеңістігіндегі жаңа қолданыс саналатын «подкаст» жанрын алдағы уақытта «үнхабар» деп қолдануға болатынын көрсетеді. Интернет кеңістігінде /әлеуметтік желі, Ютуб арнасында т.б./ әртүрлі тақырыпта әңгіме қозғайтын екі немесе одан да көп адамның еркін әңгімесі *подкаст* деп аталады, көбінесе сұхбат жанрында болады, үнемі жаңартылып отырады, радиобағдарламалардан айырмашылығы – оларды мобильді құрылғыға жүктеп, кез келген уақытта тыңдауға мүмкіндік береді. Бұл формат елімізде пандемия кезінде ерекше сұранысқа ие болды.

Ғылым, білім, техника мен экономика, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасы «Termincom.kz» сайтындағы 377 268 терминнің тізіліміне «подкаст» сөзі енбеген («Termincom.kz» электрондық базасы: https://termincom.kz/about/).

«Тікелей эфир» сөзінің қай нұсқасын қолданасыз?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 90,1 %-ы «Тікелей эфир» сөзін қолдаса, «live» сөзін 8,5 % адам таңдаған, ал 1,4%-ы «тікелей көрсетілім» нұсқасын құп көреді. Телеэкранда монтаждаусыз, қазқалпында, түсірілім алаңынан көрермен назарына бірден ұсынылатын трансляция түрін «live» дегеннен гөрі, «тікелей эфир» терминінің әбден қалыптасқанын байқатады.

«Жанды дауыс» терминінің қай нұсқасын қолданасыз?» деген сұраққа 46,5 % «жанды дауыс» нұсқасын қолдаса, ал 52,1 % «табиғи дауыс» нұсқасын белгілеген. «Боямасыз» нұсқасын 1,4 %-ы таңдаған. Соңғы жылдары теледидарда музыкалық ән байқаулар, шоу-бағдарламалар көрермен сұранысына қарай күрт көбейді. Телеэкранда музыкалық байқаудың ерекшелігін белгілеп көрсететін «жанды дауыс» тіркесі «табиғи дауыс» боп өзгергенін байқап отырмыз. Қазір сала мамандары «жанды дауыс» дегеннен гөрі, «табиғи дауыс» деп сөйлеуді әдетке айналдырған. Сауалнамаға елге белгілі тележүргізушілер қатысқанын ескерсек, зерттеу нәтижесі де соны айғақтайды.

Телевизия саласында ең жиі қолданылатын терминдердің бірі – «запись» сөзі. «Termincom.kz» электрондық базасында «видеозапись» сөзі «бейнежазу» деп берілген. «Запись – жазып алу, жазу. Дыбыстарды және бейнелерді көп рет қабылдауға, қайта шығаруға немесе хабарлауға мүмкіндік беретін белгілі бір материалдық нысанда техникалық құралдардың көмегімен жазып алу (Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы, 2001: 79). Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, 77,5% адам «түсірілім» нұсқасын таңдаса, 19,7 %-ы «жазба» сөзін белгілепті. Қалғандары «таспаға түсіру» т.с.с. өз нұсқасын ұсынған. Бір қызығы, «съемка» – «түсірілім» деп айтылып, жазылып жүрсе де, «запись» терминін жұмыс үдерісінде «түсірілім» деп қарастырылуы – біз күтпеген дерек болды:

5-сурет – Сауалнама нәтижесі

Түсірілім жұмыстарын іске асыру үшін телекамераға, монтажға, автокөлікке және т.б. рұқсат сұрау үшін жазылатын құжат үлгісі «заявка» сөзіне байланысты қойылған сұраққа қатысушылардың 69 %-ы «өтінім» нұсқасын қолданатынын, 14,1 %-ы «заявка» нұсқасын құп көретінін жеткізген. Тіпті қалғандары, нақтырақ айтсақ, 16,9 % адам, «өтініш», «сұраныс» секілді нұсқаларды ұсынған.

«Бегущая строка» тіркесінің қай нұсқасын қолдайсыз?» деген сұраққа жауап нұсқалары әртүрлі болды: 1 % адам «ешқайсысы сәйкес келмейді, «строка» болғаны дұрыс» десе, 84,5% қатысушы «жүгіртпе жолды» белгілеген, 9,9%-ы «жылжымалы жол» дегенді көрсеткен. Сонымен қатар «қума жол», «жүгіртпелі жол», «жылжымажол», «жылжымалы сөз» /бәрінің орфографиясы сақталған/ нұсқаларын ұсынған.

Телевизиялық жобалардың монтаждау жұмыстарында жиі қолданылатын сөздің бірі – «скачок». Қысқаша түсіндіріп өтсек, бейнекадрларды бір-біріне жалғағанда пайда болатын техникалық ақау, сапасыз монтаж көрінісі. Кәсіби салада жаргон ретінде, яғни спорттық секірумен байланыстырылған атау ретінде қалыптасқан, бүгінде кәсіби лексикада өте белсенді қолданылады. «Терминком.кз» сайтында «скачок» сөзі «секірме, секірім, секіріс» деп берілген. Сауалнамаға қатысушылардың 33,8 %-ы «секіріс» дегенді белгілесе, 32,4 %-ы «секірме» түрін таңдаған, ал 22,5 %-ы «скачок» түрін қолдаса, 11,3 %-ы «секірім» нұсқасын көрсеткен.

«Шапка» терминіне «бағдарламаның, хабардың бас тақырыбы» деген қысқа анықтама берілген (Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы, 2001: 358). Тарқатып айтсақ, тележобаның атауы жазылған графикалық қыстырма (заставка). Мәселен, «театр киім ілгіштен басталатыны» сияқты телехабар «шапкадан» басталады. Кәсіби мамандар тіліндегі жаргон терминдік сипат алған. Сауалнамада берілген осы «шапкаға» қатысты сала мамандарының 57,7 %-ы «бас тақырып» деген нұсқаға тоқтаған, 28,2 % адам «телемұқаба» деген сөзді белгілеген. Сонымен қатар пайыздық көлемі аз мөлшерде «телпек», «маңдайша», «шапка», «тақырып», «басқасын ойлану қажет» деген нұсқалар да кездеседі. Ал «termincom.kz» электрондық базасында «бас тақырып», «тақырыпша» деп бекіткен.

Телевизия әлеміндегі ең танымал сөздердің бірі – «тележүргізуші». «Телеведущий» сөзінен калькаланған «тележүргізуші» сөзі әбден тілдік санаға сіңіп, қалыптасып кеткен. Соңғы жылдары көрнекті қоғам қайраткері, журналист-ғалым Сағатбек Медеубекұлы «айтаман, айташы» деген нұсқаларды ұсынып жүр (С. Медеубекұлы, 2019: https://anatili.kazgazeta.kz). Осыған байланысты сауалнама статистикасына назар аударсақ, «тележүргізуші» сөзін қолдағандар саны – 91,5%, ал «айташы» нұсқасын белгілегендер саны – 8,5 %-ды құрап отыр. «Өз нұсқам» дегендер саны – 0.

Тележурналистикада «сетка» деген терминнің көтерер жүгі ауыр. «Сетка – тор, түсіру кезінде түрлі көрініс беру үшін қолданылатын жартылай айқын материал» (Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы, 2001: 278). Бүгінде «сетканың» функциясы күрделенген, эфирден көрсетілетін телебағдарламалардың уақыты мен кезегін, тележобалардың уақыт жоспарын да қамтиды. «Терминком» сайтында «тор, берілетін хабарлар реті, торкесте» деп берілген. Сауалнама сұрағының нәижесімен сабақтасақ, «сетка» сөзін «берілетін хабарлар реті» деген нұсқаны 38 %-ы таңдаса, 28,2 % қатысушы «торкесте» дегенді жөн санайды, 15,5 %-ы «тор» десе, 8,5%-ы «сетка» дегенді белгілеген. «Телекесте», «бағдарламалар реті», «бағдарлама кестесі», «бағдарламалар шығу реті» деген де ұсыныстар жазылған.

Бір кездері телебағдарламаның форматына сәйкес қозғалған тақырыпқа, мәселеге байланысты пікір білдіретін мамандарды «сарапшы», «сала маманы», «эксперт» деп айтса, титрға жазса, соңғы кездері белгілі бір мәселеге байланысты пікір білдіретін маманды «спикер» деп айту сәнге айналды. «Спикер» терминіне байланысты нәтиже мынадай: 66,2% «спикер» нұсқасын қалдыруды құптайды, 29,6 % адам «айтарман» нұсқасын белгілеген. Сауалнама сұрағына байланысты жауап нұсқалары арасынан «басшы», «серке», «іспикер» нұсқалары да кездесті.

Сонымен бірге «Эксперт» сөзінің қай нұсқасын қолдайсыз?» дегенге «сарапшы» деп белгілегендердің үлесі – 81,6 % болса, 18,4%-ы «эксперт» нұсқасына тоқтаған.

Филология ғылымдарының кандидаты С. Медеубекұлы ұлттық журналистиканың төл терминдерін жаңғыртудың жолдарын ұсынып, лексикалық бірліктерді қолданысқа енгізудің жолдарын жіктей келе (С. Медеубекұлы, 2010: https://turkystan.kz/article/52210), «репортаж», «материал, «монолог», «диалог», «интервью» терминдерінің әрқайсысына балама ұсынады. Автордың ұсыныстарын топта-

стырып, жинақтап, сауалнама сұрағы ретінде қарастырып көрдік. Нәтижесі мынадай: «Репортаж» сөзінің қай нұсқасын қолданасыз?» дегенге сауалнамаға жауап берушілердің 71,1 %-ы «репортаж» сөзін өзгертпей қолданған жөн» десе, 21,1 %-ы «оқиғат» нұсқасын қолдануға болады деп есептейді. Репортаж – журналистиканың хабар жанры. Белгілі бір оқиғаның бас-қасында болып, көзбе-көз көрген журналистің оны ізінше өз бақылауы мен түйсігі, өз көзқарасы мен бағасы тұрғысынан әсерлі етіп баяндауы (Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы, 2001: 263).

Телевизиялық журналистикада ең маңызды жұмыстардың бірі – «кодировка» немесе «раскодировка» (раскадровка). Арнаулы сала сөздігінде мынадай анықтама берілген: «Раскодировка (раскадровка) (ағыл. storyboord) – қағаз планшеттерге салынып, жарнама ролигінің мазмұны мен сюжеттік тізбегінің даму ретін көрсететін үлгі» (Mass media және телекоммуникация терминдерінің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігі. Казахско-русско-английский справочный словарь терминов Mass media и телекомуникций. Kazakh-russian-english references glossary Mass media and telecommunications. Редактор-құраст.: Қ. Тұрсын, 2015: 140). Осыған байланысты сауалнамаға қатысушылар мынадай таңдау жасаған: «кодтау» сөзі – 65,8%, «кодировка/раскодировка» сөзі – 28,9 %. Ұсыныс ретінде «бейнебелгі», «белгілеу» нұсқалары жазылған.

Наушник құралы тек сала мамандарына ғана емес, қызығушылық танытқан кез келген адамға қолжетімді екені белгілі. Дыбыс сапасын, дауыс иірімдерін бақылау үшін монтаж редакторлары, дыбыс режиссерлары, шеф-редакторлар, бас редакторлар тұрақты түрде қолданады. Көп жағдайда «наушник» «құлаққап» түрінде санаға сіңсе, әлеуметтік желіде «тыңдауыш» сөзі де белсенді қолданылып жүр. Статистикасына назар аударайық: 60,5 % адам «құлаққап» деп пайдалануды құптайды, 34,2 %-ы «тыңдауыш» дегенге тоқтаған. Ал «наушник» дегенді таңдағандар саны – 5,3 %.

Белгілі бір жобаның өзіне тән ерекшеліктерінің жиынтығы «специфика» деп аталады. Телевизиялық жобаның концепциясы мен сметалық құжаттамада кездесетін терминнің жарыспалы нұсқалары да бар. Барлық нұсқаны сауалнама аясында қарастырғанда, пайыздық көрсеткіш мынадай болды: «специфика» сөзі – 26,9 %, «төлсипат» сөзі – 46,2 %, «ерекшелік» сөзі – 26,9 %. Негізі, «termincom.kz» сайтында информатика және есептеуіш техника категориясында «сипаттама», «айрықша» терминдері берілген. Тіпті, бекітілген терминдер жинағында «маманданым» нұсқасы көрсетілген. Сонымен қатар 2018 жылы бекітілген терминдер тарауында «жұмыс спецификасы» түрінде де ұшырасады.

Фактчекинг – қазіргі медиакеңістіктегі трендтердің бірі. 2016 жылы өткен АҚШ-тағы Президент сайлауынан соң, маңызы арта түсіп, медиамамандардың жауапкершілігін күшейтті. Тіпті, көп жағдайда «верификация» деп те атайды. Екі атаудың да көтерер жүгі бірдей: ақпараттың шынайылығы, объективтілігі; тәуелсіз, бейтараптық, нақтылық. Әртүрлі құралдар көмегімен дереккөздерді саралай отырып, дәйекті түрде тексеру деп түсіндіріледі. Пандемия кезінде уатсап, инстаграм, фейсбук әлеуметтік желілерінде тараған әртүрлі ақпараттарға байланысты «фактчекинг» сөзі де айрықша таныла бастады. Аудитория сенімі мен медиа ресурстың репутациясын қалыптастыратын «фактчекинг» терминіне қатысты сауалнама қорытындысына тоқталсақ: «фактчекинг» – 57,7%, «айғақ» – 23,1 % және «зерттегі» – 19,2%. «Айғақ», «зерттегі» сөздері журналистика факультетінің студенттерінің ауызекі тілінен алынды.

«Экранизация» термині – кино, телерадио саласында көп кездесетін терминдердің бірі, www.academic.ru сөздіктер мен энциклопедия сайтында мынадай анықтама берілген: «Экранизация дегеніміз – /фр. «экран»/ әдеби шығарма желісімен түсірілген кино немесе телефильм» (Академиялық сөздіктер мен энциклопедия сайты (РФ), 2021: https://academic.ru/). Сауалнама қорытындысына тоқталайық. «Экрандау» сөзі – 42,3 % құраса, «экранға шығару» сөзі – 34,6% адам белгілеген, ал 23,1 %-ы «экранизация» деп жауап берген, «termincom.kz» сайтында «экрандау», «экранға шығару», «экранизация» үлгілері көрсетілген.

Интернет кеңістіктің аудио-бейне өнімдерін тұтынатын кез келген адам «просмотр» терминінің мәнін жақсы білетіні сөзсіз. Оның анықтамасына тоқталып жатпаймыз. «Просмотр» сөзіне қатысты нәтижеге назар аударсақ: «қаралым» сөзін 84,6 % респондент таңдаған, «көрілім» сөзінің пайыздық көрсеткіші 11,5 % құрап отыр. «Қарау, просмотр» деген нұсқалардың үлесі алдыңғылармен салыстырғанда аздау.

Телевизиялық журналистикада тележобалардың танымалдығы, қаралым көрсеткіші, көрерменнің сұранысы, жобаның өтімділігі рейтинг деңгейімен өлшенеді. Елімізде теле-

арналардың, телебағдарламалардың рейтинг деңгейін анықтаумен ТНС Гэллап Медиа Азия (TNS Gallup Media Asia) зерттеу компаниясы айналысады. «Рейтингке» қатысты БАҚ беттерінде «көрсеткіш», «беделбаға» нұсқалары да жарыса қолданылып жүр. «Рейтингке» байланысты сауалнама нәтижесі: «көрсеткіш» сөзі – 57,7 %-ды құраса, «рейтинг» сөзі – 38,5 %-ға жетіп отыр. «Беделбаға» сөзін қолдану аясы 10 %-дан асады.

Қорытынды

Арнаулы сала терминологиясындағы алаңқұлалықтың өріс алуына журналистер мен сала мамандарын кінәлауға болмайды. Олар тілді тұтынушы ретінде белгілі бір деңгейде әсер еткенімен, бүкіл терминдердің қолданысын бірізге түсіру, жалпы терминологияны қалыптастыру олардың міндетіне жатпайды. Терминдердің қолданысындағы жарыспалылық, тілдік өлшемнің сақталмауы, жалпы салалық терминологияның даму бағытының айқындалмауы және т.б. ғылыми-тәжірибелік мәселелерді шешіп беру тілші-ғалымдарға жаңа міндет жүктеп отыр.

Салалық терминологиядағы жүйелілік, реттілік, бірізділік – мемлекеттік тілдің ғылым саласындағы қолданысын қамтамасыз етудің, ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналдырудың басты көрсеткіші. Тілдің тіршілігі терминологияға тәуелді.

Қазақ тілі білім, ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналып келе жатқанын байқауға болады. Қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюі – уақыттың басты үрдісі, заңды құбылыс. Мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі – ұлттық тілді дамыту заңдық мәртебесі бар саяси шешім қабылдаудың маңызын арттыра түседі.

Әдебиеттер

Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, 2021, Retrieved from https://www.akorda.kz/kz/.

ТНС Гэллап Медиа Азия (TNS Gallup Media Asia) зерттеу компаниясының ресми сайты, 2021, Retrieved from https://kantar.kz/about-us/o-kompanii.

Медеубекұлы С. Ұлттық журналистиканың төл аталымдары, 2019, Retrieved from https://anatili.kazgazeta.kz/news/38222.

Медеубекұлы С. Қазақ журналистикасының төл аталымдары, 2010, Retrieved from https://turkystan.kz/article/52210.

Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 928 б.

Қалиұлы Б. Қазақша термин жасау мәселесі // Терминологиялық хабаршы. – 2014. – №1 (49). – 12-17 бб.

Масғұтов С. Көгілдір экран – өмір айнасы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 131 б.

Қабылғазы К. Телерадиожурналистика: теория, тәжірибе, түйін. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 210 б.

Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары. – 2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 356 б.

Ибраева Г. Методы исследования журналистики. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 294 с.

Әбжанов Қ. Экран тілінің эволюциясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 114 б.

Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы. – Алматы: «Білім», 2001. – 380 б.

Азаматова А. Метаязык лингвистики: монография / отв. ред. Э. Д. Сулейменова. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 307 с.

Ахметбекова А. Лексикографические и метатекстовые характеристики терминологической дефиниции: монография. – Павлодар: Кереку, 2018. – 129 с.

Сиротинина А.Ю. Специфика состава молодой терминосистемы на примере терминологии перфузиологии // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Лингвистика. − 2017. − № 4. − С. 24-34.

Shelov, S. (2018). Essay on the theory of terminology: composition, conceptual organization, practical applications. – M.: PrintPro, 472 p.

Schuster, B.-M. (2019). “8. The contribution of terminology research to the understanding of science communication”. *Science Communication*, Berlin, Boston: De Gruyter Mouton, Pp. 167-186.

Usmonov, Y., Usmonova, Z. (2020). The role and importance of terminology in the study of specialized language. International journal on economics, finance and sustainable development ISSN (Electronic): 2620-6269/ ISSN (printed): 2615-4021, 19-23.

Dubichinskiy, V. (2020). Some Modern Issues in Terminography, Rasprave 46/2, 547-566.

References

Qazaqstan Respublıkasy Prezıdentining resmı saıty [Official website of the president of the Republic of Kazakhstan], 2021, Retrieved from https://www.akorda.kz/kz/ (In Kazakh)

NS Gellap Medıa Azıa (TNS Gellap medıa Azıa) zertteu kompanıasynyń resmı saıty [Official website of the research company (NS Gallup Media Asia)], 2021, Retrieved from https://kantar.kz/about-us/o-kompanii (In Kazakh)

Medeubekuly S. Ulttyq jurnalısıkanyng tol atalymdary [National journalism nominations] , 2019, Retrieved from https://anatili.kazgazeta.kz/news/38222 (In Kazakh)

Medeubekuly S. Qazaq jurnalısıkasynyń tol atalymdary [Kazakh journalism nominations], 2010, Retrieved from https://turkystan.kz/article/52210 (In Kazakh)

Qurmanbaıuly Sh. (2014) Qazaq termınologıasy: zertteýler, oqýlyq, sózdik, bıblıografıa [Kazakh terminology: research, textbook, dictionary, bibliography]. Almaty: Sardar; 2014. 928 p. (In Kazakh)

Qalıuly B. (2014) Qazaqsha termın jasau maselesi [The problem of creating a Kazakh term] // Termınologıalyq habarshy. 2014. №1 (49). Pp. 12-17. (In Kazakh)

Masgutov S. (1976) Kogildir ekran – omir aınasy [TV journalism – mirror of life]. Almaty: Mektep; 1976. 131 p. (In Kazakh)

Qabylǵazy K. (2017) Teleradıojurnalıstıka: teorıa, tajırıbe, tuıin [TV and radio journalism: theory, practice, summary]. Almaty: Qazaq ýnıversıteti; 2017. 210 p. (In Kazakh)

Tursyn Q. (2013) Qazaq telejurnalıstıkasy: qalyptasu, damu problemalary [Kazakh TV journalism: problems of formation and development]. – 2-basylym. Almaty: Qazaq unıversıteti; 2013. 356 p. (In Kazakh)

Ibraeva G. (2017) Metody ıssledovanıa jurnalısıkı [Methods of studying journalism]. Almaty: Qazaq unıversıteti; 2017. 294 p. (In Russian)

Abjanov Q. (2016) Ekran tiliniń evolusıasy [Evolution of the TV screen language]. Almaty: Qazaq unıversıteti; 2016. 114 p. (In Kazakh)

Tursyn Q., Nusqabaıuly J. (2001) Teledıdar sozdigi – telejurnalıst anyqtamalygy [TV dictionary-TV journalist's guide]. – Almaty: Bilim; 2001. 380 p. (In Kazakh)

Azamatova A. (2008) Metaıazyk lıngvısıkı: monografıa xTerminology of linguistics: monographъ (otv. red. E. D. Sýleımenova). Almaty: Qazaq unıversıteti; 2008. 307 p. (In Russian)

Ahmetbekova A. (2018) Leksıkografıcheskıe ı metatekstovye harakterıstıkı termınologıcheskoı defınısıı: monografıa [Lexicographic and metatextual characteristics of terminological definition: monograph]. Pavlodar: Kereku; 2018. 129 p. (In Russian)

Sırotınına A.IU. (2017) Spesıfıka sostava molodoı termınosıstemy na prımere termınologıı perfuzıologıı [The specifics of the composition of the young terminosystem on the example of perfusiology terminology]// Vestnık Moskovskogo gosýdarstvennogo oblastnogo unıversıteta. Serıa: Lıngvısıka. 2017. № 4. Pp. 24-34. (In Russian)

Shelov, S. (2018). Essay on the theory of terminology: composition, conceptual organization, practical applications. Moscow: PrintPro, 472 p.

Schuster, B.-M. (2019). "8. The contribution of terminology research to the understanding of science communication". *Science Communication*, Berlin, Boston: De Gruyter Mouton, Pp. 167-186.

Usmonov, Y., Usmonova, Z. (2020). The role and importance of terminology in the study of specialized language. International journal on economics, finance and sustainable development ISSN (Electronic): 2620-6269/ ISSN (printed): 2615-4021, 19-23.

Dubichinskiy, V. (2020). Some Modern Issues in Terminography, Rasprave 46/2, 547-566.

ҒТАМР 16.21.49 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.013

И.А. Турлыбекова*, С.С. Нуркенова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.
* e-mail: turlybekova.inkar@gmail.com

СӨЙЛЕУ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ СӨЗҚҰМАРЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ

Мақалада әрбір халықтың ғасырлар бойы өткенін және әлемге деген қазіргі таңдағы көзқарасын, шынайы ақиқатты анық жете көрсете алатын фразеологиялық бірліктер құрылымы өзгеше, бір-бірінен туыстығы алшақ тілдер негізінде салыстырыла зерттеледі. Фразеологизмдер әрбір этностың тіршілігі, өзіндік ойлау стилі, өмірлік даналығы, түйгені, ерекше ұлттық ділі жайлы ақпаратты өскелең ұрпаққа береді. Фразеологизмдер арқылы халықтың мәдениеті түрлі қырынан танылады.

Зерттеуге сөйлеу мінез-құлқы фразеологизмдері сөздіктерден таңдалып алынды. Зерттеуде сөйлеу мінез-құлқын көрсететін фразеологизмдердің арасынан әңгіме жүргізу тәсілін және әңгіме мазмұнын сипаттайтын фразеологизмдер негізінде сөзқұмарлық мағынасын білдіретін фразеологизмдер жинақталды.

Мақалада сөзқұмарлық мағынасын білдіретін ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің мағынасы қарастырылып, қолданыстағы мысалдары көрсетіледі. Осы жұмыста алғаш рет сөзқұмарлықты бейнелейтін ағылшын және қазақ фразеологизмдерінің айрықша ұлттық ерекшеліктері сипатталып отыр. Фразеологизмдердің әр тілге тән лексикалық өзіндік ерекшеліктеріне назар аудару - бұл жұмыстың негізгі мақсаты.

Фразеологизмдердің құрамындағы бірліктердің қандай сөз таптарымен бірге қолданылып, өзара байланысуы осы зерттеуде айқындалады. Фразеологизмдерді салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан зерттеу кешенді әдістерді талап ететіні сөзсіз. Зерттеу барысында жаппай таңдау және сандық-статистикалық әдістер түрі қолданылды. Зерттеудің нәтижесінде сөзқұмарлық мағынасын білдіретін фразеологизмдердің құрамындағы жиі кездесетін етістіктер, сын есімдер, тағы сол сияқты екі тілдегі фразеологизмдердің өзіндік ерекшеліктері анықталды.

Түйін сөздер: сөзқұмарлық, семантика, сөйлеу мінез-құлқы, фразеологизм, мәдениет.

I.A. Turlybekova*, S.S. Nurkenova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana
*e-mail: turlybekova.inkar@gmail.com

Characteristics of garrulity in phraseological units of speech behaviour

The article compares phraseological units of two languages which are different from each other, languages with different structures, phraseological units which are able to show clearly the past centuries and true present attitudes of each nation to the world and reality at the moment. Phraseological units transmit clear information about the life of ethnos, individual way of thinking, life wisdom, experience and special national mentality to the young generation. With the help of idioms, the culture of the certain nation is perceived from different sides.

The phraseological units of speech behaviour from dictionaries were selected for the investigation. In the research among the phraseological units reflecting speech behaviour, phraseological units expressing garrulity on the basis of phraseological units describing the way of conversation and the content of the conversation were collected.

The meaning and the existing examples of phraseological units of garrulity in Kazakh and English languages will be shown in the article. The article is the first attempt to describe the national peculiarities of Kazakh and English phraseological units reflecting garrulity. Attention to the differential, lexical original features of phraseological expressions is the main aim of this paper.

Which parts of speech within phraseological units are used and associated are determined in this study. A comparative and contrastive study of phraseological units requires a complex approach. In the course of the present research, a continuous sampling method and quantitative-statistical type of method were used. As a result of the study, specific features of phraseological units in two languages are revealed: verbs, adjectives, frequently occurring within the phraseological units expressing the garrulity.

Key words: garrulity, semantics, speech behavior, phraseology, culture.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

И.А. Турлыбекова*, С.С. Нуркенова
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана
*e-mail: turlybekova.inkar@gmail.com

Характеристика словоохотливости во фразеологизмах речевого поведения

В статье сравниваются фразеологизмы двух отличающихся от друг друга языков, языков разных по структуре, фразеологизмы, которые способны наглядно показать прошлое столетий и правдивое настоящее отношение каждого народа к миру и реальности в данный период. Фразеологизмы ясно передают подрастающему поколению информацию о жизни определенного этноса, об индивидуальном стиле мышления, жизненной мудрости, опыте, об особенном национальном менталитете. С помощью фразеологизмов культура народа познается с разных сторон.

Для исследования были отобраны фразеологизмы речевого поведения из словарей. В исследовании среди фразеологизмов, отражающих речевое поведение, были собраны фразеологизмы, выражающие словоохотливость на основе фразеологизмов, описывающих способ ведения беседы и содержание беседы.

В статье показаны значения фразеологизмов словоохотливости в казахских и английских языках и их примеры. В данной работе впервые описываются национальные особенности казахского и английского фразеологизмов, отражающие словоохотливость. Внимание к отличительным лексическим оригинальным особенностям фразеологизмов является основной целью данной работы.

В настоящем исследовании определяется, с какими частями речи употребляются и связываются между собой единицы в составе фразеологизмов. Сравнительно-сопоставительное изучение фразеологизмов, несомненно, требует комплексного подхода. В ходе данного исследования были использованы метод сплошной выборки и количественно-статистический метод. В результате исследования выявлены специфические особенности фразеологизмов в двух языках: глаголах, прилагательных, часто встречающихся в составе фразеологизмов, выражающих словообразовательное значение.

Ключевые слова: словоохотливость, семантика, речевое поведение, фразеологизм, культура.

Кіріспе

Ұлттың ежелгі тарихын, әр халыққа тән дүниетанымдық өзіндік ерекшеліктерін, қайталанбас мәдениетін, адами қасиеттері мен кемшіліктерін түсінуге мүмкіндік беретін бірліктер – фразеологизмдер ақиқаттың түрлі қырларын бейнелі де дәл көрсетеді. Тілдің лексикалық құрамында фразеологиялық бірліктер өзіндік маңызды орын алады, себебі фразеологизмдер ойды айшықты және дәлме-дәл жеткізеді, шындықтың әртүрлі жақтарын анық сипаттай алады. Фразеологизмдер – кез келген тілдің ажарын кіргізетін, сонымен бірге ұлттың ойын астарлап ерекше бейнелей алатын, ұлттың рухани шығармашылығының нәтижесі болған, өскелең ұрпақтарға мұра болып жеткен сөз қазынасы.

Халықтың басынан өткен өмірлік тәжірибесі мен дәстүрлі құндылықтарын алдағы ұрпаққа дұрыс жеткізу қызметін мәдениет атқарады. Мәдениет – әрбір ұлттың болмысын рухани және материалдық тұрғыдан сипаттайтын қазынаның бірі. Мәдениет қоғамға белгілі мінез-құлық ережелерін белгілейді, ал сол ережелерді сақтамағандар кінәратталады. Осы аталғандар фразеологизмдерде әрдайым көрініс тауып отырады. Мәдениет пен тіл екі түрлі құбылыс болғанымен, бір-бірімен тығыз байланыста бола жүреді.

Кез келген тілдегі фразеологизмдер тек өзіне ғана тән қасиеттерге ие болатын шағын құрылымды, образдан туындаған бірліктер болғандықтан, сол фразеологизмдердің, нақты айтқанда, ағылшын және қазақ фразеологизмдерінің ерекшеліктерін түсіндіріп айшықтау, ізденістің тың зерттеу болуы жұмысымыздың өзектілігі болады. Ұлт пен тілдің ұштасуын көрсететін ағылшын және қазақ тіліндегі фразеологизмдердің астарында жатқан ұлттық болмысты көрсету, сонымен бірге тіл арқылы көрінетін халықтың тарихын айқындау – бұл жұмыстың өзекті мәселелерінің бірі.

Адам әрекеті, қасиеттері мен әртүрлі құбылыстардан ұқсастық іздестіріліп, олар адамның сөйлеу әдетінен көрінеді. Әсіресе, ол тұрақты тіркестерде көрініс табады. Мәселен, *тілі майда, тілі мен жағына сүйенген* т.б. фразеологизмдерін атауға болады (Ғалымбекова Д.Ғ., 2017: 61).

Зерттеудің үрдісін сипаттау алдында осы жұмыста кездесетін негізгі сөздерге түсіндірме

берген жөн. *Сөзқұмарлық* сөзінің ағылшын тіліндегі баламасы *garrulity* сөзі сөздіктерде келесідей түсіндіріледі: сөзқұмар сөзі – түсініксіз немесе сөйлеуге бейім, мағынасыз не біреудің жүйкесіне тиетіндей тоқтамай сөйлейтін бәдік адамды сипаттау үшін қолданылады (Merriam-Webster Dictionary, 2022). Келесі бір сөздіктегі түсіндірмеге сүйенсек, сөзқұмарлық *garrulity* деп тым көп шегінен шыға сөйлей беруді айтады (Collinsdictionary, 2022).

Әдебиетке шолу

Фразеологизмдер − уақыт сүзгісінен өтіп, бізге сұрыптала, жеткен мағыналы да құнарлы, өзіндік көркем сипаты бар мұра. Фразеологизмдер − ойы ұтқыр, толғауы терең тұрақты тіркестер. Фразеологизмдер ағылшын және қазақ халқының басынан өткізген тәжірибесін ғана емес, сонымен қоса ұлттың өмірге, оны қоршаған әлемге өзіне тән көзқарасын, сөздік қорының байлығын бейнелейді. Фразеологизмдер кез келген тілге өзгеше көркем қасиет бере отырып, уақыт сынынан өтіп, ұрпақтарға жеткен ерекше қазына болады.

Отандық фразеология саласында бірқатар зерттеулер жүргізілген. Халықтың ой-пікірінің түйіні, еңбек тәжірибесінің айнасы болатын фразеологизмдерді алғашқы болып зерттеуші ғалымдар осы тіркестердің әр тілге тән ерекшеліктерін көрсету бағытында жұмыс жасаған болатын. Фразеологизмдерді салыстырмалы-тарихи бағытта М.Балақаев, Ә.Болғанбаев, І.Кеңесбаев, Ә.Т.Қайдар, Ғ.Қалиев және т.б. ғалымдар зерттеп, ғылыми жұмыстар жазған.

Фразеологизмдерге салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулер жүргізген С.Е.Исабеков, Т.Мықтыбаева, Ф.А.Оспанова, Г.Н. Смағұлова және т.б. ғалымдар еңбектері фразеологизмдер туралы ілімді кеңейтті. Ф.А.Оспанованың пайымдауынша, «Әр ұлттың, әр халықтың ойлау жүйесін анықтау салыстырмалы түрде ғана жүзеге аса алады. Ал құрылымы әр түрлі тілдерді салыстыра, салғастыра зерттеу-маңызды мәселелердің бірі» (Оспанова Ф.А., 2006:31).

Г.Н.Дүкембай, Р.Е.Жайсакова, Х.Қожахметова, Ш.О.Қожахметова, М.Т. Сабитова және т.б. ғалымдар еңбектері фразеологизмдерді этнолингвистикалық/лингвомәдени тұрғыдан зерттеуге арналған. Қазіргі таңдағы өзекті бағыттардың бірі когнитивтік бағыттағы зерттеулер К.К.Дуйсекова, Н.М.Жанпеисова, А.К. Сагинтаева және т.б. ғалымдар еңбектерінде көрініс табады (Жуманбекова Н.З., 2020: 336).

Өткен ғасырдың екінші жартысында фразеологизмдердің сөзден басты айырмашылығына көңіл бөліне басталды. Осы таңда зерттеулер фразеологизмдерді жіктеу жолдарын анықтаумен айналысты. Кейінірек А.И.Смирницкий, О.С.Ахманова т.б. ғалымдар еңбектерінде фразеологизмдерді құрылымдық бірлік күйінде түсіндіру жолдары зерттелді.

XX ғасырдың екінші жартысындағы В.Л. Архангельский, Н.Н. Амосова, В.П. Жуков, А.В. Кунин, М.Т. Тагиев жұмыстарынан фразеологизмдерді зерттеудің түрлі әдістерінің жылдам дамуы байқалды. Фразеологизмдердің жүйелік ұйымдастырылуы туралы зерттеулер (И.И. Чернышева, Н.М. Шанский) және бұл зерттеулердің дамуы В.Н. Мокиенко, Ф.Н. Попов, А.И. Федоров т.б. еңбектерімен ұласты.

Фразеологизмдердің номинативті аспект тұрғысынан зерттелуі және олардың семантикасы В.Н. Телия жұмыстарында, фразалық түзілімдер жайлы зерттеулер С.Гаврин, Ю.А. Гвоздарев, М.М. Копыленко, З.Д. Попова т.б. зерттеушілер жұмыстарында көрініс тапты. Фразеологизмдерді салыстырмалы-типологиялық зерттеу Ю.Ю. Авалиани, Л.И. Розейсон еңбектерінде орын алды. Фразеологиялық сөздіктердегі фразеологизмдерді сипаттау А.М. Бабкин, А.И. Молтков жұмыстарында қарастырылды (Бабяк Е., 2015:34).

Н. Уәлиұлы пікірінше, көркем шығармалар тілінде фразеологизмдер түрлі болады.

«М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов сынды көркем сөз шеберлерінің бір ғана шығармасы, я болмаса бір ғана әңгімесінің өзінен шығу тегі жағынан жалпыхалықтық (диалект, қарапайым сөз, сөйлеу тілі, әдеби тілге қатысты) фразеологизмдердің түр-түрін кездестіруге болады. Сондай-ақ жазушы тілінің лексика-фразеологиялық арсеналы өзіне дейінгі сөз зергерлерінің тұрақты тіркес түріндегі қолтума қолданыстарымен, аударма фразеологизмдермен байи түседі. Сөйтіп, шығарма тілі өзінің лексика-фразеологиялық құрамының әр алуандығымен де оқырманды өзіне баурап отырады» (Уәлиұлы Н.,1999: 11).

Осы тұста фразеологиямен тығыз байланыста жүретін тіл білімінің бір саласын қарастыра өтсек. Лингвомәдениеттану – мәдениет пен тілдің ұштасуынан туындаған, сол мәдениеттің рухани жақтарын тілдерді салыстырмалы-салғастырмалы түрде қарастыратын ғылым. Салыстырмалы-салғастырмалы ізденіс жүргізген ғалым И.В. Зыкованың лингвомәдени бағытта жүргізген зерттеуі фразеологизмдердің мәдениет концептосферасындағы ролін анықтау

мақсатында жүзеге асырылды. Автор «ноосфера», «мағына сфера», «логосфера», «семиосфера», сонымен қатар «әлем моделі», «әлем картинасы» және «әлем бейнесі», «концепт» пен «мәдени концепт» секілді мәндес терминдерге түсініктеме бере отырып, аталған терминдердің ара-жігін ажыратады. Лингвомәдени қайта қалпына келтіру әдісін қолдана отырып, автор фразеологизмдердің жасалуының макрометафоралық концептуальді моделін көрсетеді. Автордың зерттеуі бойынша, келесі модельдер анықталды: «verbal communication is play, verbal communication is commerce, verbal communication is social activity, verbal communication is journey, verbal communication is gastronomy, verbal communication is hunting/mining, verbal communication is religion-related activity, verbal communication is medicine-related activity, verbal communication is craft, verbal communication is painting, verbal communication is everyday activity» (Зыкова И.В., 2014:82). Осы тәрізді жұмыстардың молая беруі қазіргі фразеологияның дамуына жол ашады десе болады.

Фразеологизмдердің семантикасы мен стильдік ерекшеліктері Ж.Ә. Абдрахманова, Р.А.Авакова, Ш.Б.Аргингазина, А.Байтелиев, Ж.Қ.Дәркенбаева, Ж.М.Қоңыратбаева, Қ.Қ. Сарекенова, К.С. Сарышова сияқты т.б. бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты.

С.К. Сатенова, А.К. Сагинтаевалардың пікірінше, фразеологизмдер жүйесінде грамматикалық фразеология деп аталатын жеке санат тілдің өзіндік ерекше құрылымын көрсетеді. Осылайша әрбір тілдегі фразеологизмдер сол тілге тән құрылыммен ерекшеленеді.

Р.А. Авакованың ойынша, «Тіл фактілеріне талдау жасау мәдени тамырларымызға үңіле түсуге, оның құпия сырларын түсінуге септігін тигізеді. Фразеологизмдерді мифтік танымға, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға әкеп жүктеу, оларды бір-бірімен байланысты дүние ретінде қарастыруға, оларды мәдениеттің құрамдас бір бөлігі, ұлттық тілдегі бейнесі деп тануға жол ашса, екінші жағынан, ғылымдар сабақтастығын (тіл, мәдениет, тарих, фольклор, этнология, әдебиет және т.б.) жан-жақты теориялық тұрғыдан аша түсуге мүмкіндік береді» (Авакова Р.А., 2002:30 б.).

Соңғы кездерде оң бағыт ала келе жатқан, жаңа технологиялардың жетістіктерін қолданып жүрген зерттеулердің қатарындағы фразеологизмдерге корпустық лингвистика тұрғысынан жүргізілген зерттеулер H. Allami (2022), M. Karlsson, H.R. Shahroosvand, E.J. Muraki, S. Abdalla, M. Brysbaert, P.M. Pexman т.б. еңбектерінде қарастырылып жүр. Ал тұрақты тіркестердің өзгеруі және қолданудағы құндылықтары S.M. Parizoska, J. (2022) Yusupova, S.M. (2022) жұмыстарында кездеседі.

Фразеологизмдерден белгілі бір халықтың нақышын, өзіндік белгілері мен сипатын, мәдени-ұлттық ділін анық көруге болады. Егер де фразеологизмдер ұмыт болып қалса, осы заманға жете алмай, жоқ болып кеткен жағдайда халықтың мәдениеті түгелдей өшіп кеткендей болар еді. Фразеологизмдерде халықтың мәдениеті көрініс табады. Өйткені әрбір ұлт туған жерінде нәр алған тұрақты тіркестермен ұлт өмірінің тұрмыс-тіршілігін бейнелей алады. Фразеологизмдердің мағыналық тұтастық, тиянақтылық және өзгеріссіз қолданылуы сияқты қасиеттерінің арқасында бұл бабалар қазынасының өскелең ұрпақтарға жалғасып жетіп жатқаны белгілі. Кез келген тіл ұлттың дүниетанымын айқындап, өзіндік дүниелік бейнесін қалыптастыратын тілдік жүйе болады.

Халықтың рухы мен даналық сипаты фразеологизмдерден көрінеді десе болады. Фразеологизмдерді білу басқа ұлттың мінез-құлқын, ой-санасын түсінуге мүмкіндік береді. Әр халықтың фразеологизмдері ұлттың тұрмыс-тіршілігіне байланысты ерекшеленетіні көптеген зерттеулерден көрініп келеді. Мәселен, ағылшын халқының фразеологизмдері теңіз шаруашылығына, орман мен жануарларға, библияға байланысты тақырыптар туралы болып жатса, қазақ фразеологизмдері көшпенді халық шаруашылығына байланысты тақырыптар жайлы болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеуге сөйлеу мінез-құлқын білдіретін ағылшын және қазақ фразеологизмдері сөздіктерден таңдалып алынды, атап айтқанда, әңгімелесу тәсілін сипаттайтын фразеологизмдер және әңгіменің мазмұнын сипаттайтын фразеологизмдер қатарынан сөзқұмарлықты білдіретін фразеологизмдер жиналды. Зерттеу барысында жаппай таңдау және сандық-статистикалық әдістер қолданылды. Сөйлеу мінез-құлқы фразеологизмдері арасынан сөзқұмарлық мағынасын білдіретін фразеологизмдердің құрылымына талдау жасалынып, тілдік көркемдігінің саралануы мен халықтың ұлттық қасиеттері, ағылшын және қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ұқсастықтары

мен айырмашылықтарын анықтау зерттеудің жаңалығы болады.

Зерттеу барысында фразеологиялық сөздіктерден сөзқұмарлық мағынасын білдіретін 54 ағылшын фразеологизмдері анықталды. Олардың ішінде дене мүшелерінің атаулары бар 22 фразеологизм байқалды. Төмендегі тізімде тұрған сөздер жанындағы сандар, сол сөздер кездескен фразеологизмдердің санын көрсетеді:

eye 1 (көз)
head 1 (бас)
lips 3 (еріндер)
mouth 2 (ауыз)
lung 1 (өкпе)
teeth 3 (тістер)
tongue 10 (тіл)
ear 1 (құлақ)

Ағылшын тілінде сөзқұмарлық мағынасын білдіретін фразеологизмдердің арасында ең көбі *тіл* сөзі кездескен фразеологизмдер мысалдары болғаны зерттеу барысында байқалды. Сөздіктерден табылған келесі мысалдарды көрсетсек:

1.Have a long (loose) *tongue* тілі ұзын

2.One could bite one's *tongue* off тілін тістеп ала алады

3.One's *tongue* is too long for one's teeth тілі тісіне тым ұзын

4.One's *tongue* runs before one's wit тілі ақылының алдында жүреді

5.One's *tongue* runs nineteen to the dozen (тілі он тоғыздан он екіге жүгіреді) тілі тоқтамайды, үзіліссіз сөйлеу

6.On the *tongues* of men адамдардың тілінде

7.Set *tongues* wagging өсек айту

8.A *tongue* as long as a stock-whip тілі ұзын

*9.*Wag one's *tongue* босқа сөйлеу, сумаңдап сөйлеу, тілі мен жағына сүйеніп, жоқты-барды сөйлеу

10. I could have bitten my *tongue* off

Қазақ тілінде табылған мысалдарды қарастырсақ, фразеологиялық сөздіктерден сөзқұмарлық мағынасын білдіретін 48 фразеологизмдер анықталды. Олардың арасында дене мүшелерінің атаулары бар 16 фразеологизм байқалды:

Ауыз 4
Тіл 4
Бет 2
Құлақ 2
Тіс 1
Жақ 1
Тізе 1
Іш 1

Негізгі тізімге кірмеген *қан* сөзі кездескен фразеологизмдер мысалдарын да қарастырып көрсек: Сөйлеу мінез – құлқын білдіретін фразеологизмдер құрамында *қан* сөзі бар *қан көтерді* фразеологизмі *іліп ала жөнелді, ауыздан – ауызға тез таратып жіберді* мағынасын білдіреді. *Аузынан қара қан ағызды* фразеологизмі – *былапыт көп сөйлеу* мағынасын білдіреді.

Қазақ тілінде сөзқұмарлық мағынасын білдіретін фразеологизмдердің арасында ең көбі *тіл* және *ауыз* сөздері кездескен фразеологизмдер мысалдары болғаны зерттеу барысында анықталды.

Зерттелген ағылшын фразеологизмдерінің арасында жануарлар атаулары келесі жиілікте кездескен болатын: *bird 1, bull 1, horse 1, cat 1.* Бұл мысалдар ағылшындар сөзқұмарлықты жануарлармен, солардың ішінде үй жануарларымен байланыстырғандығын көрсетеді. Ал қазақ тілінде зерттеліп отырылған сөзқұмарлық мағынасын білдіретін қазақ фразеологизмдер тобының арасынан жануарлар атаулары бар фразеологизмдер анықталған жоқ. Оның себебі қазақ ұлты сөзқұмарлықты жануарлармен жиі байланыстырмауында деп қорытындылауға болады. Алайда кей фразеологизмдер жануарларға меңзеп айтылған тіркестер болуы мүмкін, мысалы *ұзын құлақ* фразеологизмі *қоян* жануарының есту қабілетін негізге ала отырып қалыптасқан фразеологизм деп болжаймыз.

Келесі мәселеде, сөйлеу мінез – құлқын білдіретін ағылшын және қазақ фразеологизмдерінің құрылымына назар аударатын болсақ: *Сын есім + зат есім* құрылымы бойынша жасалған сөзқұмарлық мағынасын білдіретін ағылшын тілінде келесі фразеологизмдер байқалды. Мысалы:

hot air (бос сөз)

a hot air artist (merchant) (мылжың; ауыз жаппас; көк ауыз; көк езу; сөзқұмар)

an old wife (өсекші адам)

an old chestnut (қайталана беретін)

a blue streak (созып ұзақ сөйлеу)

Сын есім + зат есім құрылымы құрамында кездесетін сөзқұмарлық мағынасын білдіретін келесі қазақ фразеологизмдері анықталды. Мысалы:

Аузынан *қара қан* ағызды (былапыт көп сөйлеу)

Қызарғанның (қыздырманың) *қызыл тілі* (өсек сөз; айдап сал сөз)

Ұзын елдің үйіріне, *қысқа елдің* қиырына кетті (көпке жария болды)

Ұзын құлақ (өсек сүйгіш адам), әр жерден естілетін, дерегі аз сөздер

Ұзын құлақтан есіткен әңгіме, сөз, хабар (әркімнің айтқан лақап сөздері)

Сыпсың сөз (алыпқашпа, өсек, сыбыр-күбір)

Қаңқу сөз (өсек-аяң, бос сөз)

Қиқу сөз (күмәнді, шындығы аз дақпырт, бос сөз)

Көк мылжың (бас-аяғы жоқ көп сөйлей беру)

Қызыл тіл (дес бермей сөйлеу)

Ұзақ сонар (жайланып отырып айтатын ұзақ әңгіме)

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Осы жұмыстың мақсаты − фразеологизмдердің бейнелілігін көрсету. Фразеологизмдер ой-пікірді өткір жеткізу сипаты мен ой ұшқырлығымен, терең мазмұнды көркемдік қасиеті өзгеше болуымен басқа тілдік бірліктерден ерекшеленеді.

Төмендегі 1-кестеде сөзқұмарлық мағынасын білдіретін фразеологизмдердің мағыналарына қарай топтарға бөлінуі көрсетілген.

Бос сөз айту:

hot air бос сөз

banana oil бос сөз

a crock of shit

save your breath

my eye (or all my eye and Betty Martin)

go along (on) with you! бос сөз айтпа

a hot air artist (merchant) бәдік, өсекші адам

Айтпасты айту; айтып қою; ауыздан шығып кету; жариялау:

spill the beans құпияны айтып қою, құпияны жария ету

the cat is out of the bag құпияны жария ету

let the cat out of the bag құпияны жариялау

a little bird told (whispered) те қайдан екені белгісіз бір қауесет гу ете қалды

take air жариялау

cry (declare, proclaim, shout) from (proclaim upon) the house tops айту, жариялау

beat (thump) the drum(s) бәріне айту, айтып қою

let drop (fall) айтып қою

escape (fall from) smb.'s lips (ернінен) аузынан шығып кету

fall from the lips of smb. (ернінен) аузынан түсіп қалу

tell the world жариялау (әлемге жариялау)

cut up (old) touches бұрынғыны, өткенді еске алу

an old wife кәрі сөзі тым көп әйел

spread the word about айту, жариялау

at the top of one's lungs (voice) бар даусымен

leap (rush) to smb.'s lips ауыздан (еріндерінен) шығып кету

in full cry

blow the gaff

I could have bitten my tongue off

pass one's lips айтып қою

foul one's own nest жанұяның ішкі құпиясын айтып қою (қазан жабулы күйінде тұру керек)

tell tales out of school біреудің құпиясын жария етіп қою

on the tongues of men (адамдардың тілінде) адамдардың аузында

Көп сөйлеу:

labour the point

run off at the mouth

talk a blue streak

an old chestnut

have swallowed a dictionary

be in someone's ear

chew the fat (or rag)

shoot (sling/throw) the bull мақтана көп сөйлеу

cut the cackle and come to the horses әңгімені қойып, іске кірісіңіз

open one's head көп сөйлеу

a tongue as long as a stock-whip тілі ұзын

have a big mouth құпияны айтып қоятын адам (үлкен ауыз)

have a long (loose) tongue тілі ұзын

one's tongue runs nineteen to the dozen тілі (он тоғыздан он екіге жүгіреді) тілі тоқтамайды, үзіліссіз сөйлеу

one's tongue runs before one's wit тілі ақылының алдында жүреді

one's tongue is too long for one's teeth тілі тісіне тым ұзын

one could bite one's tongue off тілін тістеп ала алады

Өсек айту:

bat (fat/shoot) the breeze сандырақ, қисыны жоқ сөз айту

who chatters to you, will chatter of you сізбен өсек айтып отырған адам, сіз туралы да өсек айтады

dish the dirt өсек тарату

fling dirt about жаман өсек тарату

wag one's tongue боска сөйлеу, сумаңдап сөйлеу, тілі мен жағына сүйеніп, жоқты-барды сөйлеу

tell tales about smb. бірею туралы өсек айту

a tale-bearer is worse than a thief өсекші ұрыдан жаман

set tongues wagging өсек айту

Сөзқұмарлық мағынасын білдіретін қазақ тіліндегі фразеологизмдерді мағыналарына қарай келесі топтарға бөлдік:

Бос сөз айту:

Қаңқу сөз

Қиқу сөз

Ауызбен орақ ору

Айтпасты айту; айтып қою; ауыздан шығып кету; жариялау:

Әуез салды

Басқа бәле – тілден

Бет жыртты (жыртысты)

Бетпердесін ашты (жұлды, жыртты, сыпырды)

Былш еткізді

Дат етті

Дүңк етті

Қан көтерді

Лақ еткізді (етті)

Ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына кетті

Тіс жарды

Ағынан жарылу

Етек алу

Жар салу

Жеті // жалпақ жұртқа жаю

Паш қылу // ету

Шашау сөз

Шерін ағыту (ішіндегі айтылмаған мұңын сыртқа шығару)

Ішті босату (әңгіме айту, сырын бөлісу)

Көп сөйлеу:

Аузынан қара қан ағызды

Аузы-аузына жұқпау

Көк мылжың

Құдайдың зарын қылу

Құлақ етін жеу (қайта-қайта айта беру, сөйлей беру)

Қызыл тіл

Темір жақ

Тізесі шыққан сөз // әңгіме

Тілі мен жағына сүйену

Ұзақ сонар әңгіме

Өсек айту:

Бірден бірге жүгірді

Елге, жұртқа жайды

Құрыққа сырық жалғады

Қызарғанның (қыздырманың) қызыл тілі

Сөз қыдыртты (тастады)

Ұзын құлақ. Ұзын құлақтан есіткен әңгіме (сөз, хабар)

Өсек басты болды

Өсек жүргізді (тасыды) Өсекті жүндей сабады

Пыш-пыш деді

Сыпсың сөз

Алыпқашты (алыпқашпа) сөз/әңгіме

Әр саққа жүгірту

Жеңіл сөзге жем ету // болу

Өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай

Сағыздай созу // созбау

Сыртынан тон пішу

Төмендегі 1-суретте ағылшын тіліндегі сөзқұмарлық мағынасын білдіретін фразеологизмдердің саны көрсетілген.

Төмендегі 2-суретте қазақ тіліндегі сөзқұмарлық мағынасын білдіретін фразеологизмдердің саны көрсетілген.

1-сурет – Ағылшын тіліндегі сөзқұмарлық мағынасын білдіретін фразеологизмдердің саны

2-сурет – Қазақ тіліндегі сөзқұмарлық мағынасын білдіретін фразеологизмдердің саны

Келесі мәліметтер сөзқұмарлық мағынасын білдіретін ағылшын тіліндегі фразеологизмдер құрамында кездесетін етістіктер бойынша жинақталды. Төмендегі тізімде етістіктер фразеологизмдердің құрамында кездескен формасында жазылған.

Ағылшын фразеологизмдері құрамында кездесетін етістіктер формасы мен етістік саны келесідей:

spill -1 (төгу)
told – 4 (айтты)
talk-1 (сөйлесу)
whispered -1 (сыбырлады)
bat -1 (ұрып-соғу)
fat -1 (семіру, семірту)
shoot -2 (атты)
cut -2 (кесті)
sling -1 (лақтыру, ату)
throw -1 (лақтыру)
come -1 (келу)
take -1 (алу)
chatters -2 (бос сөйлейді)
is -3 (болады)
be-1 (болу)
let -2 (рұқсат беру)
dish -1 (өсек айту)
fling -1 (лақтыру)
beat-1 (ұру)
thump-1 (қағу)
go -1 (бару)
open -1 (ашу)
cry -1 (жылау)
declare -1 (жариялау)
proclaim -2 (жариялау)
shout-1 (бақыру)
drop -1 (құлау, лактыру)
fall-3 (құлау)
escape -1 (қашып кету)
leap -1 (секіру)
rush -1 (жылдам орындау)
pass -1 (өту)
have -2 (ие болу)
foul -1 (нашарлау, кептелісті қалыптастыру)
could -1 (істей алды)
bite -1 (тістеу)
bitten -1 (тістелген)
runs -2 (жүгіреді, жүргізеді)
run -1 (жүгіру)
set -1 (қысу, қою)
wagging -2 (көп сөйлеу)
spread -1 (тарату)
chew-1 (шайнау)
swallowed-1 (жұтты)
labour-1 (еңбектену)
blow -1 (үру)
save -1 (сақтау)

Сөзқұмарлық мағынасын білдіретін ағылшын фразеологизмдері арасында басқа етістіктерге қарағанда көп кездесетіні *tell* етістігі қолданылатындығы анықталды. Төмендегі мәліметтер сөзқұмарлық мағынасын білдіретін қазақ фразеологизмдері құрамында кездесетін етістіктер негізінде топталды.

Қазақ фразеологизмдері құрамында кездесетін етістіктер формасы мен етістік саны келесідей:

ағызды-1
салды-1

жыртты-2
ашты -1
жұлды-1
сыпырды-1
дат етті -1
дүңк етті -1
лақ етті-1
лақ еткізді -1
былш еткізді-1
жүгірді-1
жайды-1
көтерді-1
жалғады-1
қыдыртты -1
тастады-1
кетті-1
өсек басты болды-1
өсек жүргізді -1
тасыды-1
сабады-1
пыш-пыш деді-1
жарды-1
жарылу-1
жұқпау -1
ору-1
жүгіру-1
етек алу -1
жар салу -1
жем ету-1
жем болу-1
жұртқа жаю-1
зарын қылу-1
құлақ етін жеу-1
паш қылу // ету-1
ұру-1
пішу -1
сүйену -1
ағыту -1
босату -1

Сөзқұмарлық мағынасын білдіретін қазақ фразеологизмдері арасында басқа етістіктерге қарағанда көп кездесетіні көмекші *ет* етістігі қолданылатындығы анықталды.

Зерттеуден байқалғандай фразеологизмдерде ұлттық мәдениет оның ажырамас бір құрамдас бөлігі болып әр алуан деңгейде болады. Ұлттық өзіндік ерекшеліктерінің көрінісі сөздің сол ұлттың тілдік бейнесіне қаншалықты тән болуына қатысты. Осы фразеологиялық бірліктерді талдаудың түрлі жолдары арқылы тілді жақсы түсіну әбден мүмкін.

Осыған орай келесі кезекте фразеологизмдер құрамында ұлттық мәдениет элементтері кездескен мысалдарды қарастырып өтсек. Мысалы: *Spill the beans* фразеологизмі *айтып қалу, құпияны айтып қою* мағынасын білдіреді. Фразеологизм құрамындағы атбас бұршақ ағылшындардың осы өсімдікті тамаққа жиі қолданғанын және бұршақтардың төгіліп кетуін құпия ақпараттың жария болуымен байланыстырғанын көрсетеді (Gibbs R.W., 1980: 149-156.) (The Dictionary of Idioms and Phrases, 2022).

Let the cat out of the bag немесе *the cat is out of the bag* фразеологизмі *құпияны жария ету* мағынасын білдіреді. Фразеологизм негізіндегі бейне дорбадағы мысықты шығарғанда құпия бәріне мәлім болатындығымен байланыстырылады. Яғни фразеологизм сатып алушының дорбаның аузы ашылғанда ғана сатып алып, көтеріп әкелген дорбасынан шошқаның орнына жай ғана мысықты алып келгенін көргенде алаяқтың арбауына түсіп қалғанын түсінгендегі бейненің негізінде туындауы мүмкін. *Beat (thump) the drum(s)* фразеологизмі дабыл қағу, дабылды соғу яғни музыкалық аспапты ұру бейнесі негізінде *жұртқа ақпаратты жариялау* мағынасын жеткізеді (Kunin A.V.,1984: 228).

Cry (declare, proclaim, shout) from (proclaim upon) the house tops фразеологизмінің тура мағынасы *үйдің төбесінде тұрып бақыру, айқайлау*. Бұл фразеологизм арқылы жұртқа ақпаратты жариялау мағынасы жеткізіледі.

Foul one's own nest және *tell tales out of school* фразеологизмдері адамдардың өзінің кіші отанында (ұясы мен мектебінде) болған құпия жағдайды басқа жұртқа жария етудің бұрыс екендігіне негізделген.

An old chestnut фразеологизмі қайталана беретін әңгіме жайында айтылғанда қолданылады. Мысалы: "Zavior and Pablo, in William Dimond's play Broken Sword (1816): Zavior…When suddenly from the thick boughs of a cork tree-Pablo. (Jumping up) A chesnut, Captain, a chesnut…Captain, this is the twenty-seventh time I have heard you relate this story, and you invariably said, a chesnut, until no ..." [John Ayto. 2020].

Бет жыртты фразеологизмі *әшкерелеп, бетін ашты, сөзге келді* мағынасын білдіреді.

Бетпердесін ашты (жұлды, жыртты, сыпырды) фразеологизмі *құпиясын жарыққа шығарды, әшкере етті* мағынасында қолданылады (Кеңесбаев І., 2007:146). *Құрыққа сырық жалғады* фразеологизмі *өтірік – шынын араластыра, сөзін көбейтіп, көпірте сөйледі, алыпқашпа өсек айтты* мағынасын білдіреді.

Фразеологизмдердің мысалдары ағылшын және қазақ фразеологиялық сөздіктерінен алынды. Сол фразеологизмдердің мағынасы

мен сөйлемдерде қолданылу мысалдарын қарастырсақ: *Ағынан жарылу* фразеологизмі *еш нәрсені жасырмау, ішіне сыр бүкпей, ашық айту, барын ақтару* мағынасын білдіреді. *Алып қашты сөз/әңгіме* фразеологизмі әртүрлі алыпқашпа дәлелсіз, өсек – аяңмен жеткен сөз мағынасын көрсетеді (Смағұлова Г., 2020: 21).

Аузы-аузына жұқпау фразеологизмі тез, жылдам сөйлеу көрінісін және араға сөз тасу, өсек айту мағынасын білдіреді. Мысалы: О, несін айтасың, әсіресе, жиналыста сөйлегенде *аузы-аузына жұқпайды* (Сәукетаев Т.).

Ауызбен орақ ору фразеологизмі еңбексіз, әрекетсіз босқа сөйлеп, пысық болып көріну мағынасында қолданылады.

Әр саққа жүгірту фразеологизмі болған істі, оқиғаны әртүрлі етіп айту, құбылтып жеткізу мағынасын білдіреді.

Етек алу фразеологизмі бір хабардың, ақпараттың, сөздің ел ішіне кең тарауын сипаттау үшін қолданылады.

Жар салу фразеологизмі құлақтандыру, хабарлау, мәлімдеу, бәріне әйгі ету мағынасында қолданылады. Мысалы: Барысхан келе жатыр! – деп жар салғандай әңкілдеді-ай, арам қу (Мұртаза Ш.).

Жеңіл сөзге жем ету // болу фразеологизмі даурықпа, өсек сөзге айналдыру мағынасын білдіреді.

Көк мылжың фразеологизмі бас-аяғы жоқ көп сөйлей беру мағынасын білдіреді.

Қаңқу сөз фразеологизмі өсек-аяң, бос сөз мағынасында қолданылады.

Қиқу сөз фразеологизмі күмәнді, шындығы аз дақпырт, бос сөз мағынасын білдіреді.

Құдайдың зарын қылу – қатты ескерту, қоймай айта беру деген мағынада қолданылады.

Қызыл тіл – дес бермей сөйлеу мағынасын білдіреді.

Паш қылу // ету фразеологизмі оқиғаны, істі жариялау, елді хабардар ету мағынасын білдіреді. Мысалы: Сөз реті келген соң айта кетелікші, «Сабындының» тағы бір қызы Ақмоланың атын күллі әлемге паш етті (Смаилов А.).

Өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай фразеологизмі жалған әңгімені сендіре айту, иландыру мағынасын білдіреді.

Сағыздай созу // созбау фразеологизмі бір нәрсені ұзақ созып айту, мәселені шешпеу, сөз қылу деген мағынада:

Сараң сөйле,
Сағыздай созба, жаным,
Опа бермес –
Іздеме сөз базарын (Жандыбаев Ғ.).

Сыртынан тон пішу – көзі жетпеген, анық емес нәрсені сөз ету мағынасын білдіреді.

Темір жақ – сөзге шебер деген мағынада қолданылады.

Тізесі шыққан сөз // әңгіме фразеологизмі ұзақ уақыт қайталанып айтыла беретін әңгіме, пікір мағынасын білдіреді.

Тілі мен жағына сүйену фразеологизмі әр нәрсені бір айтып, көп сөйлей беру мағынасын білдіреді.

Шашау сөз фразеологизмі айтылмауға тиіс құпияның жария болу мағынасында қолданылады.

Hot air фразеологизмі әсер қалдырып, таңқалдыру үшін сөйлеу мағынасын білдіреді. (Siefring J., 2004:150).

If a chief executive is convinced that a day spent hot-air ballooning is a more effective way of motivating the troops than a lot of *hot air* from him or her, then anything goes (Times).

Tim Renton... at odds with his leader on Europe, *let the cat out of the bag* when he told a television audience, ‘we need a strong catbird Europe to maintain our independence from the United States and the Pacific Rim’. (Bernard Connolly. The Rotten Heart of Europe).

Dish the dirt фразеологизмі өсек айту, ақпаратты жаю мағынасында қолданылады. We love revisionist biographies that *dish the dirt* on our icons (New Scientist).

Фразеологизмдер түрлі қасиеттерді сипаттайды. Кей қасиеттер адамдарды бір-бірінен алшақтатады. Мәселен, зерттеуші Е. Зиновьеваның ойынша көп сөйлеуді халық жағымсыз қасиеттердің бірі деп санаған: «Болтливых людей опасаются из-за того, что они могут проговориться» (Зиновьева Е., 2014: 453).

Фразеологизмдер әлем бейнесінің бірденбір көрінісі болады. Әлем бейнесі ретінде үнемі өзгеріп отыратын шындық қарастырылады. Әлем бейнесі белгілі бір біртұтас образ идеясын қамтиды. Ол бейнедегі танымдық шындық таным актісімен байланысты. Әлем бейнесі адам мен ұлттың санасында болып, объективті шындықтың адам миында пайда болған субъективті бейнесін құрайды.

Қорытынды

Жасалған талдаулар келесі қорытындылар жасауға өз септігін тигізді. Аса сөзқұмарлық екі тіл мәдениетінде де теріс бағада болатындығы байқалды. Фразеологизмдер құрамындағы сын есімдер, етістіктер адамның сөйлеу жолын көрсетеді. Қазақ және ағылшын тілінде

сөзқұмарлық мағынасын білдіретін фразеологизмдердің арасында ең көбі *тіл* сөзі кездескен фразеологизмдер мысалдары болғаны зерттеу барысында көрінді.

Сөзқұмарлық мағынасы ағылшын фразеологизмдерінде *tell-айту* етістігі көмегімен көбірек жеткізілсе, қазақ тілінде көмекші *ету* етістігімен берілетіндігі анықталды. Сөзқұмарлық семантикасы *hot, old, own, big, long, loose, blue* сын есімдері арқылы беріледі. Солардың ішінде *long* және *old* сын есімдері жиірек кездеседі. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерде сөзқұмарлық семантикасы *қара, қызыл, ұзын, сыпсың, қаңқу, қиқу, көк, ұзақ* сын есімдері арқылы жеткізілетіні анықталды. Солардың ішінде *ұзын* сын есімі көбірек кездесті.

Зерттеу нәтижесінде ағылшын тіліндегі сөзқұмарлық мағынасын білдіретін фразеологизмдерінің қатарынан жануарлар атаулары кездесуі ағылшындардың сөзқұмарлық мағынасын жануарлармен, солардың ішінде үй жануарларымен байланыстырғандығын көрсетеді деген қорытындыға келеміз.

Фразеологизмдер − тіл лексикасын, көркемділік пен бейнелілік қасиеттерін, мәдениетін, байлығын дамытатын тіл бірліктері. Халықтың әдет-ғұрыптары, мәдени дәстүрлері, тұрып жатқан жері, танымы мен сенімдері негізінде фразеологизмдер пайда болады. Фразеологизм тақырыптары әрбір ұлттың дүниетанымы мен рухани қасиетіне байланысты болып келеді. Фразеологизмдердің өміршеңдігі сол тілде сөйлеушілердің қаншалықты жиі фразеологизмдерді қолдануына негізделген. Фразеологизмдер тек сыртқы сөз бейнесімен ғана ерекшеленбейді, сонымен қатар тіркестердің ой тереңдігімен ерекше болады.

Кез келген тілдің фразеологизмдері сол елдердің тұнып тұрған тарихы. Осылай деп пайымдауымыздың себебі, қай халық болмасын, оның адамдық қатынастары, салт-дәстүрлері, санасы, тілінің өзіндік байлығы кейінгі ұрпақтарға фразеологизмдер арқылы жетуде.

Фразеологизмдер халықтың жинақтаған өзіндік ғұмырлық тәжірибесін, әлемге деген көзқарасын, дәстүрлері туралы мәдени ақпаратты ұрпақтарға жеткізеді. Фразеология – адамзат тарихы мен өмірлік тәжірибесінің бірегей саласы, лексикалық тұрақты бірліктер күнделікті өмірде кеңінен қолданылады және халықтың менталитетін, ойлау стилін және тілдік құралдарын көрсетеді. Фразеологизмдердің сөйлеудегі белсенді қолданысы әрбір ұлт өкіліне, шешендік қабілетін кемелдендіргісі келген азаматтарға байланысты. Егер де фразеологизмдер халық тілінде жиірек қолданылса, ұмыт болмай ұрпақтан ұрпаққа жете берері сөзсіз.

Фразеологизмдердің құрамындағы сөздер қолданыстан шыққан сайын, не болмаса құрамындағы сөздердің сөздік қасиеті жоғалған сайын, фразеологизмнің мағынасы тұтас және тұрақты бір мағына бола бастайды. Фразеологизмдер бұрын халықтың тіршілік жағдайында пайда болып, кейінірек мағыналық бейнесі басты болатын болды. Осы тұрақты тіркестер халықтың әдет-ғұрыптары, басынан өткен тарихи жағдайлар негізінде пайда болып, мәдениетті көрсетеді. Осылай баста тура мағынада қолданылған еркін тіркестер уақыт өте бастапқы образды сақтап ауыспалы мағынада қолданылады. Фразеологизмдер әр түрлі тілдерде мағыналары ұқсас болғанымен, құрылымында ерекшелігі болуымен ұлттың қасиеттеріне байланысты жасалады.

Фразеологизмдер ұлттың тәжірибесі мен тарихи дәстүрлерімен ұштаса байланыста болған. Әдетте фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің мағынасы тіркестің тұтас бір мағынасымен сәйкес келмейді, есесіне фразеологизмдер құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып тұрып бір негізгі ойды білдіреді. Фразеологизмдер біздің ұрпаққа жетпегенде атабабаларымыздың өмір шеңберінен ақпарат жетпес еді. Бұл тіркестер тілдің бейнелігін, тілдік байлығын көбейте алатын сөздер жиынтығын құрайтын тілдің саналы қабатында тұрған бірліктер, олар ұлттың мінез-құлқын, түрлі көзқарастарын, қоршаған ортасын сипаттап әрқашан да халық тынысының айнасы болып есептеледі.

Әдебиеттер

Ғалымбекова Д.Ғ., Маткаримова Д.А. Ағылшын және қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестер қатарындағы соматизм. «Қазақстанның үшінші жаңғыруын жүзеге асырудағы жас ғалымдар инновациясы» атты ғылыми материалдарының жинағы. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің баспасы, 2017. – 384 б. (2-том).

Merriam-Webster.com dictionary. Retrieved August 14, 2022, from the World Wide Web: https://www.merriam-webster.com/dictionary/garrulity

Collins Online English Dictionary, 2022. https://www.collinsdictionary.com/

Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі. 1998. – 303 б.

Исабеков С.Е. Лингвострановедение и проблемы коммуникации // Вестник КазГУМОиМЯ. – 2000. – №2 – С. 33-36.

Оспанова Ф.А. Фразеологизмдер уәждемесінің лингвомәдени аспектісі (қазақ және ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде): дис. фил. ғылым. канд.: 10.02.20. Абылай хан атын. Қазақ халық. қатынастар және әлем тілдері ун-ті. – Алматы, 2006. – 136 б.

Смағұлова К.Н. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің вариантылығы: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация: 10.02.06. Түркі тілдері. − Алматы: Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы. А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, 1993. − 211 б.

Жайсакова Р.Е. Семантико-грамматическая структура фразеологизмов в казахском языке: дис.на соиск.учен.степ.канд. филол.наук. Научный рук. А.Т. Кайдаров / КазГУ им. С.М. Кирова. – Алма-Ата, 1980. – 194 с.

Сабитова М.Р. Основы немецкой и казахской сопоставительной фразеологии. – Алматы: КазУМО и МЯ им. Абылай хана, 1999. – 184 с.

Жуманбекова Н.З., Узакбаева А.М. Фразеологияның Қазақстанда дамуы мәселесі. Молодой ученый, Международный научный журнал, № 8 (298). – Казань, 2020. – 346 с.

Мокиенко В.М. Психолингвистические аспекты славянской фразеологии: “Славофраз-2016” / С.-Петербургский государственный университет. – С.-Петербург, Россия. Psycholinguistic Aspects of Slavic Phraseology: “Slavofraz” – 2016. – С. 576-587.

Телия В.Н. Первоочередные задачи и методологические проблемы исследования фразеологического состава языка в контесте культуры. – М., 1999. – С. 13-24.

Попова З.Д., Стернин И.А. Семантико-когнитивный анализ языка: Монография. – Воронеж, 2007. – 250 с.

Бабяк Е. Фразеологизм и паремия как типологически речевая характеристика современной языковой личности // Научный вестник Ужгородского университета. Серия Филология. – Выпуск 2 (34). – Ужгород, 2015. – 51 с.

Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 128 б.

Зыкова И.В. Роль концептосферы культуры в формировании фразеологизмов как культурно-языковых знаков. – М.: Институт языкознания Российской академии наук, 2014. – 510 с.

Абдрахманова Ж.Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер:филол. ғылымд. канд. дис. қорғалған 09.07.08. Ғылыми жетекші Г.Н. Смағұлова; Әл-Фараби атын. ҚазМҰУ; Алматы, 2008. – 120 б.

Аргингазина Ш.Б. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипаты: филол.ғылымд.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған.дис.ғылыми жетекші А.С. Аманжолов; Алматы, 2004. – 134 б.

Байтелиев А. Қазақ тіліндегі есімді фразеологиялық тіркестердің оларға ұқсас құбылыстардан шегін айыру мәселесі: филол.ғылымд.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд.дис. С.М. Киров атын. ҚазМУ; Алматы, 1974 –143 б.

Дәркенбаева Ж.Қ. Қазақ тіліндегі фразеологиялық оралымдар: филол.ғылымд.канд. дис.: қорғалған 07.12.05. Ғылыми жетекші Г.Н. Смағұлова; Әл-Фараби атын.ҚазҰУ; Алматы, 2005. – 113 б.

Қоңыратбаева Ж.М. ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер: филолог.ғылымд.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд.дис. Ғылыми жетекші Ғ.Қ. Қалиев; Әл-Фараби атын.ҚазҰУ; Алматы, 2002. – 155 б.

Сарекенова Қ.Қ. Қазақ фразеологизмдерінің стильдік сараланyы: филол.ғылымд.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд.дис. Ғылыми жетекші: М.Сергалиев; Әл-Фараби атын.ҚазМҰУ; Алматы, 2001. – 133 б.

Сарышова К.С. Қазақ тіліндегі эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер: филол.ғылымд.канд. дис.: қорғалған 20.12.06. Ғылыми жетекші Г.Н. Смағұлова; Қорқыт Ата атын. МУ. Алматы, 2006. – 152 б.

Сатенова С.К., Сагинтаева А.К. К некоторым вопросам грамматической фразеологии. http://www.rusnauka.com/35_OINBG_2010/Philologia/74779.doc.htm

Авакова Р.А. Фразеологиялық семантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 152 б.

Allami H., Karlsson M., Shahroosvand H.R. Conventional and Nonconventional Use of Idioms in General vs. Academic Corpora of English as a Lingua Franca. 2022. Journal of Research in Applied Linguistics, 13(1), pp. 44-57.

Muraki E.J., Abdalla S., Brysbaert M., Pexman P.M. Concreteness ratings for 62,000 English multiword expressions. 2022. Behavior Research Methods. Pp. 1-29.

Parizoska J. Idiom modifications: What grammar reveals about conceptual structure. 2022. Lexis – Journal in English Lexicology. https://journals.openedition.org/lexis/6293 (in English)

Yusupova S.M. Comparative Analysis of Communicative Values in Phraseology on the Material of the English, German and Russian Languages. RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics. – 13(2). – 2022. – Pp. 518-535. (in Russian)

Gibbs R.W. Spilling the beans on understanding and memory for idioms in context // Memory and Cognition. – 1980. – 8. – Pp. 149-156.

The Dictionary of Idioms and Phrases. The largest dictionary, 2022. https://www.theidioms.com/

Kunin A.V. English-Russian phraseological dictionary. – M.: Russian language, 1984. – 944 p.

Ayto J. Oxford Dictionary of Idioms. – 4th Edition. – 2020. – 821 p.

Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.

Смағұлова Г. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті 2020. − 398 б.

Сәукетаев Т. Көлеңкелер патшалығы: повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1998. – 328 б.

Мұртаза Ш. Ай мен Айша. – Алматы: Қазақстан, 2008. – 456 б.

Смаилов А. Найзақара: повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 264 б.

Жандыбаев Ғ. Сөз мәйегі. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 253 б.

Siefring J. (2004) Oxford dictionary of idioms. – Oxford university press. – 352 p. (in English)
Times 1998.
Bernard Connolly (1996). The Rotten Heart of Europe.
New Scientist 1997.
Зиновьева Е. “Болтливый” в русской лингвокультуре // Rocznik Instytutu Polsko-Rosyjskiego. – Nr 1 (4) 2013. – С. 81-94.

References

Abdrahmanova J.A. (2008) Qazırgı qazaq tılındegı okazional frazeologizmder [Occasing phraseology in modern Kazakh language]. Al-Farabi KazSNU, Almaty. 120 p. (in Kazakh)

Allami, H., Karlsson, M., Shahroosvand, H.R. (2022). Conventional and Nonconventional Use of Idioms in General vs. Academic Corpora of English as a Lingua Franca. Journal of Research in Applied Linguistics, 13(1), pp. 44-57.

Argingazina Sh.B. (2004) Ağylşyn jäne qazaq tılderındegı etıstıktı frazeologizmderdıñ leksika-semantikalyq sipaty [Lexical and semantic nature of phraseology in English and Kazakh languages]. Almaty. 134 p. (in Kazakh)

Avakova R.A. (2002) Frazeologiyalyq semantika. [Phraseological semantics]. Kazakh university, Almaty. 152 p. (in Kazakh)

Ayto J. Oxford Dictionary of Idioms. 4th Edition. 2020. 821 p.

Babäk E. (2015) Frazeologizm i paremia kak tipologicheski rechevaia harakteristika sovremennoi iazykovoi lichnosti. [Phraseology and paremy as typological speech characteristics of modern linguistic personality]. Scientific graduate of Uzhgorod University. Series: Philology. Issue 2 (34). Uzhgorod, 51 p. (in Russian)

Baiteliev A. (1974) Qazaq tılındegı esımdı frazeologialyq tırkesterdıñ olarğa ūqsas qūbylystardan şegın aiyru mäselesı [The issue of deprivation of nominal phenomena with phenomena similar to the phrase in the Kazakh language]. S.M. Kirov KazSU. Almaty. 143 p. (in Kazakh)

Bernard Connolly (1996). The Rotten Heart of Europe.

Därkenbaeva J.Q. (2005) Qazaq tılındegı frazeologialyq oralymdar [Phraseological proceedings in the Kazakh language]. Al-Farabi KazNU, Almaty. 113 p. (in Kazakh)

Galymbekova D.G, Matkarimova D.A. (2017) Ağylşyn jäne qazaq tılındegı frazeologialyq tırkester qataryndağy somatizm. [Somatism is in a series of phraseological phrases in English and Kazakh. Collection of scientific materials]. Innovation of young scientists in the implementation of the third modernization of Kazakhstan. Ust-Kamenogorsk: Publishing house of S. Amanzholov East Kazakhstan State University. 384 p. (Volume 2). (in Kazakh)

Gibbs R.W. (1980). Spilling the beans on understanding and memory for idioms in context. Memory and Cognition, 8, Pp.149-156. (in English)

Isabekov S.E. (2000) Lingvostranovedenie i problemy kommunikacii [Linguistics and communication problems] Vestnik KazSUIRWL. №2. Pp. 33-36. (in Russian)

Jaisakova R.E. (1980) Semantiko-gramaticheskaia struktura frazeologizmov v kazahskom iazyke [Semantic-grammar structures phraseology in Kazakhs]. S.M. Kirov KazSU. Alma-Ata. 194 p. (in Russian)

Jandybaev Ğ. Söz mäiegı (1998) [The meaning of the word]. Almaty: Zheti zhargy. 253 p. (in Kazakh)

Jumanbekova N.Z., Uzakbaeva A.M.(2020) Frazeologianyñ Qazaqstanda damuy mäselesı. [Problems of development of phraseology in Kazakhstan]. Young Scientist, International Scientific Journal, № 8 (298). Kazan. 346 p. (in Kazakh)

Kenesbayev I. (2007) Frazeologialyk sozdik [Phraseological dictionary]. Almaty: Arys. 800 p.

Kunin A.V. (1984) English-Russian phraseological dictionary. M.: Russian language. 944 p.

Merriam-Webster.com dictionary (2022) https://www.merriam-webster.com/dictionary/garrulity (in English)

Collins Online English Dictionary (2022) https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/garrulity (in English)

Mokienko V.M. (2016) Psiholingvisticheskie aspekty slavänskoi frazeologii. [Psycholinguistic aspects of Slavic phraseology]. “Slavophrase-2016”. S.-Petersburg State University S.-Petersburg, Russia. Pp. 576-587. (in Russian)

Muraki, E.J., Abdalla, S., Brysbaert, M., Pexman, P.M. (2022) Concreteness ratings for 62,000 English multiword expressions. Behavior Research Methods. pp. 1-29. (in English)

Mūrtaza Ş. Ai men Aişa (2008). Almaty: Qazaqstan, 2008. 456 p.

New Scientist 1997.

Ospanova F.A.(2006) Frazeologizmder uäjdemesınıñ lingvomädeni aspektısı (qazaq jäne ağylşyn tılderındegı materialdar negızınde). [Linguocultural aspects of motivation of phraseology (based on materials in Kazakh and English)]. Dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences: 10.02.20. Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages. Almaty. 136 p. (in Kazakh)

Parizoska, J. (2022) Idiom modifications: What grammar reveals about conceptual structure. Lexis – Journal in English Lexicology. https://journals.openedition.org/lexis/6293 (in English)

Popova Z.D., Sternin I.A. (2007) Semantiko-kognitivnyi analiz iazyka. [Semantic-cognitive analysis of language]. Monograph. Scientific publication Voronezh. 250 p. (in Russian)

Qajdar A.T. (1998) Qazaq tilinin ozekti məseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. Almaty: Ana tili. 303 b. (in Kazakh)

Qoñyratbaeva J.M. (2002) XX ğasyr basyndağy qazaq prozasy tılındegı frazeologizmder [Phraseologists in the language of Kazakh prose at the beginning of the XX century]. Al-Farabi KazNU, Almaty. 155 p. (in Kazakh)

Sabitova M.R. (1999) Osnovy nemeckoj i kazahskoj sopostavitel’noj frazeologii [The basis of German and Kazakh comparative phraseology]. Almaty: Ablai khan. 184 p. (in Russian)

Sarekenova Q.Q. (2001) Qazaq frazeologizmderınıñ stildık saralanuy [Stylistic differentiation of Kazakh phraseology]. Al-Farabi KazSNU, Almaty. 133 p. (in Kazakh)

Saryşova K.S.(2006) Qazaq tılındegı emosiany beineleitın frazeologizmder [Phraseological units which reflect emotions in the Kazakh language.]. Korkyt Ata SU. Almaty. 152 p. (in Kazakh)

Satenova S.K., Sagintaeva A.K. K nekotorym voprosam gramaticheskoi frazeologii [On some issues of grammatical phraseology]. http://www.rusnauka.com/35_OINBG_2010/Philologia/74779.doc.htm

Säuketaev T. (1998). Köleñkeler patşalyğy: povester men äñgımeler [The Kingdom of shadows: stories and tales]. Almaty: Jazuşy. 328 p.

Siefring J. (2004) Oxford dictionary of idioms. Oxford university press. 352 p. (in English)

Smağūlova K.N. (1993) Qazaq tılındegı frazeologizmderdıñ variantylyğy.[Variation of phraseology in the Kazakh language]. Dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences: 10.02.06. Turkic languages. Almaty: National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. A. Baitursynov Institute of Linguistics. 211 p. (in Kazakh)

Smağülova G.(2020) Qazaq tılınıñ frazeologialyq sözdıgı [Kazakh language phraseological dictionary]. Almaty: Al-Farabi Kazakh National University. Kazakh University. 398 p. (in Kazakh)

Smailov A. (1989) Naizaqara: povester men äñgımeler [Naizakara: stories and tales]. Almaty: Writer. 264 p.

Teliya V.N. (1999) Pervoocherednye zadachi i metodologicheskie problemy issledovaniya frazeologicheskogo sostava yazyka v konteste kul'tury [Primary tasks and methodological problems of the study of the phraseological composition of the language in the contest of culture]. M. Pp.13-24. (in Russian)

Times 1998

The Dictionary of Idioms and Phrases (2022) The largest dictionary https://www.theidioms.com/ (in English)

Ýálıuly N. Frazeologııa jáne tildik norma. [Phraseology and language norms]. Almaty: Republican publishing house, 1999. 128 p. (in Kazakh)

Yusupova S.M. (2022) Comparative Analysis of Communicative Values in Phraseology on the Material of the English, German and Russian Languages. RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics, 13(2), pp. 518-535. (in Russian)

Zinoveva E. (2013) "Boltlivyi" v ruskoi lingvokülture. ["Talkative" in Russian linguoculture]. Rocznik Institute of Polsko-Rosyjskiego. Nr 1 (4). C. 81-94. (in Russian)

Zykova I.V. (2014) Rol' konceptosfery kul'tury v formirovanii frazeologizmov kak kul'turno-yazykovyh znakov [The role of the conceptual sphere of culture in the formation of phraseological units as cultural and linguistic signs.] M. Institute of Linguistics of the Russian Academy of Sciences. 510 p.

IRSTI 16.31.51 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.014

Ғ.Б. Шойбекова[1*], Ж.Ә. Абдрахманова[2], Б.Н. Нуржанова[1]

[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru

ТЫЙЫМ СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСАТЫН ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕР

Мақалада қазақ тіліндегі тыйым сөздердің 7-сыныптың Қазақ тілі оқулығында берілу дәрежесі, сол арқылы қалыптасатын лингвомәдени құзіреттіліктер қарастырылған. Табу мен эвфемизмдер, дисфемизмдер, ырым және тыйым сөздердің зерттелу жайы сөз болады, соның негізінде аталған категориялардың бәрі тыйымға жатады деген ой айтылады.

Ырымдар мен тыйымдар әлеуметтің заңы ретінде қабылданып, бүкіл қазақтың ұстанатын қағидасы ретінде қолданылған. Сондықтан әр қазақ үшін бұл ұғымдардың лингвомәдени құзіреттілігі жоғары болған. Тыйым сөздердің құзіреттіліктері лингвистикалық тұрғыдан: сөзсіз орындауға тиісті; талқылауға жатпайтын; қоғамда қалыптасқан; қатаң ережелердің жиынтығы секілді қырлары ашып көрсетілді. Сонымен қатар тыйым сөздер адамзаттың бүкіл өмір сүру жүйесіне қатысты. Денсаулық, тамақтану, адамгершілік, табиғат, таным, өлім т.б. категориялардың бәрінде де «болмайды» деген ұғымды сіңіре отырып, өмір сүруге қажетті тазалық, адалдық, шыншылдықты ұстанады. Осы тыйымдардың нәтижелерін жас ұрпақ бойына сіңіруде 7-сыныптың Қазақ тілі оқулығының әр бөлімінде тапсырмалар беріліп, оларды орындау арқылы тек грамматикалық білім беріліп қана қоймай, лингвомәдениеттанымдық құзіреттілік қалыптастырады. Лингвомәдениеттанымдық құзіреттілік тіл арқылы ұлттың танымын, тәрбиесін, тағылымын береді. Сондай-ақ тыйымдардың оқулықтарда берілуі, тапсырмалар орындатылуы – ұрпақтан ұрпаққа жалғасуының кепілі болатындығы, сонымен қатар тыйым сөздер тек болымсыз етістіктің жұрнағы арқылы ғана емес, ескерту мәнді сөйлемдер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер арқылы лингвомәдени құзіреттіліктер берілетіні көрсетіледі.

Түйін сөздер: тыйым сөздер, қазақ тілі, лингвомәдениеттанымдық құзіреттілік, табу, тапсырмалар жүйесі.

G.B. Shoibekova[1], Zh.A. Abdrahmanova[2], B.N. Nurzhanova[1]

[1]Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru

Linguistic and cultural competencies formed by forbidden words

The article deals with the problem of the representation of the taboo vocabulary of the Kazakh language in a textbook for the 7th grade of a general education school. In particular, we are talking about the study of taboos and euphemisms, dysphemisms, superstitions and "forbidden" vocabulary, which in general can be classified as lexical prohibitions.

Superstitions and prohibitions were perceived as the law of society and as generally accepted principles. In this regard, for each Kazakh, these concepts had a high linguocultural value. The article reveals such features of forbidden vocabulary as unconditional execution, non-execution and other properties of words used on the basis of strict rules. Forbidden words, absorbing national ideas about life and death, nature and knowledge, morality, reflect the moral prerogatives of the Kazakh society.

Familiarization of students of modern schools of Kazakhstan with forbidden words goes beyond the limits of grammatical knowledge and contributes to the formation of linguocultural competence and the formation of the moral foundations of the younger generation. The approaches to the study of taboo vocabulary displayed in the article complement the methodology of teaching the Kazakh language and have practical value. It is also shown that teaching forbidden words in textbooks, completing tasks is a guarantee of their continuation from generation to generation, and also that prohibitions are given not only through the suffix of negative verbs, but also through warning sentences, proverbs, regular expressions, as well as linguistic and cultural competencies.

Key words: forbidden words, Kazakh language, linguoculturological competence, teaching methodology, task system.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Ғ.Б. Шойбекова[1]*, Ж.А. Абдрахманова[2], Б.Н. Нуржанова[1]
[1]Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru

Лингвокультурные компетенции, формируемые запретными словами

В статье рассматривается проблема представленности табуированной лексики казахского языка в учебнике для 7 класса общеобразовательной школы. В частности, речь идет об изучении табу и эвфемизмов, дисфемизмов, суеверий и «запретной» лексики, которые в общем могут быть классифицированы в качестве лексических запретов.

Суеверия и запреты воспринимались как закон социума и как общепринятые принципы. В связи с этим для каждого казаха эти понятия имели высокую лингвокультурологическую ценность. В статье раскрываются такие особенности запретной лексики, как безусловное исполнение, не подлежащее исполнению и другие свойства слов, употребляемых на основе строгих правил. Запретные слова, вбирая в себя национальные представления о жизни и смерти, природе и познании, нравственности, отображают моральные прерогативы казахского общества.

Ознакомление учащихся современных школ Казахстана с запретными словами выходит за пределы грамматических знаний и способствует формированию лингвокультурологической компетенции и формированию моральных основ подрастающего поколения. Отображаемые в статье подходы к изучению табуированной лексики дополняют методику обучения казахскому языку и имеют практическую ценность. Также показано, что преподавание запретных слов в учебниках, выполнение заданий является гарантией их продолжения из поколения в поколение, а также то, что запреты даются не только через суффикс отрицательных глаголов, но и через предостерегающие предложения, пословицы, регулярные выражения, а также лингвистические и культурные компетенции.

Ключевые слова: запретные слова, казахский язык, лингвокультурологическая компетенция, методика обучения, система заданий.

Кіріспе

Қазақ тілі ырымдар мен тыйым сөздерге бай. Наным-сенім, тәрбие құралы ретінде берілетін ырымдар мен тыйым сөздердің тілімізде алатын орны айрықша. Халқымыздың дүниетанымымен астасып жатқан осындай тілдік оралымдар лингвомәдениет тұрғысынан қазақ халқының даналығы екендігіне көз жеткіземіз. Қазақтың ырым-тыйымдарының шығу негізі, олардың адам өмірі мен ұрпақ тәрбиелеудегі орынды қызметы өте маңызды.

Халық арасында ертеден бастау алған тыйымдар бар және олар адамның жас мөлшеріне қарамастан ортақ болып келеді. Коммуникант-тар арасындағы қарым-қатынастан, табиғаттың тылсым құпияларына, сырына қанудан, үңілуден туған бұл тыйым, шектеу – ұлы далалықтардың терең мәдениетінің бір көрінісі. Бұл – қазақтың әдебі, ибасы, тәртібі. Сол тыю заңдарын білдіретін: *жасы үлкеннің алдын кеспе, сөзін бөлме* – бұл құрмет; *бас киіммен ойнама, біреуге сыйлама* – өзіңді өшіресің; *бос бесікті тербетпе* – ұрпақсыз қаласың; *малды басқа ұрма, теппе* – ырысыңнан айрыласың; *кешқұрым ұйықтама* – жын-пері көшетін кез; *нанды баспа* – киесі ұрады; *айға қолыңды шошайтпа* – қасиетті; *қолыңды төбеңе қойма* – дүниеден безіну болып саналады; *табаныңды тартпа* – бейнет шақырасын; *жағыңды таянба* – торығу; *босағаны керме* – жазаланудың белгісі; *табалдырықта тұрма* – суыт хабар жеткізгеннің белгісі.

Осы аталған ұғымдардың бәрін ата-бабаларымыз бізге тоқсан ауыз тобықтай түйінімен жеткізіп отырған. Кейде олардың себептерін айтқанның өзі ұзын-сонар оқиға, тіпті кейде қорқыныш ұялатады. Сондықтан да бір ауыз сөзбен түйіндеп айту қажет болған. Әрбір тыйымның лингвомәдениеттанымдық мәні болған. Осы мәнді игерген әрбір қазақ баласының лингвомәдени құзіреттілікті игерген деуге болады. Бүгінгі ұрпақ тыйым сөздерді біліп, олардың мәнін түсіне білсе, лингвомәдени құзіреттілікті игерген болар еді. Тыйым сөздерге назардың аударылмауы себебін түсіндірмеуден деген пікірдеміз. Міне, сондықтан себебін дұрыс түсіндіріп отыру – тыйым сөздердің лингвомәдени құзіреттілігін игертумен тығыз байланыста деп санаймыз.

Әдебиеттерге шолу

Қазақ халқында тыйым мәнін білдіретін бірнеше тілдік бірліктер бар. Тыйым мәнін

білдіретін сөздер мен тыйым сөздердің терминдік қолданысы бірдей емес. Қазақ халқының мәдениетінде тыйым мәнін білдіретін сөздер баршылық. Солардың бәрі тілімізде көрініс тапқан. Мәселен, қайын атасының, енесінің, қайынағасының, қайнысының, қайынсіңлісінің аттарын атауға болмайды, табиғатта белгілі бір күшке ие құбылыстардың атын атауға болмайды, қасқырдың атын атауға болмайды т.б. деген тыйым мәнін білдіретін атаулар да бар. Мұндай атаулар табу, эвфемизм деген терминдік атауға ие. Сонымен қатар әдеби тілде қолдануға болмайтын, бірақ эмоция мен экспрессивті беру үшін қолданылатын дисфемизмдер деп аталатын сөздер тобы бар. Бұлар тыйым сөздер деген категорияға енбегенмен, кез келген жағдайда қолдануға тыйым салынған сөздер деуге болады. Міне, осылайша, тыйым мәнін білдіретін сөздердің ауқымы кеңи түседі. Шетелдік ғалымдардың пікірінше, «Чтобы поведение было запрещено, оно должно восприниматься каким-то образом вредным для человека или его сообщества, но степень вреда может быть любой по шкале от нарушения этикета до полного смертельного исхода» (Kate Burridge, 2018). Демек, тыйымдар қоғам мүшелеріне төніп тұрған қауіпті, қиындықты білдіруден туындаған.

Қазақ тіл білімінде ырымдар мен тыйымдар, табу сөздер, эвфемиздер мен дисфемизмдер жөнінде зерттеулер біршама жүргізіліп, ғылыми еңбектер жарияланған.

Жалпы тіл білімінің негіздері жазылған кез келген еңбекте табу, эвфемизм, дисфемизм деген терминдердің мәнін ашып көрсететін ереже берілген, сонымен қатар дәйектейтін мысалдары да берілген.

Тіл білімінде эвфемизмдерді қазақ тілінегі қолданыстары негізіне Ә. Ахметов зерттеді. Ғалымның «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» деген еңбегінде табу мен эфемизмдерді этнографиялық лексика деп атаған болатын. «Кез келген этнографиялық лексиканың сыртында белгілі бір этнографиялық ұғымдардың тұратыны сияқты табу мен эвфемизмнің сыртында да олармен ұштасып, астарласып жататын этнографиялық ұғымдар, атап айтқанда, дәстүрлі наным-сенімдер, мифтер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, қоғамда қалыптасқан тіл мәдениетімен байланысты этикалық нормалар тұрады» деген болатын [Ахметов, 176 б.]. Ғалымның осы шетелдік ғалымдар да «Табу сөздері дисфемизмге бейім, оған дәлел ретінде қорлау және балағаттау сөздерін еске түсірсеңіз болғаны; сондықтан тыйымы көп тілдер түрлі эвфемизмдерден аулақ болады» (Kate Burridge, 2018) деген пікірімен қуаттайды.

Табу сөздердің дисфемистік сипатының болатыны жайлы да пікірлердің әлемдік зерттеулерде бар екендігін осы пікір дәлелдейді: «The anthropological approach to taboo words and language begins with an understanding and acceptance of cultural relativity. Anthropologists are keenly aware that everyday speech that might be perfectly decorous in one society is often laughable or, in extreme cases, scandalous in another. Anthropologists also identify taboo words and language by popular responses to their utterance» (Stanley H. Brandes, 2018).

А.Мамаева қазақ тіліндегі дисфемизмдер жайлы зерттеуінде: «Дисфемизм ретінде қолданылатын сөздердің барлығы эмоционалды-экспрессивті, ал эмоционалды-экспрессивті сөздердің барлығы бірдей дисфемизм бола алмайды. Өйткені, дисфемизмдердің айшықты мәнді сыңарымен қатар тура мағыналы сыңары жарысып жүрсе, эмоционалды-экспрессивті сөздердің едәуір бөлегінің номинативті мағыналы сыңары бола бермейді» дейді (Мамаева А., 2008).

Ғалым айтқан дәстүрлі наным-сенімдерге тыйым сөздер де жатады. Жалпы, біздің ұғымымызда тыйым сөздер – табу, эвфемизмдерді жинақтап айтатын термин сөз болу керек.

Дегенмен, аталмыш біріліктердің арасында тыйым сөздерге әлі де толыққанды зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет, өйткені тыйым сөздерге қатысты зерттеуші ғалымдардың пікірі де осыған саяды. Сол себепті осы ғылыми мақаланың көтеріп отырған мәселелсі өзекті деп санаймыз.

Тыйым – қоғам дамуының түрлі кезеңдерінде халықтар арасында мифологиялық нанымдар негізінде пайда болған. Қауымдасып өмір сүрген дәуірде табиғи құбылыстарға, табиғаттың тылсым күшіне қатысты, аңшылыққа, балық аулауға байланысты, аурудан, өлімнен қорқу және т.б. сияқты үрейден арылу мақсатында туындаған, орындалуы міндетті қағидалар мен ережелердің жиынтығы. Нақты айтар болсақ, тыйым дегеніміз – белгілі бір қауіп-қатерден сақтану мақсатында айтуға, істеуге болмайтын қимыл-әрекет.

«Тыйымдардың болуы және тыйымдарды басқару қажеттілігі мінез-құлыққа цензураға және цензураны енгізуге ғана емес, сонымен қатар тілдің өзгеруіне және тілдің дамуына әкеледі». (Keith A., 2007). А. Кейттің «тілдің өзгеруіне және тілдің дамуына әкеледі» деген пікірін лингвомәдени тұрғыдан өзгеруге әкеледі деп түсіну қажет. Сонымен қатар бұл

еңбекте мәдени лингвистика, әлеуметтік лингвистика, антрополингвистика, психолингвистика, нейролингвистика, тарихи лингвистика, лингвистикалық философия, сот лингвистикасы деген салалардың да тыйым сөздерді зерттеуде қатысатыны айтылады.

Тыйымның бір түрі – табу жайлы мынадай тұжырым жасауға болады: табу – адамзаттың бүкіл өмір сүру кезеңдеріндегі наным мен сенімнен пайда болған. Қоғамның бүкіл формациясында бұрынғы табу үстіне жаңаланып тұратын тілдік бірліктер. Бұл тілдік бірліктерде шаманизмнің, тотемизмнің, исламизмнің белгілері бар. Демек, адамзат баласының бүгінге дейінгі бүкіл өмірі мәдениетінен хабар береді, ал мәдениеті тілде көрініс табады. Тіл адамзат танымымен тығыз байланысты болғандықтан, антропоөзектілік бағыт негізінде зерделеу маңызды.

Қазақ халқының дүниетанымы, этнографиясы жайлы Ә. Қайдар (Қайдар Ә., 2013), С. Кенжеахметұлы (Кенжеахметұлы С., 1997), Е. Жанпейісов (Жанпейісов Е., 1989) т.б. ғалымдар еңбегін атауымызға болады.

Профессор А.Б. Салқынбай тыйымға мынадай анықтама береді: «Тыйым дегеніміз – қазақ халқының дүниетанымының бейнесі іспетті, тұтастай ұлттың табиғатты тануы, оның заңдарына бой ұсынуы барысындағы өмірден алған танымының сөз түріндегі көрінісі». (Салқынбай А., 2008:38).

Ғалым Б. Момынова антропоөзектік парадигма жөнінде мынадай пікір білдіреді: «Антропоцентрлік парадигма таным объектісіне, яғни белгілі классикалық әдіснамалық зерттеулер ретінде таным объектісін зерттеуге емес, адамға бағытталған». Себебі, адамзат бейнесі тек жақсылық пен жамандықтың жиынтығынан ғана тұрмайды, сонымен қатар ол ұлт пен әлеумет мәселесін де бойына сіңірген. Осыған байланысты адамның ой-түйсігінің тіл арқылы жеткізілу процесімен зерттеумен этнолингвистика, этнопсихология, этнопедагогика, психолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика айналысады» дей келіп, лингвомәдени құзіреттіліктерді қалыптастыруға үлкен септігі болатынын жазады (Момынова Б., 2009:57).

Сонымен, антропоөзектілік бағыты бойынша: 1. Адам факторы – тілдегі негізгі фактор; 2. Тіл адамға, оның ойына және мінез құлқына қалай әсер етеді; осы әсер адамның санасында қалыптасқан әлемнің тілдік суретіне нені қосады; 3. Адам өзі сөйлейтін (тұтынып жүрген) тілге қалай ықпал етеді, жалпы ықпал ете ала ма; 4. Адамның лингвокреативті іс-әрекетін жүзеге асыру үшін тіл жүйесінің қай бөлігі ыңғайлы болып табылады немесе адам үшін қай бөлік ашық та қолайлы; 5. Жүйенің қай бөлігі адам ықпалына көп ұшырауы мүмкін; 6. Қай бөлік өзгеріс қабылдауға бейім, т.б. қарастырады (Момынова Б., 2009:112).

Зерттеуші Қ. Кенжеқанова тілдің прагматикалық, когнитивтік табиғатын ашуға негізделген осы зерттеулердің барлығы да антропоөзектік парадигма қағидаларына негізделетіндігін айтады (Кенжеқанова Қ., 2016).

Демек, тіл адамзатқа тиесілі болғандықтан, оны адам болмысы негізінде зерделеуге, адамдық факторды ескере отырып зерттеуге бет бұру керек дейді.

Тыйым болатын сөздер адамзатты қандай да бір қауіптен сақтандыру, қауіптің алдын алу мақсатында қолданылды және соның негізінде табиғатқа және әлеуметке деген ризашылыққа бөлену деп түсінді. Тыйым ұғымы алғашқы қауымдық құрылыс заманында магиялық түсініктен басталғанымен, уақыт өте келе, қоғамдық даму тұсында әлеуметтің заңына айналды. Магиялық сипаттан ақ пен қара, обал мен сауап категориясына ауысқан. Тыйым – адамзаттың орындауға міндеттелетін, талқыланбайтын, қоғамда сақтауға міндетті саналатын жалпы халық ұстанатын шартты ережелер. Тыйым сөздер – балалық шақта құлаққа сіңген, орындалуы міндетті қағидалар.

Зерттеуші С. Ақаевтың: «Тыйым сөздер – халықтың өмір сүру салты мен ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінің негізінде жасалады. Олар мифологиялық нанымдардан, тылсым дүниеге деген сенімдерден, адамдардың қарым-қатынасына, денсаулыққа, кәсіпке, өмірлік дағдысына қатысты туындайды» деген пікірін қолдаймыз (Ақаев С., 2001:78).

Тыйым сөздердің алғашында магиялық, діни сипаты болғандығын «Айға қарап қолыңды шошайтпа, айға қарап дәрет сындырма, аспанға қарап жылама, бейітке қарай қолыңды шошайтпа деген тыйымдардан байқауымызға болады. Олардың прагматикасы тылсым күштермен байланыстырыла түсіндіріледі.

Бұдан өзге қазақ ұғымында «*аспаннан ағып түскен жұлдызды көргенде, үндемей тұрмай, қазақтар «менің жұлдызым жоғары» дейді; екіқабат әйелдің күні жақындаған кезде «Жер – Ана қуат бер» деп жалаңаяқ жүргізеді деген, сонымен қатар жас босанған немесе аяғы ауыр әйел түнде суға бармайды деген наным-сенім жұлдыз ағып түскенде үндемей тұрмау керек,*

– *«менің жұлдызым жоғары» деу керек; әйелдің босанатын уақыты жақындағанда, әрекетсіз болмау керек, – «Жер – Ана қуат бер» деп жалаңаяқ жүру керек* деген тыйым мәнді тілдік оралымдар бар.

Сондай-ақ тыйым мәндері ашық байқалатын мынадай тыйым сөздерді де мысалға келтіруге болады: *Бала қаспақ жесе, оның үйлену тойында жаңбыр (қар) жауады; Бейуақытта ұйықтаған, жылаған жаман болады; Тауық мезгілсіз шақырса – жаман ырым т.б.*

Осы мысалдардан кез келген тыйым сөздің артында жағымсыз әрекеттерден сақтандыруға, қорғауға, оның алдын алуға бағытталған әрекеттің жатқандығын байқауға болады. Бұдан біз тыйым сөздердің адамзат өмірінде алатын орны мен оның маңыздылығын аңғарамыз.

Ырымдар мен тыйымдардың қолданылуында үлкен айрмашылық бар. Мәселен, ырымдар халықтың дүниетанымынан хабар беретін, шын көңілі мен кең пейілінен шыққан сүйеу, қолдау, жұбату түрінде көрініс тапса, ал тыйымдар өнеге, кеңес беруде ойды қысқа да нұсқа етіп жеткізеді. Оның дәлелі ретінде *босағаны керме, ақты баспа, көкті таптама, ұяны бұзба* сынды мысалдарды келтіруге болады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің материалы ретінде Г. Қосымова мен Р. Рахметованың авторлығымен жарық көрген жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған Қазақ тілі оқулығы алынды (Қосымова Г., 2017) әдістемелік жүйесінде метариалдарды іріктеу, жинау, жіктеу, талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар лингвомәдени құзіреттіліктер қалыптастыру жолдары қарастырылды. Тыйым мәнді тілдік бірліктерді оқыту арқылы берілген материалдар 1) тыйым мәнін ашық түрде көрсететін материалдар, 2) салдары қоса түсіндірілетін материалдар, 3) мәнін ұлттық таным арқылы түсіндіретін материалдар негізінде берілген.

Нәтижелер мен талдаулар

Бүгінде тыйым сөздерді жас ұрпаққа сіңіріп, ненің болатынын, ненің болмайтынын ұғындыру үшін қалай оқыту керек, неден бастау керек, қалайша ұғындыру керек деген сұрақтардың шешімін тапқан жөн. Мақаланың негізгі тақырыбына сәйкес 7-сыныптың Г. Қосымова мен Р. Рахметованың авторлығымен жарық көрген Қазақ тілі оқулығы 10 тақырып-бөлімнен тұрады. 1-бөлім – «Ауа райы және климаттық өзгерістер», 2-бөлім – «Көшпелілер мәдениеті», 3-бөлім – «Денсаулық – зор байлық», 4-бөлім – «Достық және сүйіспеншілік», 5-бөлім – «Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы», 6-бөлім – «Ғаламтор және әлеуметтік желілер», 7-бөлім – «Қазақстандағы ұлттар достастығы», 8-бөлім – «Дұрыс тамақтану, гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар», 9-бөлім – «Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым», 10-бөлім – «Ғылыми фантастика» деп аталатын ірі құрылымдар оқулықтың тақырыптық-мәтіндік бөлігін құрап отыр (Қосымова, 2017).

Осы тақырыптар аясында тыйым сөздерге байланысты тапсырмалар оқулықта аз берілген. Мәселен, оқулықтың бірінші бетінде ойтүрткі ретінде «Қазақ халқының астрономиялық түсініктері жайлы не білесің?» деген сұрақ беріледі. Осы сұрақтың аясында халқымыздың астрономиялық түсініктеріндегі ырым-тыйымдар туралы ой тастауға болады.

Сонымен қатар тыңдалым кезінде мәтіндегі наным-сенімдерге байланысты қандай тыйым сөздерді келтіруге болатыны жайлы да тапсырма бар. Соған байланысты бүгінде мақал-мәтелге айналған «қыс қамыңды жаз ойла» деген тілдік оралымды мысалға келтіруімізге болады.

Бұл дайын компонентте қыстың қамын қыста ойлама, жазда ойла, ал жаздың қамын жазда ойлама, қыста ойла деп мезгілін көрсетіп тұрып айтылған астрономиялық, климаттық сипатқа сәйкес тыйым сөз деп ойлаймыз. Себебі мұнда адамзаттың не нәрсені болмасын алдын ала ойластырғаны жөн екенін, табиғат сіздің қамыңыз жоқ екенін ескермей қайта сырт айнала алмайтынын, тоқтаусыз өмір айналымы екенін ұқтырып тұрғандай. Бұдан да халық тәжірибесінде негізі бар тыйым астарында, мәтін контексінде жатыр деп ұғынуымызға болады. Міне, бұл мәтелдің прагматикасы осында жатыр. Осы лингвопрагматика арқылы лингвистикалық құзіреттілік қалыптасады. Яғни осы тілдік бірліктердің мағынасын білу арқылы лингвистикалық құзіреттіліктері қалыптасады.

10-тапсырмада «Ауа райына қатысты қандай тыйым сөздерді білесің? Тыйым сөздерді не үшін білу керек» деген сұрақ беріледі. Бұл сұраққа оқушы өзінің осы уақытқа дейін алған құзіреттіліктері негізінде жауап береді. Біз өз тарапымыздан мынадай құзіреттіліктерді игертуді мақсат етіп, төмендегідей амал-тәсілдерін ұсынамыз:

Климаттық өзгерістердің зардаптарын болдырмау үшін айтылатын тыйым сөздердің бар

екенін жоғарыдағы тапсырмада берілген мәтіннен байқауға болады. «Судың да сұрауы бар», «Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтатын тілі жоқ», «Аққуды атпа, досыңды сатпа» деген мәтелдердің де прагматикасы тыйымға келеді. Яғни суды бейберекет шашпа, табиғатты ластама деген секілді сөздермен алмастырып, тыйым түрінде айтуымызға болады, осылайша білім алушының лингвистикалық құзіреттілігін қалыптастырамыз. Лингвистикалық мәдениеттанымдық құзіреттілік қай халықтың да мәдениетінде суды үнемдеу, табиғатты ластамау жөніндегі тілдік бірліктер арқылы беріледі. Демек, кез келген халықтың мәдениетінде бұл ұғымдар бар. Ал мына «Аққуды атпа, досыңды сатпа» деген мақал-мәтелдің жалпы адамзат үшін табиғатты қорғау, адамгершілік тұрғысынан келгенде ортақ таным деуге болады. Десе де, қазақ үшін аққудың жөні ерекше. Оған бізге дейінгі аңыз-әңгімелер, тарихи деректер куә деп санаймыз. Аққу туралы айтылатын қазақтың шығу тегіне байланысты аңыздар, хикаялар, аққуды атқан адамдардың өмірінің қиындығы жинақтала келе адам санасында топталып, тыйымдық мәнге ие болады. Осылайша лингвомәдени құзіреттілік қалыптасады. Демек, лингвомәдени құзіреттілік қалыптастыратын амал-тәсілдердің қатарында тек тыйым сөздер ғана емес, тыйым мәнді мақал-мәтелдердің прагматикасын да көруге болады.

Оқылымдағы 4-тапсырмада «Ғаламдық жылынуды азайтуға көмектесетін көптеген шаралар бар. Олардың бірқатары:

Ағаштарды көбірек отырғызу және ормандарды кесуді тоқтату;

Шамдарды және де басқа да электр құралдарын өшіріп жүру арқылы қуатты үнемдеу, осылайша табиғи ресурстардың сақталуын қамтамасыз ету;

Қоқыс көлемін азайту, қоқысты қайта өңдеу табиғи ресурстардың сақталуына өз септігін тигізеді» *(«Табиғат». Балалар энциклопедиясынан).*

Енді осы «көмектесетін шараларды» лингвистикалық тұрғыдан сөйлемді қайта өңдеп, тыйым сипатына немесе болымсыздық түрге алмастырсақ, мынадай құрылым пайда болған болар еді:

Ағашты кеспе;

Жарықты өшірусіз қалдырма;

Қоқысты төкпе/қоқыс лақтырма/ластама (Қосымова Г., 2017: 65).

Осы тыйым сөздер мен олардың прагматикасын оқыту арқылы адамзатты тәрбиелеуге болады.

4-тапсырмада тыйым сөздердің себебі мен салдары қоса берілген. Оны мынадай кесте түрінде беріп, тапсырманы орындату арқылы лингвистикалық құзіреттілігін арттыруға болады.

1-кесте – Тыйым сөздердің себеп-салдарлары

Толық ой	Тыйым сөз	Себебі	Салдары	Адамзатқа зияны
Ағаштарды көбірек отырғызу және ормандарды кесуді тоқтату	ағашты кеспе	кесуге болмайды	ағаш азаяды	оттегі шығаратын бір (немесе бірнеше) ағашқа кемиді
Шамдарды және де басқа да электр құралдарын өшіріп жүру арқылы қуатты үнемдеу	жарықты өшірусіз қалдырма	табиғи ресурстардың сақталуын қамтамасыз ету қажет	жарық энергиясы кемиді	адамзаттың болашақта жарық энергиясын пайдалану мүмкіндігі азаяды
Қоқыс көлемін азайту, қоқысты қайта өңдеу табиғи ресурстардың сақталуына өз септігін тигізу	қоқысты төкпе/ қоқыс лақтырма/ ластама	қоқысты қайта өңдеу табиғи ресурстардың сақталуына өз септігін тигізу қажет	қоқыс шашырап жатады,	қоқыс ауаға әртүрлі газдар шығарады

Осы кестедегі тапсырманы орындау арқылы білім алушы мынадай лингвомәдениеттанымдық құзіреттіліктерді игереді:

1) Ата-бабадан келе жатқан *ағашты кеспе* деген тәмсілдің бар екенін біледі;

2) Ағашты кессе, оның орнына егілетін ағаштың бойы кесілген ағашқа жетуіне ұзақ жыл керек екенін біледі;

3) Ағаш кесілсе, ауаны оттегімен қоректендіретін бір өсімдіктің азаюына алып келетінін біледі;

4) «Бір тал кессең, он тал ек» деген мәтелдің де мәнін түсінеді.

Қазақ халқының ағаш қадірін білетіндей дәрежеде мәдениеті болғандығын осындай лингвистикалық тілдік оралымдар, мақал-мәтелдер, тыйым сөздер дәлелдейді.

Бұл – бірінші мысалдан ғана оқушының алатын лингвомәдениеттанымдық құзіреттілігі. Осындай бірнеше мысалдар талдату арқылы оқушыда әртүрлі лингвомәдниеттанымдық құзіреттіліктері қалыптасады.

1-бөлімдегі «Ауа райы және климаттық өзгерістер» бөлімі бойынша ауа райына және табиғатқа байланысты айтылатын тыйым сөздер арқылы лингвомәдениеттанымдық құзіреттіліктер қалыптасады. Тыйымдардың түрлі прагматикасын біледі.

«Көшпелілер мәдениеті» деп аталатын 2-бөлімде лингвомәдениеттанымдық құзіреттілік қалыптастыратын жаттығулар жүйесі болған жоқ. Тыйым сөздерге лайықтап, оқушыларға ұсынуға болатын тапсырмалардың жүйесін өз тарапымыздан жасауға талпындық. 3-тапсырмада «Төменде берілген сөйлемдердің мақал-мәтел, қайсысы ырымға қатысты нақыл сөздерге жататынын айт» делінген (Қосымова Г., 2017:43).

Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде. Жамаулы киім де жаңбырға жарайды. Бөтен адамға бас киім бермейді. Кең киім тозбайды, тар киім тез тозады. Киімнің жағасын басуға болмайды. Ит те киімге қарап үреді. Аяқ киімді төңкеріп қоюға, теріс киюге болмайды. Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді.

Осы тапсырманы мақаланың зерттеу тақырыбына сәйкес былай икемдеуімізге болады:

Төмендегі мақал-мәтел мен ырымдарға байланысты тілдік бірліктерді тыйым сөздерге айналдырып, беретін мәндеріне назар аудар.

Берілген сөйлем	Болымсыз формалы сөйлем құр	Оқулық тапсырмасындағы сөйлемнің мәні	Тыйым сөзге айналдырғандағы мәні
Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде.	Киіміне қарама, біліміне қара	Бірінші сөйлемде ақпараттық мән басым	Екінші сөйлемде бұйрық мәндегі тыйым мәні басым
Жамаулы киім де жаңбырға жарайды.	Киімді тастама	Бірінші сөйлемде ақпараттық мән басым	Екінші сөйлемде бұйрық мәндегі тыйым мәні басым
Бөтен адамға бас киім бермейді.	Бас киімді берме	Бірінші сөйлемде ақпараттық мән басым	Екінші сөйлемде бұйрық мәндегі тыйым мәні басым
Кең киім тозбайды, тар киім тез тозады.	Тар киім алма	Бірінші сөйлемде ақпараттық мән басым	Екінші сөйлемде бұйрық мәндегі тыйым мәні басым
Киімнің жағасын басуға болмайды.	Киімнің жағасын баспа	Бірінші сөйлемде ақпараттық мән басым	Екінші сөйлемде бұйрық мәндегі тыйым мәні басым
Ит те киімге қарап үреді.	Жаман киім киме	Бірінші сөйлемде ақпараттық мән басым	Екінші сөйлемде бұйрық мәндегі тыйым мәні басым
Аяқ киімді төңкеріп қоюға, теріс киюге болмайды.	Аяқ киімді төңкеріп қойма	Бірінші сөйлемде ақпараттық мән басым	Екінші сөйлемде бұйрық мәндегі тыйым мәні басым
Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді.	Киімді сол қолдан бастап киме	Бірінші сөйлемде ақпараттық мән басым	Екінші сөйлемде бұйрық мәндегі тыйым мәні басым

8-бөлімдегі «Дұрыс тамақтану, гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар» тақырыбындағы функционалды лингвистикалық білім беруде тыйым сөздердің қолданылатын жағдаяттарына мысалдарды көптеп кездестіруге болады.

8-тапсырмада төмендегі тыйым сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру тапсырылады.

Дастарқанды, тамақты баспа

Шелектегі суға аузыңды батырма

Нанды бір қолыңмен үзбе

Асты үрлеме, асты жамандама

Тамақты сораптап ішпе

Дастарқанды, тамақты, ыдысты тастама

Негізінен, көптеген тыйым сөздер тағамға қатысты айтылады. *ақты төкпе, нанды баспау, дастарқанды аттамау.*

Тыйым сөздің шарты	Себебі	Лингвомәдени құзіреттілігі
Тойға қымыз әкелген сабаны біржолата сарқып босатпайды	түбінде міндетті түрде бір ожау қымыз қалуы керек.	Ерекше ұлттық ақпаратты коммуникацияда қолдана алады, тура мағынасында да, ауыспалы мағынада да.

Кестенің жалғасы

Тыйым сөздің шарты	Себебі	Лингвомәдени құзіреттілігі
Сауылған сүттің бетін ашық қоюға болмайды	ластанады	Тазалық мәніндегі ұғымды ұрпағына айта алады
Сүтті үрлеп ішпейді	майлылығы азаяды	Лингвоелтанушылық білімдер жүйесін функционалды сауаттылық тұрғысынан коммуникацияда пайдалана алады
Сүт сауатын шелекті су басына апармайды	құты кетіп қалады	Тазалық мәніндегі ұғымды ұрпағына айта алады; Лингвоелтанушылық білімдер жүйесін функционалды сауаттылық тұрғысынан коммуникацияда пайдалана алады.
Бала бас ұстамайды	егер бала бас ұстаса, әкесі қайтыс болады.	Лингвоелтанушылық білімдер жүйесін функционалды сауаттылық тұрғысынан коммуникацияда пайдалана алады
Жас балаға бұғана ұстатпайды	онда бойы өспей қалады деп жорыған	Лингвоелтанушылық білімдер жүйесін функционалды сауаттылық тұрғысынан коммуникацияда пайдалана алады
Қыз балаға жілік ұстатпайды	ұстатса күйеуге шықпай, оң жақта көп отырып қалады дейді	Лингвоелтанушылық білімдер жүйесін функционалды сауаттылық тұрғысынан коммуникацияда пайдалана алады
Босаға маңдайшасын бос қоймау керек	Несібесі көп, дастарқаны мол болсын деп жаңа үйдің босағасын маймен майлайды	Ерекше ұлттық ақпаратты коммуникацияда қолдана алады, тура мағынасында да, ауыспалы мағынада да.
Нанның қиқымын тастама	жесең, бай боласың дейді	Рухани мәдениетті лингвистикалық құзірет негізінде игере алады
Ақты (сүтті, айранды) төкпе,	малдың желіні ауруға шалдығады	Рухани мәдениетті лингвистикалық құзірет негізінде игере алады
Пышақтың жүзі шалқасынан жатқызба,	сол үйдің малы пышаққа ілінеді	Ерекше ұлттық ақпаратты коммуникацияда қолдана алады, тура мағынасында да, ауыспалы мағынада да.

8-бөлімдегі «Дұрыс тамақтану, гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар» тақырыбындағы функционалды лингвистикалық білім беруде оқушы мына төмендегі тыйым сөздерді білуге тиіс.

Отты, ошақты аттама.

Дастарқанды, тамақты баспа.

Малды, ыдысты, тамақты теппе.

Итке ожаумен ас құйма.

Тұзды, күлді баспа.

Нанды жерге тастама, үстіне басқа затты қойма.

Құдыққа түкірме, ыдысқа түкірме, жоғары қарай түкірме.

Шелектегі суға аузыңды батырма.

Ақты төкпе.

Нанды бір қолыңмен үзбе.

Асты үрлеме, асты жамандама.

Тамақты сораптап ішпе.

Түрегеп тұрып немесе жатып тамақ ішпе.

Асты қорлама.

Таңертеңгі асты тастама.

Тікелей тыйым түрінде айтылатын тыйым сөздер өте мол.

Дегенмен, оқулықта гендік өзгеріске ұшыраған тағамдарға байланысты тыйым сөздер берілмеген. Біз қазіргі оқушыларға керек және ең маңыздысы мынадай тыйым сөздер болу керек деп қарастырып көрдік.

Тапсырма. Мына тағам түрлерін жейтін болсаңыз, +, жемейтін болсаңыз – белгісін қойыңыз. Себебін жазыңыз.

ГМА-лы тағамдар	Жеймін, ішемін	Жемеймін, ішпеймін	Себебі
M&Ms			
Snikers			
Twix			
Nestle			
Nesquik			
Coca-cola			
Sprite			
йогурт			

Осылайша, қазіргі кездегі тыйым мәнін заманауи ұғым-түсініктермен толықтыру қажет.

Бір ғана нан концептісіне байланысты тыйым сөздерді талдар болсақ, олардың саны біршама.

Сонымен қатар, нан концептісіндегі тыйым мәні сценарийлер негізінде ашылады. Мәселен, дастарқанға өзге тағамдарды бірінші қоймау керек, бірінші нанды әкелу керек дегеннің өзі лингвомәдениеттанымдық құзіреттілік қалыптастыруға арқау болады.

Жазушы З. Ахметованың естеліктерінде батыр бабамыз Б. Момышұлынан алған тәлім-тәрбиесі, ескертулері туралы айтқанда, осы нан концептісіндегі тыйым сөздердің мағынасы мен мәні ашыла түседі (Ахметова З., 2015).

Зейнеп Ахметованың айтқандарын оқылым ретінде беріп, олардың ішіндегі әрбір оқиға бөліктерін кестелерге орналастыру тапсырмасын беруге болады.

1-сценарий	2-сценарий	3-сценарий	4-сценарий
Қазақта «Ас атасы – нан» деген сөз бар, яғни астың, дәмнің үлкені – нан. Бала ақ пен қараны ажыратып танымай тұрып-ақ оған оң қолына нан ұстауды, нанды баспауды, тастамауды үйренеді. Нан қасиетті.	Адам кез келген тамақты екі күн жесе, ол қанша нәрлі болғанымен сол тамақтан жалығады. Ал бірақ адам баласы өмір бойы наннан шықпайды, наннан зерікпейді, жалықпайды. Дастарқаныңыздың үстінде күнде нан тұрмаса, көңіліңіз де, дастарқаныңыз да – орта, берекеңіз кетіп, дүние ойсырап тұрған секілді басқа тамақ көзіңізге көрінбейді. Нанның қасиеттілігінің өзі осыдан-ақ көрінеді.	Үнның құрамындағы адамның бойына нәр беретін, қуат беретін ағзаға қажеттінің бәрі бар. Өзге халықты қайдам, қазақтың нансыз күні жоқ деуге болады. Қазақта «қатықсыз қара су ішіп, қара нан жесек те, амандық болсын» деген де сөз бар ғой…	«Нанды жерге тастама», «нанның үстіне зат қойма», «нанды төңкерме», «нанды бір қолмен үзбе» деген сөздің барлығы – сол нанның қасиетіне орай айтылған тыйымдар. Тіпті адам ашыққан кезде қолы жетпейтін биікте тұрған нанды Құранның үстіне шығып алуға болады екен, бірақ нанның өзін ешқашан баспаған. Нанның қасиеті Құраннан да жоғары бағаланатынын осыдан-ақ білуге болады
Бір таңданарлығы, жер бетінде басқа дақылдардың, жемістердің барлығының жабайы түрі бар. Айталық, алманың, жуаның, сұлының дегендей, барлығының жабайы түрі табиғатта кездеседі, бірақ бидайдың жабайы түрі жоқ. Сол себептен де, қазіргі тілмен айтсақ, бидайдың ғарыштан келгеніне иланасың. Шынымен, осы қисынға, «бұл жердің дәні емес, бізге бейнебір ғарыштан жеткен» дегенге біртүрлі сенгің келеді.	Үйге келген кез келген адам асығыс болса да, өзге тамақтан емес, наннан ауыз тиіп шығады. Адамдардың арасындағы ынтымақ бірлік, бір-біріне деген жақсы қарым-қатынас, ауызбіршілік дастарқанның үстіне қойылған нан арқылы нығая түседі, яғни өзі нан ауыз тиген үйіне қазақ жамандық тілемеген. Нанын берген адамға жамандық ойламаған. Қазақтың «Бір күн дәм татқан жерге қырық күн сәлем» дейтін сөзі осыдан келіп шыққан. Міне, нанға қатысты лингвистикалық мәдени құзіреттілікті осылайша талдап , түсіндіруге болады.	Бір жолы Жаңа жыл кешінде неше түрлі тағам түрін дайындап, дастарқанға толтырып қойып жатқанымда ата үстелді көзімен бір шолып қарап: «Балам, бұдан кейін қандай дастарқан жасасаң да, дастарқанға алдымен нан қоюды ұмытпа!» – деді. Мен сонда жастығым ба, абайламай өзімнің дастарқанға алдымен нан қоймаған қателігімді мойындап, екінші қайтып қайталаған жоқпын. Өмір бойы ұмытпадым да. Менің сол кезде жіберген қателігімді қазір жиі әрі кез келген жерде кездестіруге болады. Қандай қонаққа барсақ та, мейрамханаларда болсын емен үстел майысып, тіпті бұрын көрмеген тағамның түр-түрі тұрғанымен, нанды соңынан әкеліп жатады. Кейбір адам қонаққа шақырып отырып «ойбұй, нан қоюды ұмытыппыз» деп жатады, яғни нан қоюды ұмытып кетіп жатамыз. Дастарқаныңыз берекелі болсын десеңіз, үйіңізге ырыс кірсін десеңіз, отырған адамдардың ықылас-пейілі өз шаңырағыңызға аусын десеңіз алдымен дастарқаныңызға нан қоюды ұмытпаңыз. Өйткені жай нанның өзінде пенделердің көзіне көрінбейтін адамдарды тартатын қасиет бар.	

Тыйым дегенді «мынау жаман», «ескіліктің қалдығы» деп түсінбеген жөн. Біздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы осы тыйым сөзбен балаларын тәрбиелеп отырған. Ол әшейін жай ғана «сөйтпе-бүйтпе» емес, оның әрқайсысының астарлы мағынасы бар.

Ғасырлар бойы мән-мағынасы өзгермей өскелең ұрпаққа берер өнегесі көп тыйым сөздер – жамандықтан сақтандыру, жақсылыққа баулу арқылы жастардың бойына ұлттық тәлім-тәрбие негізін сіңіреді.

3-бөлім «Денсаулық – зор байлық», 4-бөлім «Достық және сүйіспеншілік», 5-бөлім «Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы», 6-бөлім «Ғаламтор және әлеуметтік желілер», 7-бөлім «Қазақстандағы ұлттар достастығы», 8-бөлім «Дұрыс тамақтану, гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар», 9-бөлім «Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым», 10-бөлім «Ғылыми фантастика» деп аталатын ірі құрылымдар оқулықтық тақырыптық-мәтіндік бөлігін құрап отыр.

Қорытынды

Қорытындылай келе, 2017 жылы «Атамұра» баспасынан Г.С. Қосымова мен Р.С. Рахметованың авторлығымен шыққан 7-сыныпқа арналған Қазақ тілі оқулығында тыйым сөздерді оқытуға арналған тыңдалым және оқылым бойынша мәтіндер, айтылым бойынша тапсырмалар, жазылым бойынша жаттығулар берілген. Бұлар тыйым сөздерді оқытуға бағытталған тапсырмалар еді. Бұларды түрлендіріп, оқушыға лингвомәдениеттанымдық құзіреттілік қалыптастыратын тапсырмалар жүйесін мұғалім өзі де әр тақырып бойынша түрлендіріп бере алады. Соған сәйкес біз мақаламызда тыйым сөздер арқылы берілетін лингвомәдени құзіреттіліктер жүйесін көрсеттік. А) тыйым сөздердің лингвомәдени сипатын таратып көрсететін, себептерін айқындап беретін тапсырмаларды беру арқылы; ә) тыйым сөздерді орындамаған жағдайдағы салдарларын қазақ халқының таным қағидатымен байланыстыратын тапсырмалар беру арқылы; б) тыйым мәнін беретін мақал-мәтелдер арқылы қалыптасатын лингвомәдени құзіреттіліктерді игертуге арналған тапсырмалар беру арқылы; в) тек қазаққа ғана тән деп қарамай, кей тыйым сөздердің жалпы адамзат баласына ортақтығын көрсететін тапсырмалар беру арқылы оқушылар лингвомәдени құзіреттіліктерін қалыптастыра алады деп санаймыз.

Әдебиеттер

Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер – 2-бас. – Астана: Ғылым, 2015 . – 202 б.

Ахметова З. Тыйым – тәлім-тәрбие көзі. 16.09.2015 https://adyrna.kz/post/2263

Ақаев С. Қазақтың тыйым сөздері // Дәстүр, №12 (2694). 23.03.2001. – 5 б.

Burridge K., Benczes R. The Oxford Handbook of Taboo Words and Language // https://www.oxfordhandbooks.com/view/10.1093/oxfordhb/9780198808190.001.0001/oxfordhb-9780198808190

Brandes S.H.An anthropological approach to taboo words and language // https://www.oxfordhandbooks.com/view/10.1093/oxfordhb/9780198808190.001.0001/oxfordhb-9780198808190-e-20

Keith Allan, Kate Burridge *Forbidden Words. Taboo and the Censoring of Language*. – Cambridge University Press, 2007. ISBN: 978-0-521-52564-0, Prix, 303 p.

Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы: Наука, 1989.

Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. А.: Ана тілі, 1994. – 143 б.

Кенжеканова Қ. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша). Алматы, 2015. – 187 б.

Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / Қосымова Г., Рахметова Р. – Алматы: Атамұра, 2017. – 192 б.

Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Т.2. – Алматы: Сөздік – Словарь. 2007. – 425 б.

Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік.- Алматы: Дайк-Пресс, 2009 .– 780 б.

Мамаева А. Қазақ тіліндегі дисфемизмдер. Канд. дисс.автореф. – Алматы, 2008. – 23 б.

Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар: Оқу құралы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 144 б.

Салқынбай А. Тіл. Таным. Білім. – Алматы: Эверо, 2008. – 160 б.

References

Akhmetov, A. (2015) Tabu i evfemizmy v tyurkskikh yazykakh. [Taboos and euphemisms in Turkic languages]. 2. Astana: Gylym, 2015. 202 p. (in Kazakh).

Akhmetova Z. (2015) Zapret – istochnik obrazovaniya. [Ban is a source of Education]. 16.09.2015. https://adyrna.kz/post/2263 (in Kazakh).

Akaev S. (2001) Kazakhskiye zapreshchennyye slova. [Kazakh forbidden words]. Dastur, №12 (2694). 23.03.2001. 5 p. (in Kazakh).

Burridge K., Benczes R. The Oxford Handbook of Taboo Words and Language. https://www.oxfordhandbooks.com/view/10.1093/oxfordhb/9780198808190.001.0001/oxfordhb-9780198808190 (in English).

Brandes S.H.An anthropological approach to taboo words and language // https://www.oxfordhandbooks.com/view/10.1093/oxfordhb/9780198808190.001.0001/oxfordhb-9780198808190-e-20 (in English).

Keith A., Burridge K. (2007) Zapretnyye slova. Tabu i tsenzura yazyka. [*Forbidden Words. Taboo and the Censoring of Language*]. Cambridge University Press, 2007. ISBN: 978-0-521-52564-0, Prix, 303 pages (in English)

Zhanpeysov E. (1989) Etnokul'turnaya leksika kazakhskogo yazyka. [Ethnocultural vocabulary of the Kazakh language]. Almaty. Nauka, 1989. (in Russian).

Kenzheakhmetuly s. (1994) Kazakhskiye traditsii i obychai. [Kazakh traditions and Customs]. Almaty. Ana tili, 1994, 143 p. (in Kazakh).

Kenzhekhanova Q. (2015) Pragmalingvisticheskaya i kognitivnaya sostavlyayushchiye politicheskogo diskursa (po materialam periodicheskikh izdaniy na kazakhskom yazyke). [Pragmalinguistic and cognitive components of political discourse (based on the materials of periodicals in the Kazakh language)]. Almaty. 2015. 187 p. (in Kazakh).

Kazakh tili: (2017) Uchebnik dlya 7 klassa obshcheobrazovatel'noy shkoly. [Textbook for the 7th grade of a general education school] / Kossymova G., Rakhmetova R. Almaty: Atamura, 2017, 192 p. (in Kazakh)

Kazakhskaya antologiya pedagogicheskoy mysli. [Kazakh anthology of educational thought]. (2007) T.2. Almaty: Sozdik – Slovar. 2007. 425 p. (in Kazakh).

Kaydar A. Kazakhi v mire rodnogo yazyka: etnolingvisticheskiy slovar. [Kazakhs in the world of their native language: ethnolinguistic dictionary]. Almaty: Daik-press, 2009. 780 p. (in Kazakh).

13 Mamaeva A. (2008) Disfemizmy v kazakhskom yazyke. [Dysphemisms in the Kazakh language]. Kand. diss.abstract. Almaty, 2008. 23 p. (in Kazakh).

14 Momynova B. (2009) Novyye napravleniya i tipichnyye otnosheniya v yazyke: uchebnik. [New directions and typical relationships in the language: a textbook]. Almaty. «Arys», 2009. 144 p. (in Kazakh).

15 Salkynbay A. (2008) Yazyk. Znaniya. [Language. Knowledge]. Education. Almaty: Evero, 2008, 160 p. (in Kazakh).

2-бөлім

ӘДЕБИЕТТАНУ

Section 2

LITERARY CRITICISM

Раздел 2

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

IRSTI 17.82.90 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.015

Kh.V. Abdullayeva

Azerbaijan University, Azerbaijan, Baku
e-mail: xumar.safarova@mail.ru

REMARKABLE PREDICTIONS IN AZERBAIJANI SCIENCE FICTION LITERATURE

In the article, the topic of predictions, which is one of the factors that form the basis of science fiction works written in Azerbaijani literature, is covered in a wide and detailed manner, historical and scientific evaluation is given to them.

Azerbaijani science fiction works are closely related to Western European science fiction literature and have reached certain achievements in this field. It is known that one of the main themes of science fiction works is the predictability factor.

The article has analized the important predictions described in the works of "The Future City" written by Y.V. Chamanzaminli and "RT-1", "Polar Lights in Mughan", " When Missouri Overflowed", "Symphony of Life", "The Spaceship" by Emin Mahmudov, "The Adventures of a Little Cyber" by Namig Abdullayev and the predictions that have been confirmed according to the period of writing are revealed and studied. In the work of "The Future City" Y.V. Chamanzaminli predicted an effective method of the distance examination and treatment through the Internet; possibility of artificial rain; a special device with a safety sensor installed in cars used in our days, which is the latest achievement of modern technology, electronic billboards and monitors displaying announcements, political and public information, city events, and weather information; medical innovations such as USI – medical examination with the help of ultraviolet rays, CT – computer tomography, laser crushing of kidney stones into small pieces and removing them by laser, transplantation of organs such as heart and liver, artificial eye and other new technologies.

The predictions described in the work shows that the well-known Azerbaijani prose writer Y.V. Chamanzaminli gave deep information about the innovations in medical sciences, significantly anticipating the writing period in the first half of the last century.

The results obtained on the basis of the analyzes carried out in the research are of both theoretical and practical importance.

Key words: Science fiction, prediction, genre, scientific and technological progress, imagination, idea.

Х.В. Абдуллаева

Әзірбайжан университеті, Әзірбайжан, Баку қ.
e-mail: xumar.safarova@mail.ru

Әзірбайжан ғылыми фантастика әдебиетіндегі көрнекті болжамдар

Мақалада әзірбайжан әдебиетінде жазылған фантастикалық шығармалар негізін құрайтын факторлардың бірі – болжау тақырыбы кеңінен және жан-жақты қамтылып, оларға тарихи-ғылыми баға берілген.

Әзірбайжандық ғылыми-фантастикалық шығармалар Батыс Еуропа ғылыми-фантастикалық әдебиетімен тығыз байланыста дамып, осы салада белгілі жетістіктерге жетті. Болжам – фантастикалық шығармалардың негізгі тақырыптарының бірі екені белгілі.

Мақалада Ю.В. Чаманзаминлидің «Болашақ қаласында» сипатталған маңызды болжамдар талданады, сонымен қатар «RT-1», «Мұғандағы полярлық шағылыс», «Миссуридегі су тасқыны» «Өмір симфониясы», Эмин Махмудовтың «Ғалам кемесі», Намиг Абдуллаевтың «Кішкентай Кибердің шытырман оқиғалары» және өзге де жазылу мерзімімен сәйкес келетін болжамдар ашылып, талданады. Ю.В. Чаманзаминлидің «Болашақ қала» шығармасында интернет арқылы қашықтан тексеру мен емдеудің тиімді әдісін болжады; жасанды жаңбырдың мүмкіндігі; қазіргі заманғы техниканың соңғы жетістігі саналатын, қазіргі уақытта қолданылып жүрген көліктерде орнатылған қауіпсіздік датчигі бар арнайы құрылғы, саяси және қоғамдық ақпараттарды, қала оқиғаларын, ауа райы туралы хабарландыруларды көрсететін электронды билбордтар мен мониторлар; УДЗ – ультрадыбыстық зерттеу, КТ – компьютерлік томография, бүйрек тастарын лазермен ұсақтау сияқты медициналық жаңалықтар; жүрек пен бауыр сияқты органдарды

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

трансплантациялау, жасанды көз және басқа да жаңа технологиялар туралы болжамдарды кездестіруге болады.

Түйін сөздер: ғылыми фантастика, болжау, жанр, ғылыми-техникалық прогресс, қиял, идея.

Х.В. Абдуллаева

Университет Азербайджана, Азербайджан, г. Баку
e-mail: xumar.safarova@mail.ru

Выдающиеся предсказания в азербайджанской научно-фантастической литературе

В статье широко и подробно освещается тема предсказаний, являющихся одним из факторов, лежащих в основе научно-фантастических произведений, написанных в азербайджанской литературе, и им дается историческая и научная оценка.

Азербайджанские научно-фантастические произведения сложились в тесном контакте с западноевропейской литературой научной фантастики и достигли определенных достижений в этой области. Известно, что предсказание – одна из главных тем научно-фантастических произведений.

В статье проанализированы важные предсказания, описанные в произведениях «Будущий город» Ю.В. Чаманзаминли и «РТ-1», «Полярное сияние в Мугане», «Затопление Миссури», «Симфония жизни», «Корабль Вселенной» Эмина Махмудова, «Приключения маленького Кибера» Намика Абдуллаева и предсказания, которые были подтверждены в соответствии с периодом написания и изучены.

В произведении «Будущий город» Ю.В. Чаманзаминли предсказал эффективный метод дистанционного обследования и лечения через Интернет; возможность искусственного дождя; специальное устройство с датчиком безопасности, установленное в автомобилях, используемых в наши дни, которое является последним достижением современной техники электронных рекламных щитов и мониторов, отображающих объявления, политическую и общественную информацию, городские события, информацию о погоде; медицинские инновации, такие, как УЗИ – ультразвуковое исследование, КТ – компьютерная томография, лазерное дробление камней в почках; трансплантация органов, таких, как сердце и печень, искусственный глаз и другие новые технологии.

Ключевые слова: научная фантастика, предсказание, жанр, научно-технический прогресс, воображение, идея.

Introduction

Science fiction is a genre of literature that has its own place, reflects science and the possibilities of the future, is based on intuitive awareness and scientific foresight. The pecularity of science fiction is that the scientific-prediction method is logically subordinated to the artistic imagination. New ideas and images arize in the creativity of fantasy writers regularly enable the transformation of previous ones and the formation of new scientific and cultural traditions.

One of the main factors that form the basis of science fiction is the factor of foresight.

The Dictionary of Philosophical Terms explains the term "prediction" premonition as "an unfounded and inexplicable feeling". "The unknown, especially what is related to the future, is felt from the beginning, considered as true" (Nəzərova, 2014: 150).

Another Philosophical vocabulary explains the term as: "the transference of known laws of nature and society to events that are unknown or have not yet occurred, but which nevertheless take place within the framework of the enumerated laws" (Философский словарь, 1991: 283).

Since the predictions presented in the works of many writers who writes in this genre are ahead of time in terms of history, in most cases these works are called fantastic. Only after a certain period of time, after those predictions have been confirmed in reality, the author's work is awarded the title of "scientific" by the public. As usual, the writer's predictions come true after a few years or decades, while some do not come true for centuries. In other words, science fiction as a genre is always controversial.

Experiment

In the world literature, there are various examples written using fiction, fantastic plots and images. A similar case applies to Azerbaijani literature. As in the literature of peoples and nations of the world, in most of the science-fiction examples created in the Azerbaijani literature, there are aspirations for the

progress of humanity, sociological problems, issues related to the fate of the Earth, positive and negative aspects of scientific and technical progress, etc.

The first example of the science fiction genre in Azerbaijani literature is the story of the "The Future City" written by Yusif Vazir Chamanzaminli in 1930. In this work, the author mainly touched on the topic of describing life in an alien world and put forward many scientific hypotheses covering many fields, especially medical science. In the story, the writer described the city he wishes to see in the future. As we know, one of the specific characteristics of true science fiction works is related to the facts that get ahead of time. The famous writer Y.V. Chamanzaminli took the first step in this field in Azerbaijani national literature, and in his work "The Future City" he skillfully coped with this task and managed to be ahead of the time, gave valuable predictions about the future and gave a complete description of the intelligent electronic devices used in our days.

Each part of this twelve-part story describes a new scientific hypothesis, or fantastical ideas and predictions. In our opinion, although the story "Future City" written by Y.V. Chamanzaminli is small in volume, it can be called even a small story due to the direction of the topic but broad and weighty for the content of the idea.

The first science-fiction work by Y.V. Chamanzaminli, "A City of the Future" is involved to the wide analysis.

The author skillfully described the possibility of artificial rain, anticipating the period of writing of the story.

"– Here the clouds are brought to the sky by machines,

– It rains twice a day to clean the city." (Çəmənzəminli, 1966: 283).

As a result of research, we found that artificial rain was first attempted by Irving Langmuir and Vincent Schafer and later improved and implemented by Bernard Vonnegut (Vonnegut, 1993) This method, which was successfully practiced in the United States for the first time in the 1960s, was later spread to 24 countries and is still used today. In order to make artificial rain, cloud balls are destroyed by means of special air balls and certain chemicals are thrown into the air from airplanes. This eliminates the damage caused to agriculture by preventing drought (Bacanlı, 2017).

In the story, the author also made valuable predictions involving medical science:

"– There are many different machines in the hospital. Each of the travelers is placed in front of a machine and images of their bodies are reflected in front of the screen. As the machine works, the pictures change and every single cell under their skin, muscles, veins, bones and all internal organs, heart, liver, stomach, kidneys are visible to the smallest point. The doctor determines that there is a small spot on Hasan's lung and takes him to another room where a light is passed on his lung. During the examination, a small stone is found in Sandro's kidney, and it is also melted with a special light...

"– There is no disease in our city. Surgery has advanced so much that they remove a person's heart and liver and replace it. Even artificial eyes perform the tasks of the natural ones" (Çəmənzəminli, 1966: 284).

